air astana





HOSPITABLE
EFFICIENT
ACTIVE
RELIABLE
TRUSTWORTHY





# 2014

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП




I`M A PART OF THE HEART

# ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНЕН

2014 жылы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры тарапынан Қор мен оның қоржындық компанияларының инвестициялық және операциялық қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында әзірленген Трансформация бағдарламасының жүзеге асырыла бастауымен Қазақстанның ұлттық компанияларында ауқымды өзгерістер басталды.

Трансформация бағдарламасын қабылдаған «Эйр Астана» Миссиясы, Мақсаттары мен Құндылықтарын қайта қарап, оларға жету шараларының бірі ретінде компания табысын оның қызметкерлерінің шынайы берілгендігімен, тартылғандығымен және үлесімен байланыстыратын «HEART» бағдарламасын әзірледі.

«HEART» бағдарламасы компанияның әрбір қызметкерінің әлемдегі ең үздік компаниялардың бірін қалыптасыра отырып, күнбе-күн клиенттермен және әріптестерімен өзара әрекеттескенде басшылыққа алып, көрсетуі қажет қарапайым да түсінікті құндылықтарды бекітеді.

# МАЗМҰНЫ


ҚЫСҚАША АҚПАРАТ . . . 2
КОМПАНИЯ ЖӨНІНДЕ . . . 2
НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР . . . 4
МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІ . . . 8
ӘУЕ КЕМЕЛЕР ПАРКІ . . . 10
2014 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ . . . 12
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП . . . 14
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР . . . 14
2014 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ . . . 16
2015 ЖЫЛҒА ЖҮКТЕЛГЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР . . . 18
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ . . . 20
КОМПАНИЯ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҮНДЕУІ . . . 24
КОМПАНИЯНЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ . . . 30
БАСШЫЛЫҚ ЕСЕБІ . . . 40
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ . . . 40
ҚАУІПСІЗДІК . . . 45
ҰШУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ . . . 53
ИНЖЕНЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ . . . 58
БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ . . . 64
ЖЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ . . . 69
МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ САТУЛАР . . . 72
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЗНЕС . . . 78
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ . . . 84
ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП . . . 94
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ . . . 94
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК . . . 100
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК . . . 102
ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ МЕН БАСШЫЛЫҚ . . . 106
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП . . . 126
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ . . . 126
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ МЕН АКЦИОНЕРЛЕР . . . 128
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ . . . 130
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ . . . 134
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ . . . 150
ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ . . . 161
КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ . . . 165
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ . . . 166
2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КҮНТІЗБЕ . . . 167
СЫРТҚЫ АУДИТОР . . . 168
ТӘУЕЛСІЗ ТІРКЕУШІ . . . 169
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК . . . 170
ГЛОССАРИЙ . . . 228
САТУ КЕҢСЕЛЕРІ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРДІҢ КЕҢСЕЛЕРІ . . . 234
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ . . . 238

# ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

## КОМПАНИЯ ЖӨНІНДЕ

«Эйр Астана» АҚ – қарқынды өсу үстіндегі халықаралық компания, Қазақстан Республикасының халықаралық деңгейдегі қауіпсіздік пен техникалық сараптаманың жоғары көрсеткіштеріне ие ұлттық тасымалдаушысы. «Эйр Астана» әуекомпаниясы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (51%) мен британдық BAE Systems компаниясының (49%) бірлескен кәсіпорны болып табылады.

Әуекомпания Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) толық құқылы мүшесі, Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігімен (EASA) 145 директива талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сертификатталған және IOSA операторларының тіркеліміне қосылған Қазақстандағы алғашқы тасымалдаушы болып табылады. «Эйр Астана» үш жыл қатарынан Skytrax халықаралық агенттігінің нұсқасы бойынша 4 жұлдыз рейтингінің иегері және Еуропа мен ТМД-да осындай жоғары рейтингке лайық деп табылған жалғыз тасымалдаушы болып табылады. Компания сондай-ақ 2012, 2013 және 2014 жж. «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік компания» деп танылды. 2014 жылдың желтоқсанында «Эйр Астана» Air Transport World басылымының нұсқасы бойынша «Авиациялық нарық көшбасшысы» атағын алған алғашқы ортаазиялық компания болды.

### МІНДЕТ

Біз Еуразия жүрегінен әлемдегі ең үздік әуекомпаниялардың бірін құрып жатырмыз.

### МАҚСАТТАР

- Біз ең жоғары халықаралық қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз етеміз.
- Біз аймақтағы клиенттерге ең жоғары деңгейдегі қызмет көрсететін ең сенімді әуекомпания болып табыламыз және болуға міндеттіміз.
- Біз әуе кемелер паркінің, ұшу географиясының және ұсынылатын өнімнің тиімді өсуін қамтамасыз етеміз.
- Біз шыншылдық пен іскерлік этиканың ең жоғары стандарттарын ұстанамыз.
- Біз қызметкерлерді олардың сіңірген еңбегіне сәйкес жұмысқа тартып, бағалап, марапаттап, оларға өз әлеуетін барынша іске асыруға мүмкіндік береміз.
- Біз – әлеуметтік тұрғыдан жауапкершілігі мол ұйымбыз.
- Біз Қазақстанның жаһандық елшісі болып табыламыз.

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР

#### Hospitable (Қонақжайлылық)

Біз әрбір адамды, ол клиент болсын, әріптес болсын қонақ ретінде қарсы аламыз. Біз жылы шырайлылықты, мейірімділікті, өнегелілікті білдіре отырып әрқашан көмекке келуге дайынбыз.

#### Efficient (Тиімділік)

Біз - біліміміз бен жеке қасиеттеріміздің негізінде сапалы нәтижелерге қол жеткізетін кәсіпқойлармыз. Біз өзіміздің біліктілігімізді дамыта отырып өз уақытымызды тиімді қолданамыз.

#### Active (Белсенділік)

Біз күтімдерді болжай отырып әріптестеріміз бен клиенттеріміздің талаптарына уақытылы жауап береміз. Біз өз қабілетімізді барынша пайдалана отырып жұмыс жасаймыз және әрқашан жақсаруға ұмтыламыз.

#### Reliable (Сенімділік)

Біздің жұмысымыздың сапасы сенімді және тұрақты. Біз әрқашан берген уәдемізде тұрамыз.

#### Trustworthy (Сенімге тұрарлық)

Біз шыншылмыз және ешқашан өз ар-ұятымызға қарсы әрекет жасамаймыз. Клиенттер мен әріптестеріміз бізге сене алады.

air astana

# ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

## Қаржылық көрсеткіштер

### Кірістер

**167 503 млн теңге**, 2013 жылмен салыстырғанда 14% өсу

Компанияның 2014 жылғы кірістері 2013 жылғы 147 095 млн.теңгеден артып, 167 503 млн. теңгені құрады

### Операциялық шығыстар

**149 854 млн теңге**, 2013 жылмен салыстырғанда 10% өсу

2014 жылғы операциялық шығыстар, 2013 жылғы 136 109 млн. теңгемен салыстырғанда, 149 854 млн. теңгені құрады

### Операциялық пайда

**17 649 млн теңге**,2013 жылмен салыстырғанда 61% өсу

2014 жылы операциялық пайда 2013 жылғы 10 986 млн. теңгеден 17 649 млн. теңгеге дейін өсіп, компания үшін тиімділіктің артуы мен транзиттік жолаушылар ағынының өсімі нәтижесінде рекордтық көрсеткішке айналды

### Таза пайда

**3 486 млн теңге**, 55% төмендеу

Таза пайда 2014 жылы 2013 жылғы 7 814 млн теңгемен салыстырғанда 8 573 млн. теңге шамасындағы орындалмаған шығынға алып келген теңге девальвациясынан кейін ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта бағалаумен байланысты 3 486 млн. теңгені құрады

## Операциялық нәтижелер

### Тасымалданған жолаушылар

**3,77 миллион**, 2013 жылмен салыстырғанда 3% өсу

2014 жылы компания 3,68 миллион жолаушы тасымалданған 2013 жылмен салыстырғанда 3% артық, яғни 3,77 миллион жолаушы тасымалдады. Күрделі макроэкономикалық ахуалға қарамастан, бұл әуекомпания үшін жаңа рекордтық белгі болды

### Тасымалдау сыйымдылығы

**11,7 млрд. ШЖКМ**, 2013 жылмен салыстырғанда 2% өсу

2014 жылы ШЖКМ көрсеткіші 2013 жылғы 11,4 млрд.-пен салыстырғанда 2% өсіп, 11,7 млрд. құрады

### Жолаушы жүктелімінің коэффициенті

**65 %**

Жолаушы жүктелімінің коэффициенті 2014 жылы 65% құрап, өткен жылғы көрсеткішпен шамамен бір деңгейде болды

### Жүк тасымалы

**18 960 тонна**

2014 жылы тасымалданған жүк, жолжүк пен пошта көлемі 2013 жылы тасымалданған 23 810 тоннамен салыстырғанда 20% төмендеп, 18 960 тонна құрады

Кірістер (млн. АҚШ долл.) және EBITDAR кірістілігі (%)




Таза кіріс (млн. АҚШ долл.) және дивидендтер төлемінің пайызы




Жолаушылар (мыңдап)




Ұшылған сағаттар мен сегменттер(мыңдап)




ШЖКМ және ОЖКМ (млн-дап)




Ішкі және халықаралық бағыттар бойынша ШЖКМ (млн-дап)




Ішкі бағыттар бойынша ОЖКМ (млн) Және жолаушылар жүктелімінің коэффициенті




Халықаралық бағыттар бойынша ОЖКМ (млн) және жолаушылар жүктелімінің коэффициенті



# СОҢҒЫ 5 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ҚЫСҚАША ЕСЕП

| **Пайда мен шығындар (мың теңгемен)** | **2010 ж.** | **2011 ж.** | **2012 ж.** | **2013 ж.** | **2014 ж.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жалпы кірістер** | **97 469 737** | **113 320 114** | **130 482 141** | **147 095 176** | **167 503 201** |
| – Ішкі бағыттар | 38 828 959 | 43 767 653 | 49 615 703 | 52 657 837 | 56 826 957 |
| – Халықаралық бағыттар | 56 157 287 | 67 374 859 | 78 591 925 | 91 332 159 | 107 064 346 |
| – Басқа | 2 483 491 | 2 177 602 | 2 274 513 | 3 105 180 | 3 611 898 |
| Жанармай | (15 583 689) | (26 181 837) | (36 803 248) | (42 597 391) | (45 175 298) |
| Қызметкерлер мен экипаж бойынша шығындар | (15 022 349) | (18 597 199) | (19 619 529) | (21 080 167) | (23 361 067) |
| Басқа операциялық шығындар | (53 399 390) | (58 382 798) | (62 702 965) | (72 431 729) | (81 317 912) |
| **Операциялық пайда** | **13 464 309** | **10 158 280** | **11 356 399** | **10 985 889** | **17 648 924** |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | 14 310 829 | 11 354 801 | 11 812 511 | 9 876 993 | 4 915 831 |
| Табыс салығының шығындары | (2 950 460) | (2 372 907) | (2 705 531) | (2 062 964) | (1 429 996) |
| Тиімді салық мөлшерлемесі % | 21 % | 21 % | 23 % | 21 % | 29 % |
| **Таза пайда** | **11 360 369** | **8 981 894** | **9 106 980** | **7 814 029** | **3 485 835** |
| | | | | | |
| EBITDAR | 24 600 424 | 21 532 356 | 23 898 230 | 26 418 378 | 37 612 819 |
| **Дивидендтер (төленгені)** | **2 477 282** | **2 840 092** | **2 694 568** | **3 187 443** | **1 562 806** |
| Өткен жылдың таза пайдасынан дивидендтер коэффициенті | 35 % | 25 % | 30 % | 35 % | 20 % |
| | | | | | |
| **Бухгалтерлік теңгерім (мың теңгемен)** | **2010 г.** | **2011 г.** | **2012 г.** | **2013 г.** | **2014 г.** |
| Ақшалай қаражат пен олардың баламалары | 7 010 843 | 4 769 197 | 18 620 495 | 19 677 004 | 33 846 458 |
| Тауарлық-материалдық қорлар | 3 055 655 | 4 325 974 | 6 445 554 | 8 486 416 | 8 915 162 |
| Берілген алғытөлемдер | 3 104 071 | 4 715 529 | 3 204 173 | 7 559 740 | 4 787 573 |
| Кепілдікті депозиттер | 173 442 | 209 299 | 238 855 | 790 510 | 188 479 |
| Саудалық дебиторлық берешек | 7 363 845 | 5 211 612 | 6 982 648 | 5 023 981 | 7 666 665 |
| Басқа | 1 114 967 | 1 239 901 | 899 735 | 2 090 490 | 4 017 001 |
| **Ағымдағы жалпы активтер** | **21 822 823** | **20 471 512** | **36 391 460** | **43 628 141** | **59 421 338** |
| Негізгі құрал-жабдықтар | 4 648 572 | 5 060 584 | 34 654 634 | 86 460 348 | 97 873 962 |
| Материалдық емес активтер | 456 422 | 467 801 | 390 789 | 328 527 | 253 165 |
| Берілген ұзақ мерзімді алғытөлемдер | 2 419 960 | 10 189 968 | 14 328 310 | 3 655 662 | 2 078 936 |
| Кепілдікті салымдар | 2 216 619 | 2 567 635 | 2 653 241 | 1 966 066 | 1 980 578 |
| Банктердегі депозиттер | 16 720 243 | 17 440 412 | – | – | – |
| Басқа ұзақ мерзімді активтер | 849 538 | 1 184 826 | – | 836 828 | 596 336 |
| **Жалпы ұзақ мерзімді активтер** | **27 311 354** | **36 911 226** | **52 026 974** | **93 247 431** | **102 782 977** |
| Қаржылық жалдау бойынша несиелер мен міндеттемелер | – | – | 4 262 051 | 7 028 014 | 7 306 521 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған резервтер | 1 606 096 | 2 406 994 | 2 519 170 | 2 465 360 | 1 110 868 |
| Саудалық кредиторлық берешек | 6 353 284 | 7 802 232 | 7 995 295 | 7 700 359 | 10 248 586 |
| Болашақ кезеңдердің кірістері | 9 060 879 | 9 063 471 | 8 658 456 | 9 714 331 | 9 448 964 |
| Басқа | 17 542 | 117 728 | 42 306 | 40 949 | 1 878 121 |
| **Жалпы ағымдағы міндеттемелер** | **17 037 801** | **19 390 425** | **23 477 278** | **26 949 013** | **29 993 060** |
| Қаржылық жалдау бойынша несиелер мен міндеттемелер | – | – | 21 177 356 | 58 815 221 | 75 740 529 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған резервтер | 2 039 365 | 1 793 500 | 622 791 | 1 090 320 | 3 096 683 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | – | – | 529 784 | 2 783 207 | 4 213 203 |
| **Жалпы ұзақ мерзімді міндеттемелер** | **2 039 365** | **1 793 500** | **22 329 931** | **62 688 748** | **83 050 415** |
| **Жалпы капитал** | **30 057 011** | **36 198 813** | **42 611 225** | **47 237 811** | **49 160 840** |
| | | | | | |
| Айналым капиталы | 4 785 022 | 1 081 087 | 12 914 182 | 16 679 128 | 29 428 278 |
| Таза қарыз/(Таза ақшалай қаражат) | (23 731 086) | (22 209 609) | 6 818 912 | 46 166 231 | 49 200 592 |
| Инвестициялық капитал (ИК) | 25 403 091 | 35 173 129 | 69 797 939 | 117 198 568 | 128 357 857 |
| Капиталды шығындар | 3 078 865 | 1 953 386 | 30 616 103 | 56 205 473 | 19 537 003 |

| **Төмендегілерге жұмсалған жалпы шығындарға шаққанда % берілген операциялық шығындар:** | **2010 ж.** | **2011 ж.** | **2012 ж.** | **2013 ж.** | **2014 ж.** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| – Жанармай | 19 % | 25 % | 31 % | 31 % | 30 % |
| – Қызметкерлер мен экипаж бойынша шығындар | 18 % | 18 % | 16 % | 15 % | 16 % |
| – Инженерлік-техникалық қызмет көрсету | 15 % | 12 % | 9 % | 9 % | 9 % |
| – Техникалық қызмет көрсету | 12 % | 12 % | 12 % | 13 % | 13 % |
| – Жолаушыларға қызмет көрсету | 9 % | 10 % | 10 % | 10 % | 10 % |
| – Сату шығындары | 9 % | 8 % | 6 % | 5 % | 5 % |
| – Жалдау және тозу | 14 % | 11 % | 11 % | 12 % | 14 % |
| – Басқа | 5 % | 4 % | 4 % | 3 % | 3 % |
| Кірістерден түскен операциялық пайда % | 14 % | 9 % | 9 % | 7 % | 11 % |
| Кірістерден келген EBITDAR % | 25,2 % | 19,0 % | 18,3 % | 18,0 % | 22,5 % |
| Кірістердің ішіндегі айналым капиталы, % | 4.9 % | 0.9 % | 9.8 % | 11.2 % | 17.3 % |
| Таза кіріс/(капитал) | (79 %) | (61 %) | 16 % | 98 % | 100 % |
| Капиталдың кірістілігі (RoE) | 44 % | 27 % | 23 % | 17 % | 7 % |
| Инвестицияланған капиталдың тиімділік коэффициенті (RoIC) | 58 % | 34 % | 22 % | 12 % | 13 % |
| | | | | | |
| **Операциялық көрсеткіштер** | **2010 ж.** | **2011 ж.** | **2012 ж.** | **2013 ж.** | **2014 ж.** |
| Жолаушылар(мың) | 2 568 | 3 057 | 3 245 | 3 675 | 3 770 |
| % берілген өсім | 17 % | 19 % | 6 % | 13 % | 3 % |
| – Ішкі бағыттар | 1 713 | 1 959 | 1 986 | 2 118 | 2 184 |
| – Халықаралық бағыттар | 855 | 1 098 | 1 259 | 1 557 | 1 586 |
| – олардың ішінде транзит | 10 | 57 | 88 | 185 | 202 |
| Жүктер, пошта және мөлшерден тыс жүк (тонна) | 16 392 | 19 692 | 22 076 | 23 810 | 18 960 |
| Сегменттер саны | 27 787 | 32 221 | 34 634 | 38 891 | 40 218 |
| Әр сегментке келетін жолаушылар саны | 92 | 95 | 94 | 94 | 94 |
| Ұшылған сағат саны | 69 294 | 79 006 | 84 501 | 96 344 | 98 982 |
| Сектордың орташа ұзындығы (км) | 1 979 | 1 906 | 1 972 | 2 028 | 1 906 |
| Әуе кемелер паркі (ӘК орташа саны) | 21,8 | 23,6 | 25,3 | 26,6 | 30,4 |
| Парктің орташа жасы (жыл) | 11,4 | 11,2 | 8,2 | 6,4 | 5,5 |
| ШЖКМ (мың) | 7 456 531 | 8 507 991 | 9 467 058 | 11 395 698 | 11 668 440 |
| % өсім | 4,2 % | 14,1 % | 11,3 % | 20,4 % | 2,4 % |
| – ішкі бағыттар | 2 786 304 | 3 086 211 | 3 279 190 | 3 548 688 | 3 709 008 |
| – халықаралық бағыттар | 4 670 227 | 5 421 781 | 6 187 868 | 7 847 010 | 7 959 432 |
| ОЖКМ (мың) | 5 081 698 | 5 828 398 | 6 397 846 | 7 452 866 | 7 549 907 |
| % өсім | 12,3 % | 14,7 % | 9,8 % | 16,5 % | 1,3 % |
| – ішкі бағыттар | 2 076 130 | 2 302 900 | 2 333 928 | 2 519 159 | 2 574 602 |
| – халықаралық бағыттар | 3 005 568 | 3 525 498 | 4 063 918 | 4 933 706 | 4 975 306 |
| Жүктеме пайызы | 68 % | 69 % | 68 % | 65 % | 65 % |
| – ішкі бағыттар | 75 % | 75 % | 71 % | 71 % | 69 % |
| – халықаралық бағыттар | 64 % | 65 % | 66 % | 63 % | 63 % |
| Орындалған Ткм (мың) | 513 552 | 587 978 | 651 580 | 752 922 | 747 719 |
| Жолаушыға келетін кіріс (теңге) | 37 956 | 37 070 | 40 210 | 40 026 | 44 431 |
| Жолаушыға келетін таза кіріс (теңге) | 4 424 | 2 938 | 2 806 | 2 126 | 925 |
| ШЖККМ-ге келетін кіріс (теңге) | 13,1 | 13,3 | 13,8 | 12,9 | 14,3 |
| ШЖККМ-ге келетін операциялық шығыстар (теңге) | 11,3 | 12,1 | 12,6 | 11,9 | 12,8 |
| ОЖКМ-ге келетін кіріс (теңге) | 19,2 | 19,4 | 20,4 | 19,7 | 22,2 |
| | | | | | |
| Қызметкерлер (орташа саны) | 3 032 | 3 358 | 3 750 | 4 069 | 4 356 |

Ескерту: статистикалық мәліметтерге чартерлік рейстер кірмейді

# МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІ

2014 жылы әуекомпания екі маусымдық бағытты қоса алғанда, 19 ішкі және 39 халықаралық маршрут бойынша ұшулар орындады. Бұдан бөлек, Asiana Airlines, Austrian Airlines, Air India, Etihad Airways, KLM, «Россия» МКК мен Turkish Airlines әуекомпанияларымен код-шер келісімдер, сонымен қатар 100-ден астам тасымалдаушымен интерлайн-келісімдер жасалып, соның арқасында компания жолаушылары бүкіл әлем бойынша 400-ден астам бағыт бойынша маршрут таңдау мүмкіндігіне ие болып отыр.






# ӘУЕ КЕМЕЛЕР ПАРКІ

Әуекомпанияның әуе кемелер паркі батыстық техниканың 30 бірлігінен тұрады, және де оны 2020 жылға қарай әрі қарай 35 ұшаққа дейін үлкейту жоспарлануда. Компанияның техникалық қызмет көрсету мен авиациялық қауіпсіздік деңгейі әлемнің жетекші әуекомпанияларының деңгейіне сай келеді. «Эйр Астана» IOSA операторларының тізіліміне енгізіліп, сондай-ақ Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының құрамына кіретін әуе жанармайының сапасы жөніндегі біріккен топтың (IFQP - IATA Fuel Quality Pool) – бүкіл әлем бойынша белсенді түрде бірлесе қызмет істеп, жанармай жөнінде инспекциялық есеп алмасып отырған әуе компаниялар тобының мүшесі болып табылады.

## Боинг 757

Алыс қашықтықтағы халықаралық және ішкі рейстерде қолданылады




- Саны: 5
- Крейсерлік жылдамдығы: 870 (км/сағ)
- Максималды ұшу салмағы: 115 666 (кг)
- Қашықтық: 7 222 (км)
- Эконом-класс: 150 (орын)
- Бизнес-класс: 16 (орын)
- Экипаж: 2 (ұшқыш)

## Боинг 767

Алыс қашықтықтағы халықаралық және ішкі рейстерде қолданылады




- Саны: 3
- Крейсерлік жылдамдығы: 850 (км/сағ)
- Максималды ұшу салмағы: 184 612 (кг)
- Қашықтық: 11 070 (км)
- Эконом-класс: 190/193 (орын)
- Бизнес-класс: 30 (орын)
- Экипаж: 2 (ұшқыш)

## Эмбраер 190

Орта және қысқа қашықтықтағы халықаралық және ішкі рейстерде қолданылады




- Саны: 9
- Крейсерлік жылдамдығы: 890 (км/сағ)
- Максималды ұшу салмағы: 50 300 (кг)
- Қашықтық: 4 500 (км)
- Эконом-класс: 88 (орын)
- Бизнес-класс: 9 (орын)
- Экипаж: 2 (ұшқыш)





## Эрбас А319

Қысқа қашықтықтағы халықаралық және ішкі рейстерде қолданылады




- Саны: 1
- Крейсерлік жылдамдығы: 900 (км/сағ)
- Максималды ұшу салмағы: 64 000 (кг)
- Қашықтық: 6 850 (км)
- Эконом-класс: 114 (орын)
- Бизнес-класс: 12 (орын)
- Экипаж: 2 (ұшқыш)

## Эрбас А320

Орта және қысқа қашықтықтағы халықаралық және ішкі рейстерде қолданылады




- Саны: 8
- Крейсерлік жылдамдығы: 870 (км/сағ)
- Максималды ұшу салмағы: 77 000 (кг)
- Қашықтық: 6 150 (км)
- Эконом-класс: 132/151 (орын)
- Бизнес-класс: 16/28 (орын)
- Экипаж: 2 (ұшқыш)

## Эрбас А321

Орта және қысқа қашықтықтағы халықаралық және ішкі рейстерде қолданылады




- Саны: 4
- Крейсерлік жылдамдығы: 870 (км/сағ)
- Максималды ұшу салмағы: 89 000 (кг)
- Қашықтық: 5 950 (км)
- Эконом-класс: 147/151 (орын)
- Бизнес-класс: 28 (орын)
- Экипаж: 2 (ұшқыш)

# 2014 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

## АҚПАН

Компания екі жаңа «Эрбас-А320» және «Эмбраер-190» әуе кемесін жеткізіп, осылайша өзінің ұшақтар паркін жаңартуды жалғастырды.

## Наурыз

«Эйр Астана» паркіне тағы бір жаңа «Эрбас-А320» әуе кемесін қосты.

## Сәуір

«Эйр Астана» Астана қ. халықаралық әуежайында өзінің алғашқы бизнес-класс күту залы «Шаңырақ»-ты ашты. Бұл - әуекомпания меншігі болып табылатын және оның басқаруындағы Орталық Азиядағы алғашқы бизнес-зал.

Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттік (EASA) компаниядан ЕО елдеріне ұшуларын арттыруға салынған шектеулердің алынып тасталғандығы жөнінде хабарлады. Бұл әуекомпанияның ең жоғары халықаралық стандарттар мен ұшулар қауіпсіздігінің ең жоғары көрсеткіштеріне берілгендігінің шынайы айғағы болды.

Жаңа «Эрбас-А320» жеткізілді.

Компания «Боинг-757» флотын жаңартуды бастады. Жыл ішінде осы типтегі бес ұшақтың барлығы да әлемдік деңгейдегі стандарттарға сәйкес қайта жабдықталды. Бұл үдеріс су жаңа салондардың орнатылуы мен сыртқы боямадан құралды.

## Маусым

«Эйр Астана» Азия-Тынық мұхит аймағы әуекомпаниялары қауымдастығының (AAPA) толық құқылы мүшесіне айналды.

Әуекомпания өткен жылмен салыстырғанда рейтингін жақсартып, 18-орыннан 12-орынға көтеріліп, тағы бір мәрте Business Insider Airline Survey нұсқасы бойынша әлемнің ең үздік 20 әуекомпаниясының қатарына енді.

«Эйр Астана» мен кореялық «Asiana Airlines» әуекомпаниясы екі тасымалдаушы да қызмет көрсететін маршруттар бойынша кодшеринг келісімін жасасты, осылайша жолаушыларымызға бағыттардың бұрынғыдан да кең таңдауы ұсынылды.

«Эйр Астана» паркі «Боинг-767» жаңа жекеменшік әуе кемесімен, яғни осы типтегі үшінші ұшақпен толықты.

## Шілде

«Эйр Астана» үшінші жыл қатарынан «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» ретінде Skytrax агенттігінің нұсқасы бойынша 4 жұлдыз рейтингіне ие болып, сонымен қатар «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет көрсету» сыйлығына лайық деп табылып, ең жоғары халықаралық стандарттар бойынша қызмет көрсететін компания беделін қуаттады.

## Қыркүйек

Әуекомпанияның ресми сайты «Қазақстанның E-commerce нарығының драйвері» аталымында жеңіске жетті. Осылайша әуе тасымалдаушысының елдегі электрондық коммерцияның дамуына тұрақты түрде қосып отырған едәуір үлесі аталды.

«Эйр Астана» Алматы-Дубаи маршруты бойынша рейстерін жандандырды.

## Желтоқсан

«Эйр Астана» Air Transport World басылымының нұсқасы бойынша «Авиациялық нарық көшбасшысы 2015» сыйлығының лауреаты болды.

Компания Астана-Бангкок маршруты бойынша жаңа рейс ашты.

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

### СТРАТЕГИЯ

- 2011 жылы акционерлердің жалпы жиналысымен компанияның 2011-2020 жж. арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясы бекітілді.

- Компания Орталық Азиядағы көшбасшы позициясын бекітіп, тиімді бағытта дамуын жалғастыруда.

- Әуекомпания әуе кемелерінің заманауи типтерін пайдаланады, дәлірек айтсақ: «Эмбраер-190», «Эрбас-А320» тобының ұшақтары, «Боинг-757» пен жаңа «Боинг-767», және ол жаңа типтегі «Боинг-787 Dreamliner» ұшағын қолданысқа енгізуді жоспарлауда. Олар аймақтағы анағұрлым жаңа және заманауи әуе кемелері болады.

- Болжамдарға сәйкес тасымалданатын жолаушылар ағыны 2020 жылы 5,8 миллионға дейін артатын болады.

- «Эйр Астана» әуекомпаниясы аймақта ақпараттық технологиялардың даму деңгейі бойынша, соның ішінде алдыңғы қатарлы корпоративтік веб-сайт, дистрибуция және кірістерді басқару жүйелері, корпоративтік қосымшалар мен ақпаратты басқару жүйелерінің есебінен жетекші орында.

- Әуекомпания әуе кемелеріне қызмет көрсету бойынша техникалық мүмкіндіктерін кеңейтіп, инженерлік-техникалық қамсыздандыру жөніндегі цехтерін дамытуды жалғастыруда, соның арқасында ол ұшақ жөндеудің жекелеген ірі формаларын өткізуге мүмкіндік алып, аймақта басқа әуекомпаниялардың «Эйр Астана» әуекомпаниясының әуе кемелері типтеріне ұқсас ұшақтарына техникалық қызмет көрсету мүмкіндігіне ие озық тәжірибелі орталықтың құрылуына негіз қаланады.

- ab-initio ұшқыштарды бастапқы оқытудың меншікті бағдарламасы жоғары білікті әрі тәжірибелі қазақстандық ұшқыштар штатын қалыптастыруға мүмкіндік береді, олардың біліктілік деңгейі кез келген ірі халықаралық әуетасымалдаушының кадрларынан кем түспейтін болады.

- «Эйр Астана» әуекомпаниясы қызметкерлерді басқару және кадрлар біліктілігін арттыру саласында жетекші орында келе жатыр. Компания Қазақстанда үздік халықаралық стандарттарға сәйкес басқарудың заманауи қағидаттарын пайдаланатын, жұмысшылар мойындаған жұмыс беруші болып табылады. Компаниядағы үздіксіз оқыту бағдарламалары қызметкерлер біліктілігін әрі қарай арттырып, оларды оқытуға бағытталған.

- «Эйр Астана» әуекомпаниясының корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқарудың үздік халықаралық іс-тәжірибелеріне сай деп танылды.

- «Эйр Астана» корпоративтік қауіпсіздік саласында дамыған құрылым мен тәжірибеге ие, олар әуекомпания қызметінің барлық салаларында пайдаланылып, енгізілетін болады.

# 2014 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

- **Еуропалық одақ аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымнан босатылу мәртебесінің сақталуы мен жиіліктерді арттыруға қатысты шектеудің жойылуы:** «Эйр Астана» Еуропалық одақ аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымнан босатылу мәртебесінің ұстап тұруын жалғастырды. 2014 жылдың сәуірінде компанияның ЕО елдеріне орындай алатын ұшуларының жиіліктеріне қатысты шектеулер алынып тасталды. Бұл тағы бір мәрте әуекомпанияның қауіпсіздік жүйелері мен рәсімдерінің әлемдік стандарттарға сәйкестігінің айғағы болды.

- **Әуе кемелер паркін жаңарту:** Компания флотының тиімділігін арттыруға, көміртегі шығарындыларын азайтуға және жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға ұмтыла отырып, флотын жаңартуды жалғастыра түсті. Жыл ішінде «Эйр Астана» үшінші «Боинг-767» әуе кемесінің, үш «Эрбас-А320» мен бір «Эмбраер-190» жеткізілімін қабылдады. Бұдан бөлек, «Боинг-757» ұшақтарының салондары модернизацияланып, лизинг берушілерге лизинг мерзімінің аяқталуына байланысты төрт ұшақ қайтарылды.

- **Техникалық базаны дамыту:** 2014 жылы «Эйр Астана»-ның техникалық дайындық коэффициенті 98% жетті. Компания техникалық қызметкерлерді оқыту мен техникалық орталықты дамытуға инвестиция салуын жалғастыра түсті. Астана қ. техникалық қызмет көрсету орталығы құрылысының басталуы үшін дайындық жұмыстары аяқталды. Аталмыш жоба әуекомпаниянының техникалық мүмкіндіктерін дамытудағы маңызды қадам болып табылады. Бұл жоба шеңберіндегі ангар құрылысы 2015 жылдың соңында аяқталып, 2016 жылы нысан пайдалануға беріледі деп болжамдануда.

- **Skytrax 4 жұлдыз рейтингін ұстап тұру:** 2012 жылы «Эйр Астана»-ға Еуропа мен ТМД-да алғаш рет Skytrax 4 жұлдыз рейтингі беріліп, соның нәтижесінде компанияның әлемдік деңгейдегі қызметтер көрсетуге деген шынайы берілгендігі айғақталды. 2014 жылы «Эйр Астана» бизнес- және эконом-класспен саяхаттаушы жолаушылар берген баға негізінде үшінші жыл қатарынан «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» ретінде 4 жұлдыз рейтингін иеленді. «Эйр Астана» сондай-ақ «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет көрсету» аталымында сыйлыққа ие болды.

- **HEART бағдарламасын іске қосу:** Басқару жүйелерінде алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелерді дамытуға шынайы берілген «Эйр Астана» 2014 жылы HEART (Hospitable, Efficient, Active, Reliable and Trustworthy) бағдарламасын әзірлеп, оны іске қосты. Бұл бағдарлама шеңберінде әуекомпания компанияның әрбір қызметкері клиенттер мен әріптестерімен өзара әрекеттескенде басшылыққа алуы қажет және күнбе-күн көрсетуі қажет миссиясы, мақсаттары мен құндылықтарын қайта қарады.

- **Электрондық коммерция нарығында жетекші орындарды сақтап тұру:** 2014 жылы «Эйр Астана» корпоративтік сайты «Қазақстанның E-commerce нарығының драйвері» аталымында жеңіске жетті. Бүгінгі таңда компания жаңартылған әрі кеңейтілген интерфейсті және мобильдік қосымшасы бар сайты онлайн-сатулар өсіміне септігін тигізіп, жолаушыларға маршруттарын басқаруға мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады. Онлайн-тіркелу қызметіне деген сұраныс 27% өсті.

# 2015 ЖЫЛҒА ЖҮКТЕЛГЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

- **Макроэкономикалық сынақтарды еңсеру:** Әуекомпания 2014 жылдың ақпанында теңге девальвациясы алып келген қиындықтарға тез әрі тиімді жауап беріп, ұлттық экономиканың өсу қарқынының баяулауы, сондай-ақ геосаяси оқиғалар және мұнай мен газ бағаларының төмендеуі себебінен орын алған ресейлік экономиканың бәсеңсуі мен Украинадағы дағдарыстың аясында маршруттық желісін кеңейту жөніндегі жоспарларының бір бөлігін кейінге қалдырды. Компания жаңа сынақтарға дайын және 2015 жылы Қазақстан мен ТМД аумағында күтіліп жатқан ЖІӨ ақырын өсуі жағдайларында пайданы қамтамасыз ету және әріқарай даму мақсатында алдын ала қам жасап, жұмыс істеуін жалғастырады.

- **Еуропалық одақ аумағына ұшулар орындауға салынған тыйымнан босатылу мәртебесінің сақтап қалу, өзге қазақстандық әуекомпаниялар үшін шектеулердің жойылуы мақсатында басқарушы органдармен жұмыс істеу:** «Эйр Астана» Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитетімен ИКАО анықтаған және өзге қазақстандық әуетасымалдаушыларына шектеулердің қойылуына алып келген қауіпсіздік стандарттарына сай болмаушылықтарды жою мақсатында белсенді түрде бірлесіп жұмыс істеуін жалғастыруда. 2013 жылдың қазанында ИКАО дайындаған, анықталған мәселелерді шешу үшін ИКАО, ААК мен Үкімет арасындағы ынтымақтастықты қарастыратын іс-әрекет жоспары жөніндегі ААК-мен бірлесе орындалатын жұмыс жалғасын табатын болады.

- **Техникалық қызмет көрсету орталығын дамыту:** Технологиялар мен қызметкерлерді оқытуға инвестиция салу арқылы меншікті техникалық базаны дамыту дербес түрде техникалық қызмет көрсетіп, ұшақтарды жөндеуден өткізуге мүмкіндік беріп, шығындарды айтарлықтай азайтып, «Эйр Астана» компаниясы қызметінің тиімділігін арттырады. Әуекомпания жоспарларының қатарында 2015 жылы Астана қаласында жаңа техникалық қызмет көрсету орталығының құрылысын аяқтау бар. Сондай-ақ 2015 жылы EASA 145 Бөлім техникалық қызмет көрсету және EASA 147 Бөлім техникалық қызмет көрсету бойынша оқыту сертификаттарын жаңарту жоспарлануда.

- **«Боинг-757» флотын алмастыру жөніндегі шешімнің қабылдануы:** Әуекомпанияның «Боинг-757» флоты ескіріп келе жатыр, бұл ұшақтардың орташа жасы 17 жылдан асады. Аталмыш әуе кемелері негізінен халықаралық маршруттарда пайдаланылады, олар өте сенімді болып, компания тарапынан жаңартылған болса да, оларды пайдалану және оларға қызмет көрсету барған сайын қымбаттауда. Сол себепті компанияның 2015 жылға қойған міндеті ағымдағы онжылдықтың соңына дейін «Боинг-757» әуе кемелерін алмастыру болып табылады.

- **Қызмет көрсету сапасын ұстап тұру және жетілдіру:** 2012 жылдан бері Skytrax (4 жұлдыз) жоғары рейтингімен расталып отырған тамаша қызмет көрсету абыройы «Эйр Астана» компаниясы брендінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Әуекомпания клиенттермен тікелей жұмыс істеуші қызметтердің клиенттерінің қажеттіліктерін түсініп, компания жолаушыларын тұрақты түрде сервистің жоғары деңгейімен қамтамасыз етіп жатқанына көз жеткізу үшін оларға ерекше көңіл бөлуін жалғастыруда. Біз қызмет көрсетудің ең жоғары стандарттарын ұстап тұру мақсатында технологиялар мен жерде қызмет көрсетуші қызметкерлер мен ұшқыштарға инвестиция салуды жалғастырудамыз.

- **Технологиялық мүмкіндіктерді кеңейту:** «Эйр Астана» анағұрлым тиімді бизнес-үрдістерді қамтамасыз ету және қазіргіден де жоғары сапалы қызметтер ұсыну мақсатында технологиялық мүмкіндіктерді жетілдіріп, кеңейтуді жоспарлауда. Компанияның маңызды бәсекелестік артықшылықтарының бірі - оның ақпараттық технологиялар саласында көптеген шешімдерді дербес түрде әзірлеп, жүзеге асыра білу қабілеті. 2015 жылдың негізгі міндеттеріне Алматы мен Астана қалаларында жердегі қызметті бақылау жүйесін енгізу, ұшқыштарға арналған электронды борттық қоржынды (Electronic Flight Bag - EFB) әріқарай енгізу және кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жөніндегі ERP жүйесін дамыту жатады.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



## БАЙДӘУЛЕТОВ Н.Т.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

2014 жыл «Эйр Астана» үшін Орталық Азия мен ТМД аумағындағы мықты экономикалық тежегіш факторлармен сипатталатын елеулі сынақтар бой көтерген жыл болды. Әуекомпания барлық мәселелерді абыроймен өткеріп, әсерлі операциялық нәтижелер мен операциялық пайданың рекордтық көрсеткіштеріне қол жеткізіп, қауіпсіздіктің тұрақты жоғары деңгейін ұстап қала алды. Сонымен бірге «Эйр Астана» өзінің әлемдік класс әуекомпаниясын құру және қазақстандық авиация флагманы ретіндегі орнын сақтау мен нығайту жөніндегі ұзақ мерзімді стратегиясының шеңберінде дұрыс қадам жасауын жалғастыра түсті.

2014 жылғы қазанда «Эйр Астана» компаниясы қауіпсіздік, транспаренттілік, қызмет көрсету сапасы мен деңгейінің көрсеткіштері бойынша Азияда көш бастауға дайын әуекомпания ретінде елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев тарапынан ерекше аталып өту құрметіне ие болды. Мен компанияның ұзақ мерзімді табысы технологияларға салынатын мақсатты инвестициялар мен ұйым мен оның қызметкерлерінің едәуір әлеуетінің дұрыс үйлесім табуының арқасында нығайып, «Эйр Астана» өзіне ел Президентінің артқан жоғары үміттерін ақтап шыға алады деген сенімдемін.

Ұшақтардың заманауи паркі мен технологиялар, инженерлік және жерде қызмет көрсетуші жұмыскерлерді оқыту мен дамытуға салынатын инвестициялардың әлемдік деңгейдегі әуекомпания құрудағы маңызды элементтері болып табылатынына сенімдімін. Соңғы төрт жыл ішінде «Эйр Астана» 21 жаңа әуе кемесін қабылдап, өзін орташа жасы 5,5 жыл болған әлемдегі ең жас әуе паркінің бірімен қамтамасыз етті. Компания мемлекет немесе акционерлер тарапынан ешқандай қосымша қаржыландыру тартпастан, құны 624 миллион АҚШ долларын құраған жаңа 11 ұшақ сатып алды.

Жас флот қоршаған ортаға жасалатын барлық шығарындылардың үлкен бөлігі тиесілі болып келетін көміртегі шығарындыларының үлесінің азаюына септігін тигізеді. Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IATA) мәліметтеріне сәйкес авиацияға көміртегінің жаһандық шығарындыларының 2% ғана тиесілі болғандығына қарамастан, біз ұдайы экологиялық таза өндіріске ұмтылып, өз индустриямызда да, басқа сала компанияларына да үлгі болудамыз. Заманауи жаңа ұшақтар сатып алумен қатар «Эйр Астана»өз экипаждарын жанармайды ұтымдырақ шығындауға үйретеді. Компания сондай-ақ парниктік газдардың шығарындыларына бөлінетін квоталар саудалаудың Еуропалық жүйесінің қатысушысы болып табылады және 2016 жылға қарай авиациялық секторда парниктік газдар эмиссиясын азайтуға бағытталған, ИКАО әзірлеп шығарған нарықтық шаралардың жаһандық жүйесінің енгізілуін күтуде.

Сонымен бірге «Эйр Астана» компаниясының қауіпсіздік және кадрлар мен жабдық дайындау мәселесіне ұдайы көңіл бөлуінің халықаралық басқарушы органдар тарапынан бағалануы жалғасын табуда. 2014 жылғы сәуірде әуекомпанияның ұшу қауіпсіздігінің көрсеткіштері мен қауіпсіз

ұшулар орындауға мүмкіндік беретін қауіпсіздік жүйесіндегі өзгерістерге бейімделе алу қабілетінің негізінде ЕО-тағы авиация саласындағы басқарушы орган EASA «Эйр Астана» компаниясына ЕО елдеріне ұшуларын кеңейтуге қатысты қойған шектеулерін алып тастады. ЕО-тың Қазақстанның басқа әуеокомпанияларының ұшулар орындауына қатысты қойған шектеуінің әлі алынбағанын атап өткен жөн, оның себебі ИКАО анықтаған қауіпсіздік стандарттарына сәйкессіздіктерді жою жөніндегі жұмыстың әлі де жалғасып жатуында. Біз Қазақстанның азаматтық авиация комитетімен әлі де белсенді түрде бірлесіп жұмыс істеудеміз.

«Эйр Астана» компаниясының тағы бір маңызды жетістігі ретінде Азаматтық авиация комитетінен үлкен қашықтықтағы ұшулар орындауға (Extended Diversion Time Operations - EDTO) рұқсат алуын және EDTO жобасы шеңберінде экипаждардың жердегі және ұшу дайындығы бағдарламасын аяқтауын атауға болады. Аталмыш жоба әуекомпания ұшақтарына анағұрлым тіке әрі тиімді маршруттармен ұшып, шығындар мен ұшу уақытының азаюын қамтамасыз етіп, болашақ трансмұхиттық маршруттарды әзірлеуге мүмкіндік ашады.

«Эйр Астана» сондай-ақ технологиялық инновациялар саласында көш бастап келеді. Компанияның интерфейсі 2014 жылдың соңында жаңартылып, кеңейтілген және мобильді қосымшасы бар корпоративтік сайты бүгінгі таңда Қазақстандағы онлайн-сатулардан келетін жалпы түсім көлемі бойынша ең ірі электрондық коммерция сайты болып қалып отыр.

Бұдан бөлек, сайт жолаушыларға өз маршруттарын басқаруға мүмкіндік беретін ыңғайлы әрі тиімді құрал болып табылады.

Шығындардың қысқартылуына қарамастан, «Эйр Астана» қағазсыз технологиялардың енгізілуін жалғастырды. Ұшқыштарға арналған электрондық борттық қоржын (Electronic Flight Bag – EFB) мен бортсеріктерге арналған Ipad электронды құрылғылары сияқты инновациялық шешімдер борттық құжаттаманы тиімді де мұқият басқара отырып, салмақты азайтып, қағаз құжаттама көлемінің азайтылуы есебінен қоршаған ортаға келетін әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Бұл – бағдарламалық шешімдердің көбін өз күшіне жүгініп жүзеге асыра алған компанияның IT-мамандары мен техникалық жұмыскерлерінің табанды жұмысының нәтижесі.

Технологиялар мен оқытуға салынған қаражат арқасында мүмкін болған техникалық жетістіктермен қатар, компания өз корпоративтік мәдениетін де табысты түрде дамытуда. 2001 жылы құрылған кезінен бергі «Эйр Астана»-ның мықты жақтарының бірі ретінде оның кәсіпкерлік және ашық корпоративтік мәдениетін атауға болады. Жас компания өзінің қалыптасуының бастапқы кезеңінде ТМД мен Еуропаның әуекомпаниялары мен Қазақстанның басқа да ұлттық компанияларының алдына шығатын көптеген дәстүрлі проблемалардың барынан хабарсыз еді. 13 жыл өткен соң, біршама жетілген компанияға айналғанында, оның алдына миссиямыз, мақсаттарымыз бен құндылықтарымызды қайта қарау мен жаңарту уақыты келді.

HEART бағдарламасын іске қосу «Эйр Астана» әуекомпаниясының дамуындағы дұрыс және уақытылы жасалған қадам болып табылады. Бұл бағдарлама басшылық пен қызметкерлерге компания миссиясын нақты түсінуге жәрдемдеседі. Ол сондай-ақ жолаушылармен арада қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, әуе мен жерде одан да жақсы сервис ұсынуға септігін тигізеді.

Компанияның таза пайдасы, болжанғанындай, ақпан айындағы девальвациядан кейін сыртқы міндеттемелердің асыра бағалануымен байланысты азайды. Дегенмен де, компания өз қаржылық міндеттемелерін орындауға деген қабілетін сақтай отырып, акционерлерге 2013 жыл қорытындылары бойынша 20% дивидендтерді төлей алды.

Біз 2015 жыл компанияның ішкі нарығы үшін де, Ортаазиялық аймақ пен ТМД елдері үшін де оңай болмайды деп күтудеміз. Ресейлік және украиналық бағыттар бойынша өсім болмайды немесе мардымсыз болады деп күтілуде. Дегенмен де, мен су жаңа технологиялар, үздік қызметкерлер мен табысты ұйымдық мәдениетке ие бола тұра, «Эйр Астана»-ның барлық қиындықтарды өткеріп, өз индустриясында да, Қазақстанның өзге ұлттық компаниялары арасында да көшбасшылық орнын сақтап қалуына барлық мүмкіндіктердің бар екеніне сенімдімін.

Директорлар кеңесі мен акционерлердің атынан «Эйр Астана» әуекомпаниясының барлық қызметкерлеріне 2014 жылғы жемісті еңбектері мен жетістіктері үшін алғысымды білдіргім келеді.

**Құрметпен,**
**Байдәулетов Н.Т.**

# ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҮНДЕУІ



## ПИТЕР ФОСТЕР
**ПРЕЗИДЕНТ**

2014 жылы компанияның таза пайдасы 19,5 миллион АҚШ долларын, кірісі – 934,8 миллион АҚШ долларын құрап, 2013 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 62% және 3% төмендеді. Бұл көңіл көншітпейтін сандарға 2014 жылдың 11 ақпанында орын алған, қазақстандық теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 19% төмендетілген девальвация себеп болды. Бұл жағдай, бір жағынан, шетелдік валютамен берілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта бағалау қажеттілігіне байланысты теңгерімге түзетулер енгізіп, пайда мен шығын жөніндегі есеп бойынша шамамен 48 миллион АҚШ доллары көлеміндегі шығыстарға, екінші жағынан мемлекет тарапынан реттелетін және теңгемен берілген ішкі тасымалдарға деген тарифтерден келетін кірістердің АҚШ долларымен санағанда азаюына алып келді. ОЖКМ-мен өлшенетін жолаушылар ағыны мен ШЖКМ-мен өлшенетін тасымалдау сыйымдылығының көрсеткіштері сәйкесінше 1,3% және 2,4% өсті.

Егер девальвация әсері жайында сөз қозғамасақ, әуекомпания 98,5 миллион АҚШ доллары көлеміндегі операциялық пайдаға қол жеткізді, бұл көрсеткіш 2013 жылғыдан 36% жоғары және компанияның 13 жылдық тарихындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Операциялық маржа 11% құраса, түсімнен келетін пайыз ретіндегі EBITDAR көрсеткіші 22,5% құрады. Екі көрсеткіш те әуекомпания үшін рекордтық көрсеткішке айналып, саладағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Жыл ішінде бір «Боинг-767», үш «Эрбас-А320» және бір «Эмбраер-190» жеткізіліп, лизинг берушілерге төрт ұшақ қайтарылды, осылайша компания паркінің орташа жасы 5,5 жыл құрап, аймақтағы ең жас және әуе индустриясындағы ең жас парктердің біріне айналды. Бұл рейстердің орындалу дәлдігі көрсеткішінің 84,6%-дан 88,5%-ға дейін артуының негізгі факторы болды, және де біз осылайша жаңа рекордтық деңгейге қол жеткіздік, бұдан бөлек, бұл көрсеткіш ЕО пен АҚШ әуетасымалдаушыларының сәйкесінше 83,7% және 79% құраған көрсеткіштерінен асып түсті. «Боинг-757» әуе кемелері салондарының әлемдік деңгей стандарттарына сай модернизациялануы аяқталды. Астана қ. Халықаралық әуежайында «Шаңырақ» бизнес-класс күту залы ашылды. Жоғарыда аталған мысалдардың барлығы 2014 жылдың шілде айының ортасында Фарнбородағы (Ұлыбритания) әуе шоуының өткізілу шеңберінде Skytrax рейтингілік агенттігінің World Airline Awards марапаттау рәсімінде үшінші жыл қатарынан «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» сыйлығын және сол аймақ бойынша екінші жыл қатарынан «Үздік қызмет көрсету» марапатын алуға себепші болды. Есеп беру жылының шарықтау оқиғасы 2015 жылдың ақпанында Вашингтонда өткен рәсімде Air Transport World басылымының нұсқасы бойынша «Авиациялық нарық көшбасшысы 2015» сыйлығын алу болды.

2014 жылдың табыстарына үш фактор себепші болды. Біріншіден, бұл – үлкен ішкі тиімділік, жанармай бағаларының төмендетілуі (Қазақстанның сыртында) және күрделі жөндеу мен әуе кемелерінің қосалқы бөлшектері сияқты ірі шығыстар бойынша керемет мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді келісімдер жасасу арқылы оперативтік қызметке қатысы жоқ операциялық шығыстарды әрі шығындарды қысқартуға байланысты үздіксіз жұмыс жасау. Екіншіден,

шығыстары ешқашан қысқартылып көрмеген және қысқартылмайтын эксплуатациялық сенімділікті арттыру мен жердегі және борттағы қызмет көрсетуді жетілдіру мәселелеріне үнемі көңіл бөлу. Үшіншіден, бұл – «Эйр Астана» миссиясы, мақсаттары мен құндылықтарын жаңарту және олардың Қазақстан мен шетелде өткізіліп жатқан тартымды да ынталандырушы іс-шаралар арқылы барлық супервайзерлер, әуекомпанияның орта және жоғары буын жетекшілерінің қолдауына ие болуы мақсатында әзірленген HEART бағдарламасы атты ішкі кампания. HEART бағдарламасының бастамасы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының Қордың экономикалық құндылығын қаржы активтері мен адам капиталын барынша дұрыс пайдалану есебінен барынша арттыруға бағытталған трансформациялық бағдарламасы контекстінде көтерілді. «Эйр Астана», салыстырмалы тұрғыда жас бірлескен кәсіпорын бола отырып, өзінен әлдеқайда үлкен де аяғына нық тұрған компаниялардың дәстүрлі проблемаларынан әлі де алыс болса да, ол қызмет еткелі 13 жыл өткен соң басшылық ең алдымен компанияға енді келген жастау қызметкерлер үшін әуекомпанияның бірегей корпоративтік мәдениетін қайтадан ерекше бөліп көрсету қажеттілігін сезінеді.

«Эйр Астана» компаниясындағы 10 жылға жуық қызметімнен кейін мен корпоративтік мәдениеттің немесе оны бизнес-мектептер атағанындай ұйымдық мінез-құлықтың дәл өзі үздіксіз табысымыздың қозғаушы күші екеніне нық сенімдімін. «Эйр Астана» қызметкерлері жеке қасиеттері үшін таңдалып, олар бір-бірімен ашық та шынайы тілдесуге, өзінің және әріптестерінің жетістіктерін мақтан тұтуға, кінә тағу мен кінәні басқаға аударудан аулақ болуға үйретіледі. Бұл ешқандай жауапкершілік болмауы керек деген сөз емес. Авиациялық бизнеске тән тәуекелдерді ескере отырсақ, рәсімдердің жалпылама және түсінікті болғаны, жүйелі түрде жаңартылып, қатал түрде ұстанылғаны өте маңызды. Алайда, осылар адамдарды өз қателерін мойындауға және проблемалар жөнінде хабарлауға, жазадан қорықпастан, жеке және жалпы жетілу қажеттілігін мойындауға ынталандыратын мәдениетпен теңгерілуі қажет. Аталмыш «әділетті мәдениет» жұмыс істеуі үшін ішкі жүйелердің (АТ мен бизнес), операциялық рәсімдердің, бағалау мен сыйақылау жүйесінің және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен тұтастығына деген толық сенімнің болуы шарт. Компания жоғарыда аталғандардың барлығына әжептәуір қаражат салып келді және салуда. Мысалы, сенімді басқарушылық ақпарат болуының үлкен артықшылығы ахуалдың нашарлауына жедел түрде жауап беру қабілеті болып келеді. Өткен жылғы девальвация кірістерінің едәуір бөлігі теңгемен берілген, ал шығындар құрылымы көбіне-көп долларлық болып келген әуекомпания үшін қатаң сынақ болды және жедел әрі батыл әрекеттерге баруды талап етті. Егер бізге қолжетімді болған ақпарат сенімділігі жағынан төмендеу болған болса, біздің дұрыс емес және алды-арты ойластырылмаған шешім қабылдауымыз әбден мүмкін еді, алайда біздің жағдайымызда дұрыс ақпарат дұрыс шешімдерге, әсіресе меншікті шығындарды қысқарту жөніндегі шараларға қатысты дұрыс шешімдерге алып келді. Жылдың соңында бір ШЖКМ-ге келетін меншікті шығындар 2013 жылмен салыстырғанда 9% төмендеп әрі әуекомпания тарихындағы ең төмен көрсеткіштердің біріне айналып, 7,2 АҚШ центін құрады. Салыстырмалы мәліметтер қолжетімді болысымен, біздің меншікті шығындарымыз қызметтердің толық спектрін ұсынатын әлемдік әуекомпаниялар бойынша ең төмен дерлік көрсеткіш болатынына күмәнім жоқ. Дәл осы берік платформа бізге қазіргі уақытта басым болып отырған қатаң нарық жағдайларында табысты болып қалуымызды мүмкін қылып отыр және біз Қазақстанның дамуында Еуразиялық кеңістіктің ұланғайыр аумағындағы көлік торабы ретіндегі жетекші рөлімізді жалғастырған сайын, бізге одан әріқарай толығымен қалпымызға келуге барлық мүмкіндіктер ұсынатын болады.

Сөзімді аяқтай келе, мен әдеттегідей клиенттерімізге олардың тұрақты адалдығы үшін, акционерлеріміз «Самұрық-Қазына» мен «BAE Systems» компаниясына олардың орасан зол қолдауы үшін және бүкіл әлем бойынша барлық әріптесіме олардың табанды еңбегі мен өз ісіне берілгендігі үшін алғысымды білдіргім келеді.

**Құрметпен,**
**Питер Фостер**



# HOSPITABLE

## ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ

**EFFICIENT**
**ACTIVE**
**RELIABLE**
**TRUSTWORTHY**

Біз әрбір адамды, ол клиент болсын, әріптес болсын қонақ ретінде қарсы аламыз. Біз жылы шырайлылықты, мейірімділікті, өнегелілікті білдіре отырып әрқашан көмекке келуге дайынбыз.



# БІЗДІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

«Эйр Астана» компаниясның 13 жылдық табыс тарихы – бұл ең күрделі индустриялардың бірі – авиациядағы өсу мен тұрақты пайда тарихы. 2014 жылы әуекомпания ұлттық валютаның құнсыздануы мен компаниямыз үшін аса маңызды екі нарық – Ресей мен Украинадағы күрделі экономикалық және саяси жағдайларға қарамастан операциялық пайданың рекордтық көрсеткішіне қол жеткізді.

«Эйр Астананың» 2014 жылы қол жеткізген жоғары көрсеткіштері ішкі және сыртқы нарықтардағы күрделі жағдай орын алғанына қарамастан, біздің бәсекелестік артықшылықтарымызды көрсетеді: әуекомпанияның маршруттық желісі, әуе кемелерінің жас паркі, дамыған техникалық база, өзгеріп жатқан жағдайларға тез бейімделу қабілеті мен шығындардың тиімді құрылымы. Осының барлығының арқасында компания акционерлер тарапынан қаражат тартпастан, өз кезегінде оларға дивидентер төлей отырып, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке салық төлемдерін жасай отырып, кеңейе түсуде.

## Маршруттық желі

Авиациялық нарық циклді және өзі қызмет етіп жатқан елдер мен аймақтардың экономикаларына тәуелді болып келеді. Әлемдік әуе индустриясы 2008-2009 жылдардағы қаржылық дағдарыстан кейін әлі есін жинауда, 2014 жыл Украина мен Ресейдегі геосаяси жағдайға және 2014 жылдың соңында мұнай бағаларының төмендеуі себебінен аймақтың ең ірі деген экономикаларында ұлттық валютаның құнсыздануына байланысты ТМД елдері үшін айтарлықтай қиын болды. Аймақ үшін 2015 жыл да осындай күрделі болады деп болжануда.

«Эйр Астана» компаниясы өз қызметін Еуразия жүрегінде қарқынды дамып келе жатқан экономика жағдайларында іске асыруда. 2011 жылы әуекомпания 75 миллиондай адамды қамтитын Орталық Азия, Оңтүстік Ресей, Кавказ бен Солтүстік-батыс Қытайдың салыстырмалы түрде игеріліп болмаған, бірақ тез дамушы нарықтарында маршруттар дамытуға бағытталған аймақтық қамту стратегиясын жүзеге асыра бастады.

Біздің пайымдауымызша, біздің аймақтық қамтуды кеңейту стратегиямыз үлкен ұзақ мерзімді әлеуетке ие. 2014 жылға дейін ТМД нарықтарының үлесіне ИАТА мәліметтеріне сәйкес әлемдегі жылдам өсіп келе жатқан он нарықтың бесеуі тиесілі болып, олардың даму перспективалары халық санының көп болуы, стратегиялық географиялық жағдайы мен экономикалық әлеуеті себебінен айтарлықтай жағымды болып қалып отыр.

**«Эйр Астана»-ның бағытқа шаққандағы жиіліктері (2014 ж.)**




Дереккөз: «Эйр Астана» АҚ

Әуекомпания осы анағұрлым жоғары халықаралық тарифтер мен транзиттік жолаушылар ағынының 10% өсуі, сондай-ақ тиімді аймақтық маршруттық желі артықшылықтарын пайдалана отырып чартерлік рейстерді іске қосу есебінен нарықтардың мүмкіндіктерін шетелдік валютадағы кірістерін арттыру үшін пайдалана алды. Мәселен, Үрімжіден Франкфурт, Ыстамбұл, Душанбеге дейінгі транзиттік тасымалдар, сондай-ақ Еуропалық және Тынықмұхиттық нарықтардың өзге де бағыттарындағы ұшулар едәуір тиімді болып келеді. «Эйр Астана» компаниясының біздің мақсаттық нарықтарымыздағы қысқа мерзімді өзгерістерге тез жауап бере алу қабілеті әуекомпаниямызға күрделі жағдайларда өте икемді болуға мүмкіндік береді.

**5 жыл ішінде ішкі, халықаралық және транзиттік жолаушылар ағынының өсуі (мың адам)**




Дереккөз: «Эйр Астана» АҚ

**Соңғы 5 жыл ішінде халықаралық рейстерден халықаралық рейстерге транзит жасаған жолаушылар саны**




Дереккөз: «Эйр Астана» АҚ

## Әуе кемелер паркі

«Эйр Астана» компаниясының әуе кемелер паркі 30 реактивті ұшақтан құралған және ол осы индустриядағы ең жас флоттардың бірі болып табылады. Парк маршруттық желіміздің талаптары мен жолаушылар тасымалының көлеміне жауап беретін әуе кемелерінің төрт типінен тұрады. Тасымалдаушының паркіндегі ұшақтар сыйымдылығы 97-ден 223 жолаушы орнына дейін - осындай комплектация нарықтарымыздың бірегей сипаттамаларына жауап береді.

Компания нарығының географиялық ауқымдары мен ел халқы тығыздығының төмен болуы – яғни, Батыс Еуропадай болатын аумақта тұрып жатқан 17 миллион адам – мөлшері жағынан кішігірім болғанымен, ұшу ұзақтығы әжептәуір болып келетін әуе кемелерінің болуын талап етеді. Әуекомпания пайда әкелуі үшін ұшақ түрін әр маршрут үшін бейімдеп отыруы қажет.

Қазіргі уақытта «Эйр Астана» ұшақтардың төрт негізгі типін пайдаланады: «Боинг-757», «Боинг-767», А320 (319, 320, 321) тобы мен «Эмбраер-190». «Боинг-757» және «Боинг-767» типіндегі ұшақтардағы ұшқыш кабиналары бірдей болғандықтан, ӘК типіне орай ұшу экипаждарын дайындау тұрғысынан алып қарағанда, компания экипаждарды ұшақтың үш типіне арнап дайындайды. «Боинг-787» ұшақтарының жеткізілімі онжылдықтың соңына қарай болады деп күтілуде.

Соңғы бес жыл ішінде әуекомпания паркінің өлшемі шамамен 20 әуе кемесінен 30 әуе кемесіне дейін өсті. Бұдан бөлек, «Эйр Астана» өзінің ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес жекеменшік ұшақтарының санын арттырып, нәтижесінде өз паркін бір үлгіге келтіруге мүмкіндік алды. Ұшақтардың орташа жасы 2010 жылдағы 11,4 жастан 2014 жылы 5,5 жасқа дейін төмендеді. Әуекомпания 2014 жылы бес жаңа ұшақ, 2013 жылы – жеті, 2012 жылы – алты және 2011 жылы үш ұшақ жеткізді, яғни парктің 70% соңғы төрт жыл ішінде жаңартылды.

**«Эйр Астана» әуе кемелерінің орташа саны мен орташа жасы (2010 ж. - 2014 ж.)**




Дереккөз: «Эйр Астана» АҚ

**Әуекомпаниялардың ұшақтар парктерінің жасының салыстырмалы кестесі**




Дереккөз: Airlfleets.net; «Эйр Астана» АҚ. Соңғы қолжетімді мәліметтер.

«Эйр Астана» әуе кемелер паркінің жас болуы басқа әуе тасымалдаушылардың дәл осындай әуе кемелерімен салыстырғанда тамаша көрсеткіш болып табылады. Мысал ретінде, біздің ұшақтардың жасы орташа жасы шамамен 11,2 жыл[1] құрайтын ТМД-ның ірі әуе тасымалдаушыларының әуе кемелерінің орташа жасынан шамамен екі есе төмен (дереккөз: Airfleets.com). Ұшақтардың жас паркі жанармай тұтынуды азайтуға, нәтижесінде көміртегі шығарындыларының азаюына септігін тигізеді.

## Техникалық база

2014 жылы «Эйр Астана»-ның техникалық дайындық коэффициенті 98% жетті, оған әуекомпанияның жас флотының сенімділігі мен техникалық стандарттарды жоғары деңгейде ұстап тұруы себеп болды. Компания өз қызметін ұшу сегменті 2000 километрден асатын және қызмет көрсетудің ең шалғай бағыттарда қолжетімді болуы шарт аймақта жүзеге асыруда. Әуекомпания ұшулардың үздіксіз орындалуы мен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында материалдық-техникалық қамсыздандырумен байланысты міндеттерді ұтымды шешуде.

**Техникалық дайындық коэффициенті**




Дереккөз: «Эйр Астана» АҚ

«Эйр Астана» материалдық-техникалық база мен оқытуға ірі көлемдегі инвестициялар салуын жалғастыра түсуде, соның арқасында ұшақтарды шетелге техникалық қызмет алу үшін жібермей-ақ оларға дербес техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар көлемін ұлғайту мүмкін болып отыр.

2014 жылы Астана қ. жаңа техникалық қызмет көрсету орталығының құрылысы үшін қажетті жұмыстар аяқталды, оның базасында ұшақтарға техникалық қызмет көрсету жыл бойы жақсылап жабдықталған ангарларда орындалатын болады. «Эйр Астана» сондай-ақ Қазақстан әуежайларына ұшулар орындайтын бөгде операторларға техникалық қолдау мен қызмет көрсетуін жалғастыруда.

Компания өз қызметін «Эйр Астана»-дан өзге әуекомпаниялары жергілікті авиациялық билік органдарының ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қадағалау функцияларына қатысты жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ЕО «қара тізіміне» енгізілген елде жүзеге асырып жатыр. 2014 жылы ЕО-тағы авиация саласындағы басқарушы орган «Эйр Астана»-ның ЕО елдеріне орындай алатын ұшу жиіліктерінің санына қатысты 2009 жылы қойылған шектеулерді алып тастады. Адам капиталының дамуы, озық технологиялар мен әуекомпания жүйелері ең жоғары халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз етіп, еуропалық және әлемдік авиациялық нарықтарға жол ашады.

## Шығындардың тиімді құрылымы

Әуекомпания үшін шығындар белгіленген (ұшақтар, үстеме шығыстар), жүктелім коэффициентіне байланысты өзгермелі (жолаушы және жүк жүктелімі) немесе іс жүзінде орындалған ұшуларға байланысты өзгермелі (рейстер саны мен ұшулар ұзақтығы) болуы мүмкін. Соңғыларын реттеу бәрінен қиын және олар барлық өзгермелі шығындардың 70% жуығын құрайды. «Эйр Астана»-ның шығындар тиімділігіне ұдайы көңіл бөлуі бизнес жүргізудің күрделі жағдайларында пайдалылықты ұстап тұрып, макроэкономикалық жағдайдың жақсарып отыруымен маржаны арттыруға, сонымен қатар құлдырауларға шұғыл түрде бейімделу үшін икемділікті сақтап отыруға жағдай туғызады.

2014 жылы «Эйр Астана»-ның операциялық шығыстары ШЖККМ-ге шаққанда 7,2 АҚШ центін құрады, бұл көрсеткіш осындай деңгейдегі басқа әуекомпаниялардың аналогиялық көрсеткішімен салыстыруға тұрарлық. ОЖКМ-ге шаққандағы кірістілік 2014 жылы 12,4 АҚШ центін құрап, болмашы төмендеді. «Эйр Астана» жолаушыларының жүктелім коэффициенті соңғы бес жыл бойы салыстырмалы түрде тұрақты болып қалып отырды және 2014 жылы 65% құрады (ішкі рейстерде 69% және халықаралық рейстерде 63%). Әуе индустриясындағы жүктелім коэффициенті 2014 жылы ИАТА мәліметтері бойынша 79,9% құрады. Шығындарға тиімді бақылау жүргізудің арқасында «Эйр Астана» өзі іспеттес әуе тасымалдаушылардың көбі табыстылығын сақтап қала алмайтын залалсыз жүктелім коэффициентінің деңгейіне қол жеткізді.

1 Дереккөз: Airfleets.com

Компания өз қызметіне әсер еткен 2014 жылдың ақпанындағы теңге девальвациясынан кейін уақытылы шаралар қабылдады. Бастапқыда есеп беру жылында ШЖКМ-ды 10% арттыру жоспарланған еді. Алайда әуекомпания экономикалық жағдайлардың өзгеруіне шұғыл түрде жауап беріп, бұл санды 2,4% дейін өзгертті. Маршруттық желі оңтайландырылып, бос сыйымдылықтар компанияға қосымша пайда әкелген чартерлік тасымалдарды ұйымдастыру үшін пайдаланылды.

**5 жыл ішіндегі ОЖКМ және жолаушылардың жүктелім коэффициенті (ішкі және халықаралық бағыттар)**




Дереккөз: «Эйр Астана» АҚ

«Эйр Астана» әуекомпаниясы PROS кірістерді басқару жүйесін пайдаланады, соның арқасында сұраныс пен бәсекелестердің тарифтеріне сүйеніп бағалар мен тасымалдау сыйымдылықтарын серпінді түрде реттеуге мүмкіндік алады. PROS жүктелім коэффициентін арттырып қана қоймай, кірістерді барынша көбейтуге жәрдемдесетін, мәліметтермен басқарылатын құрал болып табылады.

## Капитал салымдарынан келетін кіріс

Әлемдік әуеиндустрия үлкен көлемде субсидия алғанымен шығынға ұшыраған компаниялардың куәсі болып жатқанда «Эйр Астана»-ның бәсекелестік артықшылықтары оның тез өсуі мен дамуын қамтамасыз етіп, акционерлерге ұзақ мерзімді тұрақты кірістер, ал мемлекеттік бюджетке пайда алып келді. Компания мемлекеттік қолдауға жүгінбестен, әуе кемелерінің лизингі мен сатып алынуын өздігінен қаржыландыра алды.

«Эйр Астана» әуекомпаниясы құрылып, оған 17 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі алғашқы капитал салынғалы, компания болашақ өсіміне инвестиция жасауға жеткілікті ресурстарын сақтай отырып, акционерлерге дивиденд түрінде 100 млн. АҚШ долларынан астам сома қайтарды. Инвестиция түрінде салынған капиталдың тиімділіктің негізгі шарасы болып келетін пайдалылығы (ROIC) тұрғысынан, әуекомпанияның 13% көрсеткіші әлемдік әуетасымалдар индустриясының 2014 жылы ИАТА бағасы бойынша 6,1% құраған көрсеткішімен салыстырғанда біршама жақсы көрінеді. Қазақстан Үкіметі де әуекомпанияның «Самұрық-Қазына» тұлғасындағы ірі акционері бола тұра, өсіп келе жатқан табысты кәсіпорынның салық түсімдері түрінде пайда алып отыр. Мәселен, 2002 жылдан бері бюджетке 330 млн. АҚШ доллары шамасында төлем жасалды.



**H**OSPITABLE

# **E**FFICIENT

## ТИІМДІЛІК

**A**CTIVE

**R**ELIABLE

**T**RUSTWORTHY

Біз - біліміміз бен жеке қасиеттеріміздің негізінде сапалы нәтижелерге қол жеткізетін кәсіпқойлармыз. Біз өзіміздің біліктілігімізді дамыта отырып өз уақытымызды тиімді қолданамыз.



# БАСШЫЛЫҚ ЕСЕБІ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

### АЛМА АЛИГУЖИНОВА

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

Әуекомпанияның 2020 жылға дейінгі 10-жылдық стратегиясын акционерлер 2011 жылы экономикалық дамудың үш сценарийі – жоғары, орта және төмен өсім сценарийлеріне сүйеніп әзірлеп, бекітті. Стратегияның негізгі бағыттары Орталық Азия мен ТМД-дағы аймақтық көшбасшы ретіндегі позициямызды келесі бағыттар бойынша нығайтудан тұрады: ұшулар қауіпсіздігі мен қызмет көрсету сапасы, шағын және орта қашықтықтағы нарықтарға, сонымен қатар нарықтың белгілі бір тауашаларындағы таңдамалы ұзақ магистральді бағыттарға баса назар аударып, маршруттық желіні дамыту, инвестициялар мен әуе кемелер паркі бойынша алды-арты ойластырылған шешімдер қабылдау, алдыңғы қатарлы технологияларға инвестициялар салу және техникалық қызмет көрсету бойынша қуаттылықтарды арттыру, сондай-ақ адам капиталын дамыту.

«Эйр Астана» корпоративтік басқаруының ашық құрылымы озық халықаралық іс-тәжірибеге сәйкес біздің стратегиялық шешімдеріміз бен күнделікті қызметіміздің негізі болып табылады. Бекітілген стратегия шеңберінде жылдық негізде мүдделі тараптарға жоспарланған іс-шаралардың деңгейі, қаржылық болжамдар мен капиталдық салымдар жөнінде анық әрі уақытылы түсінік беру үшін компанияның бес жылдық бизнес-жоспары әзірленіп, жаңартылады.

Стратегия мен бизнес-жоспарлаумен қатар, Стратегиялық және коммерциялық жоспарлау департаментінің негізгі функцияларына әуе кемелер паркін жоспарлау, ұшақтар қоржынын басқару, маршруттық желі мен ұшулар кестесін жоспарлау, кірістерді басқару мен корпоративтік даму кіреді.




### АЙМАН ТІЛЕУБАЕВА

**КІРІСТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

Теңгенің құнсыздануы 2014 жылғы өсім қарқынын баяулатып, нәтижесінде компания жоспарларының әрі қарай түзетілуіне, сонымен қатар маршруттық желіні дамыту жөніндегі маңызды шешімдердің қабылдануына әсер етті. Девальвация салдарын жеңілдету бір жыл бойғы негізгі міндет болды. Бұл үдеріс маршруттық желі мен тасымалдау сыйымдылықтарын қысқарту сияқты шаралардан тұрды және біздің бұл саладағы жетістігіміз күрделі экономикалық ахуал аясында әуекомпания өсімін қолдауымыздағы шешуші фактор болды.

#### Маршруттық желіні дамыту

Маршруттық желіні дамыту жөніндегі ой елегінен өткізілген және уақытылы қабылданған шешімдер, нақтылап айтсақ, ең аз пайда әкелетін маршруттарды анықтау және маршруттық желіні кеңейту мен тасымалдау сыйымдылықтарын өсіру жөніндегі жоспарларды қайта қарау

компанияның ұлттық валютаның құнсыздануына байланысты туындаған қиындықтарға берген жауабы болды. Біздің 2014 жылға арнап құрған бастапқы жоспарымыз бойынша шекті жолаушы-километрлерді (ШЖКМ) 10% арттыру керек болды. Алайда жыл ішінде біз 2,4% деңгейінде анағұрлым бірқалыпты, бірақ орнықты өсу қарқынын бекітіп, жоспарларымызға түзетулер енгіздік.

Біздің ортаазиялық маршруттарымызға да әсер етпей коймаған фактор – Ресейдегі экономикалық ахуалды есепке ала отырып, Алматы – Мәскеу маршруты бойынша жоспарланған өсім кейінге қалдырылды. Компания Астана мен Орынбор, сондай-ақ Атырау мен Мәскеу арасындағы ұшуларын тоқтата тұрды. Сонымен бірге Алматы-Самара мен Алматы-Қазан рейстерінің жиіліктері азайтылды. Атырау-Амстердам рейсіне деген сұранысты зерделеген соң, осы маршрутта «Боинг-767» әуе кемесін «Эрбас-А321»-мен алмастыру жөнінде шешім қабылданды.

Украинадағы геосаяси және экономикалық ахуалға байланысты әуекомпанияның Астана-Киев рейсін жойып, Алматы-Киев рейстерінің жиіліктерін қысқартуына тура келді. Ішінара осы босаған сыйымдылықтардың арқасында компания Оңтүстік-шығыс Азияға орындайтын ұшуларын кеңейтті. Негізгі назар сондай-ақ есеп беру жылында 10% өсім көрсетіп, халықаралық рейстерден келетін қосымша кірістерді қамтамасыз етіп, теңге құнсыздануынан кейін ішкі рейстердегі сатып алу қабілетінің төмендеуін теңгерген транзиттік тасымалдарға да бөлінді.

2014 жылы «Эйр Астана» «Asiana Airlines» және «Air India» әуекомпанияларымен Оңтүстік Корея мен Үндістанға немесе осы елдерден саяхаттауды жоспарлау кезінде билет сатып алу, маршрут пен трансфер опцияларының ең жақсы нұсқаларын таңдап алу мүмкіндігін ұсынатын код-шер келісімдеріне қол қойды. Осы тасымалдаушылармен арадағы код-шер келісімдер сонымен қатар тікелей рейстер есебінен де, транзиттік тасымалдар есебінен де екі үлкен әрі қызықты нарықтың дамуына жағдай жасайды.

Маршруттық желінің оңтайландырылуы нәтижесінде тасымалдау сыйымдылықтары босап, әуекомпания жаз маусымына Барселона мен Антальяға чартерлік бағдарламасын іске қосуға мүмкіндік алды (төмендегі «Маркетинг және сатулар» тарауын көріңіз).

## Ұшақтар қоржыны

«Эйр Астана» әуекомпаниясы индустриядағы ең жас парктердің біріне ие. Парктегі 30 әуе кемесінің ішіндегі 21 ұшақ 2011 жылдың сәуірі мен 2014 жылдың шілдесі аралығында алынды. Есеп беру жылының ішінде компанияға бір жаңа «Боинг-767», парктегі осы типтегі үшінші ұшақ жеткізілді. Бұл ұшақ АҚШ-тың экспорттық-импорттық банкінің кепілдік етуімен қаржыландырылды. Жаңа әуе кемелеріндегі жаңартылған бизнес-класс пен жетілдірілген сервис компанияны анағұрлым бәсекеге қабілетті етеді. Біз сонымен қатар үш жаңа «Эрбас-А320» мен бір «Эмбраер-190» ұшақтарын операциялық лизинг шарттарымен пайдалануға енгіздік, ұшақтардың барлығы да өндірушілерден тікелей жеткізілді.

2014 жыл ішінде әуекомпания екі «Эрбас-А321» мен бір «Эрбас-А319» үшін лизинг мерзімдерін ұзартып, лизинг берушілермен әуе кемелерінің болашақ жеткізілімдері жөніндегі келіссөздерін жалғастырды. 2015 жылы ұшақтар жеткізілімі болмайды деп күтілуде, тек 2016 жылы бір жеткізілім болады деп күтілуде. Сондай-ақ «Боинг-787» әуе кемелерінің жоспарланған сатып алынуы кейінге қалдырылды.

Компания қазіргі уақытта «Боинг-757» паркін 2030 жылға дейінгі нарық болжамы негізінде алмастыру мәселесін зерделеу үстінде. 2015 пен 2030 жылдар аралығын қамтитын талдау әуекомпанияның әуе кемелер паркінің анағұрлым нақты пайымын ұзақ мерзімді перспективада жоспарлап, паркті дамыту стратегиясының іске асуын қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

## Бизнес-жоспарлау

2015-2019 жж. арналған бесжылдық жаңа бизнес-жоспар компанияның әріқарайғы дамуы үшін өзекті стратегиялық бағдарларды белгілеу үшін әзірленген болатын. 2014 жылдың ақпанындағы теңгенің құнсыздануынан туындаған және жаңа құжатта ескерілген қалыптасқан экономикалық ахуалдар мен нарықтың өсу қарқынының баяулауымен байланысты компания болашақ әуе кемелер паркіне қатысты жоспарларын қайта қарауға мәжбүр болды.

Біз әуе кемелерін лизингке берушілермен және өндірушілермен әріқарайғы жеткізілімдер мәселесі бойынша, әуекомпанияға ең жақсы деген ұсыныстарды қамтамасыз ету үшін, келіссөздерді жалғастыратын боламыз.

## Кірістерді басқару

«Эйр Астана» жолаушылар ағынының өсімі мен 2014 жылғы өсімі 4%[2] артқан Қазақстанның ЖІӨ арасында үлкен өзара байланыс бар. Әуекомпанияның жолаушылар ағынының өсуі 2014 жылы 3% құрап, теңгенің құнсыздануына байланысты 2013 және 2012 жылдардағы сәйкесінше 13% және 9% тең болған көрсеткіштерден төмен болды. Жоғарыда аталған

2 Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі комитеті

қолға алынған шаралармен қатар біз кірістерімізге келетін теріс ықпалды теңгедегі халықаралық тарифтерді көтеру арқылы бәсеңдете алдық. Компания дамудың оңды динамикасын қамтамасыз етіп, қолға алынған шаралардың арқасында кірістер өсімі мен пайдалылық деңгейін ұстап қала алды.

## Корпоративтік даму

Корпоративтік даму бөлімі Директорлар кеңесімен және акционерлермен жұмыс істеуде жүйелі түрде Корпоративтік хатшы функциясына қолдау көрсетуді қамтамасыз етіп, тұтас компания ауқымында озық халықаралық іс-тәжірибе негізінде корпоративтік басқару құрылымы мен үдерістерін ұдайы жетілдіру және сәйкестендіру саясатын жүргізеді.

Біздің корпоративтік басқару тұрғысынан алып қарағандағы негізгі құндылықтарымыздың қатарына ашықтық, заңдылық пен этикалық тәртіп, мүдделі тараптар алдындағы, соның ішінде қызметкерлеріміз, серіктестеріміз, клиенттеріміз бен қоғам алдындағы жауапкершілік жатады.

## 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Стратегиялық және коммерциялық жоспарлау департаментінің негізгі жоспарлары мыналардан тұрады:

- Желіні әріқарай кеңейту: наурыз айында аптасына үш рет орындалатын Астана-Париж рейсін енгізу; жаңа Астана-Тбилиси, Астана-Сеул және Астана-Орал рейстері ағымдағы нарықтардағы тасымалдау сыйымдылығының артуына септігін тигізетін болады.

- 2015 жылы жолаушылар ағыны айтарлықтай өседі деп күтілмесе де, әуекомпанияның 2014 жылдың соңынан бастап жанармайға деген төмен бағаларды ұтымды пайдалана алғандығының арқасында енді оның әрі ішкі, әрі халықаралық рейстерде трафикті ынталандыруға мүмкіндік беретін баға қалыптастыруға қажетті резерві бар.

- 2015 жылға жаңа ұшақтар жеткізілімі жоспарланып жатқан жоқ.

- Қазақстанның ЖІӨ 2015 жылға болжамданған өсімі 6%-дан 1,5% дейін төмендеді, осыған байланысты әуекомпания жолаушылар ағынының жоспарланған өсімін 8%-дан 5% дейін төмендетті.

- Жыл ішінде онжылдық соңына дейін «Боинг-757» әуе кемелерін алмастыру бойынша ақырғы шешімнің қабылдануы жоспарлануда.

# ҰШУЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ




## ГЕРХАРД КОЕТЦИ

### КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САПА КЕПІЛДІГІ ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Компания үшін ұшулар қауіпсіздігі негіз қалаушы құндылық және бірінші дәрежелі басымдық болып табылады. Әуекомпания Ұшулар қауіпсіздігін басқару жүйесі (ҰҚБЖ) шеңберінде қауіп-қатерлер факторларын анықтау мен талдау және тәуекелдерді азайту жөніндегі құрылымдық және жалпылама үдерістерді енгізіп, қолдау арқылы ең жоғары халықаралық стандарттар мен озық іс-тәжірибелерді ұстанады.

Авиациялық қауіпсіздік үшін жауапкершілік жоғарғы басшылықтан бастап, қауіпсіз әрі жайлы жағдайларда өз жұмыс орындарында қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз ететін штаттық қызметкерлерге дейінгі барлық қызметкерлердің мойнында. Олардың жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігі көп жағынан компанияның барлық қызметкерлерінің, соның ішінде компанияда қауіпсіздік мәдениетін дамыту мен енгізуді қоса алғанда, ҰҚБЖ пайдаланылуының үйлестірілуі мен талаптарға

сәйкестікті бақылауға алатын корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі жөніндегі тәуелсіз департаментінің қолдауына тәуелді.

«Эйр Астана» АҚ-ның халықаралық талаптарға сәйкестігі компания ұшақтары тіркелген Аруба мемлекетінің Азаматтық авиация департаменті, желілік техникалық қызмет көрсетуге қатысты (EASA Part-145) Еуропалық ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі агенттік (EASA), сонымен қатар Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитеті сияқты қадағалаушы органдар тарапынан бақыланып, реттеледі.

Ұшулар қауіпсіздігі стандарттарына сәйкестікке баға беру, сонымен қатар, өндірістік қызметті басқару мен әуекомпанияның басқару жүйелерін бағалау жөніндегі әлемде танылған жүйе болып табылатын ИАТА пайдалану қауіпсіздігі аудиті (IOSA) бағдарламасын өткізу арқылы орындалады. Бұл аудит өндірістік қызметтің барлық бағыттарының жұмысына, соның ішінде ұйымдық құрылым мен компанияны басқару, ұшуларды басқару мен диспетчерлік қызмет, ұшақтарға инженерлік-техникалық қызмет көрсету, борттық қызмет көрсету, ұшақтардың пайдаланылуы мен оларға қызмет көрсету, жүк тасымалдау операциялары мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге баға беруге мүмкіндік береді.

IOSA төртінші аудитінің кезінде «Эйр Астана» АҚ IOSA бағдарламасын Ұшулар қауіпсіздігін басқару жүйесінен ешбір ескерту не ұсыным алмастан сәтті түрде өтіп, тағы бір мәрте әлемдік қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін паш етті. Компания IOSA бағдарламасы бойынша жүйелі түрде сертификаттаудан өтетін Қазақстан Республикасындағы жалғыз әуетасымалдаушы болып табылады. Келесі аудит 2015 жылдың мамыр айына жоспарланған.

Әуекомпания сақтандыру компанияларымен бірлесе отырып, 2014 жылы ҰҚБЖ-ны тәуелсіз бағалау үшін Tetratech компаниясын тартты. Бағалау нәтижесінде алынған оңды есеп 2015 жылдың ақпанында Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі кеңестің (ASRB) қарауына ұсынылды.

## ИКАО АУДИТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ӘКЕЛЕТІН САЛДАРЫ

Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) 2009 жылы Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының қадағалау жүйесіне өткізген аудитінің нәтижелері бойынша ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты екі елеулі ескерту анықталды. ИКАО аудитінің жағымсыз салдарының бірі Еуропалық комиссияның «Эйр Астана» АҚ басқа барлық қазақстандық эксплуатанттарға Еуропа аумағына ұшулар орындауға тыйым салуы болды. Еуропалық Одақтың ресми журналында көрсетілгеніндей, бұл ерекше мәртебе әуекомпанияға қатысты қадағалау функцияларын әуе кемелерінің тіркелген мемлекеті болып табылатын Арубаның Азаматтық авиация департаменті мен Ұлыбританияның авиациялық билігі іске асыратындығымен байланысты, сондай-ақ әуекомпанияның қауіпсіздік көрсеткіштерін үнемі жақсартып отыруға шынайы берілгендігінің арқасында берілді. Сонымен бірге, маршруттар, жиіліктер, сондай-ақ пайдаланылатын әуе кемелер санының арттырылуына шектеулер енгізілді. 2012 жылы пайдаланылатын әуе кемелеріне қатысты шектеулер алынып, ал 2013 жылы әуекомпанияға Лондон қ. бағытында үшінші жиілік ашуға рұқсат берілді. Еуропалық Одақтың компанияға жиіліктерді арттыруға байланысты қойған шектеулерінің барлығы 2014 жылдың сәуірінде алынып тасталды. Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің ресми журналында «Эйр Астана» АҚ-ның өзгерістерге бейімделе алу қабілеті, сондай-ақ компанияда ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әрекет етіп жатқан жүйелер аталды.

2014 жылдың мамырында Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясына ИКАО валидациялық миссиясы өткізілді. Аудит нәтижелері бойынша ұшу жарамдылығы сертификаттарын беру жөніндегі елеулі ескерту сәтті түрде жойылып, алайда эксплуатант сертификатын беруге қатысты екінші елеулі ескерту ашық күйінде қалды.

Еуропалық Одақ та өз жағынан Еуропалық Одақ аумағына ұшулар орындайтын барлық әуетасымалдаушылардың ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге Еуропалық Қоғамдастықтың шетелдік әуе кемелерінің ұшулар қауіпсіздігінің деңгейін бағалау жөніндегі бағдарламасының (SAFA) шеңберінде ЕО-ға мүше мемлекеттерде орналасқан әуежайларға қонатын үшінші елдердің әуе кемелеріне перронда тексерістер (немесе «рамптық тексерістер») өткізу арқылы бақылау жүргізеді. «Эйр Астана» ұшақтары жылына SAFA бағдарламасына қатысушы елдерде инспекторлар өткізетін шамамен 40 тексерістен өтеді. 2014 жылғы инспекциялардың нәтижелері, өткізілетін инспекциялар санының артуына қарамастан, өткен жылдардың оңды үрдістерін паш етуін жалғастыруда, бұл жағдай жекелеген елдердің авиациялық билік өкілдері тарапынан ерекше аталды.

2014 жылы «Эйр Астана»-ның азаматтық авиация саласындағы өкілетті органға ИКАО талаптарына сәйкес ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін көтеру бойынша қолдау көрсету жөніндегі жұмысы жалғасын тапты, соның ішінде ол ірі қазақстандық әуежайларда құстармен қақтығысулардың алдын алу жөніндегі Ұлттық бағдарламаның және Ұшып-қону жолағындағы қауіпсіздік жөніндегі топтың бастамашысына және идеялық шабыттандырушысы ретінде бой көрсетті, сондай-ақ авиациялық инженерлік-техникалық қызметкерлерді лицензиялау жөніндегі жаңа рәсімді жасақтауда көмек көрсету үшін жоғары білікті техникалық мамандарын ұсынды.

Жоғарыда аталғандарға қосарымыз «Эйр Астана» ЕО-ға үшінші елдердің операторларын сертификаттауға өтінімін жіберді.

## СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІК

Компанияның сапа кепілдігін қамтамасыз ету үдерісі қадағалаушы органдар мен үздік халықаралық іс-тәжірибе талаптарына негізделген компания стандарттарына сәйкес ұшу жарамдылығы мен эксплуатациямен (соның ішінде техникалық қызмет көрсетумен) байланысты рәсімдердің мониторингін көздейді.

Стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету және оған мониторинг жүргізу жөніндегі ішкі бағдарламалар, сондай-ақ, компанияның IATA-ның жерде қызмет көрсету қауіпсіздігінің аудиті (ISAGO), жанармай сапасы (IFQP), сондай-ақ мұздануға қарсы өңдеу сапасы (DAQCP) сияқты қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен сапа кепілдігі жөніндегі аудиторлық бағдарламаларға мүшелігімен және белсенді түрде қатысуымен қуатталады, ол әуекомпанияның ең жоғары стандарттарға сай болуға деген ұмтылысының куәсі іспеттес.

2014 жылы тағы екі қызметкер IOSA аудиторы біліктілігіне ие болды. Жерде қызмет көрсету қауіпсіздігі жөніндегі компанияның үш ISAGO аудиторы Еуропада, Ресей, Гонконг пен Қазақстанда 4 аудит өткізіп, өз біліктілігін кеңейтті. Компанияның IFQP жанармай сапасы аудиторлары жанармай жабдығына 14 тексеріс өткізіп, аймақтық әуежайда IFQP инспекциясының нәтижелері бойынша ескертулерді жою үшін қолайлы шешім тапты. Ескертулер ашық болып қалып отырғанда «Эйр Астана» аталмыш әуежайда жанармай құюын тоқтатып, ұшаққа кері қайтуға жанармайдың қосымша көлемін құйып немесе Қазақстанның ең жақын аэродромдарын қосымша жанармай құю үшін пайдаланды.

2012 жылы тек реактивті ұшақтардан тұратын флотқа өткеннен соң реактивті әуе кемелерінің эксплуатациясына қауіп-қатер төндіретін ұшып-қону жолақтарының қауіпсіз жай-күйіне байланысты біз екі ішкі бағыт бойынша ұшуларымызды (Семей және Орал) тоқтаттық. 2014 жылы Орал қ. ұшып-қону жолағын қайта жөндеуден өткізгеннен кейін «Эйр Астана» АҚ сапа кепілдігі аудитин өткізіп, оның барысында негізінен апаттық-құтқару қызметіне қатысты бірнеше сәйкессіздік анықталды, нәтижесінде Орал қ. рейс ашпау жөнінде шешім қабылданды. Ескертулер жойылғаннан кейін компания 2015 жылдың қаңтарында рейс ашты.

Біз ішкі әуежайлармен ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты инфрақұрылым, жабдық пен қызметтерді жақсарту бойынша тығыз қызмет істеп келеміз. Компания күрделі мәселелерге жиі тап болып, олардың көбін шешу үшін, мейлі ол әуе кемелерінің перронда зақымдалу жағдайларының артуы не құстармен қақтығысудың алдын алу мақсатында мекен ету ортасын басқару болсын, ғылыми-аналитикалық тәсілді пайдаланады.

Авиациялық қауіпсіздік стандарттарына сәйкессіздік жөніндегі тексерістер сапа кепілдігі және авиациялық қауіпсіздік департаменттерінің мамандары тарапынан кеңейтіліп, оған өткізілген бағалау нәтижелері жөнінде жүйелі түрде есеп ұсына бастаған әуежай менеджерлері де белсене атсалысты. Біз сондай-ақ жолаушылар мен қол жүгін тексеріп қарау рәсімдеріне шолу жасау үрдісін енгізіп жатырмыз, соған байланысты іріктелген қызметкерлер оған қажетті оқытудан өтеді.

## АВИАЦИЯЛЫҚ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМА

Стандарттарға сәйкестік пен оқытудың жақсы деңгейі ұшулар қауіпсіздігінің негізі болса, авиациялық оқиғалардың алдын алу жөніндегі бағдарлама да оқиғаға алып келуі мүмкін өндірістік тәуекелдерді анықтап, азайтуға бағдарланған.

Барлық оқиғалар бейқауіп іс-әрекеттердің нәтижесі болып табылады. Компанияның қауіпсіз қызметінің негізінде құзырет пен сенім мәдениетінің жатқаны жалпыға мәлім, ол оқыту, есептілік пен хабардарлық мәдениеті, сондай-ақ қателер мен орын алған бұзушылықтардан (негізділіктің қабылданарлық деңгейі кезіндегі қасақана жасалған бұзушылық) сабақ алуға мүмкіндік беретін әділетті қарым-қатынас мәдениетін жылжытудың арқасында қалыптасады. Қателер жіберу тәуекелдерін барынша азайту мақсатында барлық департаменттер «Адами фактор» курсы және басқа да бағдарламалар бойынша оқытудан өтеді.

Қауіпсіздік бағдарламасының әрекет етуі үшін қауіпсіздік жөніндегі есептілік, ұшу ақпаратының мониторингі (FDM) немесе мәліметтерді талдау сияқты тәуекелдерді анықтау үдерістері шешуші маңызға ие, тергеулер жүргізудің әдістемелік және тәжірибелі базасының жақсы деңгейі олардың ажырамас бөлігін құрайды. 2014 жылы FDM бағдарламасы үрдістер мен олардың себептеріне негізгі көңіл бөле отырып, өндірістік тәуекелдерді анықтау, өлшеу және оларды азайту бойынша қажетті шаралар қабылдау мақсатында 91% ұшулар мәліметтеріне мониторинг жүргізді. Ерекше жағдайларға тергеу жүргізу ұшулар өндірісі жөніндегі департаментпен бірлесе отырып жүзеге асады.

Әуекомпания ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі мәліметтерді ұсыну мәдениетін қауіпсіздік мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қолдайды. Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі мәлімдемелердің, соның ішінде бортсеріктер мен жерде қызмет көрсету бөлімінен келіп түскен мәлімдемелердің саны 2014 жылы 20% артты, ол әріптестермен анықталған қатерлер жөніндегі ақпаратпен бөлісуге мүмкіндік беретін қауіпсіздік пен серіктестік мәдениетінің белсенді түрде жылжытылып жатқанының куәсі.

Әуекомпания жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі талаптарына сай ИКАО-ның 13 Қосымшасына сәйкес 14 ішкі тергеу өткізіп, сондай-ақ авиациялық оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі Басқарманың 15 авиациялық тергеуіне қатысты. Төрт өндірістік департамент өкілдерінен құралған ұшу ақпараты мен экипаждың шаршап-шалдығуы жөніндегі ақпаратқа шолу жасау жөніндегі топтан тұратын ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі жұмыс топтарының ай сайынғы мәжілістерінің шеңберінде тәуекелдер факторларына талдау жасалды. Өндірістік тәуекелдерді қарастыру мақсатымен компания президентінің төрағалық етуімен және өндірістік қызметтердің жетекшілерінің қатысуымен Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі кеңестің 9 отырысы өтті.

Ұшулар қауіпсіздігі деңгейінің көрсеткіштеріне тоқсан сайын шолу жасау барлық қызметтерде орныққан үдеріске айналып үлгерді. Бірыңғай тәсілге қол жеткізу үшін көрсеткіштерді, соның ішінде тәуекелдің рұқсат етілетін және мақсатты деңгейлерін өлшеуді, оқиғалар жөніндегі мәлімдемелердің дәлдігі мен салыстырмалы талдау жасап, тәуекелдерді азайту бойынша анағұрлым тиімді шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін өлшемдерді жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасын табуда, ол жетекшілерге қолда бар көрсеткіштер өлшеулеріне сүйене отырып, басымдықтарды айқындауға мүмкіндік береді. «Эйр Астана» АҚ компанияның қауіпсіздік деңгейінің көрсеткіштерін әзірлеуге жауапты қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі менеджер ретінде ИКАО-ның ұшу ақпаратын талдау және ҰҚБЖ мәселелері жөніндегі Еуропалық аймақтық сараптау тобының қызметінде әлі де жетекші орында келе жатыр.

«Эйр Астана» басқа әуекомпанияларда орын алған оқиғалардан алынған сабақтарды, сонымен қатар беделді агенттіктер жүргізген зерттеулердің нәтижелерін назарға алу қажеттілігін сезінеді. Осыған байланысты әуекомпания өз мәліметтерін енгізу және IATA қауіпсіздік жөніндегі трендтерді бағалау жүйесі мен ақпарат алмасу (STEADES), әуе кемелерінің жерде зақымдалуы жөніндегі мәліметтер базасы (GDDB) және ұшу ақпараты жөніндегі мәліметтер базасы (FDX) сияқты қауіпсіздік жөніндегі мәліметтер базасын пайдалану арқылы халықаралық қоғамдастықпен өзара әрекеттесуін арттырды. Бұдан бөлек, компания қызметкерлері Қазақстанның сыртында және ішінде қауіпсіздік жөніндегі жеті халықаралық семинарға презентация жасап қатысты.

2014 жылдың маусымында «Эйр Астана» АҚ ресми түрде Азиялық-Тынықмұхиттық аймақ әуекомпаниялары қауымдастығының (AAPA) толық құқылы мүшесіне айналды. Қауымдастық нарықтарға қол жеткізу, ұшулар қауіпсіздігі, қоршаған орта мен авиациялық қауіпсіздік сияқты азиялық әуекомпаниялар үшін үлкен маңызға ие бірқатар мәселе бойынша үкіметпен және басқа да мүдделі тараптармен тамаша жұмыс өткізуде. Сонымен қатар Қауымдастықтағы мүшелік «Эйр Астана» АҚ-на түрлі жұмыс топтары мен комитеттерге қатысуға мүмкіндік береді.

## ҰШУЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША ОҚЫТУ

«Эйр Астана» қызметкерлерді оқытуға инвестиция салуын жалғастыруда. Мәселен, 2014 жылы 14-тен астам қызметкер аудит өткізу, авиациялық оқиғаларды тергеу мен ұшулар қауіпсіздігін басқару дағдылары бойынша оқудан өтті. Корпоративтік қауіпсіздік пен сапа кепілдігі департаменті ішкі оқыту бағдарламаларын халықаралық стандарттар мен әлемдік іс-тәжірибеге сәйкес өзгертті.

Қарқынды даму үстіндегі авиациялық индустрияның ынтымақтастық пен ашықтық арқылы өндірістік тәуекелдерді алдын ала анықтап, оларды азайтуды талап ететінін сезінетін әуекомпания өзіне ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттемесін жүктейді, бұған тек шарттарымызға жауап беретін қауіпсіздік мәдениетін көтеру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

## 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Корпоративтік қауіпсіздік және сапа кепілдігі департаментінің негізгі жоспарлары мен міндеттері мыналар:

- Ұшулар қауіпсіздігі мен тарихымыздың бір де бір оқиғасыз жалғасуын қамтамасыз ету.
- Тәуекелдерді азайту бойынша тиімдірек шараларға қол жеткізу мақсатында корпоративтік қауіпсіздік пен сапа кепілдігі департамент бөлімдерінің желілік операциялық функцияларын біріктіру.

- 2015 жылдың мамырындағы IOSA аудитінің барысында оң пікірлерге ие болған Ұшулар қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіруді жалғастыру.
- Ұшуларды орындау қауіпсіздігі жөніндегі операциялық аудиттен бастап, тиімділіктің ішкі аудиті үдерістерін енгізу.
- Бағалау өлшемдерін жетілдіру және ұшулар қауіпсіздігінің сақтандырма көрсеткіштерін енгізу.
- Ұшу траекториясын басқару, экипаждың шаршап-шалдығуы мен рәсімдік сәйкестік сияқты басымдықты салаларда ішкі сараптау базасын жетілдіру.
- 2014 жылы енгізілген бағдарламалық қосымша мен мәліметтерді талдау үдерістерінің тиімділігін арттыру.
- 2015 – 2016 жж. ЕО-тан үшінші елдер операторларына ұшулар орындауға қуаттау алу.



# ҰШУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ




## ЭНТОНИ РЕГАН

### ӨНДІРІСТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

2014 жыл өндірістік мәселелер жөніндегі департамент үшін өте жемісті болды. Біз ақпараттық технологиялар және электрондық бизнес департаментінің бағдарламалық шешімдерімен бірге дамытып жатқан жаңа технология – ұшқыштарға арналған электронды борттық қоржынды (EFB) енгізуімізді жалғастырдық. Біз қыркүйекте «Эрбас» ұшақтарында практикалық бағалау фазасына кірістік.

Біз сондай-ақ екіқозғалтқышты әуе кемелері үшін үлкейтілген қашықтықтағы ұшуларды орындауға эксплуатациялық мақұлдау (EDTO) алдық, ұшуларды EDTO сертификациясы бойынша орындау желтоқсанда басталды. Сонымен бірге құжаттаманы одан әрі жетілдіру мен оңайлату жұмысы 2014 жылы едәуір алға жылжып, 2015 жылы жалғасын табатын болады. Басты міндет клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлердің өндірістік мазмұндағы нұсқаулықтарды орындауын жеңілдету үшін оларды және ақпаратты біршама оңайлатылған түрде ұсынуды қамтамасыз ету.

## Ұйымдастыру

Біз 2013 жылғы әжептәуір өсімнен кейін 2014 жылы экипаждар өнімділігінің оңды динамикасын сақтап тұрдық. Екі жыл ішінде экипаждар өнімділігі 18% өсті. Жанармайды үнемдеу бағдарламасы қазіргі уақытта 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы қол жеткізілген жанармайдың әжептәуір үнемделуімен оң нәтижелер бере бастады.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан алып қарағанда ағымдағы онжылдықтың соңына дейін компанияның ұдайы кеңеюі мен әуе кемелер паркін үлкейтуді қолдау мақсатымен дұрыс құрылымды қамтамасыз ету басымдық болып қалып отыр.

Осыған байланысты 2014 жылы «Эйр Астана» өндірістік мәселелер жөніндегі департаменттің оқыту бөлімін қайта ұйымдастырды. Оның мақсаты компания өсімін қолдау мен кәсіби дайындық деңгейін көтеруге қажетті құрылымды қамтамасыз ету болды. «Эйр Астана» осы негізгі салада ең жоғары стандарттарға қол жеткізуге шынайы берілген. Осы мақсатта 2015 жылы есептілік пен бағалау үдерістерін жақсартып, бір үлгіге келтіруге мүмкіндік беретіндей оқыту технологиясы біршама жетілдіріліп, нәтижесінде сапа, тиімділік пен стандарттау деңгейінің жоғарылауына септігін тигізетін болады.

## Оқыту

2014 жылы біз 55 жаңа ұшқыш, соның ішінде 47 кадет оқыттық. Аталмыш үдеріс бастапқы оқыту бағдарламасы, тренажерларда біліктілікті арттыру мен желілік оқытудан құралды. Бұдан бөлек, оқыту әлеуетімізді арттыруда әжептәуір прогресске қол жеткіздік. Оқытуды басқару құрылымы сапаның артуы мен стандарттауға ден қою үшін жаңартылып, тәртіпке келтірілді. Флотымыздың ерекше сипаттамаларымен жасалатын жұмыстың маңыздылығына қарамастан, стандарттау мен оңайлату да әжептәуір маңызға ие.

Бұл сапа мен компанияның оқытуға салатын едәуір инвестицияларының қайтарымын қалыптастыруға ден қоюға мүмкіндік береді.

Біз есептіліктің функционалды мүмкіндіктерін жақсарту үшін жаңа технологияларға одан әрі қарай инвестиция салуды жоспарлап жатырмыз және нұсқаушылардың дағдыларын одан әрі жетілдіруге арналған бағдарламаны іске асыруға кірісіп кеттік. Бұл, жаңа технологиямен бірге сапа бойынша жоғары нәтижелер, сондай-ақ жетілдіріген стандарттауды қамтамасыз етуі керек.

Қазақстанның жоғары білікті ұшқыштарын дайындау жөніндегі ұзақ мерзімді жоба болып табылатын ab-initio ұшқыштарды бастапқы оқыту бағдарламасы жалғасын тапты. Бұл бағдарлама ұшқыштарды ең жоғары халықаралық стандарттар бойынша оқытуға арналған және осы уақытқа дейін 200-ге жуық үміткер осы бағдарлама бойынша оқытудан өтті. Оқыту бүгінге дейін үш мектепте жүргізілді: Майамиде орналасқан, әлемдегі авиациялық дайындық жөніндегі жетекші орталықтардың бірі AeroSim-де (Флорида штаты, АҚШ), Атлантикалық ұшу дайындығы академиясында (Atlantic Flight Training) Корк қ., Ирландия, және Еуропалық ұшу мектебінде, Херес қ., Испания. Кадеттер оқуды аяқтағаннан кейін EASA лицензиясына ие болады. 2014 жылдың қазанында алты «Эйр Астана» кадеті Испанияда коммерциялық авиация ұшқыштарын оқыту бағдарламасын тәмамдады.

Ab-initio жобасы болашақта қазақстандық авиацияның дамуына үлкен үлес қосатын жоғары білікті ұшқыштардың жаңа буынын тәрбиелеуге біршама уақыт пен шығынды талап ететін инвестиция болғанымен, өте құнды болып келеді. Біз 2015 жылы екі еуропалық мектеппен бірлесіп жұмыс істейтін боламыз. «Эйр Астана» негізгі және тренажерлық дайындық саласында танылған әуесеріктестермен арадағы ынтымақтастығын жалғастыруда. Біздің мақсатымыз оқыту ісінде жоғары стандарттарды ұстап тұру үшін әріқарай әрекет ету болып табылады.

## Үлкейтілген қашықтықтағы ұшулар

2014 жылы Азаматтық авиация комитетінің рұқсатын алғаннан соң біз екіқозғалтқышты әуекемелері үшін үлкейтілген қашықтықтағы ұшулар орындай бастадық (EDTO). Рұқсат алғанға дейін әуекомпания EDTO ұшуларын орындауға деген дайындығымызды бағалау үшін Lufthansa Consulting компаниясы тартылған болатын. Жердегі және ұшу қызметкерлері тиісті оқудан өтіп, желтоқсанда компания үлкейтілген қашықтықтағы ұшуларын орындай бастады.

EDTO сертификациясы бойынша орындалатын ұшулар көптеген артықшылықтарға ие: олар жүйелілікті арттырып, ұшу уақытын қысқартып, сонымен қатар әуекомпанияның маршруттық желісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл – «Эйр Астана» компаниясы үшін айтулы елеулі кезең, себебі EDTO тәжірибесі EDTO ұшуларын орындауды талап ететін болашақ трансмұхиттық маршруттар сияқты бағыттар бойынша маршруттық желінің дамуын қамтамасыз етудегі маңызды фактор болады.

## Ұшқыштарға арналған электронды борттық коржын

2014 жылы компания Азаматтық авиация комитетінен ұшқыштарға арналған электронды борттық коржынды (EFB) енгізуге рұқсат алып, оларды «Эрбас» әуе кемелерінде іс жүзінде бағалаудан өткізу кезеңін бастады. Ұшу

құжаттамасының дәстүрлі пакетінің салмағының 18 кг. және одан да жоғары болуынан бөлек, қағаз құжаттаманы жасап шығару мен тарату уақыт, жігер мен ресурстарды қажет етеді. EFB сандық технология көмегімен жүктемені жеңілдетіп, пайдалану құжаттамасын тиімдірек әрі ұқыптырақ пайдалануға мүмкіндік береді. Рұқсат EASA (Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттік) стандарттарының негізінде EASA AMC 20-25 (сәйкестікті қамтамасыз етудің қолайлы әдістері 20-25) сәйкес алынды.

Бұл жаңа енгізілім компанияға оперативті техникалық қолдау саласында алдыңғы қатарға шығуға мүмкіндік береді. EFB жобасы алғашқысы 2019 жылы жеткізіледі деп күтіліп жатқан келесі буын ұшақтары – «Боинг 787» әуе кемелерін пайдалануға енгізуге қатысты дайындығымыздың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жоба салмақты азайтумен бірге, сондай-ақ құжаттамалық басқарудың оңайлатылуы мен дәлдігі тұрғысынан біршама артықшылық алып келеді.

## Ұшулардың орындалу дәлдігі

Жыл ішінде «Эйр Астана» рейстердің орындалу дәлдігінің (OTP) тамаша көрсеткіштерін сақтап қалды. Біздің орташа көрсеткішіміз 2014 жылы 88,5% дейін жоғарылады. Бұл Еуропа мен АҚШ-тағы сол кезеңдегі осы саладағы орташа көрсеткіштен әлдеқайда жоғары және Қазақстанның құбылмалы климаттық жағдайларын ескерсек, ерекше атап өтуге тұрарлық. Компания бағдар ретінде американдық және еуропалық OTP стандарттарын пайдаланады және біздің нәтижелеріміз аймақта ұшулардың қатал қысқы ауа райында орындалатынына қарамастан әжептәуір көрнекі болып келеді.

Компания апта сайын кешігулердің негізгі себептерін анықтап, оларды барынша азайту немесе болашақта кешігу себептерін болдырмау үшін оларға талдау жасайды. «Эйр Астана» осы саладағы өндірістік көрсеткіштердің әуекомпания клиенттері үшін қаншалықты маңызды екенін түсініп, үнемі оларды жақсартуға тырысады. Сонымен бірге экипаждар тиімділігі өткен жылмен салыстырғанда шығындарды бақылаудың күшейтілуіне қарамастан 18% артты.

## Жанармай үнемдеу

«Эйр Астана» шығыстарды азайту және қоршаған ортаға келетін әсерді азайту мақсатымен 2013 жылы жанармай үнемдеу бағдарламасын іске асыруға кірісті. IATA мәліметтеріне сәйкес, жанармай әуекомпаниялардың шығындарының 30% құрайды және де «Эйр Астана»-ның бұл реттегі көрсеткіші салалық көрсеткішпен бірдей. Ол шығыстардың біршама бөлігін құрайды және басқарылуды талап етеді, оның үстіне жанармай пайдалану тиімділігі шығарындыларды азайтады.

Нормадан артық массамен ұшу мен жанармай шығынының артуының арасында тікелей байланыс бар, сол себепті компания мақсаты қауіпсіздік пен клиенттерімізге ешқандай әсерін тигізбестен, ұшулардың орындалуы кезіндегі салмақты азайту болып табылады. Біз өндірістік мәселелер жөніндегі тобымыз тарапынан кәсіби түрде қабылданған осы жобаны «жанармайды саналы түрде тұтыну мәдениетін» жасақтап, жалғастырудамыз. Бұл бағдарлама 2014 жылы айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік берді. Біз бұл табысты бағдарламаны 2015 жылы одан әрі жалғастыруға ниеттіміз.

## 2015 жылға арналған жоспарлар

Өндірістік мәселелер жөніндегі департаменттің негізгі жоспарлары мен перспективалары:

- Біздің ең басты мақсатымыз – экипаждарымыз бен клиенттеріміз үшін қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейін сақтау.
- Біз қауіпсіз эксплуатациямен қатар үздік операциялық көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталғанбыз және рейстердің орындалу дәлдігінің жоғары стандарттарын сақтап, жақсартуға ұмтыламыз.
- Біз экипаждарды оқытуға, соның ішінде нұсқаушыларды оқытуға ұдайы инвестиция салуды, жаңа технологияларды енгізу мен экипаждарға шынайы әлеуетті жағдайлардың көптеген түріне дайын болуға көмектесу үшін нақты мәліметтерге сүйеніп оқытуды жоспарлаудамыз.
- Біз 2015 жылы ұшқыштарға арналған электронды борттық қоржынды (EFB) тұтас флот бойынша қолданысқа енгізуге ниеттіміз, ол көпжылдық жобаның шарықтау шегіне айналып, технологиялық өрлеу болады.
- Біз 2020 жылға дейін әуекомпанияның өсіп келе жатқан флотының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жыл сайын 25-тен 30-ға дейін ұшқыш-кадеттер дайындауды жоспарлаудамыз.
- Парниктік газдардың атмосфераға шығарылуын азайта отырып, операциялық тиімділікті арттыру мен жанармайды саналы түрде тұтыну мәдениетін ілгерілету мақсатында 2015 жылға экипаждар үшін жоспарланған «Жасыл оқу бағдарламаларын» іске қосу.
- Нұсқаулықтарымыз бен рәсімдеріміз клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлер тарапынан тез ұғылып, орындалатындай жергілікті және халықаралық нормативтік ұсынымдар мен озық іс-тәжірибені сақтай отырып, құжаттаманың жақсартылып, тәртіпке келтірілуіне ерекше көңіл бөлінетін болады.

# ИНЖЕНЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



## ДЖОН УЭЙНРАЙТ

**ИНЖЕНЕРЛІК ТОПТЫҢ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ**

«Эйр Астана» әуекомпаниясының инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі департаменті ұшулар қауіпсіздігінің ең жоғары деңгейін қамтамасыз етуді, сондай-ақ әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету тиімділігін арттыруды көздейді. Біз жан-жақты техникалық қызмет көрсету, ұшақтарды жөндеу мен Қазақстандағы өндірістік нысандардың пайдалануын дамыта отырып, авиациялық инженериядағы аймақтық көшбасшы болуға ұмтылудамыз. Біздің әуе кемелерге көрсететін инженерлік және техникалық қызметтеріміз Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттік (EASA) талаптарына сәйкес орындалады.

Өткен жыл инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі департамент үшін күрделі экономикалық ахуалға қарамастан, түрлі оқиғаларға толы әрі табысты болды. Жылдың негізгі оқиғалары ретінде «Боинг-767», «Эрбас-А320» және «Эмбраер-190» ұшақтарын қабылдап, оларды флотымызға интеграциялауды, сонымен қатар «Боинг-757» ұшақтарының жаңғыртылуы мен лизинг берушілерге төрт ұшақтың қайтарылуын атауға болады. Астанада техникалық қызмет көрсету жөніндегі меншікті орталығымыздың құрылуы мен 2015 жылы басталуы тиіс жаңа ангар құрылысын басты назарға алдық. Аталмыш жоба техникалық қызмет көрсету жөніндегі мүмкіндіктерімізді дамытудағы алға жасалған үлкен қадам болып табылады.

## Инженерлік қамтамасыз ету мен техникалық қызмет көрсету

«Эйр Астана» өз ұшақтарына Еуропа авиациялық билік органдары (EASA), Аруба мемлекетінің (әуекомпанияның әуе кемелері тіркелген ел) азаматтық авиация департаменті мен Қазақстан азаматтық авиация комитетінің талаптары мен стандарттарына сүйене отырып қызмет көрсетеді, олардың барлығы жүйелі түрде компания қызметіне үдерістер мен рәсімдердің әрекеттегі ережелерге сәйкестігі бойынша аудит өткізеді.

2014 жылы «Эйр Астана»-ның техникалық дайындық коэффициенті 98% құрап, компанияның жабдық, жүйелер мен оқытуға ұдайы салатын инвестицияларының айғағы болды. Тағы да бір мақсатқа қол жеткізілді: техникалық себептерден болатын кешігулердің орташа уақыты бір минут отыз секундты құрады. Бұдан бөлек, әуекомпанияның жөндеу цехтарының, соның ішінде дөңгелектерге күрделі жөндеу жүргізу цехының мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды сертификаттауды жалғастыра түстік.

Біздің техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмысымыз Еуропа, Қытай мен Таяу Шығыстағы техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі түрлі сырт ұйымдарда жүргізілген 18 ірі техникалық тексерістен тұрды. Қазақстанда қозғалтқыштардың жоспарлы түрде алмастырылуын, «А» деңгейлі техникалық тексерістер мен ақауларды жоспардан тыс жою бойынша жұмыстар өткіздік.

2014 жылы А320 ұшақтарында С-чек техникалық тексерістер бағдарламасының кеңейтілуінің арқасында бұл жылы бізге әдеттегіден екіге кем С-чек тексерісі қажет, осының арқасында шығындар мен ұшақтардың бос тұруы азайып, қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

«Эйр Астана» Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттікпен EASA 145 бөлім директивасының талаптары бойынша техникалық қызмет көрсетуге сертификатталған. Сонымен бірге, біз жыл ішінде базалық техникалық қызмет көрсетуге рұқсат алу бойынша жұмысымызды бастап кеттік. Осының арқасында ірі техникалық тексерістер өткізуге анағұрлым икемді болуымызға мүмкіндік туып, 2015 жылға қойған мақсатымыз да осы болып қалмақ.

Компания жыл ішінде жердегі қамтамасыз ету жабдығы мен мұздануға қарсы машиналарды күрделі жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуден өткізді. Бұдан бөлек, біздің құрылымдық жөндеу цехымыз жұмыс барысында зақымдалған әуе кемелерінде күрделі жөндеулер өткізді.

Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету департаментінің өндірістік мәселелер жөніндегі департаментімен бірлесе отырып, «Боинг» флотымыз үшін үлкейтілген қашықтықтағы ұшулар орындау талаптарына сәйкес ұшулар орындауға (EDTO) рұқсат алуы компания үшін айтулы оқиға болды, осының нәтижесінде анағұрлым қысқа әрі тіке маршруттармен ұшу мүмкін болып, жанармай үнемделетін болады. Қазіргі уақытта біз 2015 жыл ішінде EDTO операцияларына қосылатын «Эрбас» флотын дайындаудамыз.

Сонымен бірге, әуекомпанияны тұтастай қамтыған анағұрлым тиімді қағазсыз технологияларға көшуге қатысты бастамаға сәйкес, біз әуе кемелерінің электрондық құжаттама жүйесі – STREAM-ды енгіздік.

# КӨМЕКШІ ДЕПАРТАМЕНТТЕР

## Инженерлік-коммерциялық қызмет жөніндегі департамент

Департамент үшінші жаңа «Боинг-767» әуе кемесі, үш «Эрбас-А320» ұшағы мен бір «Эмбраер-190» жеткізілімдерін қабылдап алу және оларды флотымызға интеграциялауды жоспарлау жөніндегі «Эйр Астана»-ның командасын қолдауда негізгі рөл ойнады. Осы жеткізілімдерден бөлек, 2014 жыл ішінде лизинг берушілерге екі «Боинг-767» ұшағы мен екі «Эрбас-А320» ойдағыдай қайтарылды.

«Боинг-767»-ге жанармай үнемдеуші қанат ұштамаларымен қатар тапсырыс берілген салонның орнатылуы Қытайда инженерлік-коммерциялық қызмет жөніндегі бөлім, техникалық сервис жөніндегі бөлім, логистика мен техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бөлімдер топтарының қатысуымен өткізілді, олар бизнес-класстың жатын орындарын, борттағы RAVE ойын-сауық жүйесі мен декоративті көмескі жарықты орнатуға қатысты.

Бұдан бөлек, біз «Боинг-757» флотын жоспарлауды аяқтап, оны жаңартуға кірістік: жыл ішінде осы типтегі бес ұшақ әлемдік деңгей стандарттарына сәйкес қайта жабдықталды. Қайта жабдықтау Ұлыбританияда жасалған су жаңа салондар мен сыртқы боямадан құралды. Біздің жетілдірілген жаңа өнімімізді қолдау үшін жолаушылар салоны мен ұшақтардың сыртқы түріне қызмет көрсету тобы салонды жинастыру, техникалық қызмет көрсету мен эксплуатацияға көптеген жетілдірулер енгізді.

## Жобаларды басқару жөніндегі департамент

2014 жылы жобаларды басқару жөніндегі департамент әуекомпанияның Астана қ. техникалық қызмет көрсету орталығын құру жөніндегі жоспарларын іске асыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Компания жер телімін сатып алды және қазіргі уақытта әуежаймен және жергілікті билік органдарымен нысан құрылысына қажетті дайындықтарды аяқтау үшін жұмыстар жүргізуде. Қараша айында компания акционерлерінің бірі «Самұрық-Қазына» қоры техникалық-экономикалық негіздемені зерделеуін аяқтап, жобаны бекітті.

Біз ангар құрылысын 2015 жылы бастауды жоспарлап жатырмыз, құрылым жыл соңында бітіп, нысан 2016 жылдың басында өткізілуі керек. Астана қ. меншікті орталығымызды салу жыл бойы меншікті нысандарымызда техникалық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жоба әуекомпания үшін алға жасалған маңызды қадам болып табылады.

Сонымен бірге, департамент есеп беру жылында ақпараттық технологиялар мен электрондық бизнес бөлімімен бірлесе отырып, инженерлер лицензиясына электронды бақылау жүргізу мен техникалық қызмет көрсетуге берілетін рұқсаттардың мерзімін ұзарту жөніндегі АТ-жүйесінің іске асуына жетекшілік етті.

## Логистика мен кедендік рәсімдеу мәселелері жөніндегі департамент

Логистика мен кедендік рәсімдеу мәселелері жөніндегі департамент 1 700-ге жуық көпмәртелік қосалқы бөлшектерге жөндеу жүргізілуін ұйымдастырып, 18 техникалық күй тексерісіне қолдау көрсетті. Жердегі әуе кемелердің жеткізілімін қоса алғанда, 13 500-дей жөнелтілім іске асырылды. Жалпы алғанда, 5 700-ге жуық тауарлық декларация шығарылды.

## Оқыту

2014 жылы біз ішкі мүмкіндіктерімізді кеңейтіп, стандарттарымызды жоғарылатып, сырт қызметтерге жұмсалатын шығындарымызды азайта отырып, оқыту мен нысандарға инвестиция салуымызды жалғастырдық. Шілде айында біз оқыту бөлімін арнайы жабдықталған нысанға көшіріп, EASA 66 Бөлім инженерлерінің лицензиясына рұқсат алу үшін инженерлерді оқытуға арналған бағдарламаны іске қостық. Алты адамнан тұратын алғашқы топ қазіргі уақытта курсты тәмамдауда. Біз сонымен қатар EASA 147 Бөлім талаптары бойынша оқытуға рұқсат алу мақсатындағы жобаға бастамашылық еттік.

Сонымен қатар өткен жылы «Эйр Астана» Техникалық қызмет көрсету саласындағы авиациялық мамандар дайындау жөніндегі Еуропалық Комитетке (EAMTC) қосылып, ААК-нің әріқарайғы міндетті оқытуды жүргізуге қатысты мақұлдауына ие болды.

## Көлденең сатулар

Меншікті әуе кемелеріміздің паркін қолдаумен қатар біз бірнеше халықаралық операторға көлденең техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетеміз, соның арқасында әуекомпания қосымша кіріс көзіне қол жеткізіп, сонымен қатар паркімізде жоқ әуе кемелер типтерімен жұмыс істеудегі техникалық мүмкіндіктерімізді кеңейтеді. Біз жыл ішінде Алматы мен Астана ққ. Hainan Airlines пен China Southern әуекомпанияларын қосып, көлденең оперативтік қызмет көрсету жөніндегі қызметтеріміздің аясын кеңейтік. Hainan Airlines әуекомпаниясымен арада қол қойылған өзара келісім бізді қандай да бір қосымша алымсыз Үрімжідегі (Қытай) техникалық қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді.

## 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Инженерлік қамтамасыз ету мен техникалық қызмет көрсету жөніндегі департаменттің негізгі жоспарлары мен перспективалары:

- Астана қ. техникалық қызмет көрсету жөніндегі ангардың құрылысын бастау.
- Техникалық қызмет көрсетуді оқыту үшін EASA 147 Бөлім рұқсатын алу.
- Базалық техникалық қызмет көрсетуге EASA 145 Бөлім рұқсатын алу.
- ААК-нен оқу ұйымының сертификатын алу.
- EASA 66 Бөлім сертификаттау бағдарламасын жалғастыру.
- Техникалық дайындық коэффициентінің жоғары деңгейін сақтап қалу.
- «Эрбас-А320» флоты үшін EDTO сертификациясын алу.
- «Эмбраер-190» ұшақтары үшін С-чек техникалық тексерістер бағдарламасын кеңейту.
- Тежегіштерді күрделі жөндеуден өткізу мен жүк контейнерлерін жөндеуді техникалық қызмет қатарына қосып, оның мүмкіндіктерін кеңейту.
- Жолаушы креслоларындағы электронды жабдық пен ұшақтардың апаттық-құтқару жабдығына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуден өткізу жөніндегі цехтар құрып, бақылаудың рентгеноскопиялық және термографиялық әдістерін қосу арқылы бұзбайтын бақылау лабораториясының жұмыстар көлемін ұлғайту.

# БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



## МАРГАРЕТ ФЕЛАН

### БОРТТА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Бүгінде «Эйр Астана» ең жоғары халықаралық стандарттар бойынша қызмет көрсететін компания абыройына шын мәнісінде лайық. Біз 2012 жылы жолаушыларға қызмет көрсету сапасы бойынша 4 жұлдыз рейтингін иеленіп, әлемнің жетекші әуекомпанияларымен бір қатардан орын алған Шығыс Еуропа мен ТМД-дағы алғашқы әуекомпания болып танылдық. Біз бұл рейтингті 2013 жылға дейін ұстап, 2014 жылы оған тағы да лайық деп танылдық, бұл – әуекомпанияның жолаушыларға қызмет көрсетудің ең жоғары деңгейіне шынайы берілгендігінің куәсі.

Өсімді тежеуші макроэкономикалық факторлары мен 2014 жылы шығыстардың көптеп қысқартылуына қарамастан, біз әуе кемелерінің салондарын, борттық өнім мен тағамдарды жетілдіріп, жолаушыларымызға алдыңғыдан да жақсы сервис көрсете алдық. Қызметкерлердің өзара әрекеттесуі мен олардың жер мен әуеде көрсететін қызметтерінің сапасына ерекше көңіл бөлініп, осылайша әуекомпания тамаша борттық қызмет көрсетудің арқасында қол жеткен негізгі бәсекелестік артықшылыққа ие болды.

## Жайлылық пен ыңғайлылық

Есеп беру жылында борттық қызмет көрсету департаменті біздің жаңа «Боинг-767» әуе кемелеріміздің дизайнын әзірлеуге, сонымен қатар «Боинг-757» ұшақтарын жаңартуға тікелей қатысты. Жаңа әуе кемелері сапалы сервис ұсыну мүмкіндігін, сондай-ақ «Боинг-757» ұшақтарымен орындалатын ұзақ магистральді рейстердің бизнес-класында толығымен жазылатын жатын креслолар енгізу мүмкіндігін берді.

Қазіргі уақытта әуекомпания паркіндегі барлық «Боинг-767» әуе кемелері мен үш «Боинг-757» ұшағына жолаушыларға жетілдірілген сервис ұсыну мақсатымен RAVE жеке ойын-сауық жүйесі орнатылды. Біз борттағы ойын-сауық жүйесіндегі контентті кеңейттік, соның ішінде ұзақ магистральді рейстерде көрсетілетін танымал кеңестік фильмдер қосылды.

Сонымен бірге біз қолымыздан келгенінше бүтін флотты бірегей өніммен қамтамасыз етуді жалғастырудамыз. Мәселен, «Боинг-767» пен «Боинг-757» типіндегі әуе кемелерінде орнатылған декоративті көмескі жарық, сондай-ақ жолаушыларға ұсынылатын жаңа флис жамылғылары ұзақ магистральді рейстермен ұшуды жайлы етеді.

2014 жылы компания мәзірін қайта қарап, оны жетілдіруін жалғастырды. Қазіргі уақытта бизнес- және эконом-кластардағы жаңа мәзір жеті маршрутта енгізілген, ал қалғандарында жаңа мәзірдің енгізілуі 2015 жылдың жазына жоспарлануда. Біз бұрынғысынша сапа мен алуан түрлілікке үміт артып, еуропалық үрдістерден шабыт ала отырып, бизнес-класта жеңіл суық тағамдардың берілуін жоспарлап жатырмыз. Халықаралық маршруттарда қазақстандық жарнамалық шараптардың қызыл және ақ сұрыптарын қоса алғанда, жаңа шараптар таныстырылды.

## Skytrax сыйлығының 4 жұлдызы

2014 жылы біз Skytrax World Airline Awards 4 жұлдыз рейтингін сақтап қалдық. Бұл рейтинг бизнес- және эконом-класс жолаушыларының жалпы бағасы негізінде берілген болатын. «Эйр Астана» клиенттерге қызмет көрсету және олардың көңілінің толғандығы мәселесіне үнемі көңіл бөлетінін көрсетіп, бізді әлемнің үздік әуекомпанияларымен бір қатарға қоятын осындай марапатқа ие болған Шығыс Еуропа мен ТМД-дағы алғашқы тасымалдаушы болды.

Біз теңге девальвациясына байланысты шығыстардың азайтылуына қарамастан бұл рейтингте позициямызды сақтап қалғанымызға ерекше

қуандық. Компанияның Skytrax рейтингіндегі позициясы біздің клиенттерге қызмет көрсетудің ең жоғары стандарттарына берілгендігіміздің куәсі болып табылады. «Эйр Астана» сондай-ақ «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» және «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет көрсету» марапаттарына лайық деп танылды.

## Бортсеріктер қызметін бағалау, оларды оқыту және дамыту

Бортсеріктер қызметін жолаушылар арасында сауалнама жүргізу негізінде бағалау 2014 жылы жаңа рекордқа жетті. Жыл ішінде қанағаттанушылықтың орташа деңгейі үш пайызға жоғарылап, 95% құрады, сонымен бірге біз бір айда жолаушылар қанағаттанушылығының бұрын-соңды болмаған 100% деңгейіне қол жеткіздік. Жолаушыларымыздың оңды пікірлерінің саны өсіп, шағымдар саны азаюда.

Дегенмен, біз үнемі жұмысымыздың тиімділігінің қазіргіден де жоғары деңгейіне ұмтыламыз. 2014 жылдың соңында бортсеріктер форумы өткізіліп, 2015 жылға оңды пікірлер мен шағымдар үшін анағұрлым қатал стандарттар бекітілді. Біз клиенттерімізге жоғары деңгейдегі қызметті ұсынуда өзіміздің адамдарымыздың шешуші маңызға ие екенін сезінеміз.

Есеп беру жылында негізінен ұзақ қашықтықтағы рейстерде экипажға арналған борттық нұсқамалық енгізілді. Бұл бастама шеңберінде экипаждың қосымша аға мүшесі командаға қосылып, жұмысқа қатыспай, экипаж жұмысын бақылап, жұмыс орнында ақыл-кеңесін ұсынады. Бұл бастама стандарттарды тез арада жоғарылатуда өте табысты болды.

2014 жылы біз бортсеріктер мен клиенттермен жұмыс жасайтын басқа да қызметкерлер үшін оқыту бағдарламаларының сериясын, соның ішінде бортсеріктердің 253 жаңа мүшесі оқытылған қызметкерлерді бастапқы оқытудың жүйелі сессияларына қосымша ретінде сыртқы түр-әлпет пен униформа жөніндегі практикалық сабақ өткіздік. Біз сондай-ақ қызмет көрсетуді үйрету тәжірибемізбен бөлісіп, бізге марапаттар әкелетін борттық қызмет көрсету стандарттарын бортсеріктеріміздің қалай ұстанатындығын паш ету мақсатында «Қазақстан темір жолы» компаниясы үшін презентация өткіздік.

Жыл ішінде біз, сонымен бірге, сыртқы түр-әлпет пен униформаның стандарттарын әзірлеп, қайта қарадық, ыңғайлылық, жайлылық пен практикалықтың негізгі өлшемдеріне ерекше назар аудара отырып, униформамыздың осал тұстарын анықтап, оның сыртқы көрінісін жақсарттық. 2014 жылдың сәуірінде пилоттар үшін жаңа форма енгізіліп, 2015 жыл бойы униформа киетін барлық қызметкерлер үшін сыртқы түр-әлпеттің бірыңғай стандарттарын енгізуді жалғастыру жоспарлануда.

«Эйр Астана» бортсеріктерді марапаттау рәсімін өткізуді жалғастыруда. Мыңнан астам мүшесі бар бортсеріктер командасының ішінен 41 адам әртүрлі санаттағы марапатқа ие болып, бір ортақ жеңімпаз анықталды. Сыйлықтар, құлақтандыруы жыл бойы жүрген, жылдың соңында өткізілген гала-кеште табыс етілді. Бұл марапаттар үздік сервис ұсынудағы бортсеріктеріміздің жұмысының маңыздылығын айшықтап, олардың қызметінің тамаша нәтижелеріне берілген әділ баға болып табылады.

## 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Борттық қызмет көрсету департаментінің негізгі жоспарлары мен перспективалары:

- 2015 жылы есептерді электронды түрде жазып, тапсыруға мүмкіндік беретін бортсеріктерге арналған жаңа, қағазды қажет етпейтін Ipad электронды құрылғыларымен өзара әрекеттесу арқылы сапа мен қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесін іске қосу бортсеріктер есептілігінің жоғарылауына септігін тигізетін болады.

- Бортсеріктерге арналған жаңа Ipad электронды құрылғылары борттық қызмет көрсету департаментіне проблемаларды анағұрлым тиімді шешу үшін қажетті статистиканы ұсынады, сонымен қатар бортсеріктер бизнес-класс жолаушыларын атымен атап, олардың Nomad club ынталандыру бағдарламасының қатысушысы ретіндегі мәртебесін көре алатын болады.

- Біз әрекет етіп жатқан маршруттарда бизнес-класс салондарында iPad планшеттерін жаңартуды жоспарлап жатырмыз, соның нәтижесінде бортта ұсынылатын ойын-сауық сұрыпталымы едәуір кеңейтілетін болады, сонымен қатар біз интернетке шығу жөніндегі технологияларды зерделеуді жалғастыра түсеміз.

▪ Біздің борттық нұсқаушылар сыртқы оқуын аяқтап, борттық қызмет көрсетудің қазіргіден де жоғары деңгейін ұсынуы мүмкін болуы үшін өз дағдылары мен білімін пайдалану үшін қажетті біліктілікке ие болады.

▪ Біз алдыңғы қатарлы әлемдік және еуропалық трендтерге сәйкес борттық мәзірімізді қайта қарауымызды жалғастыра түсеміз.

▪ Алыс және орта қашықтық маршруттарында бизнес-класта жаңа жол жүру жиынтықтарын енгізу жоспарлануда.

▪ 2013 жылдың соңында әртүрлі жастағы жас жолаушыларға арналған балаларға сыйға берілетін жаңа жиынтықтардың табысты түрде енгізілуінен кейін біз 2015 жылдың соңында балаларға арналған жиынтықтардың жаңа дизайнын іске қосуды жоспарлап жатырмыз.



# ЖЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ




## ПАОЛО РИЧИОТТИ

### ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Жерде қызмет көрсету тобының мақсаты біз ұшулар орындайтын әуежайларда жолаушыларымыздың саяхатын барынша ыңғайлы әрі жайлы ету. Бүгінгі таңда осындай әуежайлардың саны бірнеше ондаған болды. Біз 2014 жылы жолаушылар тасымалының жылдам өсіміне сай қызмет көрсету үшін қажетті ресурстардың барлығын іске қосып, жолаушыларға одан да тиімді қызмет көрсету мақсатында қызметкерлердің жұмыс жағдайларын жақсарту арқылы айтарлықтай ілгері жылжыдық.

Уақытылы және экономикалық тұрғыдан тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында мұздануға қарсы сұйықтықпен өңдеуші жаңа станцияны іске қосу, Астана қ. халықаралық әуежайында алғашқы меншікті бизнес-класс күту залымызды ашу және жолаушыларымызға жерде қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында жерде қызмет көрсету бөлімін бақылау жүйесін жасақтау жылдың негізгі оқиғаларына айналды.

## Әлеуетті дамыту

2014 жыл едәуір қарқынды болды, жолаушыларға қызмет көрсету және қызмет көрсетудің сапасы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Қазақстанның негізгі әуежайларының, соның ішінде Алматы әуежайының және белгілі бір дәрежеде Астана әуежайының өткізгіштік қабілетінің шектеулілігі мәселесі бұрынғысынша өзекті болып қалып отыр. Бұл мәселенің шешілмеуі компаниямыздың өсімі, оның жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жоғары деңгейде ұстап тұру мүмкіндігі мен басты хабтарымызды Орталық Азиядағы транзиттік пунктілер ретінде дамытуына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Әуекомпания жыл бойы биліктің тиісті органдарымен белсенді түрде бірлесіп жұмыс істеп, Астана қаласының әуежайын кеңейтіп дамыту бойынша үлкен жұмыс атқарды. Алматы қ. әуежайын дамыту мәселесі талқылану кезеңінен өтіп жатыр. Алматы әуежайындағы кейбір жаңартулар 2015 жылдың өзінде-ақ басталайын деп тұр. Мәселен, 2015 жылы компания Алматы әуежайында, сондай-ақ Астана мен Шымкент әуежайларында және әуежайлардан тыс өздігінен тіркелу киоскілерін орнатады.

2014 жылы компания Алматы қ. мұздануға қарсы сұйықтықпен өңдеу станциясын ашты, ол мұздануға қарсы сұйықтықты сақтаудың жаңа жүйесі мен көлікке сұйықтықты анағұрлым қауіпсіз әрі жылдам әдіспен қайта құюдан тұрады. Меншікті станция көлікке қызмет көрсету уақытын жартылай қысқартып, өндірістік үдерісті арттыруға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде қаһарлы қыс күндері жұмысымызды жақсартуға жағдай жасайды.

## Жерде қызмет көрсету

Транзиттік жолаушылар ағынының жоғарғы өсімінің аясында біз транзиттік схема мәселелерін қайта қарадық. Тиімділікті арттырып, түйісу рейстеріне қайта отырғызу процесін жақсарту үшін транзиттік жолаушыларға арнап трансферлік баған мен жүк пен бағыттар жөнінде ақпарат беретін тасымалы стендтер орнатылды.

Компания жерде қызмет көрсету бөлімін бақылаудың қазіргі уақытта сынақтан өтіп жатқан жаңа жүйесін әзірледі. Жаңа жүйе бізге жерде қызмет көрсету бөлімінің әрекеттерін анағұрлым тиімді әрі толыққанды қадағалауға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде рейстердің жүйелілігі, сервис пен мәлімет алмасуға оң әсерін тигізеді. Бұл жүйе арқылы сондай-ақ транзиттік жолаушылар мен трансферттік жүкті әр рейстегі жолаушылар жөніндегі есеп көмегімен қадағалау мүмкін болатын болады.

## Жолаушыларға қызмет көрсету

Сәуірде біз Астана қ. әуежайында «Шаңырақ» атты алғашқы бизнес-класс күту залын аштық. Бұл – Орталық Азиядағы әуекомпания меншігі болып табылатын және онымен басқарылатын алғашқы бизнес-зал. Бизнес-зал барлық керек-жарақтармен жабдықталған және оның сыйымдылығы 45 адам. Зал мәзірі ыстық және салқын тіскебасарлардың, кофе мен басқа да сусындардың кең таңдауын ұсынады. «Шаңырақ» кітапханасында жергілікті газет-журналдардың әрі халықаралық басылымдардың үлкен таңдауы бар. Сонымен қатар бизнес-залда отандық және халықаралық суретшілердің туындылары көрмеге қойылатын галерея бар.

## Қызметкерлерді оқыту

Клиенттерімізге әуежайларда ең жақсы сервис ұсыну мақсатымен қыркүйек айында HEART жобасының шеңберінде жаңа оқу бағдарламасы іске қосылды. Компания еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында жұмыс ауысымының ұзақтығын өзгертуді жоспарлауда. Компания қызметкерлеріне қажетті ресурстардың барлығын ұсыну және еңбек жағдайларын жақсартудың қамын ойластыру арқылы біздің бастамаларымыз клиенттерімізге көрсетілетін қызмет сапасын көтеруге септігін тигізетін болады.

## 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Жолаушыларға жерде қызмет көрсету департаментінің 2015 жылға арналған жоспарлары:

- Алдымыздағы жылдың негізгі жобаларының бірі негізгі Алматы және Астана станцияларында жерде қызмет көрсету бөлімін бақылау жүйесін енгізу болады.
- Біз жаңа бағдарламалық платформаны пайдалану арқылы жерде қызмет көрсету бөлімі жұмысшыларының жұмыс ауысымының ұзақтығын өзгертуді жоспарлап жатырмыз, ол біздің ойымызша қызметкерлер жұмысының тиімділігін арттырып, оны ұстап қалуға жағдай жасап, сонымен бірге анағұрлым қызу кезеңдерде қызметкерлер санын оңтайландыруға жәрдемдеседі.
- Болашақ жобалардың қатарында Астана қ. мұздануға қарсы сұйықтықпен өңдеу станциясын ашу бар.
- Біз Алматы қ. жүк транзитінің әлеуетін дамыту мәселесі бойынша реттеуші органдармен белсенді түрде бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз.
- Біз «Expo-2017» халықаралық көрмесіне орай жаңа терминалдың салынуын қамтамасыз ету үшін Астана әуежайының басшылығымен бірлесіп жұмыс істеуді жоспарлап жатырмыз.

# МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ САТУЛАР




## ИБРАХИМ ЖАНЛЫЕЛ

### МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ САТУ ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

2014 жылы теңгенің құнсызданауынан кейін маркетинг және сату департаменті тұрақты пайдалылықты қамтамасыз ету үшін әрі кірістерді қалыптастыру, әрі шығыстарды азайту мақсатында бірқатар шараны қолға алды. Желілік жоспарлау және кірісті басқару жөніндегі бөліммен бірге маршруттық желіні оңтайландыру бойынша жұмыс өткізілді. Бұдан бөлек, тасымалдау сыйымдылығын қысқарту әуекомпанияға қалыптасып үлгерген чартер нарығына шығуға мүмкіндік беріп, ол әуе паркін пайдалану тиімділігін сақтап қалу бойынша уақытылы шара болды. Сонымен бірге компания электрондық коммерцияны дамытуды жалғастыра түсіп, жаңартылған веб-сайтты іске қосып, брендтің танымалдылығын арттыру жолында үлкен жұмыс атқарды. HEART бағдарламасының жүзеге асуы клиенттеріміздің көңілі толғандығы тұрғысынан әуекомпанияның сатулармен айналысатын қызметкерлері жұмысының шұғыл нәтижелерін көрсетті.

## Сатулар

Халықаралық транзиттік сатулар біздің шетелдік топтарымыздың күш салуы мен тиімді бөлудің арқасында өткен жылмен салыстырғанда 20%-дан асатын жоғары көрсеткішке жетті. 2014 жылдың соңына қарай «Эйр Астана» желісіндегі барлық халықаралық жолаушылардың 13% Қазақстанды Еуразиядағы транзиттік пункт ретінде таңдап, еліміз арқылы саяхат жасаған транзиттік жолаушылар болды. Бұған әуекомпанияның кеңейтілген қамту аймағы шеңберіндегі байланысының жақсаруы, Ыстамбұлдан Мәскеуге және Азияға немесе Үрімжі, Бішкек, Новосібір сияқты тауашалы нарықтардан Таяу Шығыс пен Еуропаға орындалатын ұшу бағыттарын дамытуға қатысу септігін тигізді. Халықаралық рейстерден халықаралық рейстерге транзит жасау арқылы саяхаттаған жолаушылар саны 2014 жылы алғаш рет 200 000-нан асып түсті.

2014 жылы компания сатулары басқа әуетасымалдаушылармен серіктестік қарым-қатынастарды дамыту есебінен ұлғайды. 2014 жыл біздің Turkish Airlines әуекомпаниясымен арадағы кодшер ынтымақтастығымыздың алғашқы жылы болды. Бұдан бөлек, жылдың алғашқы жартысында өткізілген консультациялардан кейін «Эйр Астана» серіктес әуекомпаниялармен ынтымақтастық ауқымын кеңейтіп, реттеу механизмдерін жақсартты. Мәселен, Asiana Airlines әуекомпаниясымен Алматы-Сеул бағыты бойынша код-шер келісімі жасалды. Бұл маршруттағы ұшулар жиілігі «Боинг-767» жаңа ұшағымен орындалатын апталық үш рейске дейін арттырылды.

Әуекомпания желілерін Индиялық субконтиент арқылы үлестіруді жетілдіру үшін 2014 жылдың қазанында Air India әуекомпаниясымен Алматы - Нью-Дели бағыты бойынша тағы бір кодшер келісімі жасалды. 2015 жылы, есеп беру кезеңінен соң біз бір азиялық және бір еуропалық әуетасымалдаушымен ең аз дегенде екі код-шер келісімін жасауды жоспарлап жатырмыз.

Чартер нарығына шығу әуекомпаниямызға тұрақты кіріс алумен қатар шығындарды ұтымды басқаруға жағдай жасап, әуе паркін пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді (жоғарыдан «Стратегиялық және коммерциялық басқару» тарауын көріңіз).

Сонымен бірге 2014 жылы жүк сату бөлімі брондау жүйесінің жеткізушілерін табысты түрде алмастырып (CargoSpot), барлық қатысушы тараптар үшін үдерістер анағұрлым тиімді әрі сенімді күйге өтіп (агенттер, маркетинг және сату департаменті, жерде қызмет көрсету департаменті, қаржы департаменті), есеп беру жылының төртінші тоқсанында Экспресс-пошта атты жаңа өнім ұсынылды. Бұдан бөлек, қосымша кірістер өсіміне дем беру мақсатымен «Revenue-Plus» (Кіріс плюс) тобы құрылды.

## Веб-сайт

Компания өз сайтының сыртқы түрі мен функционалдылығын жаңарту арқылы оның сату арнасы ретіндегі танымалдылығының одан бетер өсуіне жағдай жасады: біздің сайтымызға кірулер саны 2014 жылы 16% өсті. Параққа күнсайынғы кірулер саны 80 000-ға жуықтап, жеке пайдаланушылар саны 14% өсті. Онлайн-тіркелу сервисін пайдалану 27%, яғни 2013 жылғы 963 411 жолаушыдан 2014 жылы 1 223 532 жолаушыға дейін артты. Сервис «Эйр Астана» желісіндегі барлық әуежайлар үшін қолжетімді.

2014 жыл ішінде күрделі маршрутты брондау қызметі, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктеріне баруды жоспарлаған Қазақстан азаматтарына арналған виза өңдеу сервисі енгізілді. Мобильді электрондық коммерция әуекомпания ұсыныстарын 100 000 астам мобильді құрылғылар үшін қолжетімді қылған «Эйр Астана» мобильдік қосымшасы арқылы билетке тапсырыс беру және сатып алу мүмкіндігінің пайда болуымен ұлғайды.

Негізгі бастамалар қатарында есептік жылдың сәуірінде Nomad club жолаушыларды ынталандыру бағдарламасының бонустық балдарын онлайн сатып алуды іске қосу болды, ол кірістердің жаңа көзіне айналып қана қоймай, біздің тұрақты клиенттерімізге өздерінің жинақталған балдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Онлайн-брондау жүйемізге клиенттерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыру мақсатымен өзгерістер енгізілді. Клиенттер ағынын арттыру мақсатымен ақпараттық-іздестіру жүйесі оңтайландырылды. Веб-сайттың интуитивті тұрғыда түсінікті функционалы 2015 жылдың негізгі басымдығы болып табылады, ол airastana.com веб-сайтының пайдаланылуының артуына жағдай жасап, ол арқылы жасалатын сатуларды арттыруға мүмкіндік береді.

## Air Astana Holidays бағдарламасы

Алматы мен Астана меймандарына туристік пакеттер ұсынатын Air Astana Holidays бағдарламасы 2013 жылдың соңында іске қосылып, 2014 жыл бойы табысты дамыды. Бағдарлама мақсаты халықаралық транзиттік жолаушылар және Қазақстанға саяхаттаушыларға қонақүйлер, трансфер мен басқа да қызметтерге қоса, қысқы уақытта шаңғы тебу мен жаздағы жаяу серуендерден тұратын турларды ұсыну арқылы оларды тарту болып табылады.

2014 жылдың шілдесінде аталмыш жобаның дамуы он мемлекет (Ұлыбритания, АҚШ, Нидерланды, Франция, Италия, Германия, БАӘ, Малайзия, Корея мен Жапония) азаматтары үшін визалық талаптардың жойылуымен едәуір серпін алды.

2014 жылы бұл бағдарлама 2000-нан астам қосымша жолаушы сегментін алып келді. Оның үстіне Алматы мен Астанадағы қонақүйлердің кең таңдауы жөніндегі ақпарат пен осы шаһарлардағы турлар мен экскурсиялар жөніндегі ақпаратты қамтыған 2015 жылға арналған брошюра басылып, таратылды.

Бағдарламаны қолдау үшін Германия, Таиланд, Гонконг, Ресей Федерациясы, Әзірбайжан мен Өзбекстанның негізгі туроператорлары мен турагенттері Алматыға Қазақстанмен және туристік өніммен танысу үшін шақырылды. Алматыдағы негізгі қонақ үй жабдықтаушыларымен өзара тиімді ынтымақтастық бағдарламаның тартымдылығын арттырып қана қоймай, шығыстарды үлестіру арқылы шығындардың азаюына мүмкіндік береді.

## Клиенттермен жұмыс жасау

Компанияның миссиясы, мақсаттары мен құндылықтарының жаңартылуы 2014 жылы жолаушыларға қызмет көрсету жұмысындағы ең маңызды мәселеге айналды. Клиенттермен жұмыс жасау бөлімінің клиенттермен белсенді байланысы мен өзара әрекеті компанияға тікелей келіп түсетін шағымдар санын 20% қысқартты. Өтініш келіп түскеннен кейінгі оның өңделу уақыты үш күнге дейін қысқарды. Өз саяхатын «Эйр Астана» корпоративтік сайты арқылы брондаушы барлық жолаушылар енді онлайн-сауалнама толтыруға шақырылып, нәтижесінде негізгі жақсартулардың енгізілуіне мүмкіндік беріп, кері байланыстың сапалық және сандық көрсеткіштерін арттырды.

Nomad Club бағдарламасының балдары жөніндегі ұшудан кейінгі мәліметтерден тұратын жеке электрондық хабарламалар бағдарлама мүшелеріне пошта арқылы кері байланыс онлайн-формасын толтыруға шақыртумен бірге жолданады. Бұл рәсімдер клиенттермен арадағы кері байланыстың онлайн арналар арқылы 10 есе өсуіне дем берді.

Тікелей сату арналары өз рәсімдерінің тиімділігін арттыруға арналған технологияларды пайдаланды, мәселен, 2014 жылы көптеген үдерістер, соның ішінде екі жасқа дейінгі балалар, бесікарбалар, арнайы тағамға қатысты арнайы сұраулар, сонымен қатар жолаушыларды SMS хабарламалар арқылы ұшу кестесіндегі өзгерістер жөнінде хабардар ету үдерістері автоматтандырылды. 2014 жылы 180 000-нан астам автоматтандырылған операция өңделді. Осындай тиімділік брондау және сатулар бөлімінің қызметкерлеріне жауапсыз қалған қоңыраулар санын 50% азайтып, сервистік қызмет көрсетудің 92% деңгейіне қол жеткізіп, тікелей сату көлемін қосымша адам ресурстарын тартпастан 40% арттыруға мүмкіндік берді. 2015 жылға қойылған мақсат сервистік қызмет көрсету деңгейін көтеру, дәлірек айтсақ, күту уақыты 5 секундтан аспайтын қоңыраулар

санын 2014 жылдағы орташа күту уақыты 20 секунд болған қоңыраулардың пайыздық көрсеткішінен асыру.

## Маркетинг және брендті дамыту

Маркетинг пен брендті дамыту бөлімі жыл бойы бренд тұтастығын барлық арналар арқылы алға жылжытты. Әуекомпанияның әуе кемелерінің жаңартылған интерьерінің ұтымды дизайнын көрсету үшін Алматы, Астана мен Шымкент әуежайларындағы сату кеңселері жаңартылды. Сондай-ақ сатуларды арттыру жөніндегі тактикалық шараларды қолдау ретінде маркетинг және брендті дамыту бөлімі соның ішінде Астана – Лондон рейсін ашу кезінде («Лондон реңктері») мықты жарнамалық науқандар өткізді.

Әуекомпания ақпарат ұсынудың басылымдық, сыртқы және онлайн жарнама сияқты дәстүрлі әдістерімен шектеліп қалған жоқ. Фирмалық флешмобтар (Астана күні) мен борттағы промо-белсенділік (Астана велошабандоздар тобы) видеотасушыларға жазылып, компанияның маркетингілік бағдарламасы түрленді. Өткен жылдардағыдай, бөлім маршруттық желі мен брендтің 2015 жылы дамуына баса назар аударып, халықаралық және қазақстандық көрмелер үшін жоғары сапалы стендтер дайындап, компанияның маркетингілік бағдарламасы түрлендірілді.

Дайындығы 2014 жылдың екінші жартысында басталған ребрендинг 2015 жылдың алғашқы тоқсанында іске қосылды. Бұл жоба негізінде негізгі элементтерді сақтай отыра, жаңа элементтер қосылатын корпоративтік брендтің жаңартылуы жатыр, бұл ең алдымен брендке балғын эмоциялар мен динамикалық дизайн беретін жарнамалық макеттер мен түстерге қатысты.

2014 жылы корпоративтік контенттің әуекомпанияның Facebook, Instagram, Твиттер мен Google+-ті қоса алғандағы әлеуметтік медианың кең спектрі үшін жүйелі түрде жаңартылуы арқылы әлеуметтік желілерде жылжытылуы күшейді. Бұл желілерде пайдаланушылармен байланысқа шығудың апта сайынғы саны 100 000 (күніне 14 000 немесе сағатына 600) құрайды. Бұл әуекомпанияның ағымдағы жаңалықтарын (жаңа маршруттар, арнайы акциялар, ерекше ауа райы жағдайлары кезіндегі іс-әрекеттер) баяндауға, сондай-ақ болып жатқан оқиғаларға уақытылы жауап беру үшін клиенттерден кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

## Nomad Club жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы

2014 жылы Nomad Club бағдарламасы өзінің жеті жылдығын тойлады. Мүшелер саны 165 000-нан асып түсті (7 000 элиталық мүшелерді қосқанда). Ірі брендтермен серіктестік қарым-қатынастар даму үстінде, қонақ үй желілерімен, автомобильдерді жалға беретін компаниялармен және мобильді байланыс операторларымен халықаралық келісімдер жасалды. Nomad Club бағдарламасының мүшелеріне жасалатын жіберілім жаңа бағыттарды жылжыту үшін (бонустық балдарды пайдалану арқылы), сондай-ақ балдардың көмегімен билеттердің анағұрлым төмен бағамен ұсынылуы арқылы төмен сұранысқа ие рейстер мен күндер бойынша сатуларға қолдау көрсету үшін тиімді түрде пайдаланылуда.

Бағдарлама сондай-ақ Астанадағы жаңа бизнес-класс күту залы - «Шаңырақ»-ты жылжыту үшін тиімді пайдаланылды. Барлық элиталық қатысушыларға саяхаттау класына қатыссыз артықшылық ретінде осы залды пайдалану мүмкіндігі ұсынылады. Дәл осындай артықшылықтар көптеген кәсіпорындармен арада жасалған корпоративтік шарттарға енгізілді.

## 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Маркетинг және сатулар бөлімінің негізгі жоспарлары мен перспективалары:

- Ребрендинг және Парижге қатынайтын жаңа рейс сияқты жаңа өнімдердің енгізілуі жылдың басты басымдықтарының қатарында.
- «Боинг-757» әуе кемелерінің рейстерінде жаңа өнім – жатын эконом-класстың енгізілуі.
- 2015 жылдың алғашқы жартысында әуекомпанияның жаңа жобасының іске қосылуы: қызмет көрсету класын жоғарылату үшін қосымша ақы төлеуге ниет білдірген жолаушылар арасында аукцион өткізу.
- Азиялық және еуропалық тасымалдаушылармен код-шер келісімдер жасасу.
- Asiana Airlines және «Эйр Астана» бонустық бағдарламаларының мүшелеріне екі әуекомпания рейстерінде де балдарды қолдануға мүмкіндік беретін Asiana Airlines әуекомпаниясымен арадағы ынтымақтастықтың жаңа фазасы .
- Жеке және эксклюзивті ұсыныстарды ерекше назарға ала отырып, Nomad Club бағдарламасының қатысушыларына арналған ұсыныстарды арттыру және жақсарту мақсатымен бағдарламаға серіктестер тартуды жалғастыра түсу.
- Өнімімізді пайдалануда қосымша жайлылық туғызатын, Air Astana Holidays бағдарламасына арналған жерде қызмет көрсету сервисі бойынша өтініштердің автоматтандырылуы.
- Маршруттық желі, нарықтық үлесіміз бен транзиттік тасымалдарды аймақтық қамту стратегиямыз шеңберінде дамыту.

# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЗНЕС




## ЧАМИНДРА ЛЕНАВА

### АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

2014 жылы ақпараттық технология мен электрондық бизнес саласындағы бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге, соның ішінде клиенттерге қызмет көрсетуді жақсартуға, шығындарды азайту мен эксплуатация тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық жаңалықтарды пайдалануын жалғастырды. Күрделі экономикалық ахуал аясында ақпараттық технологиялар және электрондық бизнес департаменті бірнеше маңызды жаңа IT-жобаларын орындау үшін ішкі ресурстарын сыртқы мақсатта да, ішкі мақсатта да пайдаланды. 2014 жыл ішіндегі елеулі жоба әуекомпанияның негізгі қызметіне арналған басты қосымшаларды, соның ішінде ұшқыштарға арналған электронды борттық қоржын мен әуе кемелеріне көрсетілетін техникалық қызметтің жақсартылуын қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық жабдықтауды жасақтау болды.

## Электрондық бизнес

Маркетинг және сату жөніндегі департаментпен (жоғарыдан көріңіз) тығыз ынтымақтастықта жасақталған «Эйр Астана» корпоративтік веб-сайты бүгінгі таңда тікелей сатулардан келетін кірістер тұрғысынан Қазақстандағы электрондық коммерцияның ең ірі операторы және клиенттерімізбен арадағы негізгі байланыс арнасы болып табылады.

Онлайн тіркеу мен рейстер жөніндегі ақпаратты қоса алғанда, сайт функционалдылығы компанияның жалпы өнімділігінің маңызды факторы болып табылады. Біз 2014 жылы навигацияны жеңілдетіп, бұрынғыдан да жақсы интуитивті пайдаланушы интерфейсін қолданып, корпоративтік веб-сайттың сыртқы түріне едәуір жаңарту жүргіздік.

Біздің сайттың интернет-маркетингі 2014 жылы электронды коммерцияның дәл қадағалау қызметінің енгізілуі мен «Эйр Астана» рейстерін қараған, бірақ әлі билет сатып алмаған тұтынушыларға бағытталған виртуалды жарнаманың дамуымен алға үлкен қадам жасады.

Осы әрекеттердің барлығының арқасында компания девальвацияға қарамастан, өткен жылмен салыстырғанда онлайн сатулардан түсетін кірістерді 20% арттырып, 2014 жылы Интернет арқылы жасалатын сатулардың көлемін ұлғайта алды.

2014 жылдың қыркүйегінде «Эйр Астана» «Қазақстанның E-commerce нарығының драйвері» сыйлығын алып, осылайша әуетасымалдаушының Қазақстандағы отандық электрондық коммерцияның дамуына қосқан едәуір үлесі ескерілді.

## КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕЛЕР

Есеп беру жылында жұмыс өнімділігін арттыру үшін бизнес-жүйелерді жетілдіруге бағытталған бірнеше жаңалық бастамаланды. Жүктерді басқарудың жаңа жүйесі Cargospot-тың енгізілуі уақытында және 2014 жылғы бюджет шеңберінде аяқталды. Аталмыш жүйе жүк операцияларына қатысты сатуларды, жерде қызмет көрсету мен кірістерді есепке алуды өңдейді. Біз сондай-ақ ұшулар өндірісінің құжаттама жүйесін жақсартылған функционалдылық ұсынған Techpubs компаниясының анағұрлым үнемді шешімімен алмастырдық.

Кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жүйесі (ERP) де бұрынғыдан да жақсы өнімділік көрсетуі үшін жетілдірілді. IT бөлімінің командасы сондай-ақ 2014 жылы келесі жүйелерді жаңартты: Hyperion бюджеттеу мен

жоспарлау, инженерлік жабдықты басқару, Trax (инженерлік қызмет көрсету) мен AIMS (өндірісті басқару). Бұдан бөлек, әуекомпанияның қауіпсіздікті басқару жүйесі анағұрлым функционалды әрі үнемді болып келетін жаңа технологиямен алмастырылды.

Біз әуекомпанияның ұшқыштарға арналған электронды борттық қоржыны (EFB) технологиясы үшін енгізілген жүйелерді дамытуды жалғастыра түстік. EFB жүйесі ұшақтың ұшқыштар кабинасында қағаз құжаттаманы алмастырып, экипаж бен жердегі қызметкерлер арасындағы байланыс пен ақпарат алмасу әдісін өзгертетін өрлеу болды. EFB жүйесі «Эрбас» әуе кемелерінің флотында енгізіліп, 2015 жылы әуе кемелерінің басқа типтерінде жүзеге асуы тиіс.

Біз сондай-ақ Airbus компаниясының AIRMAN бағдарламалық жабдықтауын енгіздік, ол бізге шынайы уақыт режимінде «Эрбас» флотының жай-күйін қадағалауға мүмкіндік береді. TC MAX жүйесі Астана қ. ангарларында әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған техникалық құралдардың берілуіне қаталырақ бақылау орнатуды қамтамасыз ету мақсатымен жүзеге асырылған болатын. Бұл жаңа шешім сондай-ақ техникалық құжаттаманы басқару үшін де іске асырылды.

Станцияларды басқарудың әуе кемелерінің жердегі операциялық қызметін басқарып, бақылайтын жаңартылған жүйесі 2014 жылғы негізгі меншікті жасақтамаларымыздың бірі болып табылады. Инженерлік қызмет көрсету мен сапа бақылауына арналған компания сертификатталуын қуаттау әзірленіп, нәтижесінде өндірістік қызметкерлердің салалық сертификатталуын басқару айтарлықтай жетілдірілді.

Компанияның ішкі ресурстары есебінен 2014 жылы сырт өндірушілердің алдыңғы өнімдерін алмастырған жазатайым оқиғаларды басқару жүйесі, төтенше жағдайларға жауап беру сайты мен экипаж қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі жасақталып, жүзеге асырылды. Жетілдірулер сатуларды басқару, арнайы сұрау салуларды өңдеу мен техникалық жабдықтауды басқару жүйелерін де айналып өткен жоқ.

Компания қызметіне қолдау көрсету үшін сондай-ақ сенімді инфрақұрылымдық IT нысандар қажет. Мәліметтерді жіберу арналарына қатысты қосымша шығындарды керек қылмаған елеулі жетілдірулер өткізілді. Пайдаланушылардың сұрау салуларын өңдеу, пайдаланушыларды қашықтан қолдау, өзгерістерді басқару мен активтерді басқару үшін пайдаланылатын бағдарламалық платформа жетілдіріліп, сонымен қатар 2014 жылы жөнелтілімдерді басқару жүйесінде бірнеше жаңа енгізілім іске асырылды.

## 2015 жылға арналған жоспарлар

Ақпараттық технологиялар мен электрондық бизнес департаментінің негізгі жоспарлары мен перспективалары:

- Әуе кемелерінің түгел паркі бойынша ұшқыштарға арналған электронды борттық қоржынның енгізілуін жалғастыру.
- ERP жүйелерін жалпы әуекомпания бойынша дамыту.
- Алматы мен Астана ққ. 2014 жылғы жасақталу мен тестілеуден кейін станцияларды басқару жүйесін енгізу.
- Веб-сайттың дизайны мен функционалдылығын жалғасып жатқан бренд жаңаруына сәйкес әріқарай дамыту.
- Techpubs ұшуларды басқару жүйесін әрі қарай дамыту .




## HOSPITABLE
## EFFICIENT
## ACTIVE
### БЕЛСЕНДІЛІК
## RELIABLE
## TRUSTWORTHY

Біз күтімдерді болжай отырып әріптестеріміз бен клиенттеріміздің талаптарына уақытылы жауап береміз. Біз өз қабілетімізді барынша пайдалана отырып жұмыс жасаймыз және әрқашан жақсаруға ұмтыламыз.



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



## АЙЖАН ОМАР

**БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

«Эйр Астана» АҚ басқа әуе компаниялары сияқты компанияның қызметіне, қаржылық көрсеткіштеріне және беделіне ықпал етуі мүмкін өндірістік, заң, қаржылық және бизнес тәуекелдерге ұшырайды. «Эйр Астана» тәуекелдерді басқарудың компанияның құны мен беделіне және тәуекелдерді азайтуға қатысты шаралар қабылдауға теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді уақытында сәйкестендіруге бағытталған компания корпоративтік басқаруының негізгі компоненті ретіндегі маңыздылығын сезінеді.



### Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

«Эйр Астана» үздік әлемдік іс-тәжірибелерге сәйкес ұдайы оңтайландырылуы тиіс тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізді. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі – біртұтас үрдіске біріктірілген өзара байланысқан элементтер жиынтығы, олардың шеңберінде Директорлар кеңесі, басшылық пен жұмыскерлер, әркім өз деңгейінде компания қызметіне ықпал етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды анықтауға,



сондай-ақ осы оқиғаларды акционерлер үшін лайықты деңгей шеңберінде басқаруға қатысады. Осындай тәсіл компания мүмкін болатын жерлерде тәуекелдерді ерте кезеңінде сәйкестендіріп, азайтатынына көз жеткізуге көмектеседі.

## Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы

«Эйр Астана» АҚ-да тәуекелдерді басқарудың үш деңгейлі жүйесі құрылған. Алғашқы деңгей – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің стратегиясы мен қағидаттарының қойылымын жүзеге асыратын, сондай-ақ тәуекел-тәбет, тәуекелдерге деген төзімділік деңгейлері мен компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуіне әсер етуі мүмкін факторларды қарастыратын Директорлар кеңесі. Тәуекел тәбеті негізгі тәуекелдер деңгейінің жоғарғы шегін анықтайды. Ол сондай-ақ ресурстардың үлестірілуіне, үдерістердің ұйымдастырылуы мен тәуекелдерге тиімді мониторинг жүргізу мен тиімді түрде жауап беруге қатысты инфрақұрылымды ұйым ішінде қалыптастыруға әсер етеді. Тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейі шеңберіндегі қызмет басшылыққа компанияның тәуекел тәбеті шеңберінен шықпайтынына деген сенімділікті қамтамасыз етеді. Бұл, өз кезегінде, компанияға алға қойылған мақсаттарға жетуінде сенімділіктің анағұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Екінші деңгей – Тәуекелдер жөніндегі комитет; ол тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін жүзеге асыруға және корпоративтік саясаттарға сәйкестіктің қамтамасыз етілуіне жауапты. Комитет өз міндеттерін орындау барысында компания тәуекелдері үздіксіз және дұрыс сәйкестендірілгенін және барлық қажетті параметрлер бойынша бағаланғанын қадағалайды. Комитетті президент басқарады және оның құрамына бүкіл компания басшылығы кіреді.

Үшінші деңгей – арнайы бөлімше; ол Директорлар Кеңесі белгілеген саясаттарға, іс-тәжірибелер мен рәсімдерге сәйкес тәуекелдерді басқару процесін үйлестіруге және тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және оларға мониторинг жүргізуге жауапты.

Жоғарыда аталған құрылымдармен қатар әуекомпанияның барлық қызметкерлері тәуекелдермен күнделікті негізде жұмыс істейді және өздерінің тәуекелдерді басқару жүйесінде атқаратын рөлінің маңыздылығын түсінеді. Әр департаменттің «тәуекелдер иелері» сияқты, әр қызметкердің міндеті – тәуекелдерді басқару және өз бөлімшесі мен тұтастай компанияның қызметіне олардың беруі мүмкін әлеуетті ықпалын түсіну.

«Эйр Астана» компаниясы тәуекелдерді басқару үдерісінің бөлігі ретінде әсер ету және ықтималдылық шкалаларын пайдаланып, қызметке қатысты барлық әлеуетті тәуекелдерді қамтитын тәуекел-тіркелімді жасады. Тіркелім әр тәуекелдің салыстырмалы салмағын бағалауға және бірінші кезекте әрекет етуді қажет ететін тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік береді. Тіркелім тұтастай тәуекелдерді басқару жүйесіне сай келтірілген және үнемі жаңартылып тұрады. Бөлімшелер басшылығы тіркелімдегі тәуекелдерді талқылайды және олар үшін жауапты болады, тәуекелдерді азайту бойынша ықтималдылықты, әлеуетті ықпал мен оларды азайту шараларын қарастырады. Тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімше Аудит комитеті мен Директорлар Кеңесі үшін жылына екі рет шешуші тәуекелдер бойынша есеп дайындайды.

Тәуекелдерді азайту тәуекелдерді басқару үдерісінің ажырамас элементтерінің бірі болғандықтан, «Эйр Астана» АҚ тәуекелді азайту және бақылау, ұстап қалу, қаржыландыру және тәуекелден кету сияқты әрекет ету әдістерін қолданады

## Компания тәуекелдері

Төменде «Эйр Астана» АҚ қызметі үшін негізгі тәуекелдер ретінде басшылық бөліп көрсеткен тәуекелдер тізімі берілген. Бұл – түбегейлі тізім емес және болашақта күтпеген жағдайлар және/немесе факторлар компания қызметіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Дегенмен тәуекелдердің көбі компания бақылауынан тыс қалады; мысалы, мемлекеттік реттеу, лаңкестік, ауа райының қолайсыз жағдайлары және табиғи құбылыстар (жер сілкіну, жанартаудың атқылауы, су басу және т. б.), індеттер және қаржылық нарықтардан келетін қаржыландырудың бар болуына қатысты тәуекелдер.

| Атауы | Сипаттамасы | Тәуекелдерді азайту шаралары |
|---|---|---|
| **Әуе кемесін жоғалту және авиациялық оқиға тәуекелі** | «Эйр Астана» компаниясы әуе кемесінің зақымдану немесе авиациялық оқиғалар жағдайында пайда болуы ықтимал едәуір зиян келтіретін шығындардан қорғалмаған. Мүлік зақымдануына, қызметкерлер мен жолаушылардың өліміне/жарақаттануына, үшінші тарапты тұлғалар алдында жауапкершілікке, компания беделіне әсер ететін клиенттер тарапынан сенімнің және бұқаралық ақпарат құралдарының ауқымды назарының жоғалуына, сот айыппұлдары мен сақтандыру сыйлықақысын және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмсалған шығындар сияқты материалдық қаржылық шығындарға байланысты мұндай оқиғалар салдары қаржылық және операциялық нәтижелерге жағымсыз әсер етеді. | «Эйр Астана» компаниясы қауіпсіздік бойынша тұрақты форумдар мен тренингтер жүргізуді, сондай-ақ жолаушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған саясаттар, рәсімдер мен үдерістер аудитін қамтитын кешенді қауіпсіздік, қорғаныс және сапа кепілдігін қамтамасыз ету жүйесін қолдайды. Басшылық компания еуропалық және халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді әрі орындарда тиісті ресурстар мен рәсімдерге ие деп есептейді, ол сондай-ақ IOSA аудитімен расталған.<br>Сондай-ақ «Эйр Астана» қажетті сақтандыру өтелімін қамтамасыз етеді; оған әуе кемелерін сақтандыру, жолаушылар алдында жауапкершілікті сақтандыру, жұмыскерлердің міндетті сақтандыруы және үздік тәжірибе мен салалы стандарттарға сәйкес авиациялық тәуекелдерге байланысты сақтандырудың басқа түрлері кіреді.<br>Оқиға орын алатын жағдайлар үшін компанияның іс-қимылдарын уақытылы басқаруға және кез келген сыртқы билік органдарымен үйлестіруге арналған шұғыл әрекет ету орталығы құрылды. |
| **Жанармай бағасының қымбаттау тәуекелі** | «Эйр Астана» компаниясы жанармай бағасының жоғары құбылмалылығынан және осымен байланысты шығындардан қорғалмаған. Жанармайдың жоғары бағасы жалпы шығындардың артуына әкеледі, ал бұл нәтижесінде компания пайдасына кері әсерін тигізу ықтималдылығын арттырады. Бұл билет құнының қымбаттауына әкелуі мүмкін, нәтижеде клиенттерді жоғалту жағдайын тудыруы ғажап емес.<br>«Эйр Астана» компаниясы жылына шамамен 2,45 миллион баррель жанармай тұтынады.Жанармай шығыстары шығыстардың негізгі бөлігі болып табылады және операциялық шығындардың 30% астам бөлігін құрайды. Осылайша жанармай бағасының құбылмалылығы компанияның нәтижелеріне едәуір ықпал етуі мүмкін. | Ішкі нарықтан сатып алынатын жанармай жағдайында әуекомпания бағаларды қазақстандық жеткізушілермен бәсекелестік негізде тұрақты келісім-шарттарды жасау арқылы алдын-ала келісіп алады.<br>Қазақстан аумағынан тыс жерден сатып алынатын жанармай үшін баға тәуекелі Хеджирлеу саясатын басшылыққа ала отырып, мұнай және мұнай өнімдері нарығындағы туынды қаржы құралдарының көмегімен жартылай хеджирленеді. «Эйр Астана» жанармайды хеджирлеу үшін және сақтандыру мақсатында ғана стандартты нарықтық құралдарды пайдаланады. Жанармай бағаларын хеджирлеудің басты мақсаты – баға құбылмалылығына байланысты туындаған шығындарды азайту және жанармай бағаларының өсіміне қарсы қорғанысты қамтамасыз ету.<br>«Эйр Астана» компаниясы сондай-ақ шығын азайтудың қосымша құралы ретінде шектеулерге тап болмайтын ішкі және халықаралық бағыттарда жанармай алымын қолданады. Қосымша алым жанармай бағасына және нарықтық жағдайларға байланысты реттеледі.<br>Жалпы жанармай тұтынысын азайту үшін компания ұшақтардағы винглеттер сияқты жаңа технологияларды енгізіп, ұшқыштар үшін жанармайды тиімді жұмсау бойынша тренингтер өткізеді. |





| Атауы | Сипаттамасы | Тәуекелдерді азайту шаралары |
|---|---|---|
| **Валюталық тәуекел** | «Эйр Астана» есептерді қазақстандық теңгемен береді, яғни бұл пайда мен активтер өлшемі валютаның құбылмалылығына байланысты екенін білдіреді. 2014 жылдың 11 ақпанындағы теңге девальвациясы теңге бағамына долларға қатысты 17% төмендету арқылы түзетулер енгізуге алып келді, соның салдарынан кірістерінің 73% теңгемен алып, шығыстарының 49% шетелдік валютамен берілетін «Эйр Астана» үшін едәуір қиындықтар туындады. Сондай-ақ компанияның шетелдік валютамен берілген борыштық міндеттемелері бар. Сонымен бірге компанияның операциялық қызметпен байланысты бірқатар айқас валюталық тәуекелдері бар; оларға шетелдік валютадағы кірістер, әуе жанармай шығындары, қосалқы бөлшектер, техникалық қызмет көрсету мен авиациялық сақтандыруға кететін шығыстар жатады. | «Эйр Астана» валюталық тәуекелді азайту үшін еркін ақшалай қаражаттарды шетелдік валютада депозитке салу, шетелдік валютамен келетін кірістердің үлесін арттыру, жалпы сатып алуларда импорттың үлесін азайту және т.б. бірқатар шараны қолға алады. |
| **Контрагентпен байланысты тәуекел/ несиелік тәуекел** | Өзінің операциялық қызметінде компания әуебилеттерді сату агенттігі, тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер, сондай-ақ бірнеше елде орналасқан банктер мен қаржылық институттар сияқты контрагенттермен өзара әрекеттеседі. Осы тараптардың кез келгенінде қаржылық міндеттемелерді орындау барысында қиыншылықтар туындаған немесе қызметі тоқтатылған жағдайда, бұл компанияның қаржылық және операциялық көрсеткіштеріне кері әсер етуі мүмкін. | Тәуекелдің әсерін төмендету үшін «Эйр Астана» компаниясы алдын алу шараларын қолданды; олар несиелік тәуекелдерді басқару әдістерінің негізінде әзірленді, соның ішінде:<br>▪ еркін ақшалай қаражаты орналасқан коммерциялық банктердегі депозиттер шегін есептеу және орнату;<br>▪ билеттер сататын агенттермен банктік кепілдіктерді орнату;<br>▪ агенттер мен делдалдарға тәуелділікті төмендету мақсатында интернет арқылы сату мен тікелей сату көлемін ұлғайту;<br>▪ жеткізу арналарын әртараптандыру;<br>жеткізушілерді бақылауды жетілдіру және олардың несие төлеу қабілеттілігін бағалау.<br>Тәуекелдерді басқару әдістерінің тиімділігіне сенімді болу үшін компания контрагенттердің қаржылық жағдайын үнемі бақылап отырады. |
| **Білікті ұшқыштар санының жеткілікті болмау тәуекелі** | «Эйр Астана»-ның операциялық қызметі мен ұшуды жоспарлауы көптеген факторларға байланысты; олардың бірі – білікті ұшқыштардың жеткілікті саны. Ұшқыштарды жоғалту/олардың жетіспеушілігі кестедегі бос орындарды толықтыру үшін басқа анағұрлым қымбат шетелдік ұшқыштарды жалдауға немесе ұшқыштардың жоқтығына байланысты рейстерді кейінге қалдыру және болдырмауға әкелуі мүмкін. Білікті кадрларды іріктеу байқауы аса жоғары және ұшқыштарды талапқа сәйкес келетін ұшқышпен ауыстырусыз жоғалту немесе жаңа ұшқыштарды тарту мүмкіндігінің жоқтығы компания кірістерінің төмендеуіне және бюджет тапшылығына әкеледі. | Тәуекелді төмендету мақсатында компания жергілікті ұшқыштарға арналған ынталандыру бағдарламасын (еңбекақы төлемі схемасын өзгерту; мемлекеттің/компанияның зейнетақы жобасы және т. б.) жақсартты, 2008 жылы өз ұшқыштарын дайындауға арналған Ab-initio бағдарламасын енгізіп, ішкі және халықаралық еңбек нарығында ұшқыштарды жалдауда.<br>Біліктілігі жоғары қызметкерлер – қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жоғары деңгейде қызмет көрсету сапасындағы бәсекелестік күресте шешуші сәттілік факторы. «Эйр Астана» компаниясы кадрлық ресурстар саласында сапалық және сандық мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында кадрлық маркетинг пен қызметкерлерді дамытуда әр түрлі әдістерді пайдаланады. |

| Атауы | Сипаттамасы | Тәуекелдерді азайту шаралары |
|---|---|---|
| **Жоғары сапалы борттық қызмет көрсетпеу және Skytrax рейтингінің төмендеу тәуекелі** | Қызметтер мен өнім реті, сондай-ақ сапаны қолдау клиенттердің қанағаттануын қамтамасыз етудегі әрі олардың үміттерін ақтаудағы басты аспект болып табылады.<br>Ұшу барысында жоғары сапалы қызмет көрсетпеу компания беделіне кері әсер етіп, клиенттерді жоғалтуға, сондай-ақ Skytrax рейтингінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бір немесе бірнеше оқиға салдарынан сапа деңгейінің төмендеуі компанияның нарықтағы позициясына, ақыры болашақ кірістер мен пайдалылыққа кері әсер етуі мүмкін. | «Эйр Астана»-ның бортсеріктердің біліктілік деңгейін қолдауға көмектесетін ауқымды дайындық бағдарламалары бар. Оқуды қамтамасыз етумен қоса борттық қызмет көрсету департаменті бортсеріктердің жұмысын бақылау үшін қосымша құралдарды қамтамасыз ететіндей қайта құрылымдалды. Сапа мен стандарттар бөлімі клиенттердің қанағаттанушылығына тиісті рәсімдер(мысалы, борттық жаттықтырушылар арқылы жолаушылардан кері байланыс алу) арқылы жүйелі мониторинг өткізеді және бортсеріктер көрсететін қызметтердің жоғары сапасын қолдау үшін стандарттар шығарады. Бортсеріктермен жұмыс істеу жөніндегі бөлім бортсеріктерді ынталандыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп тұрады. Өндірістік бөлім бортсеріктерге өздерінің негізгі міндеттерін ден қойып орындауға, яғни бортта қызмет көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін күнделікті тапсырмаларды өңдей отырып, операциялық тұтастықты сақтап отырады. |
| **Экономикалық жағдайдың нашарлауы және кірісті жоғалту тәуекелі** | «Эйр Астана» кірістері компания қызмет ететін ішкі, аймақтық және халықаралық нарықтардағы экономикалық жағдаймен тығыз байланысты. Көбінесе жаһандық және/немесе қазақстандық экономиканың төмендеуі туристік және іскерлік сапарлар сияқты қызметтер сұранысының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Қаржы және шикізат тауарлары нарықтарындағы тұрақсыздық ұлттық валютаның құнсызданауына себеп болып, жанармай құнын қымбаттатуы мүмкін. Мұндай кезеңдерде жаңа әуе кемелерін сатып алуды қаржыландыру үшін қолайлы жағдайларға қол жеткізу де қиынға түседі. | «Эйр Астана» басшылығы кіріс болжамдарын жүйелі түрде қарастырып, тиісті шараларды, атап айтқанда маршруттық желіні оңтайландыру, желілік нәтижелер бойынша ай сайын мониторинг жүргізу, инновация енгізу, шығыстарды бақылау және шығындарды азайту бойынша тұрақты іс-шараларды қолға алады. Сондай-ақ «Эйр Астана» компаниясы флотты кеңейту және оны өзгертіп жаңарту, бортта көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту және тиімді бизнес-үдерістерді жасақтауға салынатын инвестицияларға баса назар аударады. |

## Сақтандыру

Сақтандыру, тәуекелдерді басқару жүйесіндегі негізгі әрекет ету әдістерінің бірі ретінде, «Эйр Астана» АҚ өз тәуекелдерінің бір бөлігін сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы басқа контрагенттерге жүктеуге мүмкіндік береді. Әуе компания сақтандыру полистерін ұйымдастырғанда сақтандыру компанияларының қызметтер көрсету сапасына және бизнесті жүргізу ашықтығына жоғары талап қояды. Сақтандыру өтелімінің түрлері авиациялық және авиациялық емес тәуекелдерді сақтандыру арасында бөлінген:

### 1) Авиациялық сақтандыру

«Эйр Астана» АҚ өзінің ұшу қызметі үшін сақтандыру өтелімін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық деңгейде танылған брокерлер арқылы алдыңғы қатарлы әлемдік сақтандыру нарықтарында авиациялық тәуекелдерді өтеу арқылы едеуір ресурстарды қолданады. Компания сатып алатын өтелім деңгейі түрлі полистер мыналар:

1. әуе кемесінің, қосалқы бөлшектердің және жабдықтың мүліктік зиянының «барлық тәуекелдерін» авиациялық сақтандыру және әуекомпанияның жолаушылар алдындағы азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыруы;
2. әуе тәуекелдерінің мүліктік зиянын авиациялық сақтандыру (франшизаны сақтандыру);
3. әуе кемесінің, соның ішінде қосалқы бөлшектердің мүліктік зиянының «соғыс тәуекелдерін және онымен байланысты тәуекелдерді» авиациялық сақтандыруы;
4. соғыс, әуе кемесін заңсыз басып алу (айдап әкету) тәуекелдері және онымен байланысты тәуекелдердің салдарынан авиациялық сақтандыру.

### 2) Сақтандырудың өзге түрлері

Авиациялық сақтандырудан басқа, «Эйр Астана» АҚ мүліктің бүлінуінен, қызметтің және жалпы жауапкершілігінің бұзылуынан болатын қаржылық тәуекелді азайту, сонымен бірге жұмысшыларды жазатайым оқиғалардан және медициналық шығыстардан қорғау үшін сақтандырудың басқа да түрлерін жүйелі түрде сатып алады. Компанияда сақтандырудың өтелім деңгейі әртүрлі мынадай түрлері бар:

- Компания қызметкерлерін медициналық сақтандыру
- Компания директорларын және лауазымды тұлғаларының жауапкершіліктерін сақтандыру
- Мүлікті сақтандыру
- Компанияның көлік құралдарын толық сақтандыру
- Жұмысшыларды еңбек міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті түрде сақтандыру
- Зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық сақтандыру
- Кедендік органдар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
- Ұшқыштарды лицензиядан айырылудан сақтандыру

Тәуекелдердің барлығын сақтандыру немесе үшінші тарапты тұлғаларға беру мүмкін емес. Тәуекелдер негізінен ішкі және сыртқы болып бөлінетіндіктен, ішкі және сақтандырылатын тәуекелдерді мониторинг және тиімді бақылау тәуекел иесінің міндеттері болып табылады. Сыртқы тәуекелдер компания бақылауынан тыс жатады әрі компания үшін күрделі мәселе болып табылады. Осылайша басшылық оларды анықтауға ерекше көңіл бөліп, сақтықпен қарайды.



**H**OSPITABLE
**E**FFICIENT
**A**CTIVE
**R**ELIABLE
СЕНІМДІЛІК
**T**RUSTWORTHY

Біздің жұмысымыздың сапасы сенімді және тұрақты. Біз әрқашан берген уәдемізде тұрамыз.



# ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ



### ЕВГЕНИЯ НИ

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

«Эйр Астана» әуекомпаниясы қауіпсіздік пен клиенттерге қызмет көрсетудің ең жоғары стандарттарына бағдарланған халықаралық нарықта жұмыс істеп жатыр. Компания тез өсуде, сондықтан да ол тар еңбек нарығында білікті қызметкерлерді іріктеп, оқытып, ынталандырып, ұстап қалуы қажет. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытуда маңызды рөл атқарып отырған қызметкерлерді басқару департаменті (HR) қызметкерлерге өздерінің әлеуетін жүзеге асырулары үшін мүмкіндіктер ұсынады. Департамент сондай-ақ 4 000 астам адамнан тұратын және компанияның стратегиялық ресурсы болып табылатын қызметкерлер құрамын басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз етеді.

HR командасы үшін 2014 жылғы басты жоба HEART бағдарламасын әзірлеп, іске қосу болды, оның шеңберінде жалпы әуекомпания үшін корпоративтік миссия, құндылықтар мен мақсаттар нақты айқындалды. Бұл жоба компанияның соңғы жылдардағы үлкен өсімі мен дамуының мойындалуы іспеттес болды және ол компаниямызды осыншама тиімді қылған корпоративтік мәдениеттің кейінгі жылдары сақталуын көздейді. HEART бағдарламасы ең басынан-ақ басшылығымыздың үлкен қолдауына ие болып, Қазақстанда да, біздің халықаралық кеңселеріміз бен станцияларымызда да үлкен құлшыныспен қабылданды. Ол әуекомпания табысының орнықты болуы үшін қажетті, әуекомпанияның барлық деңгейлеріндегі басшылар мен қызметкерлерге ортақ болып келетін құндылықтар мен мақсаттардың жалпы жиынын нақты айқындаған маңызды да уақытылы қабылданған бағдарлама. HEART бағдарламасы біздің болашақтағы табысымыздың негізгі қозғаушы күші болады десек еш қателеспейміз.

### Басқарудың жаңа құрылымы

Компания үдерістері мен серіктестерімізді үнемі бақылай отырып, біз бизнес талаптарына тез арада бейімделеміз. Осы әрекеттерінің нәтижесінде компания 2014 жылы кадрлар тұрақтамаушылығының 9,3% құраған төмен деңгейін сақтап қалды. Біз осы саладағы жетістіктерімізді мақтан тұтамыз, өйткені қызметкерлерімізді ұстап қалуға тырысамыз және техникалық салалардағы жұмысшылардың тұрақтамауының төмен болуы қауіпсіздік пен тиімділік үшін зор мағынаға ие деп санаймыз.

2014 жылдың басында, HR функцияларын әрі қарай нығайту мақсатында біз департамент құрылымын жаңа миссияға сәйкес тиімділікті арттыру мен жұмысты ұйымдастыру үшін өзгерттік. Нәтижесінде «HR Бизнес-серіктестері» сияқты жаңа лауазымдар пайда болды. Бұл лауазымдар «Эйр Астана» компаниясындағы басқа департаменттерге сарапшылық қолдау мен кәсіби көмек көрсетумен байланысты қызметкерлерді басқарудың барлық функцияларын біріктіреді.

HR бизнес-серіктестерінің міндеттеріне оларға тиісті деп бекітілген департаменттердегі қызметкерлерді басқарумен байланысты мәселелерді шешу, соның ішінде қызметкерлерді іріктеу, кадрлық резервті жоспарлау, бағалау, сыйақылау мен сөгіс жариялау, жұмыс нәтижесі бойынша төленетін бонустар мен жұмыстан шығарулар жатады. Біз сондай-ақ қызметкерлермен оперативті жұмыс істеу үшін сервис-орталық және еңбек заңнамасы мен өтемақылар төлеу іс-тәжірибесі бойынша кеңес берілуін қамтамасыз ету мақсатында сарапшылар орталығын аштық.

## HEART бағдарламасы

Компания миссиясы, мақсаттары мен құндылықтары 2007 жылдан бері өзгеріссіз қалып отырды. 2014 жыл қызметіміздің соңғы жеті жылында орын алған өсім мен басқа да маңызды өзгерістерді білдірген компания пайымы мен миссиясының қайта қаралып, жаңартылған жылы болды. Жобаны әзірлеген басшылық 2014 жылдың тамызында Қазақстанда жергілікті қызметкерлерге арнап өткізілген және Франкфурт, Мәскеу, Дубаи мен Бангкокта шетелдік кеңселер мен станциялардың қызметкерлеріне арнап өткізілген компания ұжымының қатысуымен болған бірқатар кездесулер барысында HEART бағдарламасын таныстырды.

HEART бағдарламасының негізгі мақсаты – «Эйр Астана» компаниясының жаңа миссиясы, мақсаттары мен құндылықтарын барлық қызметкерлерге, сондай-ақ әуебилеттерін сату мен жолаушыларға қызмет көрсету саласындағы серіктестерімізге таныстыру. Біздің «Еуразия жүрегінен» атты әрекеттегі ұранымызбен сәтті үйлесім тауып, басшылардан бастап кіші агенттерге дейінгі барлық қызметкерлерге қатысты болып келеді. Бұл бағдарлама біздің клиенттер мен сыртқы байланыстармен ғана емес, әріптестерімізбен арада, мейлі ол басшы не бағыныштты қызметкер болсын, өзімізді өзіміз қалай ұстайтынымызды айқындайды.

Әуекомпанияның әр департаментінде дерлік HEART бағдарламасын жылжытумен байланысты бастамалар пайда болды. Біз құндылықтарымыз жөнінде хабардар болушылық деңгейін көтеру мен олардың танылуына бағытталған үлкен әрі инновациялық кеңсеішілік науқан өткіздік: компанияда көптеген семинарлар өткізіліп, постерлер, анықтама карточкалары жасалды. Алдымыздағы жылдары командамыздың әр мүшесіне әр күні осы құндылықтармен сәйкес өмір сүріп, жұмыс істеуіне жәрдемдесетін боламыз, себебі қызметкерлеріміздің сапасы дамудың ең маңызды элементтерінің бірі болып табылады және бізді қазақстандық компаниялар арасында флагман қылады деп санаймыз.

HEART бағдарламасын іске қосу жыл сайынғы басқарушылық конференцияның негізін қалады, оның тақырыбы «Leading from the HEART» болды. Бұл оқиғаға екі жүзден астам желілік менеджер мен топ-жетекшілер қатысты. Біз осы конференция болашақта компания менеджерлерінің дамуы үшін негізгі алаңқайға айналады деп үміттенеміз. Сонымен бірге, HEART құндылықтарын басшылық бағдарламасына, сондай-ақ бағалау жүйесіне қосу жөніндегі жұмыс жалғасуда.

## Еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі

2014 жылы «Эйр Астана» өндірістегі қауіпсіздік пен денсаулық менеджменті жүйесі бойынша өткізілген жыл сайынғы сыртқы аудиттен сәтті өтті (OHSAS 18001:2007). Британдық стандарттар институты (British Standards Institution) өткізетін бұл аудит еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігіне қатысты үдерістер мен рәсімдердің тексерісін өткізеді. Аудиттен өту компания мен HR командасы үшін негізгі міндет болып табылады.

Оған қоса оқиғалар мен жазатайым оқиғалар жөнінде хабар беру жөніндегі бірыңғай жүйе жасақталды, ол орын алған жарақатқа қатысты ғана емес, жарақат немесе жазатайым оқиғаға алып келуі мүмкін жұмыс орнындағы қауіп-қатер жөнінде хабар беру қажеттілігі мен әрекет тәртібін анықтайды.

Компания қызметкерлерін қауіпсіздік пен еңбек қорғау жүйелері мәселелеріне тарту мақсатында компания қызметкерлерінің ішінен аудиторлар жиналды. Таңдап алынған қызметкерлер «OHSAS-қа кіріспе» және «OHSAS жөніндегі ішкі аудитор» бағдарламалары бойынша оқудан өтіп, компанияның Алматы, Астана, Атырау мен Ақтау қалаларындағы бөлімшелерінде еңбек қорғау мен еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ішкі аудиттерін сәтті өткізді.

Біз сонымен қатар еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі бойынша онлайн оқыту мен білімін тексеру жүйесін енгіздік. Бұл жүйе қызметкерлерге олар білгенін жеңіл түрде қайталап, еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау мәселелері бойынша тексерістен өте алатындай, оқыту модульдеріне өздеріне ыңғайлы уақытта қосылуға мүмкіндік береді.

2015 жылы компания басшылығы Алматы, Астана, Атырау мен Актау кк. өтетін BSI (British Standards Institution) компаниясының аудитіне қатысып, осыған дейін алған сертификатын қуаттайтын болады.

## Қызметкерлерді іріктеу

2014 жылы қызметкерлерді іріктеу бөлімі Ab-initio ұшқыштарды бастапқы дайындау бағдарламасына үміткерлер іріктеу үдерісіне белсенді түрде атсалысты. Сондай-ақ жүйені жетілдіру жөнінде ұсынымдар беру үшін ағымдағы іріктеу үдерісі мен оның нәтижелеріне талдау жасалды.

Сонымен бірге рекрутерлер командасы физика мен математика оқып жатқан студенттер арасында ұшқыш мамандығы мен Ab-initio ұшқыштарды бастапқы дайындау бағдарламасын танымал ету бойынша жұмыс атқарды. Бұқарамен байланыс департаментімен бірлесе отырып Ab-initio ұшқыштарды дайындау бағдарламасын танымал етуге қызығушылық білдірген журналистер мен мүдделі тұлғалар үшін «Aviation breakfast» жобасы өткізілді.

2014 жылы компания қызметкерлерінің өміріндегі жетістіктері туралы «Мен қалай ұшқыш болдым» және «Мен қалай бортсерік болдым» сияқты

оқиғаларды әлеуметтік желілер мен «Тенгри» борттық журналында жариялай бастады. Бұл шара Ab-initio бағдарламасына деген қызығушылық пен бортсерік лауазымына келіп түскен өтініштердің санының едәуір артуына алып келді.

Бұдан бөлек Азаматтық авиация академиясымен 4 курс студенттерінің арасынан авиациялық механиктерді дайындау жөніндегі бірлескен жұмыс жалғасуда. 10 студент инженерлік-техникалық қамсыздандыру жөніндегі департаментте батыстық өндірушілер шығарған жабдықта жұмыс істеуге қажетті дағды мен білім алу үшін тағылымдамадан өтуде.

«Эйр Астана» Қазақстанның жас мамандары арасында авиациялық мамандықтардың танымалдылығын арттыруға деген ұмтылысын жалғастыруда. Рекрутерлер командасы Қазақстанның жетекші ЖОО-ның түлектерімен танысу мақсатындағы кездесулер өткізіп, олардың барысында түлектер әуекомпания мен мансаптық мүмкіндіктер жөнінде, сондай-ақ бос орындарға түйіндеме тапсыру мен іріктеу үдерісі жөнінде ақпарат алу мүмкіндігіне ие болды.

2014 жылы 55-тен астам студент «Эйр Астана» компаниясында өндірістік іс-тәжірибеден өтті. Іс-тәжірибе нәтижесінде өзін жақсы көрсеткен 13 түлекке жұмысқа тұру жөнінде ұсыныс жасалды.

Әуекомпания келесі 12 ЖОО-мен студенттердің өндірістік іс-тәжірибеден өтуі жөнінде шарттарға қол қойды:

- «Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты» АҚ;
- «Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті» АҚ;
- «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ;
- «Азаматтық авиация академисы» АҚ;
- «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»;
- «Алматы энергетика және байланыс институты»;
- «Сулеймен Демирель атындағы университет»;
- Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті;
- «Назарбаев Университет» автономды білім беру ұйымы;
- «Халықаралық Бизнес Академиясы» МЕББМ;
- Халықаралық бизнес университеті;
- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті («механика-математика» және «физика-техникалық» факультеттері).

Әуекомпания екі мәрте Астана мен Алматы ққ. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ ұйымдастыруымен өткен «Болашақ: әлеует әрекет етуде» атты бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысты.

## Корпоративтік оқыту мен қызметкерлерді дамыту

Екінші жыл қатарынан корпоративтік оқыту мен дамыту бөлімі өзінің стратегиялық мақсаты – корпоративтік оқыту жөніндегі тұрақты, өздігінен білім алатын жаңа буын жүйесіне айналу бағытында қозғалуда. Егер өткен жылы негізгі назар жұмыс істеп жатқан қызметкерлер арасынан жаттықтырушылар командасын құруға аударылған болса, 2014 жыл тренингтердің мазмұны мен форматы бойынша өрлеу жылы болды.

Тренингтердің тақырыптар қатары ең алдымен желілік менеджерлерге бағытталып, бағынышты қызметкерлерді басқару мәселелеріне арналды. Қойылған сауалдар кері байланысты қамтамасыз етуден бастап, кеңес беру, сұхбат өткізу мен уақытты жоспарлауға дейінгі көп мәселені қамтыды.

## Еңбек ұжымымен арадағы қарым-қатынас

«Эйр Астана» компаниясында жұмыскерлер мен олардың мүддесін білдіретін ұйымдармен (кәсіподақ) арада жақсы қарым-қатынас қалыптасқан. Ұжымдық шарт өзгеріс енгізілместен алдағы үш жылға ұзартылды. Бұдан бөлек, ақпандағы девальвация нәтижесінде қабылданған шаралардың бірі ретінде жыл басында жалақының 5% арттырылуына қосымша ретінде орта буын менеджеріне дейінгі барлық қызметкерлерге жалақыны тағы 10% арттыру орын алды. Жыл ішіндегі қызметкерлер санының қысқаруы маршруттық желінің оңтайландырылуымен байланысты барынша төмен болды, ол жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде де ескерілді.

## Қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер

Қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер жұмыс нәтижелері бойынша төленетін бонус, компания пайдасынан төленетін бонус, стоматологиялық қызметтерді қоса алғандағы жеке медициналық сақтандыру, «Эйр Астана» мен серіктес-әуекомпаниялардың әуебилеттеріне төмендетілген тарифтер, жедел қаржылық көмек, төмен пайызды банк қарыздарына қолжетімділік, тасымалдау қызметі мен қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне арналған түрлі әлеуметтік-мәдени іс-шаралар жатады.

Компания қызметкерлері сондай-ақ жеңілдік абонементтері бойынша спорттық клубтарға бару мүмкіндігіне ие. 2014 жылы фитнес-клуб серіктестермен арадағы келісім-шарттар, сонымен қатар қызметкерлеріміз үшін футбол алаңын жалға алу мерзімі ұзартылды.

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



## БЕЛЛА ТОРМЫШЕВА

**КОРПОРАТИВТІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ**

2001 жылы құрылғалы бері «Эйр Астана» компаниясы қайырымдылыққа көп көңіл бөліп, біз өмір сүріп, жұмыс істеп жатқан қоғамға қолынан келгенінше үлес қосуда. Қайырымдылық біздің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігіміздің ажырағысыз бөлігі болып табылады.

Соңғы 12 жыл ішінде біз қайырымдылық бағдарламаларымызды олардың балалар денсаулығы, ардагерлерді қолдау мен мәдениеттің дамуын қоса алғандағы негізгі салаларда барынша тиімді әрі бірізді болатынындай жасақтадық. Бағдарламалар барлық деңгейдегі және барлық аймақтардағы қызметкерлеріміздің көпшілігін тартуды ескере отырып әзірленген, себебі қоғамымыздағы еріктілер жұмысы жұмысқа мағына қосып, одан қанағат алатын қосымша қайнар көзді қамтамасыз етеді. 2014 жылы «Эйр Астана» кезекті рет қайырымдылық топтарын қолдау мен әлеуметтік-мәдени іс-шараларды жылжытуға белсенді түрде қатысты.

## Ардагерлерімізді қолдау

Компания құрылғалы бері жыл сайын Жеңіс Күнінің қарсаңында біз Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне құрмет көрсетеміз. Әуекомпания оларға Қазақстан бойынша және ТМД елдеріне орындалатын ұшуларға жыл соңына дейін тегін билеттер ұсынады. 2014 жылы 300-ге жуық ардагер осы бағдарламаға қатысты.

## Балаларға қамқорлық жасау

2014 жылы біз шетелде кәсіби емдік шаралар алуы қажет ауыр науқасқа шалдыққан балаларға жәрдемдесетін «Мейірімділік» ерікті қоғамымен көпжылдық серіктестігімізді жалғастырдық. Өткен жылы біз кардиологиялық және онкологиялық ауруларға шалдыққан Қазақстанның түрлі аймағындағы 110 бала және олармен бірге барған ата-анасына Қазақстаннан тыс орналасқан медициналық мекемелерге барулары үшін тегін билеттер ұсындық.

Компания «Аяла» қайырымдылық қорының «Өмірге дем берейік» жобасына қолдау білдірді. Бұл жоба шеңберінде қор жиналған қаражатты жұқпалы аурухананы балаларға арналған жан сақтау бөлімінің жабдығымен қамтуға пайдаланады. Біз Алматы, Астана мен Атырау қалаларында «Эйр Астана» әуе билеттерін сату кеңселерінде жәрдем жинау бокстарын орнатып, науқанның өткізілу уақыты ішінде 1,4 миллионнан астам теңге жинадық.

«Эйр Астана» 2014 жылы қолдау көрсеткен басқа да қайырымдылық жобалар қатарында ауыр науқасқа шалдыққан балаларға жәрдем ретінде ұйымдастырылған қазақстандық және ресейлік эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен қайырымдылық футбол жарысы мен Алматы қаласындағы Балалар үйіне арнайы жабдықты тегін табыстау бар.

## Мәдениет пен спортты қолдау

Өткен жылы «Эйр Астана» компаниясы бірнеше елеулі мәдени іс-шараға қолдау көрсетті. Олардың қатарында: «Тойқазан» атты Қазақстан халықтарының ұлттық тағамдар фестивалі, Жәмиля Серкебаеваның «Бесінші стихия» атты музыкалық шоуы, Үнді классикалық орталығының мерекелік концерті, британдық патшайым Елизаветаның туған күнін тойлау мен көркем туындылар көрмесін өткізу. Бұдан бөлек, біз Астанада Nomad club алтын және күміс карточкаларының иегерлері мен бизнес-класс жолаушылары үшін «Шаңырақ» жаңа күту залымызды қазақстандық суретшілердің көрмелерін өткізу орны ретінде пайдаландық.

Компания «ҚР Теннис федерациясы»-мен бірлесе отырып, әлемдік теннис жұлдыздары Рафаэль Надальдің Джо-Вилфрида Тсонгқа қарсы көрсетпе жарысының, сондай ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогы үшін ат спорты бойынша өткізілген жарыстардың демеушісі болды.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Эйр Астана» әуекомпаниясында біз қоғам мен болашақ ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігіміз бен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі борышымызды сезінеміз. Компания өз қызметінде көміртек пен көмірқышқыл газының шығарылуын азайтуға, сондай-ақ қоршаған ортаға әсер етуші негізгі фактор болып табылатын өндіріс пен тұтыну қалдықтарын қысқартуға деген ұмтылысын жалғастыруда. 2014 жылы біз басқа да бастамалар қатарында компания әуе кемелерін жаңартуды жалғастырдық, жанармай тұтынуды қысқартуға бағытталған «жасыл оқыту» жөніндегі бағдарламалардың негізін қаладық және үлкейтілген қашықтықтағы ұшулар орындауға (EDTO) басқарушы орган рұқсатын алдық, нәтижесінде анағұрлым тіке маршруттармен ұшуға мүмкіндік туып, жанармай тұтыну азаятын болады.

## Көміртек шығарылуын азайту

Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) мәліметтеріне сәйкес бүгінде авиация үлесіне көмірқышқыл газ шығарылуының әлемдік көрсеткішінің 2%-дан аз мөлшері тиесілі. Авиация саласының көміртек шығарылуының негізгі көзі болмағанымен, ол алдағы жылдарға өз алдына біршама биік мақсаттар қойды: 2020 жылға дейін жанармай тұтыну тиімділігін жыл сайын 1,5% арттыру, 2020 жылдан кейін көміртек-бейтарап өсімді қамтамасыз ету және 2050 жылға қарай CO2 эмиссиясын 2005 жылғы деңгеймен салыстырғанда 50% азайту.

Бұған қоса, ICAO Ассамблеясы (Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) 2013 жылдың қазанында халықаралық авиацияның парниктік газдары эмиссиясын азайтуға бағытталған жаһандық нарықтық механизмді ұсынудың шекті мерзімін 2016 жылға дейін, ал пайдаланылуын 2020 жылға қарай деп бекітті.

Бұл мақсаттар биік болып көрінгенімен, жаңа буынды ұшақтар мен қозғалтқыштар және әуе қозғалысы мен әуежайларды басқарумен қатар әуекомпаниялар ұшуларының жетілдірілген түрдегі басқарылуы бұл мақсаттарды әжептәуір қолжетімді етеді. Осының барлығы сондай-ақ ауа ластануы мен әуежайлар маңындағы шулы әсер деңгейінің төмендеуіне септігін тигізетін болады.

«Эйр Астана» компаниясының бағалауына сәйкес, көміртек шығарылуының шамамен 99% авиациялық жанармай жануының нәтижесінде орын алады, ал оның қалған бөлігі атмосфералық ауа ластануының қосымша көздері – автомобиль көлігі, жер беті техникасы мен жабдығынан келеді. IATA мәліметтеріне сәйкес, әуе индустриясының қоршаған ортаға тигізетін әсері барынша төмен, дегенмен де «Эйр Астана» компаниясы өзіне атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар шығарылуын азайту жөнінде міндеттемелер жүктеді.

«Эйр Астана» өзге де әуекомпаниялар сияқты шығарылу деңгейін үш негізгі әдіс арқылы төмендетуге тырысады:

- Жанармайды анағұрлым тиімді тұтынатын ұшақтарды пайдалану;
- Пайдаланылатын әуе кемелер паркін модификациялау;
- Ұшулардың анағұрлым тиімді орындалуын жүзеге асыру.

Төртінші әдіске баламалы жанармай іздеу немесе көмірқышқыл газын барынша аз шығаратын жанармай іздеу жатады. Алайда жанармайдың бұл түрі қазіргі уақытта қолжетімсіз немесе коммерциялық тұрғыдан тиімсіз болып келеді.

«Эйр Астана» компаниясы сондай-ақ Еуропалық Одақтың парниктік газдар шығарылуына сауда квоталарын беру жүйесіне (EU-ETS) қатысады. Әуекомпанияның мониторинг жоспары CO2-ге лицензия саудалау жөніндегі неміс басқармасы тарапынан мақұлданды. Тексеру үдерісі мыналардан құралды:

- Рейстер мен шығарулар жөніндегі мәліметтердің Әуе қозғалысы басқармасының Еуропалық әуе қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі ұйым (EUROCONTROL) жинақтаған мәліметтермен сәйкестігі және толықтығы;
- Есептік мәліметтер мен әуе кемелерінің массасы мен центровкасы жөніндегі мәліметтердің сәйкестігі;
- Тұтынылған жанармай мен сатып алынған жанармай жөнінде жинақталған деректер арасындағы сәйкестік.

Еуроодақ Еуропалық экономикалық аймаққа кірмейтін елдерден/елдерге орындалатын әуетасымалдарды 2012 жылы парниктік газдар шығарылуына бөлінетін квоталар саудалау жүйесіне енгізгенімен, 2013 жылдың сәуірінде ЕО-қа кірмейтін елдерге және елдерден ұшатын рейстерде оның орындалуын тоқтатты. Уақытша заңнамаға сәйкес, 2016 жылы ИКАО жаһандық механизмінің шығуына дейін заңнамаға кейбір өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес Еуропалық экономикалық аймақ бойынша орындалатын әуетасымалдардан келетін парниктік шығарулар ғана Еуропалық Одақтың парниктік газдар шығарылуына бөлінетін сауда квоталарын беру жөніндегі жүйесінің күшіне енеді.

«Эйр Астана» компаниясының қоршаған ортаға келетін жағымсыз әсерді азайту жөніндегі негізгі әдістерінің бірі – жанармайды тиімді тұтынатын заманауи әуе кемелерін сатып алу. 2014 жылы 30 әуе кемесінен тұратын паркіміздің орташа пайдаланылу жасы 5,5 жыл құрады. Олардың ішіндегі 21 әуе кемесін әуекомпания 2011 жылдың сәуірі мен 2014 жылдың маусымы аралығында әлемдік авиациялық өндірушілерден жеткізген болатын.

Паркімізді жаңарту үдерісі «Фоккер-50» турбовинтті қозғалтқышты ұшақтар флотын толықтай «Эмбраер-190» реактивті ұшақтарымен алмастырудан, сондай-ақ өндірушілерден тікелей алынған жаңа «Эрбас-А320/А321» пен «Боинг-767-300ER» әуе кемелерінің енгізілуінен құралды. «Эйр Астана» 2014 жылы әуекомпанияның паркті жаңарту жөніндегі ұзақ мерзімді стратегиясы шеңберінде бір «Эмбраер-190» ұшағы, үш «Эрбас-А320» ұшағы мен бір «Боинг-767» ұшағын сатып алды.

## Әуе кемесі қанатының ұштамалары мен массасы

Жанармай тұтыну тиімділігін әрі қарай арттырып, көміртегі шығарылуын әрі қарай азайту мақсатында компанияның барлық ұшақтары қанаттың аэродинамикалық ұштамаларымен (винглеттермен) жабдықталған. Қанат ұштамалары ұшақтардың аэродинамикалық сипаттамаларын жақсартып, жанармай пайдалану тиімділігін 5% арттырады.

«Эйр Астана» сонымен қатар әуе кемелерінің салмағын азайту жөніндегі бағдарламаны іске асыруда. Оның мысалдары ретінде борттық қызметтер үшін анағұрлым жеңіл жабдықтың пайдаланылуы және ұшқыштарға арналған электронды борттық қоржын мен бортсеріктерге арналған Crew Pad электронды құрылғылары сияқты құрылғылар арқылы қағазсыз құжаттамаға көшуді келтіруге болады.

## Маршруттардың тиімді жүйесі

Жанармай тұтынуын азайту үшін «Эйр Астана» компаниясы, сондай-ақ, ұшуды жоспарлау мен ұшу жылдамдығы, көтерілу мен қону траекториялары, борттағы жанармай массасымен байланысты экипаждың «жасыл» ұшу шешімдерін қолданады. Экипаж шешімдеріне қауіпсіздіктің шешім қабылдау кезіндегі басты фактор болуын қамтамасыз ететін озық жүйелер демеу болады.

Ұшақтарының жаңартылуы мен аэродинамикасын жетілдіруден бөлек, «Эйр Астана» сондай-ақ ұшуларды қысқа маршруттармен орындау арқылы шығарылу көлемін азайтады. Біз ұшуларды жоспарлау жүйесін оның рейстерді оңтайландырып, нәтижесінде жанармай шығынын азайтатындай етіп жетілдірдік. Жаңа навигациялық жүйе де қону тиімділігін арттырып, ауа райы жағдайларына байланысты тоқтатылған рейстердің санын азайтады. Бұдан бөлек, 2015 жылы біз анағұрлым тиімді ұшуларды орындау мен маневр жасауды дамыту арқылы жанармайды саналы түрде тұтыну мәдениетін ілгерілету мақсатымен ұшу экипажы үшін «жасыл оқыту» бағдарламасын бастап жатырмыз.

## Мұздануға қарсы өңдеу

Әуе кемелерін мұздануға қарсы өңдеуден өткізу рәсімі қоршаған ортаға едәуір әсерін тигізеді. Әуежайларда химиялық препараттармен жұмыс істейтін компания қызметкерлері, сондай-ақ қосалқы мердігерлер, жыл сайын қоршаған ортаны қорғауға қатысты міндетті оқулардан өтеді. «Эйр Астана» компаниясы бүкіл әлемде адамдар мен қоршаған орта үшін қауіпсіз деп танылған мұздануға қарсы сұйықтықты пайдаланады. Компания өткізетін мұздануға қарсы өңдеу жөніндегі рәсімдердің барлығы EU OPS-1 сияқты халықаралық авиациялық талаптар мен ережелерге, сондай-ақ IATA, ICAO, EASA, FAA, Канада Көлік министрлігі, Аэронавтика саласында қызмет ететін инженерлер қауымдастығы (AEA, Ұлыбритания) мен Көлік саласындағы инженерлер қоғамы (SAE) шығарған стандарттар мен ұсынымдарға жауап береді.

## Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын қысқарту

CO2 шығарылуын азайту «Эйр Астана» экологиялық саясатының маңызды міндеті бола тұра, компанияның өндірістік бақылауының маңызы жағынан кем түспейтін басқа міндеті – өндіріс пен тұтыну қалдықтарын азайту.

Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыс мысалдарының бірі ретінде қағаз билеттерінің көлемін едәуір азайтатын электрондық билеттер мен онлайн тіркеу жүйесінің енгізілуін атауға болады. Бұдан бөлек, компания басылым материалдарының санын азайтуды жалғастыруда. Ақпараттық технологиялар департаментінің ағымдағы бастамалары компанияның тұтас қызметі үшін қағазсыз жүйелер құруға бағытталған. Компания сонымен қатар тауарлар мен қызметтерді сатып алуда ресурстарды саналы түрде пайдалану саясатын енгізуді жоспарлауда.

Бұдан бөлек, станцияларымыздың менеджерлері ай сайын бортқа тиелген тағам мен тасымалданған жолаушылар саны жөнінде ақпарат жинақтайды. Бұл ақпаратқа талдау жасау қалдықтар мөлшерін барынша азайтып, борттық тағамның ұйымдастырылуын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Осындай тәсіл сонымен бірге рейстерді жабдықпен және басқа да шығыс материалдарымен қамтамасыз етуге қатысты да пайдаланылады.

# ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ






# БАСШЫЛЫҚ

## ПИТЕР ФОСТЕР

### ПРЕЗИДЕНТ

Питер Фостер авиация саласындағы мансабын Кэмбридж Университетін 1982 жылы бітіргеннен кейін Cathay Pacific Airways Ltd. әуе компаниясының құрылтайшысы болып табылатын John Swire and Sons (HK) компаниясында жетекші-машықтанушы лауазымынан бастады. 1982-1999 жылдар аралығында Гонконг, Азия, Австралия және Еуропадағы Cathay Pacific Airways Ltd әуекомпаниясының менеджері, содан кейін аға менеджері ретінде қызмет етті, Францияда INSEAD-та іскерлік басқару бойынша оқудан өтті. Питер Фостер Cathay Pacific Airways әуекомпаниясынан 1999 жылы шығып, Philippine Airlines Inc әуе компаниясының реабилитациялық тобын басқарды. 2002 жылдан бастап Royal Brunei Airlines әуекомпаниясында бас атқарушы директор лауазымында жұмыс істеді. 2005 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясының президенті лауазымына тағайындалды.

## АЛМА АЛИГУЖИНОВА

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Алма – «Эйр Астана» әуе компаниясында 2001 жылдан, оның қалыптасуының бастапқы кезеңінен бері, тіпті ұшулар орындала бастағанға дейін жұмыс істей бастаған алғашқы қызметкерлердің бірі. Алма еңбек жолын корпоративтік даму жөніндегі менеджер қызметінен бастап, содан соң корпоративтік даму жөніндегі директор, кейінірек стратегиялық және коммерциялық жоспарлау жөніндегі вице-президент болды. Қазіргі уақытта Алма стратегиялық және коммерциялық жоспарлау жөніндегі аға вице-президент қызметін атқарады. Алма «Болашақ» бағдарламасы бойынша Шығыс Каролина Университетін (АҚШ) іскерлік басқару магистрі (MBA) дәрежесімен тәмамдады.

## ЕРБОЛ ОСПАНОВ

### ҮКІМЕТТІК, ЗАҢНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Оспанов Ербол авиация саласында 35 жылдан астам қызмет етіп келе жатыр. 1985 жылы Ленинград қ. Азаматтық авиация академиясындағы командалық факультетті аяқтағаннан кейін инженер-ұшқыш мамандығын алды және 2002 жылы Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің заң факультетін аяқтап, құқық бакалавры дәрежесін алды. 1992 жылдан бері Қазақстан Республикасы Президенті флотының шеф-ұшқышы. Ербол Оспанов «Эйр Астана» әуе компаниясында өз жұмысын 2005 жылы бастады және бүгінгі күні әуекомпанияның аға вице-президенті болып табылады және «Боинг-757/767» ұшағында командир-нұсқаушы ретінде ұшуларды орындап келеді. Sheffield School of Aeronautics (Флорида, АҚШ) және Canadian Airlines-та (Ванкувер, Канада) оқып, АҚШ (FAA ATPL) пен Канаданың (Transport Canada ATPL) қолданыстағы ұшқыш куәліктеріне, ие болды.

## ИБРАХИМ ЖАНЛЫЕЛ

### МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ САТУ ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Ибрахим өз мансап жолын туризм саласында бастады және оны Түркиядағы ірі туроператордың жетекшісі ретінде 9 жылдан кейін аяқтады. 1998 жылы ол KLM компаниясына келіп, алғашында Таяу Шығыс бойынша аймақтық менеджер қызметіне тағайындалған, кейін 2003 жылға дейін Орта Азия және Кавказда коммерциялық қызметті ұйымдастыруға жауапты аймақтық менеджер ретінде жұмысын жалғастырды. Ибрахим «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы қызметін коммерциялық жоспарлау департаментінен бастады, кейін маркетинг және сату департаментінде жұмысын жалғастырды. Ибрахим Мармара университетінде экономикалық білім алды, Bosphorus University (Ыстамбұл) MBA дәрежесіне ие болды, 5 тілді меңгерген. 2005-2008 жылдар аралығында Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығының Директорлар кеңесінің мүшесі болған.

## ГЕРХАРД КОЕТЦИ

### КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САПА КЕПІЛДІГІ ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Герхард өз еңбек қызметін әскери-әуе күштерінің штурманы ретінде бастады, оқиғалардың білікті тергеушісі, Оңтүстік Калифорния Университетімен қоса, әр түрлі мекемелер берген (авиациялық) қауіпсіздікті басқару бағдарламасын басқару бойынша біліктілігі бар. Ол коммерция бакалавры дәрежесіне, Оңтүстік Африка Университетінің көлік экономикасы факультетінің үздік дипломына ие. Соңғы 25 жыл ішінде ұшулар қауіпсіздігі саласында, соның ішінде OAP ӘӘК ұшулар қауіпсіздігінің штаб офицері ретінде және BAE Systems компаниясының басқарушы кеңесшісі ретінде белсенді қызмет атқарды.

## ЭНТОНИ РЕГАН

### ӨНДІРІС ЖӨНІНДЕГІ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Энтонидің авиация саласында 35 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Ол 2001-2012 жж. аралығында Air France-KLM еуропалық холдингілік әуекомпаниясының Cityjet еншілес мекемесінде ұшуларды орындау жөніндегі басшы қызметін атқарған. Осыған дейін ол CAE Parc Aviation (әуе компаниялар үшін ұшқыштар және жердегі қызметкерлерді дайындайтын мекеме) директоры болды. Энтони мансабын Ирландия әуе корпусында (Ирландия қорғаныс күштері) ұшқыш ретінде бастады, бірқатар оперативті қызметтер, соның ішінде ұшу жөніндегі бас нұсқаушы қызметін атқарды. Зейнетке комендант шенінде шықты. Көлік авиациясының қолданыстағы JAA/ FAA ATPL ұшқыш лицензиялары бар. Энтони Дублин университеттік колледжінің математика және математикалық физика саласындағы түлегі болып табылады.

## ДЖОН УЭЙНРАЙТ

### ИНЖЕНЕРЛІК ТОПТЫҢ АҒА ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ

Джонның 35 жылдан астам әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс тәжірибесі бар. Ол негізгі және жүйелі техникалық қызмет көрсетумен айналысқан. Ұлыбританияда жоғары білім алған және Бедфорд қаласында Британдық әуе кемелерінің жеке құрамында дайындықтан өткен. Британдық әуекомпанияларында 20 жылдай жұмыс істегеннен кейін Оңтүстік-Шығыс Азияға көшіп, Бруней, Вьетнам мен Непалда Royal Brunei Airlines әуекомпаниясында қызмет етті. Ал Брунейден Австралияға көшкен кезде техникалық қызмет көрсету департаментінің басшысы болды. Джон «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы жұмысын 2006 жылы техникалық қызмет көрсету менеджері ретінде бастады. Джон Еуропалық авиация қауіпсіздігі жөніндегі агенттік лицензиясының және С санатындағы инженерлік-техникалық қызмет көрсету лицензиясының иегері болып табылады.

## АЛИМА ЗАМАНБЕКОВА

### БАС ЕСЕПШІ

Алима «Эйр Астана» әуе компаниясында 2003 жылдың ортасында бас есепші ретінде жұмысын бастады. «Эйр Астана» компаниясына келгенше мұнай-газ компанияларында бас есепші болып қызмет атқарды. Шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін бітірген, кейін Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясын «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдады. Лицензияланған есепші және Қазақстан Республикасының Кәсіби есепшілер палатасының мүшесі болып табылады.

## МАЙКЛ МАКДОНАХ

### ҚАРЖЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ АҒА КЕҢЕСШІ

Майклдың авиация саласында 40 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Ол қызмет жолын Aer Lingus компаниясында бастап, онда қаржыны басқару саласында әр түрлі қызметтерді атқарды, соның ішінде негізінен Африка елдеріне жасалған шетелдік басқару келісім-шарттары бойынша іссапарлармен жүрді. Майкл Aer Lingus компаниясынан 1994 жылы кетіп, «Эйр Астана» компаниясына қосылмай тұрып, Африка, Канада, Кариб елдері, Оңтүстік Америка және Шығыс Еуропада авиация салаындағы қаржыны басқару жөніндегі және консалтингілік әртүрлі жобаларға қатысқан. Ол – Дублин университетінің сауда саласында бакалавр дәрежесі бар түлегі. Майкл Айрықша құқықты логистика және көлік институтының мүшесі болып табылады.

## ЕВГЕНИЯ НИ

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Евгения Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің екі факультетін тәмамдаған: шет тілдері және заң. Ол «Эйр Астана» әуе компаниясындағы жұмысын 2002 жылдың қазанында президенттің көмекшісі ретінде бастаған. 2005 жылдың қыркүйегінен Евгения еңбек қорғау бөліміне, әкімшілік-шаруашылық басқаруға, компанияны көлікпен қамтамасыз етуге жетекшілік ететін қызметкерлерді басқару департаментіне басшылық етуде. Оның басшылық еткен жылдары ішінде қызметкерлерді іріктеудің, корпоративтік оқудың ашық жүйесі құрылды, қызметкерлерге сыйақы төлеу және қызметтерін бағалау жүйесі енгізілді. Евгения кәсіби конференцияларға және конгрестерге сарапшы, модератор, баяндаушы ретінде ұдайы қатысады. Менеджмент, қызметкерлерді басқару саласында бірқатар дипломы мен сертификаттары бар.

## ГАЛИНА УМАРОВА

### ЖАНАРМАЙ ҚОРЛАРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

«Эйр Астана» АҚ-ға келгенге дейін Галина «Астана халықаралық әуежайы» АҚ қаржы директоры болып қызмет атқарды. Галина Қ. Жубанов атындағы Ақтөбе Мемлекеттік Университетін тәмамдаған, сондай-ақ (ҚМЭБИ) мемлекеттік басқару магистрі дәрежесіне ие.

## АЙДАР ҚАШҚАРБАЕВ

### ЗАҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Заң саласындағы еңбек тәжірибесі 15 жылдан асады. Заң практикасын 1993 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінде бастады. «Эйр Астана» АҚ-на келгенше Denton Wilde Sapte заң компаниясында және KPMG консалтингтік компаниясында, сонымен қатар Батыс Қазақстандағы Қарашығанақта мұнай компанияларында жұмыс істеді: Karachaganak Petroleum Operating B.V. компаниясында заң департаментінің менеджері ретінде қызмет атқарды. Айдар әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің заң факультетін бітірген, сондай-ақ Visiting Scholar бағдарламасы бойынша Оңтүстік Иллинойс Университетінде (АҚШ) тағылымдамадан өтті.

## ЧАМИНДРА ЛЕНАВА

### АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

АТ саласында кәсіпқой бола отырып, Чаминдра үш ұлттық әуекомпанияда басқарушылық тәжірибе жинақтаған. Чаминдра «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы жұмысын бизнес-жүйелер менеджері ретінде бастап, содан соң ақпараттық технологиялар және электрондық коммерция жөніндегі директор болды. Чаминдра іскерлік басқару магистрі дәрежесіне және электроника мен телекоммуникацияларды әзірлеу саласында бакалавр ғылыми дәрежесіне ие. Ақпараттық технологиялардың түрлі салаларындағы сертификаттардың иегері және авиабилеттерді брондау, брондау кластарын есепке алу, билеттерді рәсімдеу, жөнелтілімдерді басқару және бизнес-операциялар жөніндегі жүйелердің кәсіпқой маманы болып табылады. Чаминдра PMP (Project Management Professional – АҚШ) дәрежелі жобаларды басқару саласындағы сертификатталған маман және Британдық компьютерлік қоғамдастықтың ақпараттық технологиялар жөніндегі дипломды маманы болып табылады.

## БЕЛЛА ТОРМЫШЕВА

### КОРПОРАТИВТІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Белланың жұртшылықпен байланыс және ақпараттық-мәдени қызмет саласында 15 жылдан астам тәжірибесі бар. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келместен бұрын Қазақстанда, Қырғызстанда және Тәжікстанда аккредиттелген Еуропалық Комиссия Өкілдігінде жұмыс істеді. Халықаралық қатынастар магистрі дәрежесіне ие. Сондай-ақ шетелде тренингтерден өтті.

## ДИЛЯРА КУНХОЖАЕВА

### САТЫП АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Диляра «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы еңбек қызметін 2006 жылдың басында қаржы талдаушысы ретінде бастады. ҚМЭБИ іскерлік басқару және бухгалтерлік есеп факультетін тәмамдап, менеджмент және қаржы саласына мамандандырылған іскерлік басқару бакалавры және магистрі дәрежелеріне ие болды. Университетті бітіргеннен кейін Ernst and Young компаниясында және ҚМЭБИ-де жұмыс істеді. 2008 жылдан бастап басқарушылық есеп бөлімінің басшысы қызметін атқарды. 2012 жылдың маусым айында сатып алулар департаменті директоры қызметіне тағайындалып, 2013 жылдың басынан бері сатып алулар департаментінің вице-президенті қызметін атқарып келеді.

## МЕРҒАЛИ ӘЛЖАНОВ

### ҰШУ ӨНДІРІСІ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Мерғалидің авиация саласындағы тәжірибесі мол. 1980 жылы Ақтөбе азаматтық авиациясының жоғарғы ұшу училищесін тәмамдап, Мерғали өзінің мансабын Көкшетау біріккен әуежасағында «Як-40» ұшағының екінші ұшқышы ретінде бастап, 1991 жылы Алматы біріккен әуежасағына ауысты. Бірнеше әуекомпанияда еңбек еткен соң Мерғали 2004 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясына «Боинг-757» ұшағының командирі қызметіне келді.

## АЙМАН ТІЛЕУБАЕВА

### КІРІСТІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Айман «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы еңбек жолын 2003 жылдың қарашасында коммерциялық жоспарлау менеджері ретінде бастап, ұшу кестесі мен желілік жоспарлауға жауапты болды. «Эйр Астана» компаниясына келгенге дейін «Эйр Қазақстан» компаниясында 5 жыл жұмыс істеді. Айман Қазақ Ұлттық Университетін тәмамдап, физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. 2009 жылдың ақпан айынан Айман коммерциялық жоспарлау және кірісті басқару жөніндегі директор қызметін атқарды. 2013 жылдың қаңтарында кірісті басқару және желілік жоспарлау жөніндегі вице-президент болып тағайындалды.

## АЙЖАН ОМАР

### БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Айжан М. Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінде оқып, халықаралық экономикалық қатынастар мамандығы бойынша диплом алған. Сондай-ақ ҚМЭБИ іскерлік басқару және бухгалтерлік есеп жүргізу факультетін тәмамдап, менеджмент және қаржы саласында маманданған іскерлік басқару магистрі дәрежесін алды. Ол «Эйр Астана» әуе компаниясындағы жұмысын 2006 жылдың тамызында қаржы талдаушысы ретінде бастаған. 2012 жылдың маусымынан басқарушылық есеп бөлімінің басшысы қызметін атқарды. 2014 жылдың қаңтар айынан бері басқарушылық есеп және тәуекелді басқару жөніндегі вице-президенті болып табылады.

## РАССЕЛ ЭЛЛИС

### ҰШУ ӨНДІРІСІН ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Расселдың авиация саласында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2007 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмес бұрын ол ОАР-да және Таяу Шығыста әр түрлі әуекомпанияларда бірқатар басшылық қызметтер атқарған. Ол бастапқы жұмыс тәжірибесін әскери салада жинақтап, навигатор және нұсқаушы біліктілігіне ие болды. Ұлыбританияның Ливерпуль университетінің іскерлік басқару магистрі дәрежесіне ие. Рассел әуекомпанияда ұшулардың орындалуына күнделікті бақылау жүргізуге және төтенше жағдайларда әрекет ету дайындығына жауапты.

## РИЧАРД ЛЕДЖЕР

### ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ БОЙЫНША САТУ ЖӨНІНДЕГІ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ

Ричард «Эйр Астана» әуекомпаниясына 2006 жылдың наурызында ЕО, АҚШ және Канада өңірлеріндегі аймақтық бас менеджер лауазымында қызмет атқаруға келіп, сол аймақтарда сатулар желісін құруға жауапты болды. «Эйр Астана» компаниясына келгенге дейін 5 жыл бойы Сингапур Әуежолдарының корпоративтік сатулар саласында жұмыс істеп, кейін 2005 жылдың қаңтарында Royal Brunei Airlines әуекомпаниясының маркетинг және сатулар жөніндегі менеджері қызметіне ауысты. Ричард әуе индустриясындағы еңбек жолын 1993 жылы «Туризм және Саяхат» мамандығы бойынша Ланкастер университетін магистр дәрежесімен, сондай-ақ Лондон Университетін (UCL) «География» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесімен аяқтағаннан кейін бастады. Қазақстандағы және шетелдегі сатулар жөніндегі директор лауазымында жұмыс істеу ұсынысын қабылдағаннан кейін Ричард 2009 жылдың ақпан айында Алматыға көшіп, 2014 жылдың қаңтар айында сатулар жөніндегі вице-президент қызметіне тағайындалды.

## ГРИГОРИЙ ЗЫРЯНОВ

### ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КОММЕРЦИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

2001 жылы Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация академиясын бітірді. Еңбек жолын № 405 авиажөндеу зауытында аға инженер-технолог қызметінен бастады. Одан кейін, 2004 жылы «Эйр Астана» компаниясында Техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау департаментінің техникалық қызмет көрсету бағдарламасы жөніндегі инженері болып тағайындалғанға дейін, «Эйр Қазақстан» әуекомпаниясында бақылауды өндірістік тұрғыда жоспарлау департаменті басшысының орынбасары болып жұмыс істеді. Кейіннен техникалық қызмет көрсетуді жоспарлау жөніндегі менеджер болып тағайындалды. Григорий 2010 жылы базалық техникалық қызмет көрсету тобын құруға және қосалқы цехтарды EASA талаптары бойынша сертификаттауға (сертификат 2011 жылдың сәуір айында берілді) жауапты болып тағайындалды. 2012 жылдың сәуір айында инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің коммерциялық мәселелері жөніндегі директоры болып тағайындалып, флотты басқарудың техникалық мәселелерін шешу үшін ИТҚ коммерциялық мәселелері жөніндегі департаментке ауыстырылды.

## АЗАМАТ ОСПАНОВ

### ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Азамат Оспанов экономика, есеп және аудит саласында Сүлеймен Демирель атындағы университетте білім алды. Еңбек жолын Ernst and Young компаниясында бастап, KPMG компаниясының аудит жөніндегі тәжірибелі менеджері болды. «Эйр Астана» компаниясына Азамат 2009 жылдың сәуір айында бухгалтерлік есеп және қаржы процестері саласында маманданатын қаржы менеджері ретінде қосылды. Қаржы жөніндегі аға менеджер қызметінде ол әуекомпания кірістерінің есепке алынуын басқарды және қазынашылық пен банк ісі функциялары үшін жауапты болды. 2013 жылдың қаңтар айында Азамат ИТҚ департаментінің қаржы жөніндегі директоры қызметіне тағайындалды.

## ТИМУР ЯКУПОВ

### ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Тимур 20 жылдан астам еңбек тәжірибесі бар әрекеттегі авиация инженері болып табылады. Бұрынғы КСРО-да авиациялық білім алып, өз мансабын пилотаж ұшақтарында механик ретінде бастады. Әскерде әскери-көлік авиациясы ұшақтарының атыс қару-жарағы жөніндегі маманы болып қызмет етті. Кейін еңбек жолын Қазақстанда «Ту-154» ұшағының механигі қызметінде жалғастырды, сонымен қатар бұрынғы КСРО-ның жолаушы және көлік ұшақтарының негізгі түрлерін пайдалануды меңгерді. «Эйр Астана» компаниясы құрылуының бірінші күнінен ауысым басшысы қызметінен бастап еңбек етіп келеді. Тимур инженер лицензиясының иегері және оның 11-ден астам ұшақ түрлері мен олардың модификацияларына қызмет көрсетуге рұқсаты бар.

## ПАОЛО РИЧИОТТИ

### ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Паолоның авиация саласындағы, соның ішінде әуекомпаниялар мен әуежайлардағы, еңбек тәжірибесі 35 жылдан асады. Ол CathayPacific әуекомпаниясында Әуежай жөніндегі бас менеджер қызметін атқарып, кейін Еуропа, Азия мен Гонконгта бірнеше басшылық қызмет, соның ішінде брондау жүйесінің менеджері, ұшулардың уақытылы орындалуы жөніндегі менеджер және гонконгтік «Кай Так» әуежайының менеджері қызметтерін атқарды. 2000 жылдың тамызында Паоло SEA Milan Airports тобына қосылып, алдымен «Линате» және «Мальпенса» миландық әуежайларын, кейінірек SEA Handling компаниясының коммерциялық қызметін басқарды. Сондай-ақ, жылдар өте келе ол жүк тасымалдау саласында да тиісті тәжірибе жинақтады. Паоло телекоммуникация инженері дипломына ие, сондай-ақ INSEAD-та және Англиядағы Ashridge бизнес мектебінде бизнесті басқару жөніндегі тренингтерден өткен.

## МАРГАРЕТ ФЕЛАН

### БОРТТА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Маргареттің авиация саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Ол Ирландиядағы сауда колледжінде білім алған. Маргарет 1995-2012 жж. аралығында Air France/KLM компаниясының CityJet еншілес компаниясында бортсеріктер мен стандарттарды дайындау және борттық қызмет көрсету жөніндегі жетекші қызметтерін атқарған. EC OPS, нұсқаушыларды басқару және дайындау бойынша бірқатар курстарға қатысқан.

## МАРАТ СЕКЕРБЕКОВ

### ҰШУ БАСҚАРУЫН ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Мараттың авиация индустриясында қазақстандық және халықаралық әртүрлі әуе желілерінде 30 жылдан аса жұмыс тәжірибесі бар. Ол еңбек жолын Украинаның Ұлттық Авиация университетінің Кировоград Ұшу академиясын (қазіргі атауы) аяқтағаннан кейін бастады. Марат қызметін КСРО кезіндегі Аэрофлот әуекомпаниясында бастады. Ол 1994 жылы Қазақстанның авиация саласына келді. «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы қызметін 2005 жылы «Фоккер-50» әуе кемесінің екінші ұшқышы ретінде бастап, екінші ұшқыштан шеф-ұшқыш лауазымына дейін ұшулар өндірісін басқарудың барлық сатыларынан өтті. 2013 жылдың басында Марат ұшу басқаруын қолдау жөніндегі директор лауазымындағы қызметіне кірісті.

## АДРИАН МЕЙЕР

### СТАНДАРТТАР ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Адриан қызмет жолын 1978 жылы алдымен DC-9 екінші ұшқышы, содан кейін «Фоккер-50» әуе кемесінің командирі ретінде Cityhopper KLM компаниясында бастады. Содан кейін ол нұсқаушы ұшқыш және стандарттау жөніндегі ұшқыш болып қызмет атқарып, шеф-ұшқыш лауазымына дейін жоғарылады. KLM компаниясының «Боинг» флотына ауысып, «Боинг-767» әуе кемесінде нұсқаушы ұшқыш ретінде қызмет етті. Зейнетке шыққан соң ол B757 және A320 ұшақтарымен ұшулар орындайтын Dutchbird әуекомпаниясына өндірістік мәселелер жөніндегі директор қызметіне орналасты. Бұл компанияда Адриан JAR EU бойынша ұшуларды орындау бойынша жауапты тұлға қызметіне қоса ETOPS және CATIIIB жобаларын енгізді. Сондай-ақ оқыту, ұшуларды орындау және стандарттарды енгізу саласында үлкен тәжірибе жинап, ұшуларды орындау жөніндегі директор және қауіпсіздік қызметі башысының орынбасары ретінде IATA ұйымымен жұмыс істеп, ICAO SARP жанармай стандарттары мен EDTO жобасын енгізген ICAO комиссиясының мүшесі болды. Сонымен қатар, Адрианның дәрігер дипломы бар.

## ФИЛИППОС СИАККАС

### ҰШУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

«Эйр Астана» компаниясына келмей тұрып Филиппос Olympic Air грек әуекомпаниясында оқытуға қатысты қызмет атқарды. Бұл жерде Филиппос ұшқыштарды алғашқы және жүйелі түрде оқыту және компанияға кадеттерді қабылдау бойынша барлық қызметтерді орындады. Оған дейін Филиппос ұшуларды орындауға қолдау көрсетуге байланысты бірнеше басқарушы қызметте, соның ішінде ұшу стандарттары жөніндегі директор қызметінде жұмыс істеді. Ол еңбек жолын Olympic Airways компаниясында 1989 жылы екінші ұшқыш ретінде бастады. Нұсқаушы және емтихан алушы болғанға дейін Филиппос «Боинг 737», «Эрбас-А300 В4», «Эрбас-А300-600» әуе кемелерінде екінші ұшқыш, «Боинг-737», «Эрбас-А320» кемелерінің командирі қызметтерін атқарды.

## АЙГҮЛ ӨМІРЗАҚОВА

### БИЗНЕС-ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҰШАҚТАР ПОРТФЕЛІ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Айгүл компанияға 2004 жылы кірістерді есепке алу жөніндегі кіші есепші ретінде келді. 2005 жылы ол кірістерді есепке алу бөлімі басшысының орынбасары қызметін иеленді. Ол ҚМЭБИ (Алматы) университетінің іскерлік басқару және бухгалтерлік есеп жүргізу саласында «Бухгалтерлік есеп және басқару» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алған. Айгүл 2014 жылдың қаңтар айында «Эйр Астана» компаниясының бизнес-жоспарлау және әуе кемелер паркінің портфолиосы жөніндегі директоры болып тағайындалды.

## РАФАЭЛЬ ТАЙЖАНОВ

### КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Рафаэль – «Эйр Астана» әуекомпаниясында оның құрылуының бастапқы кезеңінен бастап жұмыс істеп келе жатқан алғашқы қызметкерлердің бірі. Авиация саласындағы еңбек жолын ол 1998 жылы «Эйр Қазақстан» әуекомпаниясының ұшу күнтізбесі бөлімінен бастады. Рафаэль әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің физика факультетін үздік дипломмен бітірді. «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің SMART MBA дипломын және Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) сату және маркетинг жөніндегі дипломдарына ие. 2014 жылдан бері коммерциялық жоспарлау жөніндегі директор болып табылады.

## СЕРІК РЫС-ҰЛЫ

### ТМД БОЙЫНША САТУЛАР ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Серік «Эйр Астана» компаниясында 2009 жылы Қазақстандағы сатулар бөлімінің тобына қосылғалы бері қызмет етіп келеді. 2010 жылы Алматы-Ташкент бағыты ашылғаннан кейін ол компанияның Өзбекстандағы өкілдігіне басшылық етті. Серік 2013 және 2014 жж.аралығында Ресей Федерациясында сатулар бөліміне басшылық етті. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келгенге дейін «Talgo Kazakhstan» темір жол компаниясында және «Prime Aviation» әуекомпаниясында стратегиялық қызметтерде жұмыс атқарды. Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясында халықаралық экономикалық қатынастар саласында білім алды.

## КИТ ВАРДЛ

### ИНЖЕНЕРЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Кит авиациялық инженерия саласында 30 жылдан астам уақыт қызмет етіп келеді. Ол Лондондағы Кингстон Университетін тәмамдап, авиациялық техника бакалаврының үздік дипломына және техникалық ғылымдар магистрінің дипломына ие болды. Ол авиациялық саладағы мансабын Ұлыбританияның Корольдік әскери-әуе күштерінде авиациялық инженер көмекшісі қызметінен бастап, артынша бірнеше жыл жылдам реактивті ұшақтарға техникалық қызмет көрсетті. Кейін Кит дипломды авиациялық инженер атағына қол жеткізіп, коммерциялық ұшақтармен жұмыс істеуде бай тәжірибе жинақтады. Оған әлемнің алуан түкпірінде, соның ішінде Чили, Аляска, Бельгия, Сауд Арабиясы, Қытай мен Жаңа Зеландияда жұмыс істеу бұйырды. DHL басқарушы тобының мүшесі ретінде ол компанияның авиациялық паркін қолдауға жауап беріп, Германия мен Ұлыбританияда екі жаңа әуе жолдарының ашылуына септігін тигізді. Кит «Эйр Астана» компаниясының қатарына 2013 жылдың қарашасында қосылып, бас инженер лауазымын иеленді.

## ЖАНАР БИМЕНДИНА
### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Жанар «Эйр Астана» компаниясындағы жұмысын 2003 жылы жабдықтау жөніндегі маман қызметінен бастады. Оған дейін ол Intercontinental Hotels Group халықаралық қонақүйлер желісінде қызметкерлер жөніндегі бөлімде еңбек етті. 2005 жылы Жанар қызметкерлермен жұмыс жөніндегі департаментке жетекші маман қызметіне ауысып, кейін қызметкерлерді басқару жөніндегі менеджер болды. 2013 жылы қызметкерлерді басқару нормаларын ұстануды бақылау жөніндегі менеджер қызметіне тұрды. 2015 жылдың басында қызметкерлерді басқару жөніндегі директор болып тағайындалды. Жанар ағылшын тілі, қаржы және заң жөніндегі дипломды маман болып табылады және 2012 жылы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының қызметкерлерді басқару саласындағы дипломына ие болды.

## ЖАНАР ЖАЙЛАУОВА
### АЗИЯ БОЙЫНША САТУЛАР ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР

Жанар «Эйр Астана» компаниясына 2007 жылы сатулар жөніндегі маман ретінде келді. 2009-2011 жылдар аралығында Ұлыбританияда, Қазақстан мен Дубаиде маркетинг және сатулар жөніндегі аймақтық менеджер лауазымында еңбек етті. 2014 жылы брондау және сатулар бөлімінің директоры болды. Дәл сол жылы кейінірек Қазақстандағы жолаушылар тасымалын сату жөніндегі директор болып тағайындалды. 2015 жылдың қаңтарында Азия бойынша сатулар жөніндегі директор болып тағайындалды.

## ИГОРЬ СЕГЕДИН
### ШЕФ-ҰШҚЫШ

Игорьдің авиация саласындағы тәжірибесі мол. Ол 1991 жылы Ақтөбедегі азаматтық авиация жоғарғы ұшу училищесін үздік дипломмен аяқтады. Мансабын Ту-134 ұшағының екінші ұшқышы ретінде Алматының біріскен әуежасағында бастады. «Эйр Астана» әуекомпаниясына 2002 жылы «Боинг-737NG» ұшағының екінші ұшқышы ретінде келіп, кейін әуе кемесінің командирі және нұсқаушы ұшқыш ретінде қызмет атқарды. 2006 жылы «Эрбас-А320» ӘК үшін қайта дайындау курсын сәтті аяқтаған соң «Эрбас-А320» флотының шеф нұсқаушысы қызметіне тағайындалды. Airbus флотының шеф нұсқаушысы ретінде Игорь компания үшін жаңа болып табылатын бұл флоттың құрылуына және оны игеруге тікелей қатысты. «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы 11 жылдың ішінде Игорь екінші ұшқыштан ұшу құрамын дайындау жөніндегі аға менеджерге дейінгі жолдан өтті. 2013 жылдың қыркүйек айында ол шеф-ұшқыш лауазымындағы қызметіне кірісті.



**H**OSPITABLE
**E**FFICIENT
**A**CTIVE
**R**ELIABLE

# TRUSTWORTHY

## СЕНІМГЕ ТҰРАРЛЫҚ

Біз шыншылмыз және ешқашан өз ар-ұятымызға қарсы әрекет жасамаймыз. Клиенттер мен әріптестеріміз бізге сене алады.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

«Эйр Астана» АҚ корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, капитал тартуға шығындарды төмендету, оның беделін және барлық мүдделі тараптар жағынан сенімділікті нығайту құралы ретінде қарайды. Қоғам корпоративтік стандарттардың жоғарғы стандарттарын ұстануға ұмтылады, үнемі өзінің корпоративтік жүйесін жетілдіреді және дамытады, оның негізін қалаушы қағидаттар мыналар болып табылады:

**Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты** – акционерлердің заңнамада қарастырылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу, Қоғамның тиімді қызметі, активтердің өсімі және Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығына қолдау көрсету.

**Директорлар кеңесінің тиімді басқаруы** – акционерлер мен Қоғамның мүдделерін барынша сақтау және іске асыру; акционерлер алдында өз қызметінің ашық болуын қамтамасыз ету; Қоғам қызметі үшін жауапкершілік.

**Атқарушы органның тиімді басқаруы** – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметін басқару. Атқарушы органның қызметі адалдық, ұқыптылық, парасаттылық, сақтық және тұрақтылық негіздерінде жүзеге асырылады.

**Қоғамның өз бетінше қызмет ету қағидаты** – акционерлердің мүдделерін Жарғы шарттары сақталған жағдайда Корпоративтік Басқару Кодексінің ережелеріне сәйкес өте жақсы сақтау мақсатында Қоғамның өз қызметін жүзеге асыруы. Қоғам үнемі өз қызметін өз бетінше жүзеге асыратын болады.

**Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу айқындығы мен объективтілігінің қағидаттары** – акционерлердің негізді шешімдер қабылдауы, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға Қоғамның қызметі туралы мәлімдеу, акционерлер мен мүдделі тұлғалар алдында Қоғам туралы, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері, меншіктілік және басқару құрылымы туралы дұрыс ақпараттың уақытылы ашылуын қамтамасыз ету мақсатында.

**Заңдылық пен этика қағидаттары** – Қоғамның және оның жұмысшыларының қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруы. Акционерлер, Директорлар кеңесінің мүшелері мен атқарушы органдар арасындағы қарым-қатынастар өзара сенімділік, құрмет, есеп берушілік және бақылау негізінде құрылады.

**Тиімді дивидендтік саясат қағидаты** – Қоғамның дивидентік саясатын белгілейтін заңнама мен ішкі ережелерді сақтау; дивидентердің мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтайтын қарапайым және айқын механизмін қамтамасыз ету. Қоғамның дивидентік саясаты акционерлермен, әлеуетті инвесторлармен және Қазақстан Республикасының жұртшылығымен зерделенуі үшін жеткілікті түрде айқын және қолжетімді болуы тиіс.

**Тиімді кадрлық саясат қағидаты** – Қоғамның заңнамамен қарастырылған құқықтарын қорғау; Қоғам мен оның жұмысшылары арасында әлеуметтік мәселелерді шешу және еңбек шарттарын регламенттеу барысында серіктестік қарым-қатынасты дамыту.

**Қоршаған ортаны қорғау қағидаты** – заңнама талаптарына және жалпыға бірдей мәлімделген қызмет стандарттарына сәйкес қоршаған ортаға күтіммен және ұтымды қарау.

**Корпоративтік даулар мен мүдделер дауларын реттеу саясаты** – Қоғамның барлық жұмысшылары өздеріне (немесе өзімен байланысты тұлғаларға) және басқаларға қатысты мүдделердің шиеленісі туындамайтындай етіп ұстауы тиіс. Корпоративтік шиеленіс туындаған жағдайда қатысушылар акционерлердің құқықтарының және Қоғамның іскерлік беделінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер жүргізу арқылы шешу жолдарын іздестіреді.

**Жауапкершілік қағидаты** – Қоғам барлық мүдделі тұлғалардың құқықтарын мойындайды әрі құрметтейді және өзін дамыту және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында осындай тұлғалармен бірлесіп қызмет етуге ұмтылады.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР

## Корпоративтік басқару органдары




## Акционерлер

### «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ – акциялардың 51%.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бәсекеге қабілеттілікті және ұлттық экономиканың тұрақтылығын арттыру және әлем нарығындағы ықтимал теріс өзгерістердің еліміздің экономикалық өсіміне ықпал ету факторының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарғысымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы Қаулысымен 2008 жылдың 3 қарашасында құрылды.

**Тіркелген мекенжайы:**

Қазақстан Республикасы,
010000 Астана қ.,
Кабанбай батыр даңғылы, 23

### BAE Systems (Kazakhstan) Limited - акциялардың 49%.

BAE Systems (Kazakhstan) Limited – қару-жарақ, ақпараттық қауіпсіздік және әуеғарыштық салалардағы әуеде, құрлықта және теңіз бен ғарышта пайдаланылатын жүйелерді әзірлеумен, жеткізумен және оларға қолдау көрсетумен айналысатын британдық BAE Systems plc корпорациясының еншілес компаниясы.

**Тіркелген мекенжайы:**

PO Box 87
Warwick House
Farnborough Aerospace Centre
Farnborough
Hampshire
GU14 6YU
United Kingdom

# АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам қызметіне қатысты барлық шешуші мәселелер бойынша шешім қабылдауға өкілетті «Эйр Астана» АҚ жоғарғы органы болып табылады. Оның функциялары мен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Жарғы ережелерімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген.

## Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті

Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне мынадай өкілеттіктер, қоса алғанда, бірақ шектелмей, жатады:

- Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесінің сандық құрылымын және өкілеттік мерзімін анықтау
- Қоғам Президентін, өндіріс мәселелері жөніндегі вице-президентті және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі вице-президентті сайлау, олардың өкілеттіктерінің мерзімін анықтау және тоқтату
- Қоғамның ұзақ мерзімдік даму стратегиясын бекіту
- Орта мерзімдік және қысқа мерзімдік бизнес-жоспарларды (даму жоспары мен жылдық есепті) бекіту
- Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту
- Қоғамның ірі мәмілелерді және Қоғам жасауға мүдделі мәмілелерді, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысымен заңнамаға сәйкес бекітуді талап ететін өзге де мәмілелер жасасуы туралы шешімдерді бекіту
- Меншікке, қаржылық лизингке немесе жалға кез келген ұшақты алу.

## 2014 жылы акционерлердің жалпы жиналысымен қаралған мәселелер

2014 жылы акционерлердің 11 жалпы жиналысы өтті, онда мынадай мәселелер қаралды:

**Стратегиялық даму**

- Қоғамның 2014–2018 жж. арналған бизнес-жоспарын (даму жоспарын) бекіту
- Қоғамның 2015-2019 жж. арналған бизнес-жоспарын (даму жоспарын) бекіту

**Басқару және сыйақы**

- Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау

- Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақы мен өтемақы төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу

- 2013 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша Қоғам президентіне жылдық сыйлықақылық сыйақы мөлшерін бекіту

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережені бекіту

- Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі, стратегиялық жоспарлау жөніндегі және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттерінің құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін анықтау жөнінде шешімдер қабылдау

- Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі, стратегиялық жоспарлау жөніндегі және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттері туралы ережелерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту

- «КПМГ Аудит» ЖШС-ін Қоғамның 2014-2016 жж. жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуші және аралық қаржылық есептілігіне шолу жасаушы аудиторлық ұйым ретінде анықтау

**Қаржылық-шаруашылық қызмет**

- Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебін бекіту

- Қоғамның 2013 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту

- Қоғамның 2014 жылға арналған жылдық бюджетін бекіту

- Қоғамның 2015 жылға арналған жылдық бюджетін бекіту

- Қоғамның 2013 жылғы таза кірісін үлестіру тәртібін бекіту, Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда 2013 жыл үшін қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу және дивиденд мөлшерін бекіту жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен Қоғамға 1 000 000 АҚШ долларынан астам сомаға несиелік желі беру жөнінде өзара байланысқан ірі мәмілелер жасасуы жөніндегі шешімді бекіту. 1 000 000 АҚШ долларынан асатын сомадағы ақшаны кепілге қою жөнінде шешім қабылдау. Қоғамның өзара байланысқан ірі мәмілелер жасасуына байланысты, Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталынан 10 және одан артық пайыз құрайтын сомаға арттыру жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның Taikoo (Xiamen) Aircraft Engineering Co. Ltd. компаниясымен Airbus A-320 тобындағы және Boeing 757 типіндегі әуе кемелеріне D-чек және С-чек формалары бойынша техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді сатып алу жөнінде ірі мәміле жасасуы жөніндегі шешімді бекіту

- Қоғамның AJ Walter Aviation Limited компаниясымен Airbus A320 тобындағы және Boeing 767 мен Boeing 757 типіндегі әуе кемелері үшін компоненттер мен қосалқы бөлшектер лизингі қызметтерін және қосалқы бөлшектер қорына қол жеткізуді сатып алу бойынша ірі мәміле жасасуы жөніндегі шешімді бекіту

- Қоғамның «HSBC Банк Казахстан» ЕБ АҚ-мен жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға өтелмеген құжаттандырылған аккредитив шығару бойынша мәміле жасасуын мақұлдау

- «RBS (Kazakhstan)» ЕБ АҚ-мен 1 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға өтелмеген құжаттандырылған аккредитив шығару жөнінде мәміле жасасуын мақұлдау

- Қоғамның «HSBC Bank Казахстан» ЕБ АҚ-мен құжаттандырылған қаржыландыру ұсыну жөніндегі Негіздемелік келісімге қосымша келісім жасасу арқылы өтелмеген құжаттандырылған, резервтік аккредитивтер мен кепілдіктер шығару үшін несиелік желіні ұзарту бойынша ірі мәміле жасасуы жөніндегі шешімді бекіту

- Қоғамның «RBS (Kazakhstan)» ЕБ АҚ-мен жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ долларынан асатын өтелмеген резервтік аккредитив шығару және Эмбраер 190 әуе кемесіне қатысты жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ долларынан асатын өтелмеген құжаттандырылған аккредитив шығару бойынша мәмілелер жасасуын мақұлдау

- Қоғамның «RBS (Kazakhstan)» ЕБ АҚ-мен 100% ақшалай қаражатпен өтелген, жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ долларынан асатын резервтік аккредитивті шығару бойынша мәміле жасасуын мақұлдау

- Қоғамның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен өтелмеген аккредитивтер шығару бойынша ірі мәміле жасасуы жөніндегі шешімді мақұлдау. Қоғамның ірі мәміле жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін 5 000 000 (бес миллион) АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның «Petrosun» ЖШС, Kuwait Petroleum International Aviation Co Ltd, Air BP Limited, ADNOC Distribution, Chevron Products Company, Petrol Ofisi A.S., China National Aviation Fuel Supply Co. ltd, «ТЗК Шереметьево» ЖАҚ, «Триумф 2003» ЖШС мен «Астана Петролеум Ойл» ЖШС-мен әуе жанармайын сатып алу бойынша ірі мәмілелер жасасуы жөніндегі шешімді бекіту. Қоғамның ірі мәмілелер жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін 5 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде шешімдер қабылдау

- Airbus A321 типіндегі екі әуе кемесін операциялық лизингке сатып алу

- Қоғамның Airbus A321 типіндегі бір әуе кемесінің операциялық лизингі келісімін ұзарту бойынша ірі мәміле жасасуы жөніндегі шешімді бекіту. Қоғамның ірі мәміле жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін 5 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның AMECO Beijing компаниясымен Боинг 757 әуе кемелерінің RB211 сериялы қозғалтқыштарын ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізу бойынша қызметтер ұсыну жөнінде ірі мәміле жасасуы жөніндегі шешімді бекіту. Қоғамның өзара байланысқан ірі мәміле жасасуына байланысты, Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталынан 10 және одан артық пайыз құрайтын сомаға арттыру жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның Parc Aviation Limited, Sigma Aviation Services LTD және Direct Personnel International B.V. компанияларымен олардың тәжірибелі білікті ұшқыштарды (әуе кемелерінің командирлері мен халықаралық рейтингке ие екінші ұшқыштар), нұсқаушы-емтихан қабылдаушыларды, желілік нұсқаушыларды бағалау, іріктеу және басқару бойынша қызметтер көрсетуі жөнінде мәмілелер жасасуы жөніндегі шешімдерді бекіту. Қоғамның ірі мәмілелер жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін 5 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде шешімдер қабылдау

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі – Қоғам стратегиясын әзірлеуге, оның қызметін жалпы басқаруға және атқарушы орган қызметін бақылауға жауап беретін «Эйр Астана» АҚ басқару органы. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қоғам Жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі мен Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысымен сайланатын алты мүшеден тұрады: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тарапынан тағайындалатын екі мүше, BAE Systems тағайындайтын екі мүше мен екі тәуелсіз директор.

## 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы Директорлар кеңесінің құрамы:

### Директорлар кеңесінің төрағасы

## БАЙДӘУЛЕТОВ НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ

Байдәулетов Н.Т. 2008 жылдан бері «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. Ол сондай-ақ 2008 жылдан бері Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің және Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің мүшесі болып табылады. Қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерін басқару жөніндегі бас директор лауазымында қызмет атқаруда. 2012 жылдан бері «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, 2012 жылдың мамырынан бері - «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады. Нұржан Тәліпұлының Қазақстанның көлік саласындағы жұмыс тәжірибесі отыз жылға жуық уақытты құрайды. «Құрмет» орденімен марапатталған.

### Біліктілігі мен тәжірибесі:

2014 жылдан бері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару жөніндегі бас директоры

2008-2014 – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры

2006-2008 – «Самұрық» Холдингі АҚ көлік активтерін басқару жөніндегі директоры

2004-2006 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Қатынас жолдары комитетінің төрағасы

2003-2004 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар вице-министрі

1998-2003 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі департаментінің директоры

1997-1998 – «Қазақстан темір жолы» РМК Ақмола темір жолының басшысы

1997 – Ақмола теміржолы басшысының орынбасары, Павлодар теміржолы бөлімінің басшысы

1996-1997 – Тың теміржолының Павлодар бөлімшесі басшысының бірінші орынбасары

1990-1996 – Павлодар станциясының басшысы, Павлодар қ.

1989-1990 – Тың теміржолының Павлодар бөлімшесінің тасымалдау бөлімі басшысының орынбасары

1988-1989 – Павлодар-Солтүстік ст. Бас инженері, Павлодар қ.

1986-1988 – Екібастұз ст. инженер-технологы, Тың темір жолы Екібастұз ст. кезекшісі

### Директорлар кеңесінің мүшелері

## ОРАЗБЕКОВ МАРАТ ЖАҢАБЕРГЕНҰЛЫ

Оразбеков М.Ж. Қазақстан Республикасының көлік саласында отыз жылға жуық уақыт бойы табысты еңбек етіп келеді. Қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару жөніндегі бас директорының орынбасары лауазымында қызмет атқаруда. 2008-2014 жылдар аралығында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» көлік активтерін басқару жөніндегі директоры болып қызмет етті. Оған дейін 14 жыл бойы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде басшылық қызметтерді атқарды. Өз кәсіби еңбек жолын теміржол саласында бастады.

### Біліктілігі мен тәжірибесі:

2014 жылдан бері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару жөніндегі бас директорының орынбасары

2006-2008 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс жолдары комитетінің төрағасы

2005-2006 – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Теміржол көлігі комитеті төрағасының орынбасары

2004-2005 – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол көлігі департаментінің директоры

1997-2003 – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол көлігі департаменті директорының орынбасары

1994-1997 – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол департаментінің бөлім басшысы, басқарма басшысы

1991-1994 – Арыс локомивтік депосының бас инженері

1989-1991 – Арыс қалалық Халық депутаттары кеңесінің аға референті

1986-1989 – Алматы теміржолының Арыс локомотивтік депосының ұстасы, аға ұстасы, бас технологы

## НАЙДЖЕЛ БРЭДЛИ

Найджел Брэдли 2001 жылдан бері Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Ол сондай-ақ Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі және Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттерінің мүшесі болып табылады. Қазіргі таңда ол «Бағдарламалар және клиенттерді қолдау» бөлімшесінің (BAE Systems) коммерция және сатып алу жөніндегі директор қызметін атқарады; Коммерциялық мәселелер кеңесі және Сатып алулар кеңесінің төрағасы (BAE Systems). Бұрын BAE Systems компаниясында әртүрлі басшылық қызметтер атқарған, заң практикасында үлкен тәжірибе жинақтаған.

### Біліктілігі мен тәжірибесі:

2007-2009 – «Ұлыбритания және өзге елдер» тобының коммерция жөніндегі директоры, BAE Systems

2002-2007 – «Клиенттерді қолдау және оларға арналған шешімдер» тобының коммерция жөніндегі директоры, BAE Systems

2000-2002 – «Халықаралық бағдарламалар» бөлімшесінің коммерция жөніндегі директоры, BAE Systems

1995-2000 – British Aerospace Military Aircraft заң департаментінің директоры

1990-1995 – British Aerospace Military Aircraft заң мәселелері жөніндегі кеңесші

1989-1990 – Kellogg's заң мәселелері жөніндегі аға кеңесші

1987-1989 – Costain Group коммерциялық мәселелер жөніндегі заңгер-кеңесші

1981-1987 – адвокаттық қызмет

## ДЭВИД КОУЛ

Дэвид Коул BAE Systems компаниясында 25 жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келеді. Ол дипломды есепші (ACMA) болып табылады және қазіргі таңда BAE Systems компаниясындағы Пайдалану жөніндегі халықаралық топтың қаржы директоры болып қызмет атқаруда. Бұрын BAE Systems (Ұлыбритания) компаниясының қаржы саласында, соның ішінде компанияның жер, теңіз және әуе салаларындағы бағыттарында бірқатар аға қызметтерді атқарған. Дэвид BAE Systems Директорлар кеңесінің зейнетақымен қамсыздандыру және MBDA (зымыран технологияларының өндірісі жөніндегі еуропалық компания) мәселелері жөніндегі мүшесі болып табылады.

Давид Коул 1987 жылы Саутгемптон Солент университетінде бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіби оқуын аяқтап, диплом және CIMA біліктілігіне ие болып, еңбек жолын Суррей графтығының Адлстоун қаласындағы Plessey Naval Systems компаниясында есепші ретінде бастаған.

### Біліктілігі мен тәжірибесі:

2012-2014 – Пайдалану жөніндегі халықаралық топтың қаржы директоры, BAE Systems

2008-2011 – Әскери авиация мен ақпараттық сектордың қаржы директоры, BAE Systems

2004-2007 – Сүңгуір қайықтар өндіру бөлімінің қаржы және коммерциялық директоры, BAE Systems

2000-2003 – Теңіз өндірісі бөлімінің қаржы директоры, BAE Systems

1998-1999 – Vickers Shipbuilding and Engineering Ltd кеме жасау компаниясының қаржы директоры

1995-1997 – GEC Marconi Astute Class Ltd компаниясының қаржы директоры

## ЛАРИОНОВ ДМИТРИЙ ВЛАДИМИРОВИЧ

### ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

Ларионов Д.В. 2008 жылдан бері Қоғамның тәуелсіз директоры болып табылады. Ол Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасы, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы және Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің мүшесі болып табылады. Қазіргі уақытта «BDO Қазақстанаудит» ЖШС халықаралық байланыстар бойынша серіктесі, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы жетекші сарапшы болып табылады.

### Біліктілігі мен тәжірибесі:

2013 жылдан бастап қазіргі күнге дейін – «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық Компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры

2009 жылдан бастап қазіргі күнге дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі Консультативтік кеңесінің мүшесі

2008 жылдан қазіргі күнге дейін – «Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің мүшесі

2008-2010 – Дамушы ұлттар жөніндегі комитет мүшесі, Халықаралық есепшілер федерациясы

2003-2010 – Қазақстан Республикасының Кәсіби есепшілер мен аудиторлар палатасы төрағасының орынбасары, Кеңес мүшесі

2004-2005 – Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөніндегі жергілікті сарапшы, Қаржы секторын дамыту жобасы, Азия Даму Банкі

2001-2004 – Бухгалтерлік есепті оқыту жөніндегі аға сарапшы, Бухгалтерлік есеп реформасы жөніндегі департамент, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ЮСАИД жобасы (EDP/USAID), Прагма корпорациясы

1999-2001 – Бухгалтерлік есеп пен қаржы жөніндегі оқытушы, Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ)

2013 - Сертификатталған директор (Cert IoD), Ұлыбритания Директорлар институты

2013 – Корпоративтік басқару жөніндегі сертификатталған директор (CCGD), Қазақстанның тәуелсіз директорлар қауымдастығы

## ЛОРД ТОМАС АЛЕКСАНДР ХЕСКЕТ

### ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

Лорд Томас Александр Хескет 2007 жылдан бері Қоғамның тәуелсіз директоры, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің төрағасы және Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі болып табылады. Лорд Хескет мемлекеттік қызметте және халықаралық бизнес саласында ұзақ жылдар бойы табысты еңбек етті. 1997 жылы Лорд Хескетке «Британ Империясы ордені иегері» марапаты табысталды.

### Біліктілігі мен тәжірибесі:

1993-2010 – Төрағаның атқарушы емес орынбасары, Babcock International

1994-2007 – British Mediterranean Airways әуекомпаниясының төрағасы

2004-2005 – Ұлыбритания консервативтік партиясының қазынашысы

1991-1993 – Парламенттің Лордтар палатасының бас партиялық ұйымдастырушысы, Ұлыбританияның Жасырын кеңесінің мүшесі

1991-1993 – Патшайымның құрметті қарауылының капитаны

1990-1991 – Индустрия министрі, Сауда және индустрия департаменті

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Директорлар кеңесінің құзыретіне қоса алғанда, бірақ шектелмей, келесі өкілеттіктер жатады:

- Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ Қоғам дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын алдын ала мақұлдау және оны акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге шығару

- Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту

- Заңнама және (немесе) Жарғы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылдануы тиіс мәселелерді Акционерлердің жалпы жиналысына қарауға және шешім қабылдауға ұсыну

- Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, соның ішінде Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында президентпен қабылданатын құжаттардан басқа, Қоғамның құнды қағаздарына қол қоюы және аукциондарды өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжатты бекіту

- Заңнамамен және Жарғымен орнатылған тәртіпте ірі мәмілелер жасасу жөнінде шешімдер қабылдау

- Қоғам тіркеушісін таңдау және бұрынғы тіркеушімен шартты бұзу туралы шешім қабылдау

- Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, президент ұсынысымен ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысының мөлшері мен оны төлеу шарттарын анықтау; Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымымен, Президент ұсыныстарын есепке ала отырып, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне сыйлықақы беру, сондай-ақ ішкі аудит қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту

- Орта мерзімді және қысқа мерзімді бизнес-жоспарларды (даму жоспары мен жылдық бюджетті) және оған енгізілетін кейбір өзгерістерді, соның ішінде бекітілген бизнес-жоспарларда ескерілмеген капиталды

жұмсауды, алдын ала мақұлдау және Акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге шығару

## Директорлар кеңесімен 2014 жылы қарастырылған мәселелер

2014 жылы Директорлар кеңесінің жалпы 15 отырысы, соның ішінде 4-і бетпе-бет болды, оларда келесі негізгі бағыттар бойынша шешімдер қаралып, қабылданды:

**Стратегиялық даму**

- Қоғамның стратегиясы мен ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы жөніндегі есеп

- Қоғамның ірі инвестициялық жобаларының жүзеге асырылуы жөніндегі есеп. «Боинг-787» әуе кемелерінің жеткізілу уақытын 2017 жылдан 2019 жылға көшіру жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның 2015-2019 жж. арналған бизнес-жоспарын (даму жоспарын) алдын ала мақұлдау.

**Қаржылық-шаруашылық қызмет**

- Қоғам Президентінің Қоғамның 2013 жылдағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері жөніндегі жыл сайынғы есебі

- Қоғам Президентінің Қоғамның 2014 жылдың екі айындағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асырылуы) жөніндегі есебі

- Қоғам Президентінің Қоғамның 2014 жылдың сегіз айындағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асырылуы) жөніндегі есебіі

- Қоғам Президентінің Қоғамның 2014 жылдың он айындағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асырылуы) жөніндегі есебі

- Қоғамның соңғы 12 айдағы операциялық қауіпсіздігіне шолу жасау (2013 жылдың 31 желтоқсанындағы). Ұшулар қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау жүргізумен байланысты ағымдағы жағдай жөніндегі баяндама (Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің шешімі және ИКАО аудиті)

- Қоғамның соңғы 12 айдағы операциялық қауіпсіздігіне шолу жасау (2014 жылдың 31 наурызындағы). Ұшулар қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау жүргізумен байланысты ағымдағы жағдай жөніндегі баяндама (Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің шешімі және ИКАО аудиті)

- Қоғамның соңғы 12 айдағы операциялық қауіпсіздігіне шолу жасау (2014 жылдың 30 қыркүйегіндегі). Ұшулар қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау жүргізумен байланысты ағымдағы жағдай жөніндегі баяндама (Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің шешімі және ИКАО аудиті)

- Қоғамның соңғы 12 айдағы операциялық қауіпсіздігіне шолу жасау (2014 жылдың 31 қазанындағы). Ұшулар қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау жүргізумен байланысты ағымдағы жағдай жөніндегі баяндама (Еуропалық Одақтың Ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі комитетінің шешімі және ИКАО аудиті)

- Қоғамның «HSBC Банк Казахстан» ЕБ АҚ-мен жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ долларынан асатын өтелмеген құжаттандырылған аккредитив шығару бойынша мәміле жасасуын алдын ала бекіту

- Қоғамның «RBS (Kazakhstan)» ЕБ АҚ-мен жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ долларынан асатын өтелмеген құжаттандырылған аккредитив шығару бойынша мәміле жасасуын алдын ала бекіту

- Қоғамның Taikoo (Xiamen) Aircraft Engineering Co. Ltd. компаниясымен Airbus A-320 тобындағы және Boeing 757 типіндегі әуе кемелеріне D-чек және C-чек формалары бойынша техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді сатып алу жөнінде ірі мәміле жасасуы жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның AJ Walter Aviation Limited компаниясымен Airbus A320 тобындағы және Boeing 767 мен Boeing 757 типіндегі әуе кемелері үшін компоненттер мен қосалқы бөлшектер лизингі қызметтерін және қосалқы бөлшектер қорына қол жеткізуді сатып алу бойынша ірі мәміле жасасуы жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның «Petrosun» ЖШС, Kuwait Petroleum International Aviation Co Ltd, Air BP Limited, ADNOC Distribution, Chevron Products Company, Petrol Ofisi A.S., China National Aviation Fuel Supply Co. ltd, «ТЗК Шереметьево» ЖАҚ, «Триумф 2003» ЖШС мен «Астана Петролеум Ойл» ЖШС-мен әуе жанармайын сатып алу бойынша ірі мәмілелер жасасуы жөнінде шешім қабылдау. Қоғамның ірі мәмілелер жасасуына байланысты Қоғам

міндеттемелерін 5 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде алдын ала шешімдер қабылдау

- Қоғамның Баку қаласындағы (Әзірбайжан Республикасы) өкілдігі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту

- Қоғамның қазынашылық қоржынының негізгі параметрлерін бекіту

- Қоғамның 2013 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту

- Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2013 жылғы таза кірісін үлестіру тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы 2013 жылғы дивиденд мөлшері жөнінде жасалған ұсыныстар

- Қоғамның Сатып алуларды іске асыру регламентін бекіту

- Қоғамның әуе кемелерінің техникалық жағдайын сақтауға қажетті тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді, сондай-ақ шет мемлекет аумағында жеткізілетін, тұтынылатын және пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуларды бір көзден жүзеге асыру тәртібі жөніндегі Нұсқауды бекіту

- Қоғамның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен Қоғамға 1 000 000 АҚШ долларынан астам сомаға несиелік желі беру жөніндегі келісімді ұзарту және 1 000 000 АҚШ долларынан асатын сомадағы ақшаны кепілге қою жөнінде шарт жасасуы бойынша өзара байланысқан ірі мәмілелер жасасуы жөнінде шешім қабылдау. Қоғамның өзара байланысқан ірі мәмілелер жасасуына байланысты, Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталынан 10 және одан артық пайыз құрайтын сомаға арттыру жөнінде алдын ала шешім қабылдау.

- Барселона қ. (Испания), Ираклион қ. (Грекия) және Париж қ. (Франция) Қоғамның Қазақстан сыртында орындайытн ұшуларының жаңа пункттері ретінде мақұлдау

- Қоғам басшылығының «Эрбас-А321» типіндегі екі әуе кемесінің операциялық лизингі бойынша келісімшарттарын ұзарту жөніндегі ұсынысы

- Қоғамның Airbus A321 типіндегі бір әуе кемесінің операциялық лизингі келісімін ұзарту бойынша ірі мәміле жасасуы жөнінде шешім қабылдау. Қоғамның ірі мәміле жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін 5 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде алдын ала шешім қабылдау

- Қоғам басшылығының «Эрбас-А321» типіндегі екі әуе кемесінің операциялық лизингі шарттарын ұзарту жөніндегі ұсынысының бірінші мәселесі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылдың 01 тамызындағы шешіміне толықтыру енгізу жөнінде

- Қоғамның Parc Aviation Limited, Sigma Aviation Services LTD және Direct Personnel International B.V. компанияларымен 2014-2017 жж. олардың тәжірибелі білікті ұшқыштарды (әуе кемелерінің командирлері мен халықаралық рейтингке ие екінші ұшқыштар), нұсқаушы-емтихан қабылдаушыларды, желілік нұсқаушыларды бағалау, іріктеу және басқару бойынша қызметтер көрсетуі жөнінде мәмілелер жасасуы жөнінде шешімдер қабылдау. Қоғамның ірі мәмілелер жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін 5 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде алдын ала шешімдер қабылдау

- Қоғамның 2015 жылға арналған жылдық бюджетін алдын ала мақұлдау

- Қоғамның AMECO Beijing компаниясымен 2014-2018 жж. Боинг 757 әуе кемелерінің RB211 сериялы қозғалтқыштарын ағымдағы және күрделі жөндеуден өткізу бойынша қызметтер ұсыну жөнінде ірі мәміле жасасуы жөнінде шешім қабылдау. Қоғамның өзара байланысқан ірі мәміле жасасуына байланысты, Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталынан 10 және одан артық пайыз құрайтын сомаға арттыру жөнінде алдын ала шешім қабылдау

- Қазақстан Республикасының банктерінде орналастырылған ақшалай қаражаттарды әртараптандыру лимитінен асып түсу мәселесін және 2014 жылдың 30 қыркүйегіндегі Қоғам депозиттерінің орналастырылу мәртебесі жөніндегі есепті қарау

- Қоғамның сатып алуларды іске асыру регламентіне енгізілетін өзгерістерді бекіту

- Қоғамның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен өтелмеген аккредитивтер шығару бойынша ірі мәміле жасасуы жөнінде шешім қабылдау. Қоғамның ірі мәміле жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталынан 10 және одан артық пайыз құрайтын сомаға арттыру жөнінде алдын ала шешім қабылдау.

- Іссапарларға жіберілетін Қоғам жұмыскерлеріне шығыстардың орнын толтыру тәртібі мен шарттарын, қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілігінің нормативтері мен Қоғамның әкімшілік аппаратының орналасуына арналған алаң нормаларын, жұмыскерлерге мобильді байланыс

құқығы берілгенде Қоғам қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимиттері мен өкілдік шығыстардың лимиттерін жыл сайынғы бекіту

- Қоғам басшылығының «Эрбас-А319» типіндегі бір әуе кемесінің операциялық лизингі шартын ұзарту жөніндегі ұсынысы

- Қоғамның International Lease Finance Corporation компаниясымен «Эрбас-А319» типіндегі бір әуе кемесінің операциялық лизингі шартын ұзарту бойынша мәміле жасасуы жөнінде шешім қабылдау

- Қоғамның «Эрбас-А319» типіндегі бір әуе кемесінің операциялық лизингі шартын ұзарту бойынша мәміле жасасуына байланысты Қоғам міндеттемелерін 5 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға арттыру жөнінде алдын ала шешім қабылдау

- Қоғамның бір «Эмбраер-190-100LR» әуе кемесі мен бір «Эрбас-А320-200» әуе кемесінің лизингі шартына өзгерістер енгізу және тараптарды алмастыру жөнінде келісімдер жасасуы жөнінде шешім қабылдау

- Қоғам Президентінің Bank of China, Natixis (Франция) банк топтарында, Barclays, «Ресей Жинақ банкі» ААҚ (Ресей) және «Альфа-Банк» ЕБ АҚ (Қазақстан) банк топтарында банк шоттарын ашу жөніндегі шешімін бекіту

### Ішкі бақылау және аудит

- Аудиторлық ұйым қызметтеріне жасалатын төлем мөлшерін анықтау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2013 жылғы жұмысы жөніндегі жылдық есебі

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жеткешісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2013 жылдың 2-ші жартыжылдығына арналған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу күйі жөніндегі есебі

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын 2013 жылдың 4-ші тоқсанының қорытындылары бойынша бағалау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына енгізілетін өзгерістерді бекіту

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне жасаған шолуының нәтижелері жөніндегі есеп

- Қоғамның сыртқы аудиторы «Делойт» ЖШС-нен ілеспе қызметтер алуға қатысты ақпарат

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 1-ші жартыжылдығына арналған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі жөніндегі есебі

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 1-ші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебі

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есебі

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын 2014 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындылары бойынша бағалау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жекелеген мәселелері

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені алдын ала бекіту

- PricewaterhouseCoopers компаниясын Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне диагностика өткізетін сыртқы кеңесші ретінде бекіту

- Қоғамның корпоративтік жүйесіне 2013 жыл және 2014 жылдың 5 айы бойынша PWC компаниясы өткізген диагностика нәтижелері жөніндегі есепті қарау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 2-ші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебі

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын 2014 жылдың 2-ші тоқсанының қорытындылары бойынша бағалау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға арналған бюджетін бекіту

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 3-ші тоқсанына арналған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі жөніндегі есепті қарау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 3-ші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есепті қарау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын 2014 жылдың 3-ші тоқсанының қорытындылары бойынша бағалау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің жұмысының негізгі көрсеткіштерінің жаңартылған картасын бекіту

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2015-2017 жж. арналған Стратегиялық жоспарын бекіту

**Тәуекелдерді басқару**

- 2014 жылдың 1-ші жартыжылдығы бойынша (2014 жылдың 30 маусымына дейінгі кезең) Қоғамның жаңартылған Тәуекелдер картасы мен Негізгі тәуекелдер тіркелімін қарастыру

- 2014 жылдың 2-ші жартыжылдығы бойынша Қоғамның жаңартылған Тәуекелдер тіркелімін, Негізгі тәуекелдер тіркелімін және Тәуекелдер картасын бекіту. Қоғамның тәуекел-тәбетін бекіту. Қоғамның іске асқан тәуекелдері жөніндегі есепті қарау.

- Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын жаңа редакцияда қарау

- Қоғамның тәуекелдерді басқаруының корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесін жаңа редакцияда бекіту

**Басқару және сыйақылау**

- Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі, стратегиялық жоспарлау жөніндегі және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттерінің құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін анықтау жөнінде алдын ала шешім қабылдау

- Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі, стратегиялық жоспарлау жөніндегі және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттері туралы ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала бекіту

- Қоғамның Ішкі аудит қызметкерлеріне төленетін сыйақы мөлшерін қайта қарау

- Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғам Президентіне 2013 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жылдық сыйлықақылық сыйақы төлеуге қатысты ұсыныстар жасау

- 2013 жыл бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерінің қызметі жөніндегі есеп

- Қоғам Президентімен арадағы еңбек шартына енгізілетін өзгерістерді бекіту

- Қоғам жұмыскерлеріне 2014 жыл үшін сыйлықақылық сыйақы төлеу жөніндегі мәселені қарастыру

- 2014 жылдың қаңтар-қараша аралығындағы кезеңде Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалу мәртебесі жөніндегі есепті қарау

- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылға арналған жұмыс жоспары мен отырыстар графигін бекіту

- Сыйақылануы Қоғамның директорлар кеңесімен анықталатын Қоғам жұмыскерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін 2015 жыл үшін жыл сайынғы қайта қарау және еңбекақыны бекіту жөніндегі ұсыныстар

- Қоғам Президентіне берілетін сыйақы мен өтемақы мөлшері мен олардың төлену шарттарын қайта қарау

- Еңбекақы төлеу мен еңбекті ынталандыру жүйесін және Қоғам жұмыскерлерінің еңбекақысын төлеу схемасын жыл сайынғы бекіту

## Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу өлшемдері

Директорлар кеңесіне үміткерлер мен оның мүшелері үшін Қоғаммен келесі өлшемдер бекітілген:

- Директорлар кеңесінің мүшелерінде және мүше болуға үміткерлерде кез келген азаматтық және (немесе) бодандық болуы мүмкін

- Директор лауазымына үміткерлер Қоғам және акционерлер мүддfestлерінде жалпы Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға және өз міндеттерін тиімді орындауға қажет тиісті еңбек тәжірибесіне, білім мен біліктілікке, оңды жетістіктер мен іскерлік және салалық ортада мінсіз беделге ие болуы қажет.

- Директорлар кеңесіне үміткерлер мен оның мүшелері үшін Қоғаммен келесі өлшемдер бекітілген:

- Соттылығы өтелмеген немесе заңмен белгіленген тәртіп бойынша алынбаған

- Белгіленген тәртіп бойынша банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны тоқтатып қоюына немесе мәжбүрлі түрде тарату не акцияларды мәжбүрлі түрде сатып алу туралы шешім қабылдағаннан бір жылдан аспайтын уақыт бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшы орынбасары, бас есепшісі болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіп бойынша банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату не акцияларды мәжбүрлі түрде сатып алу немесе басқа заңды тұлғаны тоқтатып қою туралы шешімді қабылдау күнінен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

- «Эйр Астана» АҚ тәуелсіз директоры қызметіне үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары мыналардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес тәуелсіз директор мәртебесіне сәйкестігі: тәуелсіз директор – акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы емес және оны директорлар кеңесіне сайлауға дейін үш жыл бұрын болмаған (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы акционерлік қоғамның немесе оның үлестес тұлғалары болып келетін ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен бағыныштылық байланыста емес; мемлекеттік қызметкер емес; осы акционерлік қоғамның аудиторы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайлануға дейінгі үш жыл ішінде аудиторы болмаған; осы акционерлік қоғамның аудитына аудиторлық ұйым құрамында қызмет ететін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайлануға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған болуы керек.

- Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін салада жоғары білімінің болуына басымдық беріледі

- Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес салада бес жылдан кем емес уақыт бойы басшылық қызметте тәжірибесінің болуы

## Қоғамның Директорлар кеңесі және атқарушы орган мүшелерінің сыйақысы

Қоғам акционерлері атынан тағайындалған Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді. Сыйақы Қоғамның тәуелсіз директорларына төленеді, сонымен бірге сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің ұсынымымен және Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсыныстарымен анықталады. Атқарушы органның сыйақы мөлшері де акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет тарапынан әзірлеген ұсынымдарымен анықталады.

Қоғамның тәуелсіз директорлары мен атқарушы органына олардың 2014 жылғы жұмыстарының нәтижесі бойынша төленген сыйақының жалпы мөлшері, салықты есептегенде, 46 504 мың теңгені құрады.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Қоғамның директорлар кеңесінің жанында оның функцияларының тиімді орындалуына жәрдемдесу және оның құзыретіне жататын мәселелерді тереңінен пысықтау мақсатында құрылған төрт Комитет жұмыс жасайды: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет, Аудит жөніндегі комитет және Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет.

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін тиімді орындауға әрекеттесу және Директорлар кеңесіне стратегиялық даму мәселелері бойынша ұсыныстар жасақтау мақсатымен құрылған. Комитет 2012 жылдың қазан айында құрылған.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы:

- Төрағасы: Ларионов Дмитрий Владимирович (тәуелсіз директор)
- Мүшелері: Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы, Найджел Брэдли

## Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құзыреті

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет құзыретіне, соның ішінде, келесі мәселелер жатады:

- Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын анықтау бойынша ұсынымдар дайындау
- Директорлар кеңесіне Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын алдын ала мақұлдау бойынша, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар дайындау
- Қоғам басшылығының Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясы мен орта мерзімді бизнес-жоспардың (даму жоспарының) іске асырылуы және қызметтің стратегиялық шешуші көрсеткіштерінің көзделген мәндеріне қол жеткізілгені туралы есебін қарау
- Директорлар кеңесіне корпоративтік басқару жөніндегі ұсынымдарды дайындау
- Экономикалық, саяси, әлеуметтік және бәсекелестік ортадағы өзгерістерді ескере отырып, Директорлар кеңесіне Қоғамның даму стратегиясын қайта қарау бойынша ұсынымдар дайындау
- Директорлар кеңесіне ұзақ мерзімге Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру және Қоғамның әуе тасымалы нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсынымдар дайындау

## Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 2014 жылы қарастырған мәселелері:

- Қоғам басшылығының Қоғамның 2013 жылдағы қаржылық-шаруашылық қызметінің алдын ала алынған нәтижелері жөніндегі есебін қарау
- Қоғам басшылығының Қоғамның стратегиясы мен ірі инвестициялық жобаларының жүзеге асырылуы жөніндегі есебін қарау
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне жасаған шолуының нәтижелері жөніндегі есепті қарау
- Қоғам Президентінің Қоғамның 2013 жылдағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері жөніндегі жыл сайынғы есебін қарау
- Қоғам Президентінің Қоғамның 2014 жылдың 2 айындағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асырылуы) жөніндегі есебін қарау
- Қоғамның ірі инвестициялық жобаларының жүзеге асырылуы жөніндегі есепті қарау
- Қоғамның 2013 жылғы таза кірісті бөлу реті мен бір қарапайым акцияға шаққандағы 2013 жылғы дивиденд мөлшері жөніндегі Қоғам басшылығының ұсыныстарын қарастыру
- Қоғамның 2013 жылғы таза кірісін бөлу реті мен Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы 2013 жылғы дивиденд мөлшеріне қатысты ұсынымдар
- Қоғамның 2014 жылдың 8 айындағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының жүзеге асырылуы) жөніндегі есепті қарастыру

- Қоғамның ірі инвестициялық жобаларының жүзеге асырылуы жөніндегі есепті қарастыру

- Қоғамның 2015 жылға арналған жылдық бюджетін қарастыру

- Қоғамның 2015-2019 жж. арналған бизнес-жоспарын (даму жоспарын) қарастыру.

- 2013 жыл мен 2014 жылдың 5 айы бойынша Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне PWC компаниясы өткізген диагностика нәтижелері жөніндегі есепті қарастыру

- Қоғамның 2014 жылдың 10 айындағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асырылуы) жөніндегі есепті қарастыру

- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 2015 жылға арналған жыл сайынғы жоспарын бекіту

- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылға арналған жұмыс жоспары мен отырыстар кестесін қарастыру

# ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің, атқарушы органның, ішкі аудит қызметі басшысының, корпоративтік хатшы мен Қоғамның өзге де жұмысшыларынының құрамына Директорлар кеңесімен/Қоғамның акционерлерімен тағайындалатын немесе тағайындаулары келісілетін білікті мамандарды тарту бойынша ұсынымдарды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне, көрсетілген жұмыскерлерге және лауазымды тұлғаларға сыйақы беру мәселелері бойынша ұсынымдар жасақтайды.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет 2012 жылдың қазанында Тағайындаулар жөніндегі комитет пен Сыйақылар жөніндегі комитеттің бірігуі арқылы құрылған.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы:

- Төрағасы: Ларионов Дмитрий Владимирович (тәуелсіз директор)

- Мүшелері: Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы, Найджел Брэдли

## Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құзыреті

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің құзыретіне, соның ішінде, келесі мәселелер жатады:

- Тәуелсіз директор, атқарушы орган, корпоративтік хатшы, Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмысшыларының лауазымына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын дайындау

- Тәуелсіз директор, атқарушы орган, Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы, Қоғамның корпоративтік хатшысы лауазымына үміткерлерді сайлау немесе тағайындау бойынша ұсынымдар

- Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің, атқарушы органның, ішкі аудит қызметі жетекшісі мен корпоративтік хатшының сабақтастығын жоспарлау саясатын жасақтау

- Сыйақы берілуі Директорлар кеңесі/акционерлермен келісілетін, Директорлар кеңесінің мүшелері мен атқарушы орган, ішкі аудит қызметінің жетекшісі, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлеріне сыйақы тағайындау саясаты мен құрылымы бойынша ұсынымдар

- Сыйақы берілуі Директорлар кеңесі/акционерлермен келісілетін, Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы орган, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлеріне жылдық негізде жекелей сыйақы белгілеу бойынша ұсынымдар жасау

- Сыйақы берілуі Директорлар кеңесі/акционерлермен келісілетін, Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы орган, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін өзгерту бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізу

- Сыйақы берілуі Директорлар кеңесі/акционерлермен келісілетін Қоғам қызметкерлеріне жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеу мәселесін қарастыру

- Сыйақы берілуі Директорлар кеңесі/акционерлермен келісілетін Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы орган, ішкі аудит қызметінің басшысы, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлерін сыйақылау деңгейі мен саясатына салыстырмалы талдау жүргізу

## Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2014 жылы қарастырған мәселелері:

- Қоғам Президентіне 2013 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша жылдық сыйлықақылық сыйақы төлеуге қатысты ұсынымдар
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін қайта карауға қатысты ұсынымдар
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ішкі аудиторының өкілеттіктерін тоқтатуға қатысты ұсынымдар
- Қоғам жұмыскерлеріне 2014 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйлықақылық сыйақы төлеуге қатысты ұсынымдар
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2015 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту
- Қоғамның Еңбекақы жүйесі жөніндегі ережені алдын ала мақұлдау
- Сыйақылануы Директорлар кеңесімен анықталатын Қоғам жұмыскерлеріне 2015 жылғы сыйақы мөлшерін өзгерту және еңбекақыны бекіту жөніндегі ұсыныстар
- Қоғамның Директорлар кеңесіне үміткерлерге және Қоғамның тәуелсіз директорларына берілетін сыйақылар мен өтемақылар мөлшері мен оларды төлеу шарттарына қатысты ұсынымдар

# АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өзіне Директорлар кеңесімен берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді. Оның жұмысы Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын, ішкі және сыртқы аудиттердің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үдерістерін бақылау бойынша Директорлар кеңесіне әрекеттесуге бағытталған. Аудит жөніндегі Комитет 2008 жылдың наурызында құрылды.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы:

- Төрағасы: Ларионов Дмитрий Владимирович (тәуелсіз директор)
- Мүшесі: Лорд Томас Александр Хескет (тәуелсіз директор)

## Аудит жөніндегі комитеттің құзыреті

Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне, соның ішінде, келесі мәселелер жатады:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды тағайындау және ауыстыру бойынша, сыртқы аудиторға жасалатын төлем мөлшерін анықтау бойынша, сыртқы аудитор қызметтерін бағалау бойынша, сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алу бойынша ұсынымдар жасақтау
- Қоғамның Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің жетекшісін тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсынымдар жасақтау
- Қоғам басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулер өткізу
- Комитет қарамағындағы мәселелер бойынша кез келген тергеулер жүргізу

## Аудит жөніндегі комитеттің 2014 жылы қарастырған мәселелері:

**Қаржылық есептілік**

- Қоғамның сыртқы аудиторының Қоғамның 2013 жылғы қаржылық есептілігіне аудиттің өткізілу мәртебесі жөніндегі ақпараты
- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның 2013 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдауға қатысты ұсынымдар жасау

- Қоғам басшылығына сыртқы аудитордың Қоғамның 2013 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне жүргізілетін аудит қорытындылары бойынша жазған хатын қарастыру

- Қоғамның сыртқы аудиторының Қоғамның 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған 6 айдағы сығымдалған аралық қаржылық есептілігіне жасалған шолу нәтижелері жөніндегі ақпараты

- Қоғамның сыртқы аудиторының Қоғамның 2014 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне жүргізілетін аудит мәртебесі жөніндегі ақпараты

**Ішкі аудит**

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2013 жылғы жұмысы жөніндегі жылдық есебін тыңдау

- Қоғамның ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2013 жылдың 2-ші жарты жылдығына арналған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі жөніндегі есебін тыңдау

- 2013 жылдың 4-ші тоқсанының қорытындылары бойынша Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына өзгеріс енгізілуін алдын ала бекіту

- Қоғамның ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 1-ші жарты жылдығына арналған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі жөніндегі есебін тыңдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 1-ші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебін тыңдау

- 2014 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындылары бойынша Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне берілетін сыйақы мөлшерін қайта қарау жөнінде ұсынымдар жасау

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ішкі аудиторының өкілеттіктерін тоқтатуға қатысты ұсынымдар жасау

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына енгізілетін өзгерістерді бекітуге қатысты ұсынымдар жасау

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені алдын ала бекітуге қатысты ұсынымдар жасау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есебін тыңдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 1-ші тоқсанына арналған стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі жөніндегі есебін тыңдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 2-ші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебін тыңдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын 2014 жылдың 2-ші тоқсанының қорытындылары бойынша бағалау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметі шығарған, бірақ Қоғам басшылығымен қабылданбаған ұсынымдар жөніндегі есебін тыңдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметі штатындағы өзгерістер жөніндегі ұсынысы

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне 2014 жыл үшін сыйлықақылық сыйақы төлеуге қатысты ұсынымдар жасау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 3-ші тоқсанына арналған стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі жөніндегі есебін тыңдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 3-ші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебін тыңдау. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2014 жылдың 3-ші тоқсанында шығарған, бірақ Қоғам басшылығы тарапынан қабылдандбаған ұсынымдар жөніндегі есепті тыңдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын 2014 жылдың 3-ші тоқсанының қорытындылары бойынша бағалау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің және оның жетекшісінің қызметінің негізгі көрсеткіштерінің жаңартылған картасын алдын ала мақұлдау

- Қоғамның Ішкі Аудит қызметінің 2015 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2015-2017 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын алдын ала мақұлдау

- Қоғамның Ішкі аудит қызметі жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметі штатындағы өзгерістер бойынша жасаған ұсынымдары. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен жұмыскерлерінің 2015 жылғы еңбекақысының мөлшерін алдын ала мақұлдау

**Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару**

- 2014 жылдың 1-ші жарты жылдығы бойынша (2014 жылдың 30 маусымындағы) Қоғамның жаңартылған Тәуекелдер картасы мен Негізгі тәуекелдер тіркелімін алдын ала мақұлдау

- 2014 жылдың 2-ші жарты жылдығы бойынша Қоғамның жаңартылған Тәуекелдер тіркелімін, Негізгі тәуекелдер тіркелімін және Тәуекелдер картасын алдын ала мақұлдау. Қоғамның тәуекел-тәбетін қарастыру. Қоғамның іске асқан тәуекелдері жөніндегі есепті қарастыру.

- Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын жаңа редакцияда алдын ала мақұлдау

- Қоғамның тәуекелдерді басқаруының корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесін жаңа редакцияда алдын ала мақұлдау

**Өзге мәселелер**

- Қазақстандық теңгенің девальвациясы мәселесін талқылау

- PWC компаниясының Қоғамның корпоративтік жүйесіне 2013 жыл және 2014 жылдың бес айы бойынша жүргізген диагностикасының нәтижелері жөніндегі есеп жобасын қарастыру

- Қазақстан Республикасының банктерінде орналастырылған ақшалай қаражаттарды әртараптандыру лимитінен асып түсу мәселесін және 2014 жылдың 30 қыркүйегіндегі Қоғам депозиттерінің орналастырылу мәртебесі жөніндегі есепті қарау

- Соттық іс карауларының мәртебелері мен мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілген түрлі тексерістер мен инспекциялардың нәтижелері жөніндегі есепті тыңдау

- Аудит жөніндегі комитеттің 2015 жылға арналған жыл сайынғы Жұмыс жоспарын бекіту

# КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесі қызметтерінің тиімді орындалуына әрекеттесу және Директорлар кеңесіне еңбек қауіпсіздігін, денсаулық сақтауды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етумен байланысты әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсаттарында құрылған. Комитет 2012 жылдың қазан айында құрылған.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің құрамы:

- Төраға: Лорд Томас Александр Хескет (тәуелсіз директор)

- Мүшелері: Ларионов Дмитрий Владимирович (тәуелсіз директор), Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы

## Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің құзыреті

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын әзірлеуге және мақұлдауға, Қоғамның

корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясының іске асырылуын талдауға және бағалауға қатысты ұсынымдар беру;

- Қоғамның еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулықты сақтау, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатын және қызметін әзірлеу және қарау

- Қоғам қызметінің Қоғамда қабылданған еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулықты сақтау, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы заңнама мен ережелердің талаптарына сәйкестігін тексеру;

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның әлеуметтік және қайырымдылық саясатына қатысты ішкі құжаттарын бекіту бойынша ұсыныстар жасау;

- Корпоративтік жауапкершілік саласында елеулі тәуекелдерді және осы тәуекелдердің кері салдарын төмендету бойынша жоспарды қарау;

- Қоғамның Директорлар кеңесіне әлеуметтік есепті/Қоғамды тұрақты дамыту туралы есепті мақұлдау бойынша ұсынымдар жасау

## Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің 2014 жылы қарастырған мәселелері:

- Қоғамның 2013 жылғы қайырымдылық және әлеуметтік қызметі жөніндегі есепті қарау



# ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметінің миссиясы Директорлар кеңесі мен атқарушы органға төмендегі жүйелерді жетілдіруге бағытталған тәуелсіз әрі объективті кепілдіктер мен кеңестер беру арқылы олардың Қоғамның стратегиялық мақсаттарына жетуі жөніндегі міндеттерін орындауына қажетті көмегін тигізу болып табылады:

- тәуекелдерді басқару

- ішкі бақылау

- корпоративтік басқару

Қызмет функционалды тұрғыда Директорлар кеңесіне есеп беретін, Қоғамдағы ішкі аудиттің ұйымдастырылып, жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін Қоғам органы болып табылады. Қызмет жұмысына жетекшілік етуді Аудит жөніндегі комитет жүзеге асырады.

Қызмет жетекшісі – 2007 жылдың 7 желтоқсанында акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен тағайындалған Хегай Валентина Васильевна.

## Міндеттері мен функциялары

Қызмет, өзіне артылған міндеттерге сәйкес, бекітілген тәртіппен төмендегі функцияларды атқарады:

- Қоғамның корпоративтік басқару, операциялық (өндірістік және қаржылық) қызметі саласында және оның ақпараттық жүйелерінде төмендегілерге қатысты ішкі бақылау дұрыстығы мен тиімділігін бағалау:

  – Қоғамның стратегиялық мақсаттарына жетуі

  – Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі жөніндегі ақпараттың дұрыстығы мен тұтастығы

  – Қоғам қызметі мен қабылданған бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелілігі

  – Қоғам ресурстарын пайдаланудың және Қоғам мүлкінің (активтерінің) бүзылмай сақталушылығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын әдістердің (тәсілдердің) орындылығы мен тиімділігі

  – Құрылған бақылау жүйелерінің заңнама талаптарына, нормативтік актілерге, ішкі нормативтік құжаттарға, өкілетті және қадағалаушы органдардың нұсқауларына, Қоғам органдарының шешімдеріне сәйкестігі және олардың сақталуы (комплаенс-бақылау)

- Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің дұрыстығы мен тиімділігін бағалау

- Қоғамдағы корпоративтік басқару жүйесін бағалау

- Алаяқтықты іске асыру тәуекелі мен Қоғамдағы алаяқтық тәуекелдерін басқару тиімділігін бағалау[3]

- Тәуекелдерді бағалау әдістемесі мен Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың толығымен пайдаланылуы мен тиімділігін бағалау

- Қоғамдағы корпоративтік бақылау жүйесін, соның ішінде корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаттарының енгізілуі мен сақталуын, Қоғамдағы тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарды бағалау

- Қоғамның ақпараттық жүйелеріне аудит жүргізу

- Қазақстан Республикасының заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарының сақталуын, сондай-ақ өкілетті және қадағалаушы органдардың нұсқауларын, Қоғам органдарының шешімдерінің сақталуын тексеру және осы талаптардың сақталуы мақсатында құрылған жүйелерді бағалау

- Қоғам бөлімшелерінің Қоғамның стратегиялық мақсаттары шеңберінде алдарына қойған мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қолға алатын шараларының дұрыстығын бағалау

- Акционерлердің жалпы жиналысының стандарттарының талаптары мен шешімдері/ұсынымдарына сәйкес Қызмет жұмысын регламенттеуші ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу

- Директорлар кеңесіне, атқарушы органға, Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды жетілдіру, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес беру

- Жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалар өткізу

3 Бұл орайда алаяқтық фактілерін анықтап, оларға тергеу жүргізу Қызметтің негізгі функциясы емес. Қызмет жұмыскерлері алаяқтық фактілеріне тергеу жүргізуге кеңесшілер/бақылаушылар ретінде тартылуы мүмкін және олар тергеу нәтижелері бойынша басқарушылық шешімдердің қабылдануына жауапты емес.

- Қоғамның сыртқы аудитор ұсынымдарын орындауына мониторинг жүргізу

- Қызмет берген ұсынымдардың орындалуын әріқарай бақылауды іске асыру

- Кепілдіктер мен кеңестер беру бойынша қызметтер көрсететін Қоғамның өзге сыртқы және ішкі аудиторларымен ақпарат алмасу және жұмысты үйлестіру

- Қызметке оның құзіреті шеңберінде жүктелген басқа да функциялар

Өткізілген бағалаулар мен тексерістер нәтижелері бойынша Қызмет оның құзіреттілігіне кіретін кез келген мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар (соның ішінде әрекеттегі ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін, қызмет жүргізу үдерістері, қағидаттары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар) мен түсініктемелер әзірлейді.

# ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ




## ХЕГАЙ ВАЛЕНТИНА ВАСИЛЬЕВНА

Аудит және бухгалтерлік есеп саласында 20 жылдан астам тәжірибе жинақтаған Валентина әуекомпанияға 2006 жылы келді. Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген, экономикалық ғылымдар кандидаты болып табылады. Түрлі компанияларда бас есепші және қаржы директоры қызметтерін атқарды. 1996 жылдан аудиторлық қызметпен айналыса бастады. «Эйр Астана»-ға келгенге дейін КПМГ аудиторлық компаниясында жұмыс істеді. 2002 жылдан бері лицензияланған аудитор және Қазақстан Аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады. CAP және CIPA сертификаттарына ие.



# КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшы лауазымы 2007 жылдың 6 желтоқсанында Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілді. Корпоративтік хатшы Қоғам органдары арасындағы өзара әрекеттесудің айқындығын, Қоғам органдарының заңнамалық және корпоративтік талаптарды орындауын қамтамасыз етеді. Корпоративтік хатшы акционерлердің жүгінулерін Қоғамның тиісті органдары тарапынан дұрыстап қаралуын және акционерлердің құқықтарының бұзылуымен байланысты жанжалдардың шешілуін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшының міндеттеріне Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің шеңберінде, атқарушы орган мен Директорлар кеңесі арасында бірқалыпты ақпарат ағынын және директорларды қызметіне кірістіру барысында көмек көрсетуді қамтамасыз ету кіреді. Корпоративтік хатшы лауазымына тағайындау және босату Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

## КОНДАЧКОВА ЕЛЕНА ВИКТОРОВНА

«Эйр Астана» АҚ корпоративтік хатшысы – Елена Кондачкова – Қоғамның құрылуының ерте кезеңінен бері жұмыс істеп келе жатқан қызметкерлердің бірі болып табылады. Стратегиялық жоспарлау департаментінің Корпоративтік даму жөніндегі маманы, кейін менеджері қызметін атқарған. 2011 жылы Елена «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының корпоративтік хатшыларын сертификаттау бағдарламасын оның алғашқы түлектері қатарында табысты аяқтады.

# ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«Эйр Астана» компаниясы дивидендтік саясатты қолданыстағы ҚР заңнамасына, жарғы мен компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жасақтады. Саясаттың мақсаты – акционерлер мен Қоғам мүдделерінің тепе-теңдігін және дивидендтердің мөлшерлері мен олардың төлену шарттарын анықтауда ашықтықты қамтамасыз ету. Біздің пікірімізше, бұл акционерлерге инвестициялардың қысқа және ұзақ мерзімді қайтарымын қамтамасыз етеді.

Компания, акционерлердің басқа шешім қабылдаған жағдайынан басқа, Дивидендтік саясатқа сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес жасалған қаржылық есептілік негізінде таза кірістің 25% дивиденд төлеуге жібереді. Қоғам қызмет етіп жатқан барлық уақыт ішінде қарапайым акциялардың өзгеріссіз қалып отырған жалпы саны 17 000 құрайды.

| | 2010 ;ж. | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бір қарапайым акцияға шаққанда есептелген және төленген дивидендтердің мөлшері (теңге)* | 145 722 | 167 064 | 158 504 | 187 496 | 91 930 | 102 525 |
| Алдыңғы жылғы таза кіріс мөлшері (мың теңге) | 7 077 948 | 11 360 369 | 8 981 894 | 9 106 980 | 7 814 029 | 3 485 835 |
| Алдыңғы жылғы таза кіріс мөлшері (мың АҚШ долл.) | 47 985 | 77 116 | 61 260 | 61 076 | 51 364 | 19 453 |
| Дивидендтерді төлеу коэффициенті | 35 % | 25 % | 30 % | 35 % | 20 % | 50 % |

* Дивидендтердің мөлшері өткен жылғы таза кіріс мөлшері негізінде есептеліп, төленеді

# 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

| Оқиға | Күні |
|---|---|
| Ішкі аудит қызметі жетекшісінің қызметтің 2014 жылдағы жұмысы жөніндегі есебі | 12 ақпан |
| Тәуелсіз аудитордың 2014 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік жөніндегі есебін шығару | наурыз |
| Директорлар Кеңесінің 2014 жылғы қаржылық есептілігін алдын ала бекіту | наурыз – сәуір |
| Компания президентінің 2014 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері жөніндегі жыл сайынғы есебі | 30 сәуір |
| Ішкі аудит қызметі жетекшісінің қызметтің 2015 жылдың алғашқы тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебі | 30 сәуір |
| Директорлар кеңесінің акционерлердің жылдық жалпы жиналысына компанияның бір қарапайым акциясына шаққандағы компанияның 2014 жылғы таза кірісін үлестіру тәртібі мен 2014 жылғы дивиденд мөлшері жөніндегі ұсыныстары | 30 сәуір |
| Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы | 29 мамыр |
| Акционерлердің жалпы жиналысының 2014 жылғы қаржылық есептілікті бекітуі | 29 мамыр |
| Компанияның 2014 жылға арналған жылдық есебін бекіту | 29 мамыр |
| Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының 2014 жыл үшін дивидендтерді төлеу жөнінде шешім қабылдауы және компанияның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшерін бекітуі | 29 мамыр |
| Компанияның корпоративтік сайтында 2014 жылға қатысты қаржылық есептіліктің жариялануы | маусым |
| 2014 жыл бойынша дивидендтерді жариялау | маусым |
| Компанияның корпоративтік сайтында 2015 жылдың алғашқы жарты жылдығы бойынша қаржылық есептіліктің жариялануы | тамыз |
| Ішкі аудит қызметі жетекшісінің қызметтің 2015 жылдың екінші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебі | 3 қыркүйек |
| Ішкі аудит қызметі жетекшісінің қызметтің 2015 жылдың үшінші тоқсанындағы жұмысы жөніндегі есебі | 3 желтоқсан |
| 2016 жылға арналған Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту | 3 желтоқсан |
| Ішкі аудит қызметінің 2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту | 3 желтоқсан |
| Компанияның 2016-2020 жж. арналған бесжылдық бизнес-жоспарын алдын ала бекіту | 3 желтоқсан |
| Компанияның 2016 жылға арналған бюджетін алдын ала бекіту | қазан – қараша |

# СЫРТҚЫ АУДИТОР

«Эйр Астана» компаниясы сыртқы аудиторды бухгалтерлік есеп жүргізу іс-тәжірибелерінің ашықтығын қамтамасыз ету және осы іс-тәжірибелердің халықаралық қаржылық есептілік стандартының талаптарына сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізу мақсатымен тартады.

2014-2016 жылдарға арналған жылдық қаржылық есептілік аудиті мен аралық қаржылық есептілікке шолу жасау қызметтерін сатып алу жөніндегі 2013 жылғы 03 желтоқсанда өткізілген ашық тендер нәтижесінде «Эйр Астана» АҚ «КПМГ Аудит» ЖШС-мен 2014, 2015 және 2016 жж. 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктер аудиті мен 2014, 2015 және 2016 жж. 30 маусымында аяқталған 6 ай үшін ХҚЕС 34-ке сәйкес дайындалған аралық қаржылық есептіліктер аудитін өткізу бойынша қызметтер сатып алу бойынша келісім жасасты.

«Эйр Астана» АҚ құрылған кезден бастап компанияның қаржылық есептілік аудитін келесі аудиторлық ұйымдар жүзеге асырды: «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС (2002-2003 жж.), «KPMG Janat» ЖШС (2004-2006 жж.), «Делойт» ЖШС (2007-2013 жж).

Сыртқы аудиторлар көрсеткен қызметтердің құны www.procurement.airastana.com сайтына қойылады

**Байланысу ақпараты:**

«КПМГ Аудит» ЖШС
Қазақстан, 050051, Алматы қ.
Достық даңғ., 180
Телефон: +7 (727) 298 0898
Факс: +7 (727) 298 0708
www.kpmg.com



# ТӘУЕЛСІЗ ТІРКЕУШІ

«Эйр Астана» компаниясы акционерлерінің тізілімін «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ жүргізеді.

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ 2011 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен құрылған (жалғыз құрылтайшы) және 2012 жылғы 11 қаңтарда Әділет министрлігімен Алматы қ. тіркелген. «БҚБТ» АҚ негізгі қызметі – бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу болып табылады.

**«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ байланыс ақпараты:**

Қазақстан, 050000, Алматы қ.,
Абылай хан даңғылы, 141
Телефон: +7 (727) 272 47 60
www.tisr.kz

# «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған жыл іші

**Қаржы есептілігі**



**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**МАЗМҰНЫ**


| | Бет |
|---|---|
| 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ | 1 |
| ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ | 2-3 |
| 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ: | |
| Табыстар және шығындар және басқа жиынтық табыс туралы есеп | 4 |
| Қаржылық жағдай туралы есеп | 5 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 6 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп | 7-8 |
| Қаржы есептілікке ескертпелер | 9-55 |

## 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ РАСТАМАСЫ

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Басшылығы 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы есептілігін, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызметінің нәтижелерін, ақша қаражаттарының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерін барлық елеулі аспектілерінде дұрыс көрсететін қаржы есептілігінің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалуы үшін жауап береді.

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық:

- есеп саясаты принциптерінің дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашуға;
- Компанияның көз етер болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапкершілік атқарады.

Басшылық сондай-ақ:

- Компанияның барлық бөлімшелерінде ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің жасалуына, ендірілуіне және сүйемелденуіне;
- есептіліктің Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және қаржы есептілігінің ХҚЕС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізілуіне;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС сәйкес жүргізілуіне;
- Компанияның активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қисынды мүмкін шаралардың қабылдануына; және
- қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауына және олардың алдын алуына жауапкершілік атқарады.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші бұл қаржы есептілігін Компания басшылығы 2015 жылдың 27 ақпанда мақұлдады және бекітті.

**Компания Басшылығының атынан:**

| | |
|---|---|
| **Питер Фостер** | **Алима Заманбекова** |
| **Президент** | **Бас бухгалтер** |
| 27 ақпан 2015 жыл | 27 ақпан 2015 жыл |
| Алматы қ., Қазақстан Республикасы | Алматы қ., Қазақстан Республикасы |



KPMG

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

## Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Эйр Астана» АҚ Акционерлеріне және Директорлар Кеңесіне

Біз 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Эйр Астана» АҚ (бұдан былай, «Компания») ұсынылып отырған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

*Қаржылық есептілікті дайындауда Компания басшылығының жауапкершілігі*

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бұл қаржылық есептілікті дайындауға және әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса басшылықтың алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

*Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргіздік. Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес келіп, қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлай орындауымыз тиіс.

Аудитке қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Таңдалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ кәсіпорынның ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз кәсіпорынның қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне байланысты. Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, басшылықтың бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетілуін бағалаудан тұрады.

Біздің пікірімізше, алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті, әрі тиісті болады.

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген компания және Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative ("KPMG International") қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі

KPMG

*Тәуелсіз аудитордың есебі*
*2 бет*

*Пікір*

Пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

*Өзге мәліметтер*

Компанияның 2013 жылдың 31 желтоқсанына және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігін өзінің 2014 жылдың 14 наурызында берген есебінде аталмыш қаржылық есептілік жөнінде модификацияланбаған пікірін білдірген басқа аудитор өткізген болатын.

Дементьев С.А.
Қазақстан Республикасының
Сертификатталған аудиторы
2012 жылдың 06 қаңтарында берілген
№ МФ-0000086
Аудитордың біліктілік куәлігі

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

*Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2006 жылы 6 желтоқсанда аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 0000021 мемлекеттік лицензия*

Нигай А.Н.
Жарғы негізінде әрекет етуші
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас Директоры

2015 жылдың 27 ақпаны





## «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ТАБЫСТАР ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

(*мың қазақстандық теңгемен*)

| | Ескерту | 2014 ж. | 2013 ж. |
|---|---|---|---|
| **Табыстар** | | | |
| Жолаушылар тасымалы | 5 | 159,152,988 | 139,513,844 |
| Жүк және пошта | 5 | 4,738,315 | 4,476,152 |
| Өзге табыстар | 5 | 3,611,898 | 3,105,180 |
| **Барлық табыстар** | | **167,503,201** | **147,095,176** |
| **Операциялық шығыстар** | | | |
| Жанармай | | (45,175,298) | (42,597,391) |
| Әуежайлық қызмет көрсету және навигация | 6 | (19,724,653) | (17,956,897) |
| Қызметкерлер жөніндегі шығыстар | 6 | (18,587,020) | (15,073,109) |
| Жолаушыларға қызмет көрсету | 6 | (15,658,253) | (14,101,225) |
| Инженерлік-техникалық қызмет көрсету | 6 | (13,776,752) | (12,162,039) |
| Әуе кемелердің операциялық лизингі бойынша шығыстар | 6 | (12,017,459) | (11,903,082) |
| Тозу және амортизация | 11 | (8,223,272) | (4,454,602) |
| Сату жөніндегі шығыстар | 6 | (7,120,338) | (7,334,369) |
| Экипажға байланысты шығыстар | 6 | (4,774,047) | (6,007,058) |
| Сақтандыру | 6 | (993,199) | (905,084) |
| Мүлік жалдау жөніндегі шығыстар | | (974,929) | (875,113) |
| Ақпараттық технологиялар | | (599,389) | (467,526) |
| Консультациялық, заңды және кәсіби қызметтер | | (445,885) | (262,840) |
| Табыс салығынан басқа салықтар | | (274,507) | (1,085,840) |
| Өзгелер | | (1,509,276) | (923,112) |
| **Барлық операциялық шығыстар** | | **(149,854,277)** | **(136,109,287)** |
| **Операциялық пайда** | | **17,648,924** | **10,985,889** |
| Қаржылық кірістер | 7 | 315,648 | 256,773 |
| Қаржылық шығыстар | 7 | (4,476,238) | (1,163,939) |
| Бағам айырмашылығынан алынған залал, таза мөлшерде | | (8,572,503) | (201,730) |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | | **4,915,831** | **9,876,993** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 8 | (1,429,996) | (2,062,964) |
| **Жыл ішіндегі таза пайда** | | **3,485,835** | **7,814,029** |
| **Басқа жиынтық табыс** | | - | - |
| **Жыл ішіндегі таза пайда және жалпы жиынтық табыс** | | **3,485,835** | **7,814,029** |
| **Акцияға келетін негізгі және тоғытылған пайда (теңгемен)** | 20 | **205,049** | **459,649** |

**Компания Басшылығының атынан:**

**Питер Фостер**
**Президент**

27 ақпан 2015 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Алима Заманбекова**
**Бас бухгалтер**

27 ақпан 2015 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-55-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде келтірілген.

## «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерту | 31 желтоқсан 2014 ж. | 31 желтоқсан 2013 ж. |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар | 9 | 97,873,962 | 86,460,348 |
| Материалдық емес активтер | 10 | 253,165 | 328,527 |
| Берілген ұзақ мерзімді алғытөлемдер | 14 | 2,078,936 | 3,655,662 |
| Кепілдікті салымдар | 12 | 1,980,578 | 1,966,066 |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | 15 | 596,336 | 836,828 |
| | | **102,782,977** | **93,247,431** |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауарлы-материалдық босалқы қорлар | 13 | 8,915,162 | 8,486,416 |
| Берілген алғытөлемдер | 14 | 4,787,573 | 7,559,740 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | 733,798 | 846,345 |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | 15 | 7,666,665 | 5,023,981 |
| Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем | 17 | 2,286,665 | 1,193,184 |
| Кепілдікті салымдар | 12 | 188,479 | 790,510 |
| Банктердегі депозиттер | 18 | 20,924,078 | 17,568,672 |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 19 | 12,922,380 | 2,108,332 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері | 16 | 996,538 | 50,961 |
| | | **59,421,338** | **43,628,141** |
| **Активтер жиыны** | | **162,204,315** | **136,875,572** |
| **КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 20 | 2,501,550 | 2,501,550 |
| Қосымша төленген капитал | | 48,996 | 48,996 |
| Бөлінбеген пайда | | 46,610,294 | 44,687,265 |
| **Капитал жиыны** | | **49,160,840** | **47,237,811** |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер | 25 | 75,740,529 | 58,815,221 |
| Кейінге қалдырылған салық | 8 | 4,213,203 | 2,783,207 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв | 22 | 3,096,683 | 1,090,320 |
| | | **83,050,415** | **62,688,748** |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Несиелер | 24 | - | 1,425,826 |
| Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер | 25 | 7,306,521 | 5,602,188 |
| Болашақ кезеңдердің табыстары | 21 | 9,448,964 | 9,714,331 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв | 22 | 1,110,868 | 2,465,360 |
| Саудалық және өзге кредиторлық берешек | 23 | 10,248,586 | 7,700,359 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер | 16 | 1,878,121 | 40,949 |
| | | **29,993,060** | **26,949,013** |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **113,043,475** | **89,637,761** |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **162,204,315** | **136,875,572** |

**Компания Басшылығының атынан:**

АО «ЭЙР АСТАНА»

**Питер Фостер**
**Президент**

27 ақпан 2015 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Алима Заманбекова**
**Бас бухгалтер**

27 ақпан 2015 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-55-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде келтірілген.



## «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерту | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Бөлінбеген пайда | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| 2013 жылдың 1 қаңтарына | | **2,501,550** | **48,996** | **40,060,679** | **42,611,225** |
| Жыл ішіндегі таза пайда және жалпы жиынтық табыс | | - | - | 7,814,029 | 7,814,029 |
| Жарияланған дивидендтер | 20 | - | - | (3,187,443) | (3,187,443) |
| 2013 жылдың 31 желтоқсанына | | **2,501,550** | **48,996** | **44,687,265** | **47,237,811** |
| Жыл ішіндегі таза пайда және жалпы жиынтық табыс | | - | - | 3,485,835 | 3,485,835 |
| Жарияланған дивидендтер | 20 | - | - | (1,562,806) | (1,562,806) |
| 2014 жылдың 31 желтоқсанына | | **2,501,550** | **48,996** | **46,610,294** | **49,160,840** |

**Компания Басшылығының атынан:**

АО «ЭЙР АСТАНА»

**Питер Фостер**
**Президент**

27 ақпан 2015 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

**Алима Заманбекова**
**Бас бухгалтер**

27 ақпан 2015 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-55-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде келтірілген.

## «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерту | 2014 ж. | 2013 ж. |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| Салық салуға дейінгі пайда | | 4,915,831 | 9,876,993 |
| Түзетулер: | | | |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы | 11 | 8,223,272 | 4,454,602 |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың шығуынан түскен табыстар | | (42,521) | (88,263) |
| Күмәнді қарыздар бойынша есептелген резервтерде өзгеруі | 14, 15 | 146,921 | 138,045 |
| Өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорларға есептелген резервтерде өзгеруі | 13 | 264,198 | (45,879) |
| Демалыс резервінің өзгеруі | | 258,913 | 106,492 |
| Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резервінің өзгеруі | | 3,126,495 | 1,714,965 |
| Жолаушылар ынталандыру бағдарламасының өзгеруі | | (611,435) | 14,448 |
| Бағам айырмасынан шеккен залал | | 8,572,503 | 201,730 |
| Қаржылық табыстар | 7 | (315,648) | (256,773) |
| Қаржылық жалдау бойынша пайыздық шығыстар | 7 | 2,449,438 | 995,545 |
| Кепілдік депозиттердің әділ құны қайта бағалау қаржылық шығыстар | 7 | 1,358 | - |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза іске асырылмаған залал | 7 | 1,606,796 | 1,959 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза іске асырылған залал | | 224,796 | - |
| Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары | | **28,820,917** | **17,113,864** |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешектердің өзгеруі | | (2,912,748) | 722,277 |
| Болашақ кезеңдер шығыстарының өзгеруі | | 710,266 | (5,014,564) |
| Тауарлы-материалдық босалқы қорлардың өзгеруі | | (692,944) | (1,947,181) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелердің өзгеруі | | (972,534) | - |
| Саудалық және өзге кредиторлық берешектердің, және ағымдағы міндеттемелердің өзгеруі | | 983,858 | (2,214,244) |
| Болашақ кезеңдер табыстарының өзгеруі | | 346,068 | 1,041,427 |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары** | | **26,282,883** | **9,701,579** |
| Төленген табыс салығы | | - | (372,127) |
| Төленген сыйақы | | (2,562,836) | (1,115,733) |
| **Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары** | | **23,720,047** | **8,213,719** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| Әуе кемелері үшін алдын ала төлем | | - | (1,708,858) |
| Әуе кемелері үшін алдын ала төлемнің қайтаруы | | 2,115,936 | 3,404,044 |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу | | (4,600,023) | (1,493,596) |
| Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сату | | 96,484 | 131,153 |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | 10 | (78,484) | (83,273) |
| Мерзімдік банктік және кепілдік депозиттерін орналастыру | | (36,277,655) | (29,223,785) |
| Мерзімдік банк және кепілдік депозиттерін өтеу | | 35,557,898 | 23,617,087 |
| Алынған сыйақы | | 136,356 | 853,923 |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары** | | **(3,049,488)** | **(4,503,305)** |



## «ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

### 2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

*(мың қазақстандық теңгемен)*

| | Ескерту | 2014 ж. | 2013 ж. |
|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** | | | |
| Дивидендтерді төлеу | 20 | (1,562,806) | (3,187,443) |
| Несиелер алу | | - | 416,072 |
| Несиелер бойынша міндеттемелерді өтеу | | (1,701,979) | (2,783,991) |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу | | (6,632,127) | (2,505,649) |
| Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары | | **(9,896,912)** | **(8,061,011)** |
| **АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ/(АЗАЮЫ)** | | **10,773,647** | **(4,350,597)** |
| Шетелдік валютада ұсталатын ақша қаражаттарына айырбас бағамдары өзгерістерінің әсері | | 40,401 | (30,652) |
| ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ | 19 | 2,108,332 | 6,489,581 |
| **ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ** | 19 | **12,922,380** | **2,108,332** |

**Компания Басшылығының атынан:**

| | |
|---|---|
| **Питер Фостер** | **Алима Заманбекова** |
| **Президент** | **Бас бухгалтер** |
| 27 ақпан 2015 жыл | 27 ақпан 2015 жыл |
| Алматы қ., Қазақстан Республикасы | Алматы қ., Қазақстан Республикасы |

9-55-ші беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлар есебі 2-3 беттерде келтірілген.

**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 1. ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің анықтамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде 2005 жылдың 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Компанияның негізгі қызметі жолаушыларға ішкі және халықаралық авиатасымалдары бойынша қызметтер көрсету болып табылады сондай-ақ, өзге қызмет жүк және пошта әуе тасымалдарын қамтиды.

Компания өзінің алғашқы рейсін 2002 жылдың 15 мамырында Boeing–737 әуе кемесімен Алматы қаласынан Қазақстанның елордасы Астана қаласына ұшуды жүзеге асыру арқылы орындады. 2014 жылдың 31 желтоқсанында Компания қысқа бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 9 әуе кеме және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 21 әуе кемесінен тұратын 30 әуе кемесі кіретін паркпен жұмыс істеді, оның ішінде қаржы лизингте 11 әуе кеме және операциялық лизингте 19 әуе кемесін ұсынады (2013 ж.: 8 әуе кеме және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 21 әуе кемесінен тұратын 29 әуе кемесі кіретін паркпен жұмыс істеді, оның ішінде қаржы лизингте 10 әуе кеме және операциялық лизингте 19 әуе кемесін ұсынады.

2010 жылы Компания өз офисін Қазақстан Республикасының Астана қаласынан Қазақстан Республикасының Алматы қаласына Закарпатская көшесі, 4А мекен-жайы бойынша қайта тіркеуді жүргізді, өйткені Компаниямен негізгі әрекеттесуші әуежай Алматы қаласының Халықаралық Әуежайы болып табылады.

Компанияның акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының тиісінше 51% және 49% иелік етеді.

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫ

**Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС - шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген**

Мерзімінен бұрын қолданысқа енбеген және осы қаржы есептілігін бекіту күніне шығарылып, бірақ күшіне енбеген мынадай жаңа стандарттар мен интерпретациялар бар:

- ХҚЕС (IFRS 9) «Қаржы құралдары»
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Шартқа отырған клиенттерден түскен кірістер»

**ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»**

2014 жылғы шілде айында жарияланған ХҚЕС (IFRS) 9 қолданыстағы ХҚЕС (IAS) 39-ды «Қаржы құралдар: тану және бағалау» алмастырады. ХҚЕС (IFRS 9) құнсыздану және хеджирлеуді есепке алғандағы жаңа жалпы талаптарды бағалау үшін күтілетін несиелік шығындар моделдері , қаржы активтерін жіктеу және бағалау бойынша қайта қарастыру түсінігі кіреді. Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС - ХҚЕС (IAS) 39 қаржы құралдарын қабылдау немесе тоқтату бойынша жұмыс жүргізілінді.

ХҚЕС (IFRS) 9 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл стандартты ертерек қолдануға рұқсат етіледі.

Компания ХҚЕС (IFRS) 9 ықтимал әсерін қаржы есептілігіне бағалау процесінде.



**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 2. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫ, ЖАЛҒАСЫ

**ХҚЕС (IFRS) 15 «клиенттермен шарттардан түскен кірістер»**

ХҚЕС (IFRS) 15 табыс мерзімін және табыс ретінде танылу тиісін анықтау үшін принциптер шеңберін қолданады. Бұл ХҚЕС-ке соның ішінде табыс деп тану туралы қолданыстағы (IAS) 11 «Құрылыс келісім-шарттар», ХҚЕС (IAS) 18 «Табыс» және IFRIC түсіндіру (IFRIC) 13 «Сатып алушылардың тұрақтылығы бағдарламасы».

Жаңа стандарттың базалық принципі компания өз үміттерін сәйкес кәсіпорын, сол тауарлар немесе қызметтер үшін алмасу құқығы болады өтемақы сәйкес келетін мөлшерде клиенттерге уәде тауарларды немесе қызметтерді беруді көрсету үшін табыс таниды екен. Жаңа стандартқы бұрын толық ескерілмеген операциялары бойынша есепке алу нұсқаулары кіреді, сондай-ақ табысқа қатысты егжей-тегжейлі ашылуын қамтамасыз ететін көптеген элементтерден тұратын келісімдер есепке алу бойынша нұсқаулар кіреді.

ХҚЕС (IFRS) 15 күші 2017 жылдың 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Стандарты ертерек қолдануға рұқсат етіледі.

Қоғам ХҚЕС (IFRS) 15 қабылданғаннан қаржылық есептілік әлеуетті әсерін бағалайды.

Компаниямен қолданылмайтын, қаржылық есепке әсерін тегізбейтін стандарттар:

- ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік реттеу».
- бірлескен операцияларға мүдделерін (ХҚЕС түзетулер (IFRS) 11) сатып алу үшін есепке алу.
- рұқсат етілген амортизациялау әдістері (ХҚЕС түзетулер (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38) Түсіндіру.
- Белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары: қызметкерлердің жарналары (ХҚЕС (IAS) 19 түзету).
- «ХҚЕС-тарына Жетілдірулер». Цикл: 2010-2012 жылдар.
- «ХҚЕС-тарына Жетілдірулер». Цикл: 2011-2013 жж.

**2014 жылы күшіне енетін стандарттарға жаңа стандарттар мен түзетулер**

Бұл қосымша бірінші 2014 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енген жаңа стандарттар, өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе стандарттардың түсіндіру тізімін қамтиды. Осылайша, олар 2014 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікті дайындау кезінде қарастырылуы тиіс.

Жаңа және қайта қаралған қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына 2. бекіту жалғастырды

2014 жылы күшіне енеді стандарттарға Жаңа стандарттар мен түзетулер

- «Инвестициялық ұйымдар» (ХҚЕС түзетулер (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) және 12-ХБЕС (IAS) 27)
- «» Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің өзара (ХҚЕС түзетулер (IAS) 32).
- Қаржылық емес активтер үшін өтелетін соманы • «ашу» (ХҚЕС түзетулер (IAS) 36)
- «Жаңғыртылу туынды қаржы құралдары мен хеджирлеуді есепке алу» (ХҚЕС өзгерістер (IAS) 39) жалғастырды
- IFRIC: нақтылау (IFRIC) 21 «міндетті төлемдер»

Өзгерістер Қоғамның қаржылық есептілігінде сомасын немесе ақпаратты ашу әсер етпейді.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

**Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Бұл қаржы есептілігі Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

**Қаржы есептілігін дайындау принциптері**

Бұл қаржы есептілігі, төменде түсіндірілетіндей бағалау немесе әділ құны бойынша ескерілген кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құны бойынша есеп принциптеріне сәйкес дайындалды. Тарихи құн әдетте активтерге айырбасталып берілген сыйақынын әділ құнының негізінде анықталады.

Есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген.

**Функционалдық валюта және қаржы есептілігін ұсыну валютасы**

Қазақстанның ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі «теңге») болып табылады, ол Компанияның функционалдық валютасы болып табылады, өйткені Компанияда болып жатқан оқиғалар мен жағдайлардын экономикалық мәнін көрсетеді. Теңге сондай-ақ осы қаржы есептілігін ұсыну валютасы болып табылады.

**Табыстар**

*Жолаушылар тасымалынан түскен табыстар*

Сатылған билеттер тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілген кезде табыс болып танылады. Сатылған, бірақ әлі пайдаланылмаған авиабилеттердің құны Компанияның қаржылық жағдайы жөніндегі есептілікте болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетілген. Қаржылық жағдай жөніндегі есептіліктің бұл жолы жолаушылардың тасымалдануына қарай, не жолаушы билетті қайтарған кезде азайтылады. Олар бойынша тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілмейтін сатылған билеттер мерзімі аяқталатын кезеңде негізгі қызметтен алынған табыс болып танылады. Билеттің қолданысының ең ұзақ мерзімі бір жыл болады.

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстар басқа авиакомпаниялармен жасалған “code–share” шарттары бойынша түсетін табыстарды қамтиды. Бұл шарттар бойынша Компания осы авиакомпаниялардың рейстеріндегі орындарды сатады және бұл авиакомпаниялар да Компанияның рейстеріндегі орындарды сатады. Басқа авиакомпаниялардың рейстеріндегі орындарды сатудан алынған табыстар Компанияның пайдаларының немесе залалдарының құрамында таза мөлшерінде көрсетіледі. Компанияның рейстеріне басқа авиакомпаниялардың билеттерін сатуынан түскен табыстар жолаушылар тасымалынан түскен табыстардың құрамында пайдаларда немесе залалдарда көрсетіледі.

*Жүк тасымалдарынан түскен табыстар*

Компанияның жүк тасымалдарынан түскен табыстары тасымалдау жөніндегі қызметтердің көрсетілуіне қарай табыстар болып танылады. Ол бойынша қызмет көрсетілмеген жүк тасымалдарын сату болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетіледі.





«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

**Жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы**

Сатылатын билеттер бойынша Nomad Club ұпайларын беру, болжамды марапат пен көрсетілетін қызмет арасалмағы арасынан алынатын, марапаттың әділ құны бойынша бірнеше элементтерді құрайтын табыс операцияларының элементі ретінде есептеледі. Болжамды марапат ретінде түскен сыйақының әділ құны – осы марапаттың жекелеген сату құны бойынша бағаланады. Мұндай сыйақы бастапқы сату кезінде табыс болып саналмайды және болашақ кезеңнің табысы ретінде көрсетіледі. Алайда, марапат берілгеннен соң және Компания өз міндеттерін толығымен орындаған соң, ол табыс ретінде танылады.

**Туристік агенттіктердің комиссиялары**

Туристік агенттіктердің авиабилеттерді сатудан алатын комиссиялары жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілген кезде шығыс болып танылады.

**Жалдау**

Жалдау, егер жалдау шарттары бойынша активке иеленумен байланысты елеулі тәуекелдер мен игіліктер жалгерге берілетін болса, қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық өзге түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі.

*Компания жалға алушы ретінде*

Қаржылық жалдау шарттары бойынша жалданған активтер бастапқыда жалдау мерзімінің басындағы жалданған мүліктің әділ құны мен ең аз жалдық төлемдердің дисконтталған құнының қайсысы төмен болса сол құн есепке алынады. Жалға берушінің алдындағы тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай жөніндегі есептігінде қаржылық жалдау жөніндегі міндеттемелер ретінде көрсетіледі. Жалдау төлемінің сомасы қаржылық шығыстар мен жалдау жөніндегі міндеттемелердің азайтылуының арасында міндеттемелердің қалдығына пайыздың тұрақты мөлшерлемесін алуға болатындай етіп бөлінеді. Қаржылық шығыстар, егер олар жіктелетін активтерге тікелей жатқызылмайтын болса, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі. Соңғы жағдайда ол несиелер жөніндегі шығындарға қатысты Компанияның жалпы саясатына сәйкес капиталдандырылады. Шартты жал ақысы төленетін кезеңдерде шығын ретінде танылады.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер, басқа жүйелік база жалданған активтен экономикалық игіліктердің алынуының неғұрлым дұрыс көрінісін беретін жағдайды қоспағанда, тиісті жалдау мерзімінің ішінде тікелей әдіс бойынша шығыстар болып танылады. Әуе кемелерін жалдау ұшу сағаттары мен циклдеріне байланысты өзгеретін елеулі қаржылық және айнымалы жалдау төлемдерін қамтиды және өздері туындаған кезеңде шығыстар болып танылады. Операциялық жалдауды жасасу кезінде сыйақы алынған жағдайда, мұндай сыйақылар міндеттемелер болып танылады. Жалдау төлемдерінің кебір бөлігі әуе кемелерін оралу үшін кез келген өтелмеген міндеттемелерін өтеуге жалға беруші үшін кепіл ретінде алынған аккредитивтер қамтылған (белгілі бір жағдайларда). Мұндай сыйақылардан алынған жиынтық игілік, басқа жүйелік база жалданған активтен экономикалық игіліктердің алынуының неғұрлым дұрыс көрінісін беретін жағдайды қоспағанда, тікелей әдіс бойынша жалдау жөніндегі шығыстардың азайтылуы ретінде танылады.

*Кепілдікті депозиттер*

Әуе кемелерін жалдау жөніндегі кепілді депозиттер жасалған қаржылық және операциялық жалдау шарттарының талаптарына сәйкес әуе кемелерін жалға берушілерге төленген соманы білдіреді. Бұл депозиттер жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін Компанияға қайтарылады. Операциялық жалдау шарттары бойынша кепілді депозиттер қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте активтер ретінде көрсетілген. Бұл депозиттердің сыйақылары жоқ және 0.84% орташа нарықтық табыстылық деңгейімен амортизацияланатын құны бойынша көрсетілген (2013 ж.: 4.5%).

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

**Шетелдік валютадағы операциялар**

Қаржы есептілігін дайындау кезінде функционалдық валютадан ерекшеленетін валютада («шетелдік валюталар») көрсетілген мәмілелер мәміле жасалған күнгі айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай баптар есептілік жасалған күнгі тиісті валюталық бағам бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген әділ құны бойынша есепке алынатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтау күні қолданылатын айырбас бағамдары бойынша қайта есептелуі тиіс. Шетелдік валютада көрсетілген тарихи құны бойынша көрсетілген ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Төменде 31 желтоқсандағы және осы күні аяқталған жылдар үшін теңгенің айырбас бағамдары келтірілген:

| | Орташа бағам | | Жыл соңындағы бағам | |
|---|---|---|---|---|
| | **2014 ж.** | **2013 ж.** | **2014 ж.** | **2013 ж.** |
| АҚШ доллары | 179.19 | 152.13 | 182.35 | 153.61 |
| Евро | 238.10 | 202.09 | 221.97 | 211.17 |
| Ағылшын фунт стерлингі | 295.30 | 237.96 | 283.34 | 253.29 |

**Қаржылық табыстар мен шығыстар**

Қаржылық табыстар банк депозиттерінен сыйақы бойынша табыстардан тұрады.
Қаржы активтері бойынша пайыздық табыстар, егер Компанияның экономикалық игілік алуының және табыстардың деңгейінің дұрыс анықталуының жоғары ықтималдығы бар болса, танылады. Пайыздық табыстар қаржы активінің баланстық құнына (пайыздарды есепке алмастан) және қаржылық активті өтеуге дейінгі күтілетін мерзімнің ішінде күтілетін болашақ ақшалай түсімдердің дисконтталуын қамтамасыз ететіндей болып есептелетін тиімді пайыздық мөлшерлемеге орай бұл активті тану кезінде оның баланстық құнына дейін есептеп шығарылады.

Қаржылық шығыстар сыйақы шығыстарынан, банк комиссияларынан және өзге шығыстардан тұрады. Жоспарлы пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін біршама уақыт қажет ететін активтердің сатып алынуымен, құрылысымен немесе жасалуымен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындар осындай активтердің құнына олар жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайын болғанға дейін қосылады. Несиелер бойынша барлық өзге шығындар өздерінің туындауына қарай табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі.

Уақыт пен шығынды талап ететін активтер бойынша нақты несиені іске асыру кезінде уақытша инвестициядан түскен инвестициялық пайда капиталдандыруға болатын несиелік шығындардан шегеріледі.

**Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар**

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар бойынша міндеттемелер тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда шығыстар болып танылады.

Резерв, егер Компанияның қызметкерлерінің жұмысының салдарынан осындай сыйақы төлеу жөніндегі ағымдағы заңдық міндеттемесі болса және бұл сыйақының мөлшері жеткілікті дәрежеде сенімді бағалана алатын болса, болжамды қысқа мерзімді бонустар және Компанияның пайдасынан түскен бонустар мөлшерінен құрылады.



«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

**Табыс салығы**

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтардан тұрады. Ағымдағы табыс салығы есепті жылдың салық салынатын пайдасына негізделеді. Салық салынатын пайда табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетілген таза пайдадан ерекшеленеді, өйткені соңғысы басқа жылдары салық салуға немесе шегеруге жататын табыстар мен шығыстарды қамтиды, ол сондай-ақ салық салынбайтын, не шегерілмейтін баптарды да қамтиды. Компания ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемесі есепті кезеңдегі жылдық салық мөлшерін қолдана отырып төленеді.

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржы есептілігінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық алынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректерінің арасындағы уақытша айырмаларға қатысты пайдаланды. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, барлық салық салынатын уақытша айырмаларды ескере отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері бұл уақытша айырмаларды пайдалану үшін жеткілікті болашақ салық салынатын пайданы алудың жоғары ықтималдығы болған кезде барлық шегерілетін уақытша айырмаларды ескере отырып көрсетіледі. Салық активтері мен міндеттемелері, егер уақытша айырмалар салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да ықпал етпейтін мәмілелер шеңберінде туындайтын болса, қаржы есептілігінде көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және, егер бұл активтерді толықтай немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданы болашақта алу ықтималдығы бұдан әрі жоғары болып табылмайтын болса, азайтылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге қолданыста болған салық мөлшерлемеріне (салық заңына) негіздеме отырып, міндеттеме өтелген немесе актив өткізілген есепті кезеңде қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша өлшенеді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінің есебі Компанияның есепті күнге өзінің салық активтерін немесе міндеттемелерін тиісінше іске асыруды немесе өтеуді күтуі нәтижесінде туындайтын салықтық салдарларды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ағымдағы салық активтерін ағымдағы бар салық міндеттемелерін өтеу есебіне ескерудің заңды негізделген құқығы бар болған және олар бір ғана салық органы есептеген табыс салығына жатқызылған және өзінің салық міндеттемелері мен активтерін таза негізде есепке алуға ниеттенген кезде өзара есепке алынады.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар, олар өзге табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда немесе капиталдың құрамына тікелей жатқызылатын жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залалдарда танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар да тиісінше өзге жиынтық табыста немесе тікелей капиталда танылады.

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар**

Қызметтер ұсыну және әкімшілік мұқтаждықтар үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар Компанияның қаржылық жағдайы жөніндегі есептілікте, жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалдарды шегергеннен кейін, өзіндік құны бойынша көрсетілген.

Әуе кемелер мен аяқталмаған құрылыстың басқа маңызды нысандары бойынша жасалған жұмыс орындалуына қарай аралық төлемдерге қатысты қаржылық пайыз капиталдандырылған әрі актив құнына қосылған.

Активтің жарамдылық мерзімін немесе құнының өсімін кеңейтіп, одан әрі капиталдандыратын бағдарламалардан басқа (мысалы, мерзімі шектеулі бөлшектерді қоспағанда, әуе кеме корпусы немесе қозғалтқышы бойынша техникалық қызмет көрсету), пайдалану шығысы орын алған кезеңдерде шығын ретінде жазылды.

**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

**3. 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар, жалғасы**

*Әуе кеме*

Әуе кемесін сатып алу бағасы шетел валюталарында көрсетіледі. Ол транзакция жасалған күні валюта бағамымен аударылады. Өндірушілердің дисконттары тиісті актив құны бойынша шегеріледі.

Қалдық құн жоқ болса, әуе кеме құны орташа есептелген 20 жылдық жарамдылық мерзімі бойынша тікелей амортизациядан өткізіледі. Операциялық циклде Компания амортизацияланатын негіздің немесе мерзімнің реттелу қажеттілігін қарастырады және қажет болғанда, қалдық құнның танылуын анықтайды.

Барлық әуе кемелердің корпустары мен механизмдерін (мерзімі шектелген бөлшектерді қоспағанда) капиталдандырылған және сатып алу және келесі толық жөндеу күндерінің аралығындағы кезең ішінде амортизацияланған шығыны бар бөлек актив құрамдасы ретінде өңделеді.

Толық жөндеу бойынша негізгі шығын, соның ішінде қосалқы бөлшектерін ауыстыру және еңбек шығыны, ұшу уақыты мен циклі негізіндегі негізгі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа болжамды мерзім ішінде капиталдандырылады әрі амортизацияланады.

Барлық басқа әуе кемесін жөндеуге қатысты басқа шығын қолдану бойынша пайда не залал бойынша немесе орын алған түрінде үлестіріледі.

*Негізгі қосалқы бөлшектер*

Негізгі қосалқы бөлшектер және дайын пайдалану жабдықтар Компания оларға астам бір есепті кезеңді пайдалануға ниетті болғанда, ағымдағы қосалқы бөлшектер ретінде негізгі капиталға енгізілген қанағаттандырған .

Мүліктер, машиналар және жабдықтар объектісінің құрамдық бөліктерін ауыстырумен байланысты шығындар, егер бұл объектіні пайдаланудан болашақ экономикалық пайданы Компанияның алу ықтималдығы бар болса және оның құны сенімді түрде анықталатын болса, осы құрамдық бөліктің баланстық құны бойынша ескеріледі. Техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалатын барлық ағымдағы шығыстар табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда кезеңнің шеккен шығыстары ретінде қосылады.

*Өзге жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар*

Құн активтерді сатып алуға тікелей жатқызылатын шығындарды қамтиды. Компанияның өз күштерімен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, еңбек шығындарын және пайдалануға арналған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды жұмыс жағдайына келтіруге тікелей қатысты кез келген басқа шығындарды және жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды жою мен жылжыту және олардың орналасқан жерін қалпына келтіру құнын қамтиды. Тиісті жабдықтың функцияларын орындау үшін ажырамас бөлік болып табылатын сатып алынған бағдарламалық қамсыздандыру осы жабдықтың бөлігі ретінде капиталдандырылады.





**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

*Тозуы*

Мүліктер, машиналар және жабдықтар объектілерінің тозуы осы объектілер қызметінің пайдалы мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісімен есептеледі және табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі.

Төменде ағымдағы және салыстырмалы кезеңдер үшін жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімдері келтірілген:

| | |
|---|---|
| Үйлер мен ғимараттар | 14-50 жыл |
| Әуе кеме (бөлек актив құрамдасы қоспағанда) | 20 жыл |
| Айналымдық қосалқы бөлшектер | 10 жыл |
| Офис жабдығы және жиһаз | 4-7 жыл |
| Көлік құралдары | 7-9 жыл |
| Өзгелер | 5-10 жыл |

Әуе кемелер олардың пайдалы мерзімінің ішінде меншікте тұрған активтер секілді әдіспен немесе, егер жалдау мерзімі қысқа болса, онда осындай активті жалдау мерзімінің ішінде амортизацияланады.

Амортизация жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың (жер учаскелерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін және әуе кеме бөлек актив құрамдасын қоспағанда) құнын-жою құны шегерілгеннен кейін пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару үшін есептеледі. Әуе кеме бөлек актив құрамдасын жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілетін пайдалы қызмет мерзімінің ішінде амортизацияланады.

Пайдалы қолданудың болжалды мерзімдері, баланстық құн және амортизацияны есептеу әдісі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер есептілікте салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі.

Негізгі құрал объектісі актив шығарылған немесе оны одан әрі пайдаланудан экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құрал объектілерін сатудан немесе өзгеше шығуынан түскен табыс немесе залал осы объектілердің сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда танылады.

**Материалдық емес активтер**

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалдарды шегерілгеннен кейін өзіндік құны бойынша көрсетілген. Амортизация материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісінің негізінде есептеледі. Активтердің пайдалы қызмет мерзімдері бағалаудағы кез келген өзгерістердің әсерін тану мүмкіндігімен есепті кезеңнің соңында қайта қаралады. Ағымдағы және салыстырмалы кезең үшін бағдарламалық қамсыздандырудың пайдалы қызмет мерзімдері 7 жылдан 10 жылға дейін болды.

**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
(*мың қазақстандық теңгемен)*

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

**Активтердің құнсыздануы**

Әрбір есепті күнге Компания өз активтерінің ағымдағы құнын активтердің құнсыздану белгілерінің туындауын анықтау үшін қайта қарастырады. Мұндай белгілер пайда болған жағдайда, егер мұндай анықталған болса, құнсызданудан болған залалдардың есебі мақсатында бұл активтің өтеу құны анықталады. Жекелеген активтің өтеу құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Компания актив тиесілі болатын бірліктің ақша ағындарын шоғырландыратын өтеу құнын анықтайды. Сөйтіп, салыстыруды негізді және қисынды түрде жүргізу мүмкін болатын жерде, Компания корпоративтік активтердің қандай да бір шоғырландырушы бірліктердің топтарына тиістілігін анықтайды, өйтпеген жағдайда, мұндай активтер ең аз құнмен шынайы және сенімді түрде анықталуы мүмкін шоғырландырушы бірліктердің ең аз тобына жатқызылады.

Өтелетін құн, сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергенде, әділ құн мен пайдалану құнының арасындағы ең үлкені болып табылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде болашақ ақша ағындары олардың ағымдағы құнына дейін ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және олар бойынша ақша қаражаттарының болашақ ағындарын бағалау түзетілмеген активтерге тән тәуекелдерді көрсететін, салықтарды шегергенге дейін дисконт мөлшерлемесін пайдаланумен дисконтталады.

Егер активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) өтелетін құны активтің ағымдағы құнынан кем бағаланатын болса, онда активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) ағымдағы құны өтелетін құнның шамасына дейін азайтылады. Құнсызданудан болған залал, тиісті актив қайта бағаланып қойылған жағдайды қоспағанда, табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі, мұндай жағдайда құнсызданудан болған залал қайта бағалау резервін азайту жолымен ескеріледі.

Құнсызданудан болған залал кейіннен қалпына келтірілген жағдайда активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) ағымдағы құны өтелетін құнның қайта қаралған шамасына дейін ұлғаяды, бірақ, егер алдыңғы кезеңдерде активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) құнсыздануы болмағанда болуы мүмкін ағымдағы құнның шамасынан аса алмайды. Құнсызданудан болған залалдың өзгеруі табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі.

**Тауарлы-материалдық босалқы қорлар**

Тауарлы-материалдық босалқы қорлар сатып алудың нақты құны мен сатуға боларлық таза бағасының ең азы бойынша көрсетіледі. Тауарлы-материалдық босалқы қорларды есептен шығарудың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша айқындалады, бұған есептен шығару құны орташа өлшенген құн әдісі бойынша анықталатын жанармай кірмейді. Жанармай пайдаланылу шамасына қарай есептен шығарылады. Сатуға мүмкін боларлық таза бағасы пысықтауға жұмсалатын барлық болжамды шығындар мен сатуға жұмсалатын шығыстарды шегере отырып, босалқы қорлардың есептік сату бағасын білдіреді.

Материалдарды сатып алу кезінде жұмсалатын, кеден баждары, тасымалдау, брокерлік қызметтер және басқалар секілді үстеме шығыстар материалдардың жекелеген шоттарында көрсетіледі және тиісті материалдардың пайдаланылу шамасына қарай есептен шығарылады..





**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
(*мың қазақстандық теңгемен)*

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

**Резервтер**

Резервтер Компания өткен оқиғаның нәтижесінде міндеттемесі (заңдық немесе келісімшарттық) болатын және Компания осындай міндеттемені өтеуге міндеттілі ықтимал болатын, оның үстіне осындай міндеттеменің мөлшері шынайы бағалана алатын жағдайда, қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте танылады.

Резерв танитын сома осы жағдайдан туындайтын барлық тәуекелдер мен белгісіздіктерді назарға ала отырып, есепті күнге бар міндеттемелерді өтеу жөніндегі ең жақсы баға болып табылады. Резервтер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті ақша ағындарын пайдаланумен бағаланған жағдайда, олардың баланстық құны осындай ақша ағындарының ағымдағы құны болып табылады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық игіліктердің бір бөлігі немесе барлығын үшінші тарап өтеген жағдайда, Компания дебиторлық берешекті өтемнің алынуының және өтемнің мөлшерін жетерліктей дәл анықтаудың ықтималдығының жоғары дәрежесі болғанда актив ретінде таниды.

*Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв*

Компания әуе кемелеріне ұдайы техникалық қызмет көрсетуді Компания жасаған операциялық жалдау шарттарының талаптарына және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық талаптарға сәйкес орындауға міндетті. Операциялық жалдау шарттары да әуе кемелерін жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін лизинг берушіге қанағаттанарлық жағдайда қайтаруды талап етеді, мұның өзі қайтарудың алдында белгілі бір рәсімдерді орындауды талап етуі мүмкін. Компанияның әуе кемелеріне ұдайы техникалық қызмет көрсету бағдарламасы әуе кемесін қайтару кезінде шығыстардың туындауын азайтуға арналған. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетудің негізгі түрлері әуе кемесінің корпусына (сондай-ақ С-чек, D-чек бағдарламалары және қайтарылған дайындалу деп аталады) және қозғалтқышына қатысты болады. С-чек әрбір 18 ай сайын немесе әрбір 5,000-6,000 ұшу сағаттары сайын, қайсысының ерте басталуына және әуе кемесінің тұрпатына байланысты жүргізіледі. D-чек әрбір 72 ай сайын немесе әрбір 12,000 ұшу сағаттары сайын, қайсысының ерте басталуына және әуе кемесінің тұрпатына байланысты жүргізіледі. Қозғалтқышты жөндеу ұшу сағаттарының немесе циклдерінің белгіленген саны өткеннен кейін жүргізіледі. Операциялық лизингтің кейбір шарттары қозғалтқышқа жөндеу жүргізгеннен кейін Компанияға жалға беруші өтеуге тиісті жалдық төлемнің айнымалы бөлігін қамтиды. Басқа операциялық айнымалы компоненттері (белгілі бір жағдайларда) жалдау төлем аккредитивтер қамтылған жалға жағдайда әуе кемелерін оралу үшін кез келген өтелмеген міндеттемелерін өтеуге жалға беруші үшін кепіл ретінде қабылдады. Жалдаудың айнымалы бөлігі бойынша шығыстар олар жұмсалған кезде табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда шығыстар ретінде танылады. Жөндеу С-чек бойынша провизиялар жөндеу үшін нақты шығындар Компания басшылығының бағалауы негізделген және тұрақты зарядталған көрсетіледі. Қозғалтқышты жөндеу үшін ережелер Компанияның басқару ең үздік бағалауы негізінде жазылады жалға берушінің өтелетін сомаға жөндеу нақты құнын асып, және тұрақты негізде беріледі. Қозғалтқышты жөндеу үшін ережелер Қоғамның басқару ең үздік бағалауы негізінде жазылады жалға берушінің өтелетін сомаға жөндеу нақты құнын асып , және тұрақты негізде беріледі.

**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

**Қаржылық құралдар**

Қаржы активтері мен міндеттемелері Компания тиісті қаржылық құрал бойынша шарттық қатынастардың тарапы болатын кезде танылады.

Қаржы активтері мен міндеттемелері бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен міндеттемелерін (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерін қоспағанда) сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты мәміле жөніндегі шығындар бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерін немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей жатқызылатын мәміле жөніндегі шығындар тікелей пайдаға немесе залалға жатқызылады.

**Қаржылық құралдары өзара есепке алу**

Өзара есепке алу заңды құқығы мен активті іске асыру және бір мезгілде міндеттемені өтеу ниеті бар кезде ғана қаржылық активтер мен міндеттемелер тек қаржылық жағдай туралы есепте таза сальдосы жүзеге асырылады жатыр. Өзара есепке алу орнату құқығы болашақта оқиғаға жатқызылуы тиіс емес және барлық мынадай жағдайларда жарамды болуы тиіс:

- бизнес қалыпты барысында;
- міндеттемелерді орындамау жағдайда; және
- ұйымның немесе контрагенттердің төлем қабілетсіздігінде не кез келген банкроттық жағдайда

Бұл жағдай сақталмаған және олармен байланысты активтер мен міндеттемелер толық көлемде қаржылық жағдай туралы есепте танылады.

**Қаржы активтері**

Қаржы активтері мынадай санаттар бойынша жіктеледі: пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын; өтеуге дейін ұсталынатын; сату үшін қолда бар; сондай-ақ несиелер мен дебиторлық берешек. Қаржы активтерін қандай да бір санатқа жатқызу олардың ерекшеліктеріне және сатып алу мақсаттарына байланысты болады және оларды есепке алу кезінде орын алады. Қаржы активтерін сатып алу немесе сату жөніндегі барлық стандартты мәмілелер мәміле жасалған күні танылады. Сатып алу немесе сату жөніндегі стандартты мәмілелер активтерді нормативтік актілермен немесе нарықтық тәжірибемен белгіленген мерзімдерде жеткізуді талап ететін қаржы активтерін сатып алуды немесе сатуды білдіреді.

*Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі*

Тиімді пайыздық ставка әдісі борыштық құралдың амортизацияланатын құнын есептеп шығару және пайыздық табыстарды тиісті кезеңге бөлу үшін пайдаланылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл күтілетін болашақ ақша түсімдерін (пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды және өзге сыйлықақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда) борыштық құралды өтеуге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылатын болса) неғұрлым қысқа мерзімге борыштық құралды есепке қабылдау кезіне дейінгі баланстық құнына дейін дисконттау мөлшерлемесі.

Табыс пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері ретінде белгіленген қаржылық активтерден ерекшеленетін қарыз алу құралдары үшін тиімді пайыздық ставканың негізінде танылады.



**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ**
**ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ**

**Қаржы активтері, жалғасы**

Қаржылық актив, егер ол саудаға арналса, не есепте бастапқы көрсету кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін ретінде жіктелген болса, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін ретінде жіктеледі. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері қайта бағалауды табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетумен әділ құны бойынша көрсетіледі. Таза пайда немесе залал қаржы активі бойынша алынған дивидендтерді және пайыздарды қамтиды және жиынтық табыстар жөніндегі есептіліктің қаржылық табыстар жолы бойынша көрсетіледі. Әділ құн 26-шы Ескертуде ашып көрсетілген тәртіппен анықталады.

*Несиелер және Дебиторлық берешек*

Несиелер және дебиторлық берешек – бұл актив нарығында бағаланбайтын, тіркеулі немесе анықталатын төлемдермен туынды емес қаржы активтері. Несиелер мен дебиторлық берешек құнсыздануды шегергенде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизацияланатын құны бойынша ескеріледі.

Бастапқы құнының 50% қатысты Ab-initio оқу бағдарламасынан кадеттердің берешегі процентсіз несие ретінде талданады. Ал қалған бөлігі, жеті жыл ішінде еңбек шартын тоқтатқан жағдайда кадеттен оқу құнын қайтаруға Компанияның құқығы бар, ол алдын ала төлем ретінде талданып және жеті жыл ішінде амортизацияланады.

*Қаржылық активтердің құнсыздануы*

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін активтерді қоспағанда, қаржы активтері әрбір есепті күнге құнсызданудың мәніне бағаланады. Қаржы активтері қаржылық активті есепке қабылдаудан кейін болған, бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде бұл актив бойынша болжамды болашақ ақша ағындарының азаюын куәландыратын объективті деректердің болуы кезінде құнсызданған болып саналады.
Барлық өзге қаржы активтері бойынша құнсызданудың объективті куәлігі мыналар болуы мүмкін:

- эмитенттің немесе контрагенттің елеулі қаржылық қиындықтары; немесе
- шарттың бұзылуы, мысалы, пайыздарды немесе борыштың негізгі сомасын төлеуден бас тарту немесе жалтару; немесе
- қарызгердің банкроттығының немесе қаржылық қайта ұйымдастырылуының жоғары ықтималдығы; немесе
- қаржылық қиындықтардың себебі бойынша бұл қаржы активі үшін активті нарықтың жоғалуы.

Саудалық дебиторлық берешек, жекелей құнсызданған болып танылмаған активтер секілді қаржылық активтердің жекелеген санаттары үшін қоржын бойынша тұтастай құнсыздануы бойынша бағаланады. Дебиторлық берешек қоржынының құнының төмендеуінің объективті белгісі оның өтелуі туралы тарихи деректер, 45 күннен тұратын орта мерзімнің ішінде берешекті өтеу жөніндегі кешіктірулер санының ұлғаюы, сондай-ақ дебиторлық берешек бойынша дефолттардың деңгейіне әсер етуі мүмкін экономикадағы елеулі өзгерістер болуы мүмкін.

Амортизацияланатын құны бойынша ескерілетін қаржы активтері үшін құнсызданудан болатын залалдардың құны, активтің баланстық құны мен қаржылық активті бастапқы тану кезінде анықталған тиімді пайыз мөлшерлемесін пайдаланумен есептелген, болжанатын болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

**Қаржы активтері, жалғасы**

Сатып алу құны бойынша ескерілетін қаржы активтері үшін құнсызданудан болатын залал, активтің баланстық құны мен ұқсас қаржы активі үшін ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдаланумен дисконтталған, болжанатын болашақ ақша ағындарының келтерілген құнының арасындағы айырма ретінде анықталады.

Құнсызданудан болатын залал, құнының төмендеуі резервтің есебінен жүзеге асырылатын саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, барлық қаржылық активтердің баланстық құнын тікелей азайтады. Үмітсіз деп танылған жағдайда, саудалық дебиторлық берешек сондай-ақ резерв есебінен есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомаларды кейіннен өтеуден алынған өтемдер резерв есебінен азайтады. Резервтің өзгеруі табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі.

Егер келесі кезеңде қаржы активінің құнсыздануынан болатын залалдың мөлшері азайтылатын болса және мұндай азайту құнсыздануды танудан кейін орын алған оқиғаға объективті байланыстырылуы мүмкін болса, онда бұрын көрсетілген құнсызданудан болған залал табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда келтіріледі. Бұл ретте құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру күніне қаржылық активтердің баланстық құны, егер құнсыздану танылмаған жағдайда көрсетілетін баланстық құннан аса алмайды.

*Қаржы активтерін тануды тоқтату*

Компания қаржы активтерін олар бойынша ақша ағындарына шарттық құқықтар тоқтатылған жағдайда немесе қаржы активі және тиісті тәуекелдер мен игіліктер басқа кәсіпорынға берілген жағдайда ғана тануын тоқтатады. Егер Компания активтерді иеленудің барлық тәуекелдері мен игіліктерін бермейтін және мүлдем сақтамайтын болса, онда ол бұл активтегі өзінің үлесін және онымен байланысты мүмкін міндеттемелерін көрсетуді жалғастыратын болады. Егер Компания берілген қаржылық активті иеленудің барлық тәуекелдері мен игіліктерін іс жүзінде сақтап қалса, ол бұл қаржылық активті ескеруін жалғастыратын болады, ал беру кезінде алынған қаражаттарды қамсыздандырылған несие түрінде көрсетеді.

Қаржы активін тану толықтай тоқтату кезінде активтің баланстық құны мен алынған және алынуға тиіс сыйақының арасындағы айырма, сондай-ақ бұрын табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда танылған және капиталда жиналған табыс немесе шығыс пайда мен залалға жатқызылады.

Егер қаржы активі толықтай есептен шығарылмайтын болса (мысалы, кәсіпорын берілген активтің бір бөлігін сатып алу мүмкіндігін өзінде сақтап қалса немесе иеленумен байланысты тәуекел мен игіліктердің бір бөлігін (бірақ «іс жүзінде барлық» тәуекелдер мен игіліктер емес) сақтап қалса), бұл ретте кәсіпорынның активті бақылауы сақтап қалынса), Компания бұл қаржы активінің баланстық құнын ұстап қалынатын және есептен шығарылатын бөліктерінің арасында беру күніндегі осы бөліктердің әділ құнына бара-бар бөледі. Есептен шығарылатын бөлікке бөлінген баланстық құн мен есептен шығарылатын бөлік үшін алынған сыйақы сомасының арасындағы айырма, сондай-ақ табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда танылған табыстарға немесе шығыстарға кез келген жинақталған бөліктер пайда мен залалға жатқызылады. Өзге жиынтық табыста танылған табыстар немесе шығыстар ұстап қалынатын және есептен шығарылатын әділ құнға бара-бар бөлінеді.



«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(*мың қазақстандық теңгемен*)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

**Компания шығарған қаржы міндеттемелері және үлестік құралдар, жалғасы**

*Міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеу*

Компания шығарған борыштық және үлестік қаржы құралдары тиісті шарттың мәніне, сондай-ақ қаржылық міндеттеменің және үлестік құралдың анықтамаларына орай қаржылық міндеттеме немесе капитал ретінде жіктеледі.

*Қаржы міндеттемелері*

Қаржы міндеттемелері не пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері ретінде, не өзге қаржы міндеттемелері ретінде жіктеледі.

«Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатындағы қаржылық міндеттемелердің құрамына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер, сондай-ақ есепте бастапқы көрсету кезінде «пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» ретінде белгіленген міндеттемелер кіреді.

Қаржы міндеттемелер келесідей сипатталады, егер ол:

- таяу болашақта кері шығарудың негізгі мақсатымен қабылданатын болса, немесе
- есепке бастапқы қабылдау кезінде олар бойынша қысқа мерзімді сатып алулар мен қайта сатулардың таяуда болған тарихы бар бірегей қоржын ретінде Компания басқаратын қаржылық құралдар қоржынының бөлігі болып табылса; не
- тиімді хеджирлеу мәмілесінде хеджирлеу құралы ретінде белгіленбеген туынды құрал болып табыласа, саудаға арналған ретінде жіктеледі.

Сатуға арналған қаржылық міндеттеме болып табылмайтын қаржылық міндеттеме келесідей сипатталады, егер:

- мұндай жіктемені қолдану кері жағдайда туындауы мүмкін бағалаудағы немесе есептегі теңгерімсіздікті жойса немесе біршама қысқартса; немесе
- қаржылық міндеттеме басқарылуы және бағалануы тәуекелдерді басқарудың құжатпен ресімделген стратегиясына немесе кәсіпорынның инвестициялық стратегиясына сәйкес әділ құны бойынша жүзеге асырылатын қаржылық активтер, қаржы міндеттемелері тобының немесе қаржы активтері мен міндеттемелері тобының бір бөлігі болып табылса және мұндай топ туралы ақпарат басшылыққа осының негізінде берілсе; не
- қаржылық міндеттеме бір немесе бірнеше кіріктірме деривативтерді қамтитын құралдың бір бөлігі болып табылса және ХБЕС 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» құралды пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін ретінде тұтастай (актив немесе міндеттеме) белгілеуге рұқсат етсе, «пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатындағы қаржылық міндеттеме ретінде белгіленуі мүмкін.

«Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» санатындағы қаржы міндеттемелері қайта бағалауды табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда жатқызумен әділ құны бойынша көрсетіледі. Қаржылық міндеттеме бойынша төленген пайыздар табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстар жөніндегі есептіліктің «қаржылық шығыстар» жолы бойынша көрсетіледі. Әділ құны 26-шы Ескертуде ашып көрсетілген тәртіппен анықталады.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

**Компания шығарған қаржы міндеттемелері және үлестік құралдар**

*Өзге қаржылық міндеттемелер*

Өзге қаржы міндеттемелері бастапқы танудан кейін тиімді пайыздық ставка әдісін пайдаланумен амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

Тиімді пайыздық ставка әдісі қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және пайыздық шығыстарды тиісті кезеңге бөлу үшін пайдаланылады. Тиімді пайыздық ставка – бұл болжалды болашақ ақшалай төлемдерді (пайыздың тиімді ставкасының ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды және өзге сыйлықақыларды немесе дисконтты қоса алғанда) қаржылық міндеттемені өтеуге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылатын болса) оны есепке қабылдау кезіне баланстық құнға дейін неғұрлым қысқа мерзімге дисконттау ставкасы.

*Туынды құралдар*

Компания туынды құралдарды пайыздық ставканың өзгеру тәуекелін және валюталық тәуекелді басқару үшін пайдаланады. Туынды құралдар туралы бұдан арғы ақпарат 16-шы және 26-шы Ескертулерде келтірілген.

Туынды құралдар бастапқыда есепке шарт жасалған күнгі әділ құны бойынша қабылданады және кейіннен әрбір есепті күнге әділ құны бойынша қайта бағаланады. Тиімді хеджирлеу мәмілесінде хеджирлеу құралы ретінде белгіленген туынды қаржылық құралдарды қоспағанда, айырма нәтижесінде туындайтындар бірден табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарға жатқызылады. Хеджирлеу құралдары бойынша табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда тану мерзімдері хеджирлеу жөніндегі мәмілелердің мәніне байланысты болады.

Оң мәндегі әділ құны бар туынды құрал қаржы активі ретінде танылады; теріс мәндегі әділ құны бар туынды құрал қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Туынды құрал, егер құралды өтеуге дейінгі қалған уақыт 12 айдан асатын болса және ол 12 айдың ішінде сатылады немесе өтеледі деп күтілмейтін болса, ұзақ мерзімді актив немесе ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде жіктеледі. Қалған туынды құралдар ағымдағы активтер және міндеттемелер ретінде жіктеледі.

*Дивидендтер*

Дивидендтер жарияланған кезеңінде міндеттеме болып танылады.

*Қаржылық міндеттемелерді есепке алудың тоқтатылуы*

Компания қаржы активтерін олар өтелген, жойылған немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана қаржылық міндеттемелерді есептен шығарады. Есептен шығарылған қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген немесе төленуге тиісті сыйақының арасындағы айырма табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда танылады.



«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 4. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК ТҰЖЫРЫМДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ ӨЗЕКТІ КӨЗДЕРІ

3-ші Ескертуде ашып көрсетілген Компанияның есеп саясатына толықтыруда басшылықтан шамалары басқа көздермен анықталмаған активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнының мәселесі бойынша бағалау, тұжырымдар және жорамалдар жасау талап етіледі. Бағалаулар мен тиісті жорамалдар тарихи тәжірибеге және басқа факторларға негізделген. Нақты нәтижелердің бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалаулар мен жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралып отырады. Есептік бағалаулардың өзгерістері, егер олар осы кезеңге қатысты болса, осындай өзгертулер болған кезеңде, не осындай өзгерістер ағымдағы және болашақ кезеңдерге ықпал еткен жағдайда өзгерістер кезеңінде және болашақ кезеңдерде танылады.

**Есеп саясатын және бағалауларды қолданудағы сыни тұжырымдар**

Төменде Компанияның есеп саясатын қолдану барысында жасаған және қаржы есептілігіне неғұрлым көп әсер ететін сыни тұжырымдар мен бағалаулар келтірілген.

**Резервтер**

Резервтер жоғалтудың кез келген мүмкін және бағаланатын тәуекелі бар болған кезде есептеледі. Резервтер негізінен әуе кемелерге техникалық қызмет көрсетулерге резервтерді қамтиды (22-ші Ескерту).

**Болашақ техникалық қызмет көрсетумен байланысты айнымалы жалдық төлемдердің өтелімділігі**

Әуе кемелерді операциялық жалдау шарттарына сәйкес Компания жалға берушілерге қозғалтқыштардың, қозғалтқыштың шектеулі қызмет мерзімдері бар бөліктерінің және қосымша қуаттылық қондырғыларының ұшу сағаттарының негізінде есептелген айнымалы жалдау төлемдерін төлейді. Бұл сомаларды жалға берушілер жөндеу жүргізу кезінде (қозғалтқышты жөндеу, қозғалтқыштың шектеулі қызмет мерзімдері бар бөліктерін ауыстыру) өтейді. Өтеу Қазақстан Республикасының Азаматтық Авиация Комитетімен («ААК») келісілген Компанияның техникалық қызмет көрсету бағдарламасының кестесіне енгізілген жөндеулер мен ауыстырулар бойынша ғана жүзеге асырылады.

Кесте бойынша жоспарланған жөндеуден кейін, бірақ қайтару алдындағы шарттардың орындалу қажеттілігі пайда болғанға дейін әуе кеме қайтарылған жағдайда, жалға берушілерге төленген айнымалы жалдау төлемдерінің сомалары өтелмейтін болып табылады және әуе кемесінің келесі жалдаушысына беру үшін депозит ретінде жалға берушіде қалады. Компания басшылығы 2014 жылдың 31 желтоқсанында 14,902,798 мың теңге (2013 ж.: 16,785,610 мың теңге) сомаға айнымалы жалдық төлемдердің жарналарын әуе кемелерді жалға берушілер жөндеуден кейін өтеуге тиіс деп санайды. Басшылық Компания төлеген өтелетін айнымалы жалдық төлемдердің өтелімділігін ұдайы бағалайды. Жөндеу жөніндегі күтілмейтін шығыстар олар туындаған кезде табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі

## 4. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК ТҰЖЫРЫМДАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТІҢ ӨЗЕКТІ КӨЗДЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

**Салық заңнамасына сәйкестік**

Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы әртүрлі түсіндірмелерге жол береді және жиі өзгеріп отырады. Бұл ретте басшылықтың Компанияның қызметіне қатысты салық заңнамасының ережелерін түсінуін айыппұл салуға және өсімпұл есептеуге заңды құқығы бар тиісті аймақтық билік органдарының даулауы мүмкін. Бұрын күмән туғызбаған мәмілелердің салық есебі болашақта дауланауының ықтималдығы бар. Салық кезеңі келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде салық органдарының тексеруі үшін ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда тексерулер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Компания басшылығы салық заңнамасын өзінің түсінуіне негізделе отырып салықтар жөніндегі міндеттемелер толықтай көлемде көрсетілді деп тұжырымдауына қарамастан, жоғарыда айтылған фактілер Компания үшін қосымша салық тәуекелдерінің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін.

**Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімдері**

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды көрсету кезінде активтердің пайдалы қызмет мерзімін бағалау жүргізіледі, сондай-ақ жылына кем дегенде бір рет құнсызданудың болуын анықтауға бағалау жүргізіледі.

**Қаржы құралдарының әділ құны**

Компанияның есеп саясаты мен ақпаратты ашуға кейбір ережелері қаржылық активтер мен міндеттемелердің үшін де әділ құны бірқатар бағалауды талап етеді.

Компания әділ құнның қатысты бақылау жүйесін құрды. Осы жүйеге сәйкес, тұтастай алғанда, деңгейі 3 бағалауды қоса алғанда, барлық елеулі әділ құн, қадағалау үшін жауапты болып табылады, және компанияның Бас қаржы директоры тікелей есеп бағалаушылар тобын бар.

Компания бағалау үнемі маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер және бағалау түзетулерді тексереді. Әділ құн бойынша бағалау үшінші тұлғалардан алынған ақпаратты пайдаланған болсаңыз, мысалы, бағаны анықтау үшін брокерлер немесе агенттіктер жазған, бағалау команда деңгейін анықтау, соның ішінде ХҚЕС бойынша бағалау талаптарына жасасу қолдау үшін үшінші тұлғалардан алынған растау талдайды бұл рейтингі берілуі тиіс әділ құн иерархиясы.

Бағалау актив немесе міндеттеме компанияның әділ құны мүмкіндігінше қолданылады бақыланатын нарықтық деректер. Әділ құн бойынша бағалау тиісті бағалау әдістері пайдаланылатын бастапқы деректерге байланысты әділ құн иерархиясында түрлі деңгейлері бар:

- 1-деңгей: белгіленетін (түзетілмеген) белсенді нарықта бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін бағасы.
Теріс сан теңге бағамы АҚШ доллары 17.37% және Евро 18.36% әлсіреген кезде (2013 ж.: 20%) пайданың және өзге капиталдың азаюын көрсетеді, бұндағы нетто позиция оң болады. Теңге бағамы АҚШ доллары 17.37% және Евро 18.36%, 2013 жылы 20% күшейген кезде пайда мен өзге капиталға бірдей және қарама-қарсы әсер ететін болады және төменгі сомалар оң болады.

| | АҚШ долларының ықпалы | | Евроның ықпалы | |
|---|---|---|---|---|
| | 2014 ж. 17.37% | 2013 ж. 20% | 2014 ж. 18.36% | 2013 ж. 20% |
| (Залал)/пайда | (7,277,034) | (7,286,164) | 235,621 | 198,769 |

Компания ақша қаражаттары, олардың баламалары, банктердегі депозиттер, дебиторлық және кредиторлық берешек көрсетілген шетелдік валюталардың өзгеруін қадағалай отырып, шетелдік валюталардың бағамдарының өзгеру тәуекелін шектейді.

**Өтімділік тәуекелін басқару**

Өтімділік тәуекелдерді басқару бойынша айрықша жауапкершілік Компания басшылығы үшін қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қорландыру бөлігінде өтімділік тәуекелдерін басқару жөніндегі тиісті негізді және өтімділікті басқаруға қойылатын талаптарды жасаған Директорлар Кеңесіне жүктеледі. Компания өтімділік тәуекелін жөнді резервтерді пайдалану арқылы, сондай-ақ ақша ағындарына тұрақты мониторинг пен болжам жасау және қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша мерзімдерді салыстыру жолымен басқарады.

**Сыйақы және өтімділік мөлшерлемелерінің кестелері**

Кестелер Компаниядан төлемнің талап етілуі мүмкін ең ертерек күннің негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағындарының дисконтталмаған қозғалысының негізінде жасалды.

**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 26. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, ЖАЛҒАСЫ

| | Орташа өлшенген тиімді мөлшерлеме % | 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1-5 жыл | 5 жыл артығы-рақ | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014 ж.** | | | | | | |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | | |
| Саудалық және өзге кредиторлық берешек | - | 8,062,863 | 200,056 | - | - | **8,262,919** |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы міндеттемелері | - | - | 1,878,121 | - | - | **1,878,121** |
| ***Тиянақталған мөлшерлемесімен*** | | | | | | |
| Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелері | - | 2,401,078 | 7,401,329 | 37,420,408 | 50,473,933 | **97,696,748** |
| **2013 ж.** | | | | | | |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | | |
| Саудалық және өзге кредиторлық берешек | - | - | 7,236,544 | - | - | **7,236,544** |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер | - | - | 40,949 | - | - | **40,949** |
| ***Тиянақталған мөлшерлемесімен*** | | | | | | |
| Қамсыздандырылмаған банктік емес несиелер | - | 9,035 | 1,438,161 | - | - | **1,447,196** |
| Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелері | - | 1,731,236 | 5,365,239 | 27,104,945 | 42,608,342 | **76,809,762** |





**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 26. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, ЖАЛҒАСЫ

Кесте, Компания ақша қозғалысы басқа кезеңде болады деп күтетін жағдайларды қоспағанда, осы активтер бойынша алынатын сыйақыны қоса алғанда, қаржылық активтердің дисконтталмаған келісімшарттық міндеттемелерінің негізінде жасалды.

| | Орташа өлшенген тиімді мөлшерлеме % | 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1-5 жыл | 5 жыл артығырақ | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014 ж.** | | | | | | |
| **Қаржылық активтер** | | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | | |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | - | 7,279,220 | 387,445 | 425,954 | 170,382 | **8,263,001** |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер | - | - | 996,538 | - | - | **996,538** |
| Кепілдікті салымдар | - | 55,743 | 132,736 | 1,266,773 | 713,805 | **2,169,057** |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | - | 12,922,380 | - | - | - | **12,922,380** |
| ***Тиянақталған мөлшерлемесімен*** | | | | | | |
| Банктердегі депозиттер | 1.32% | 3,797 | 20,920,281 | - | - | **20,924,078** |
| **2013 ж.** | | | | | | |
| **Қаржылық активтер** | | | | | | |
| ***Пайызсыз*** | | | | | | |
| Саудалық және өзге дебиторлық берешек | - | - | 5,023,981 | 586,799 | 250,029 | **5,860,809** |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер | - | - | 50,961 | - | - | **50,961** |
| Кепілдікті салымдар | - | 61,595 | 728,915 | 1,013,038 | 953,028 | **2,756,576** |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | - | 2,108,332 | - | - | - | **2,108,332** |
| ***Тиянақталған мөлшерлемесімен*** Банктердегі депозиттер | 0.79 | 4,178,775 | 13,435,589 | - | - | **17,614,364** |

### Әділ құн

Компания авиациялық жанармайға баға өзгерісінің тәуекелін экономикалық хеджирлеу үшін опциондарды пайдаланады. Компания жанармайды хеджирлеу үшін стандартты қаржылық құралдары қолданады, оларға: «сатып алушының опционы» (мұнда сыйақы тауар бағасының белгіленген деңгейден жоғары ұлғаюының тәуекелін жабу үшін алдына ала төленеді) және нөлдік құндағы коллар (бір мезетте «сатып алушының опционын» сатып алғанда және «сатушының опционын» сатқанда сыйақы нөлге тең). Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті жабдықтаушылардан сатылынып алынатын авиациялық жанармай баға өзгерісінің тәуекелін хеджирлеу мүмкіндіктерінің жоқтығынан, Компания бірнеше халықаралық банктермен қаржылық құралдарға қатысты бас келісімге отыру арқылы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс сатылып алынатын жанармай баға өзгерісінің тәуекелін хеджирлейді. Келісімге отырар алдында Компаниямен хеджирлеуге тиісті авиациалық жанармайдың көлемі белгіленеді. Хеджирлеу Компанияның директорлары мен акционерлері бекіткен жанармайға баға өзгерістерін хеджирлеу жөніндегі саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(*мың қазақстандық теңгемен*)

## 26. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, ЖАЛҒАСЫ

Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің әділ құны ағымдағы нарықтық мәмілелердің бағаларын және осындай құралдар бойынша дилерлердің квоталарын пайдалана отырып дисконтталған ақша ағындарын талдауға негізделген жалпы қабылданған баға модельдеріне сәйкес анықталады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің 3-деңгейлі кіріс пен шығыс арқылы әділ құн бойынша бағалануы, жалпы алғанда, Блэк Шоулз Мертон баға формуласымен асырылған. Осы бағалау ұстанымында қолданылатын басты деректер мәміленің аяқталуына дейінгі мерзім, болашақтағы және ағымдағы мұнай бағалалары болып табылады.

Компанияның, әділ құн бойынша бастапқыда мойындалғаннан кейін бағаланатын, әділ құнды анықтау иерархиясының 1 және 3 деңгейлері бойынша басқа қаржы не қаржы емес құралдары жоқ.

2014 жылдың 31 желтоқсанында және 2013 жыл ішінде Компания деңгейлер арасындағы өзгерістер енгізген жоқ.

Төмендегі кестеде әділ құн иерархиясында 3-ші деңгейге жататын әділ құнды бағалауда қолданылатын маңызды бақыланбайтын енгізулер туралы сандық ақпаратты көрсетеді:

| 31 желтоқсан 2014 | Баланстық сомасы | Бағалау әдістері | Баға әдістер | Ауқым (орташа алынған) |
|---|---|---|---|---|
| Туынды қаржы активтер / міндеттемелер | | | | |
| Сатып алынатын жанармай кол-опционы | 42,876 | Блэк Скоулз Мертон формуласы | Жанармай бағасының тарихи өзгерісі | 10 % -дан -10%-ға дейін құбылмалылығының өзгеруі 27,037 мың мен 1,167 мың теңгеге әділ құнының төмендеуіне әкеледі |
| Жанармай пут-опцион сатылымы | (1,878,121) | Блэк Скоулз Мертон формуласс | Жанармай бағасының тарихи өзгерісі | 10 % -дан -10%-ға дейін құбылмалылығының өзгеруі 32,530 мың теңге мен 66,336 мың теңге әділ құнының сәйкесінше артуы мен төмендеуіне әкеледі |
| Сатып алынған жанармай пут-опционы | 953,662 | Блэк Скоулз Мертон формуласы | Жанармай бағасының тарихи өзгерісі | 10 % -дан -10%-ға дейін құбылмалылығының өзгеруі 15,908 мың теңге мен 32,025 мың теңгеге әділ құнының артуына әкеледі |

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгергісі әділ құн 3-ші деңгейі ретінде сараланбаған.

Келесі әдістер мен жорамалдарды Компания қаржы құралдарының әділ құнын есептеп шығару үшін пайдаланады:





«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(*мың қазақстандық теңгемен*)

## 26. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, ЖАЛҒАСЫ

*Ақша қаражаттары және олардың баламалары*

Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының баланстық құны шамамен олардың әділ құнына тең, өйткені олар не қысқа мерзімді, не өзіне сыйақыларды қамтиды және дисконтталмайды.

*Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдар*

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдарды бағалау (16-шы Ескерту) көпшілік бөлігі тікелей немесе жанама жалпы қол жетімді болып табылатын ақпаратқа негізделеді және бағалаулар бір немесе бірнеше қол жетімсіз бағалар негізінде жасалады. Мұндай бағалау әділ құн иерархиясында 3-деңгей болып табылады.

*Кепілдік депозиттер*

Кепілдік депозиттер, амортизацияланған құны бойынша танылады және, тиісінше, бұл олардың әділ құнына тең болады.

*Саудалық және өзге дебиторлық және кредиторлық берешектер*

Өтеу мерзімі алты айдан кем болатын дебиторлық және кредиторлық берешектер үшін әділ құн баланстық құннан аздап қана ерекшеленеді, өйткені уақыт бойынша ақша құнының әсері елеулі емес.

*Несиелер*

Несилер амортизациялық құнымен танылады, ол құн оның әділ құнына жақын.

*Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелері*

Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер бастапқыда жалдау мерзімінің басындағы жалдаған мүліктің әділ құны мен ең аз жалдау төлемдердің дисконталған құнының қайсысы төмен болса сол құнымен есепке алынады. Бұл құн әділ құнына жақын.

*Резервтер*

Қаржы міндеттемелері анықтамасына түсетін резервтер үшін әділ құн мен ағымдағы құнның айырмашылығы елеусіз, өйткені ақшаның уақытша құнының әсері елеулі емес.

## 27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Капитал міндеттемелері**

2008 жылдың ішінде Компания Airbus-пен алты тарфюзеляжды Airbus әуе кемелерін сатып алуға келісім жасады. Компания төлемнің келісілген кестесіне сәйкес алдын ала төлем төлеуге тиісті болды. Төлеу 2008 жылы басталды, және төлемнің соңғы бөлігі 2013 жылы төленген. 2012 және 2013 жылдар ішінде Компания тиісінше аталған алты Airbus ұшағына пайыздық мөлшерлемесі тиянақталған жалдау шарттарын жасасты. Бұл лизинг АҚШ долларымен көрсетілген және оның өтеу мерзімі – он екі жыл, және де қаржы лизинг міндеттемелеріне Европалық экспорттық несиені сақтандыру агенттігімен кепілдік берілген.

2011 жыл ішінде Компания Embraer-190 екі тарфюзеляжды әуе кемелерін сатып алуға келісім жасады. Келісілген төлем жоспарына сай Компания алдын ала төлемді 2011 жылдан бастап төлеген. Әуә кемелер пайыздық мөлшерлемесі бекітілген 2012 және 2013 жылдары жеткізілген (өтеу мерзімі – 12 жыл).

«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

2012 жылы Компания үш Boeing-767 және үш Boeing-787 әуе кемелерін сатып алу үшін Boeing компаниясымен келісім жасасты. Компания келісілген төлем жоспарының негізінде алдын ала төлем жасауға міндетті. Boeing-767 әуе кемелеріне қатысты алдын ала төлемнің 50% жеке қорынан, ал қалған 50% несие арқылы төленді (24-ші Ескертпе). Үш Boeing-767 әуә кемелеріне қатысты төлемдер 2013 және 2014 жылдары әр әуе кеменің жеткізу күніне қарай төленген. Boeing-767 ұшағына соңғы алдын ала төлем 2013 жылы жасалынды. Екі Boeing-767 әуе кемелері 2013 жылы ал үшіншісі 2014 жылдың ортасында жеткізілген. Соңғы алдын ала төлем 2018 жылы орындалатын Boeing-787 әуе кемелерін жеткізу енді 2019 жылға жоспарланған.

2013 жылы маусым айында Компания қаржыландыруға байланысты АҚШ экспорт-импорт Банктың кепілдігінмен үш Boeing-767 сатып алуға байлынысты АҚШ қаржы корпорациясымен компаниясымен шартқа отырды. Бұл қаржы құрал 2013 және 2014 жылдарда барлық жеткізілген Boeing - 767 ұшағын қаржыландыру үшін қолданылды.

Жасасқан келісім шартарға сәйкес әуе кемелердің сатып алу құнның көрсету мүмкін емес.

**Операциялық жалдау жөніндегі міндеттемелер**

*Әуе кемелер*

Әуе кемелер бойынша операциялық лизинг шарттарының ұзақтығы 5 жылдан 10 жылға дейін болады. Операциялық лизингтің барлық келісімшарттарында, егер Компания ұзарту жөніндегі опцияны пайдаланатын болса, нарықтық бағаларды жаңарту жөніндегі бөлімдерді қамтиды. Компанияның жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін жалданған активтерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Операциялық жалдау жөніндегі міндетті төлемдер тіркелген жалдық төлемдерді де, ұшу сағаттарына және циклине байланысты өзгеретін айнамалы жалдау төлемдерін қамтиды.

Тиянақталған және айнымалы жалдау төлемдері деноминацияланған және АҚШ долларымен төленуге жатады. Бұл валюта әуе кемелерін жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады.

Операциялық жалдау жөніндегі төлемдер бойынша жойылмайтын міндеттемелер төменде көрсетілген:

| | 31 желтоқсан 2014 ж. | 31 желтоқсан 2013 ж. |
|---|---|---|
| Бір жылдың ішінде | 13,460,665 | 14,550,948 |
| Бір жылдан кейін, бірақ бес жылдан аспайды | 41,874,875 | 51,666,028 |
| Бес жылдан астам | 13,161,059 | 3,957,587 |
| | **68,496,599** | **70,174,563** |

2014 жылы пролонгацияға ұшыраған қамтамасыз етілмеген аккредитивтер 2013 жылдың наурыз және қыркүйек айларында 5,000 мың АҚШ долларына ашылды. Оған қоса 2014 жылдың ақпан және наурыз айларында 7,600 мың АҚШ долларына төрт аккредитив ашылды. Бұндай аккредитивтер үш Embraer E190 және үш Airbus ұшағын жалға берушіге қайтару бойынша техникалық қызмет көрсету жауапкершілігін орындамаған жағдайда өтеу кепілдігі ретінде алынды.





«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

*Қозғалтқыш*

2010 жылдың ішінде Компания қосалқы қозғалтқышты сатып алды және кейіннен осы қозғалтқышты сату және қайтарымдық жалдау жөніндегі мәмілені жүргізді. Жалдау мерзімі 10 жылды құрайды, тараптардың келісімі бойынша 5 жылға ұзарту мүмкіндігі бар.

2015 жылдың ақпан айына дейін бір бөлігі пролонгация ұшыраған, Компанияның операциялық лизинг бойынша жалға алынған екі қозғалтқышы бар.

Тиянақталған және айнымалы жалдау төлемдері АҚШ долларымен деноминацияланған және АҚШ долларымен төленуге жатады. Бұл валюта қозғалтқыштарды жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады.

Операциялық жалдау жөніндегі төлемдер бойынша жойылмайтын міндеттемелер төменде көрсетілген:

| | 31 желтоқсан 2014 ж. | 31 желтоқсан 2013 ж. |
|---|---|---|
| Бір жылдың ішінде | 286,542 | 378,466 |
| Бір жылмен бес жылдың арасында | 975,185 | 871,118 |
| Бес жылдан астам | - | 144,445 |
| | **1,261,727** | **1,394,029** |

**Сақтандыру**

*Авиациялық сақтандыру*

Компания әуе кемелерді қолдану бойынша сақтандыру өтеліміне зор көңіл бөледі, сондықтан халықаралық мәртебелі брокер қызметі арқылы қаржылық тұрақтылық бойныша жоғары рейтингіге ие халықаралық Сақтандыру нарықтарының көбісінде (мысалы, Lloyds) авиациялық тәуекелдерді қарастырады. Сақтандыру өтелімінің түрлері төменде берілген:

- Әуе кемесінің, қосалқы бөлшектері мен жабдықтарының мүліктік нұқсандарының «Барлық тәуекелдерін» авиациялық сақтандыру және авиакомпанияның үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- Әуе кемелерінің мүліктік нұсқаны тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- Соғыстың салдарынан әуе кемелерінің мүліктік нұсқаны тәуекелдерін және қосалқы бөлшектерді қоса алғанда, олармен қауымдасқан әуе кемесіне мүліктік нұқсанның тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- Соғыс, әуе кемесін заңсыз тартып алу (айдап әкету) тәуекелдерінің және олармен қауымдасқан тәуекелдердің салдарын авиациялық сақтандыру;

*Сақтандырудың басқа түрлері*

Авиациялық сақтандыру өтелімінен басқа әуе компаниясы мүлік пен жалпы міндеттемелеріне зиянның қаржылық тәуекелін төмендету және жазатайым оқиғаларға ұшыраған қызметкерлерге өтемақы төлеу әрі медициналық шығынды өтеу үшін авиациялық емес сақтандыру полистерін үнемі сатып алып тұрады:

## 27. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ

- Қызметкерлерді медициналық сақтандыру;
- Директорлардың және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандыру;
- Мүлікті сақтандыру;
- Көлік құралдарын кешенді сақтандыру;
- Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
- Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген нұқсан үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- Кеден басқармасының алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- Ұшқыштарды ұшу құқығынан айыратын оқыс оқиғадан ерікті түрде сақтандыру
- Қоймадағы тауарларды сақтандыру

**Салықтық шартты міндеттемелер**

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа болып табылады және салықтардың көптеген әралуан түрлерімен және заңнамадағы, ресми жарияланымдардағы және сот шешімдеріндегі жиі өзгерістермен сипатталады. Салықтарды елеулі айыппұлдар салуға, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алуға құқығы бар бірқатар реттеуші органдар тексеруі тиіс. Салық жылы салық органдарының тексеруі үшін келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде ашық болып қалады, алайда, кейбір жағдайларда салық жылы бұдан да ұзақ мерзім ашық болып қалуы мүмкін.

Басшылық қолданылатын салық заңнамасының, ресми түсініктемелердің және сот шешімдерінің түсіндірмелеріне негізделе отырып, салық міндеттемелерін бара-бар көрсеткеніне сенімді. Алайда тиісті салық органдарының түсіндірмелері ерекшеленуі және бұл қаржы есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін.

2012 жылы салық органдары бес жылдық (2006 - 2010 жж.) кезең бойынша аудит өткізді. 2013 жыл ішінде қорытынды баға негізінде 430,245 мың теңгені құрайтын жалпы сома есептелінді, соның ішінде салық, пайыз және айыппұл, бұл қорытынды баға төменде айтылып өткен шағымға берілген соманы қоса 2013 жыл ішінде толығымен төленген. 2013 жылы қаңтар айында Компания салық органдарына 272,454 мың теңге құрайтын сома бойынша шағым берді. Салық органдары Компанияға шағым беруден бас тартып, Компания Қаржылық Министрлігіне қайта шағым берді. Қаржы министрлігі шағымды өзгеріссіз қалдырғаннан кейін Компания 2014 жылдың қаңтар айында Алматы қаласының Аудамаралық сотына және Алматы қаласың сотына шағым беріп, ол шағым өзгеріссіз қалды. 2014 жылдың қараша айында жоғарғы сотқа шағым беріліп, ол да өзгеріссіз қалды. 2014 жылдың желтоқсан айында шағым Прокуратураға жіберілді. Осы қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін Компания шағым беру бойынша ешбір жауап алмады.

**Операциялық орта**

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары неғұрлым дамыған нарықтардың тәуекелдерінен ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге бейім болады. Қазақстанда бизнестің жүргізілуін реттейтін заңдар мен нормативтік актілер баяғыша тез өзгерістерге бейім. Салық, валюта және кеден заңнамасын әртүрлі түсіну мүмкіндіктері бар, сондай-ақ Қазақстанда қызметін жүзеге асыратын компаниялар кезігетін басқа да құқықтық және фискальдық проблемалар бар. Қазақстанның дамуының болашақ бағыты көбінесе мемлекеттің экономикалық, салықтық және кредит-ақша саясатына, қабылдайтын заңдары мен нормативтік актілеріне, сондай-ақ елдегі саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты болады.

Қазақстанның мұнай мен газдың үлкен көлемін өндіруіне және экспорттауына байланысты, оның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал болып келеді.





«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР
(мың қазақстандық теңгемен)

## 28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

**Бақылау қатынастары**

Компанияның акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының тиісінше 51%-на және 49%-на иелік етеді.

2007 жылы акционерлер екі тәуелсіз директорларды тағайындады; біріншісі «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ, және екіншісі «BAE Systems Kazakhstan Ltd.». 2014 жылы тәуелсіз директорларға төленген сыйақылардың жалпы сомасы 16,287 мың теңгені құрады (2013 ж.: 14,689 мың теңге).

**Басшылыққа сыйақы**

2013 жылдың 31 желтоқсанында басқару, бақылау және Компанияның қызметін жоспарлауда өкілеттік пен жауапкершілікке ие негізгі басшылық, жалақы мен бонустарды қоса келесі сыйақыларды алды (6-шы Ескерту):

| | 2014 ж. | 2013 ж. |
|---|---|---|
| Жалақы және бонустар | 811,097 | 645,646 |
| Шығарда берілетін жәрдемақы | - | 187 |
| Әлеуметтік салық | 86,264 | 68,396 |
| | **897,361** | **714,229** |

**Байланысты тараптармен операциялар**

Байланысты тараптар Компания акционерлерін және осы акционерлер жеке немесе бірге акциялардың бақылау пакетіне иелік ететін барлық басқа компанияларды қамтиды.

Компания Мемлекеттік органдарға, агенттіктерге және Мемлекет бақылайтын кәсіпорындарға авиакөлік қызметтерін ұсынады. Бұл операциялар Компанияның әдеттегі операциялық қызметінің барысында Мемлекеттің тікелей бақылауына түспейтін басқа кәсіпорындарға қызметтер ұсынумен салыстыруға болатын шарттарда жүргізіледі.

Компания тауарлар мен қызметтерді сатып алу және сату үшін сатып алулар, бағалар және бекіту процестері бойынша стратегияларды жасап қолданысқа енгізді. Мұндай стратегиялық сатып алулар, бағалар және бекіту процестері контрагенттің мемлекет бақылайтын кәсіпорын болып табылуына немесе табылмауына байланысты болмайды.

2014 жылы үкіметтің көмекқаржылары 242,017 мың теңгені құрады (2013 ж.: 46,445 мың теңге) (5-ші Ескерту). 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көмекқаржылар жөніндегі дебиторлық берешектің сомасы 15,285 мың теңгені құрады (2013 ж.: 37,535 мың теңге) (15-ші Ескерту).

**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 28. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР, ЖАЛҒАСЫ

Байланысты тараптармен операциялардың потенциалды ықпалын, баға стратегияларын, сатып алу және бекіту процестерін, және байланысты тараптармен операциялардың осы қаржы есептілігіне әлеуетті ықпалын түсіну үшін қажетті ақпаратты қарастырып, Компания басшылығы мына төмендегі операцияларға байланысты тараптармен операциялар ретінде ашып көрсетуді талап етеді деп санайды:

| | 2014 ж. | | 2013 ж. | |
|---|---|---|---|---|
| **Алынған қызметтер** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсан-дағы қалдық** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсан-дағы қалдық** |
| Мемлекеттік компаниялар | 7,695,543 | (613,050) | 7,457,129 | (649,156) |
| Акционерлердің еншілес компаниялары | 1,510,237 | (51,453) | 2,268,852 | (74,318) |
| | **9,205,780** | **(664,503)** | **9,725,981** | **(723,474)** |

Байланысты тараптардан алынған қызметтер әуежайлардың, навигацияның қызметтерімен және метеорологиялық қамсыздандырумен көрсетілген.

| | 2014 ж. | | 2013 ж. | |
|---|---|---|---|---|
| **Компания көрсеткен қызметтер** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсан-дағы қалдық** | **Операция сомасы** | **Есеп айырысулар бойынша 31 желтоқсан-дағы қалдық** |
| Акционерлердің еншілес компаниялары | 226,241 | 29,224 | 190,450 | 46,749 |
| | **226,241** | **29,224** | **190,450** | **46,749** |

Байланысты тараптармен өзара есеп айырысулар бойынша барлық қалдықтар есепті күннен бастап алты айдың ішінде өтелетін болады. Барлық қалдықтар қамсыздандырылмаған болып табылады.





**«ЭЙР АСТАНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2014 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТУЛЕР**
*(мың қазақстандық теңгемен)*

## 29. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН БЕКІТУ

Бұл қаржы есептілігін Компания басшылығы мақұлдап, 2014 жылдың 27 ақпанда шығаруға бекітті.

# ГЛОССАРИЙ

**ҚР ААК** – Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитеті Қазақстанның авиация саласын реттеуші ресми орган болып табылады. Азаматтық авиация комитетін ҚР Инвестициялар және даму министрлігі басқарады.

**Айналым капиталы** – коммерциялық қызметті жүргізуге қажетті қысқа мерзімді активтер мен міндеттемелерді өлшеу шамасы. Компания басшылығының ықпал ете алатын негізгі элементтері, әдетте, саудалық дебиторлық және кредиторлық берешектер мен тауарлық-материалдық қорлар болып келеді. Әуекомпаниялар үшін болашақ кезеңдердің кірістері де маңызды элемент болып табылады, себебі олар негізінен сатылған және ақысы төленген, бірақ әлі пайдаланылмаған әуебилеттерден құралады. Біз ағымдағы активтерден ағымдағы міндеттемелерді шегеретін стандартты метриканы қолдандық.

**Берешектің меншікті капиталға қатынасы** – таза қарыздың акционерлік капиталға қатынасы. Кейде бұл көрсеткіш компания теңгерімі құрылымының тәуекел көрсеткіші ретінде пайдаланылады және берешек коэффициентінің меншікті капиталға қатынасы жоғарырақ компанияның кірісі көбірек, бірақ тұрақсыздау болуы мүмкін. Әуекомпаниялар үшін бұл көрсеткішті түсіндіру қиынырақ, себебі операциялық лизинг бастапқы мәліметтерге қосылмайды да, әдетте әуекомпанияның ұзақ мерзімді міндеттемелерін құрайды.

**Жолаушылар жүктелімінің коэффициенті** – ұшып өтілген километрлер негізіндегі толтырылған орындар санының пайыздық көрсеткіші. Орындалған жолаушы-километрлер (ОЖКМ) көрсеткішін шекті жолаушы-километрлер (ШЖКМ) көрсеткішіне бөлу арқылы есептеледі. Әуе компаниялары ОЖКМ және ШЖКМ негізіндегі салыстыруларды ұшулардың тиімділігін әр түрлі қашықтықтармен және тасымалданатын сыйымдылықпен салыстыру үшін жасайды. Оның үстіне бұл бірегей негізде кірістер мен шығыстарға талдау жасауға мүмкіндік береді.

**Инвестицияланған капитал** – инвестицияланған капитал компанияға қажетті айналым капиталы мен негізгі құрал-жабдықтардан ақшалай қаражат пен олардың баламаларын шегеру жолымен немесе компанияның таза қарызы мен меншікті капиталының негізінде есептеліп шығарылады. «Эйр Астана» компаниясында инвестицияланған капитал активтер мен айналым капиталынан ақшалай қаражатты шегеру арқылы есептеледі.

**Код-шер келісімі** – екі және одан да көп әуекомпаниямен әуе рейсін бірлесіп коммерциялық тұрғыда пайдалану туралы келісім, олардың біреуі оператор (яғни осы рейс бойынша ұшуларды орындайды және осы рейстерге өз атынан билеттер сатады), ал қалғандары маркетингтік серіктестер (яғни билеттерді компания-оператордың рейсіне өз атынан сатады).

**Күрделі шығындар** – негізгі құрал-жабдықтарға салынатын инвестициялар. «Соңғы 5 жыл ішіндегі қаржылық және операциялық көрсеткіштер жөніндегі қысқаша есеп» тарауында біз аудиттелген қаржылық есептіліктің 9 Ескертпесіндегі негізгі құрал-жабдықтарға толықтырулар енгізіп, осылайша бұл сома – меншіктен шығарылған мүлік пен бағамдағы айырмадан тұратын жалпы сома.

**Кірісті тонна-километрлер (ткм)** – жүк көтеру мүмкіндігінің пайдаланылу көрсеткіші. ТКМ кірістілік көрсеткіші жүк тоннасының мөлшерін километр өлшеміндегі ұшып өтілген қашықтыққа көбейтеді. Бұл әуе компанияларды жүк тасымалының едәуір көлемдерімен салыстырғандағы пайдалы көрсеткіші. Осы өлшем түрі кейде жанармайдың пайдаланылуын есептеу үшін де қолданылады.

**Қаржылық лизинг** – активтің сатып алынуын қаржыландыратын ұзақ мерзімді несиенің бір түрі. Жиынтық лизинг төлемдері ұшақ құнынан асатын соманы құрайтындықтан, әдетте қаржылық лизинг кезеңінің соңында ұшақты номиналды құны бойынша сатып алу опционы болады. «Эйр Астана» өз ұшақтарын 2012 жылдан сатып алуды бастады, олар қаржылық лизинг бойынша алынған.

**ОЖКМ (орындалған жолаушы-километрлер)** – жолаушылардың іс жүзіндегі санының километрмен берілген ұшып өтілген қашықтыққа көбейту арқылы есептелетін көрсеткіш. Ол ШЖКМ сияқты әуе компания, жалпы алғандағы әуе индустриясы үшін, нақты әуе кемесі, маршрут немесе аймақ үшін есептеулер жүргізуде пайдаланылуы мүмкін.

**ОЖКМ кірістілігі** – ШЖКМ кірістілігімен бірдей көрсеткіш. ОЖКМ көрсеткішіне негізделген осы кірістілік көрсеткіші пайдаланылған тасымалдау сыйымдылығы тұрғысынан кіріс деңгейін анықтайды.

**Операциялық лизинг** – операциялық жалдау, негізінде жалға алу келісімі болып табылады. Әдетте жалға алу келісімінің жарамдылық мерзімінде жиынтық лизингілік төлемдер ұшақ құнынан аз болады және жалдау мерзімі аяқталғанда ұшақты сатып алуға еш мүмкіндігі болмайды. «Эйр Астана» флоты 2011 жылдың соңына дейін тек операциялық лизинг шартымен алынған ұшақтардан тұрды.

**Сегменттер** – рейстерді білдіретін техникалық термин. Жолаушы межелі орынға жетпестен жерге қонса, оның ұшуына тағы бір сегмент қосылады.

**Таза қарыз немесе Таза ақшалай қаражат** – бұл ақшалай қаражат пен олардың баламаларын шегергендегі компанияның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері (қарыздар мен қаржылық

лизинг). Таза ақшалай қаражат – бұл ақшалай қаражат пен оның баламалары қаржылық міндеттемелерден асатын кездегі көрсеткіш.

**Ұшу уақыты** – ұшақ қолданыста болатын уақыт мөлшері, соның ішінде ұшақтың гейттен (немесе тұрақ орнынан) кетіп, межелі орындағы гейтке (немесе тұрақ орнына) жеткенге дейінгі уақыт.

**Ұшылған сағат саны** – ұшақ нақты әуеде өткізетін сағаттардың саны.

**ШЖКМ** – шекті жолаушы-километрлер. Бұл әуе кемесінің жолаушылар сыйымдылығы мен  өткен қашықтықты есепке алатын шекті тасымалдау сыйымдылығының көрсеткіші. ШЖКМ әуе компанияның, жалпы авиация индустриясының, нақты әуе кемесінің, маршруттың немесе аймақтың тасымалдау сыйымдылығын есептеу үшін пайдаланылатын көрсеткіш. Қашықтығы ұзынырақ рейстердің әдетте кірісі мен өлшем бірлігіне шаққандағы шығыны төменірек болғандықтан ШЖКМ мінсіз көрсеткіш болып табылмайды. Ұзақтығына тәуелсіз, ұшу кезінде тек бір рет жасалатын бір реттік шығыстар бар (отырғызу, қызмет көрсету және т.б. үшін алымдар). Бизнес және эконом-класс жолаушыларының саны әр түрлі болғандықтан кіріс көлемі де өзгеше болуы мүмкін. Бұндай айырмашылықтар маршрутқа немесе тіпті маусымдылыққа байланысты өзгеріп тұруы мүмкін. Дегенмен, ШЖКМ көрсеткіші кеңінен пайдаланылады және белгілі уақыт үшін және басқа компаниялармен салыстыра отырып талдау жасауға мүмкіндік береді.

**ШЖКМ-ге кеткен шығындар** – теңгемен берілген, ШЖКМ-ге кеткен операциялық шығындар. Бұл көрсеткіштен бөлек компания, сондай-ақ, маршрут кірістілігіне талдау жүргізу үшін операциялық шығындардың басқа компоненттерін пайдаланады.

**ШЖКМ кірістілігі** – кірістерді шекті жолаушы-километрлерге бөлу арқылы алынған шекті сыйымдылыққа негізделген көрсеткіш.  Салыстырымдылық мақсатында әдетте әр километр үшін АҚШ центімен есептеледі. Табыстылықтың ШЖКМ шығындарымен салыстыруы жасалса, жалпы кірістер пайдаланылуы мүмкін. Әр түрлі әуекомпаниялардың нақты маршруттарын салыстыру немесе кірістер құрамын талдау кезінде кірістің түрлі құрамдас бөліктері (жанармай алымдары, жүк пен поштаны тасымалдаудан түскен пайда, нормадан асатын жүк тарифтері және басқа да қосалқы кірістер) есептеуден шығарылуы мүмкін.

**EASA (European Aviation Safety Agency)** – Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттігі. Ұшулар қауіпсіздігі саласындағы барлық ережелерді әзірлеу үшін (дербес бекіту үшін немесе Еуропалық Комиссияға немесе Парламентке/Кеңеске), сондай-ақ осы ережелермен байланысты қызметтің сәйкестігіне тексерістер өткізу үшін жауапты.

**EASA 66-бөлім** – авиациялық персоналды дайындауға және лицензиялауға қойылатын талаптарды сипаттайтын Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттіктің стандарты.

**EASA 145-бөлім** – Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттіктің стандарты, оған әуе кемелеріне немесе олардың қосалқы бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету лицензиясын алғысы келетін ұйым сәйкес болуы тиіс.

**EASA 147-бөлім** – Еуропалық авиациялық қауіпсіздік жөніндегі агенттіктің стандарты, оған техникалық персоналға теориялық және практикалық оқытуды өткізетін ұйым сәйкес болуы тиіс.

**EBITDAR (Earnings Before Interest, Tax, Depreciation, Amortisation and Rental costs)** – салық, пайыз, тозу, амортизация және жалдау ақысы төленгенге дейінгі пайда. Бұл негізінде операциялық шығыстар немесе ұшақты жалдау ақысы төленгенге дейінгі ақшалай маржа болып табылады. Бұл ұшақтарды «меншіктегі» және «операциялық лизинг бойынша алынған» иеленудің әр түрлі шарттарын пайдаланатын әуе компанияларды салыстыру үшін пайдалануға болатын маржа. Сондай-ақ, бұл көрсеткішті «Эйр Астана» сияқты меншікті ұшақтарының үлесі өзгеріп отыратын жеке әуе компанияның өнімділігін салыстыру үшін пайдалануға болады. Біз оны операциялық пайдаға тозу мен амортизацияны, сонымен қатар қаржылық есептіліктегі түсініктемелерде табуға болатын белгіленген лизингтік төлемдер шығынын қосу арқылы есептейміз.

**EDTO (Extended Diversion Time Operation)** – қосымша аэродромға ұшып кету уақыты арттырылған ұшулар. Екі немесе одан артық газтурбиналық қозғалтқышты ұшақтардың маршруттағы қосымша аэродромға дейін ұшып бару уақытының эксплуатант мемлекеті бекіткен шекті уақыттан асатын кезінде кез келген ұшуларды орындауы.

**FAA (Federal Aviation Administration)** – Федералды әуе көлігі агенттігі Америка Құрама Штаттарының ұлттық авиациялық қадағалау органы болып табылады. Құрама Штаттардың Көлік министрлігінің агенттігі АҚШ-тағы азаматтық авиацияның барлық аспектілерін реттеуге және бақылауға құқылы.

**IATA (International Air Transport Association)** – 1945 жылы тұтынушылар мүддесіне сай ұшулардың қауіпсіздігін, сенімділігін және тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында әуекомпаниялар арасында ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы.

**ICAO (International Civil Aviation Organisation)** – «Халықаралық азаматтық авиация жөніндегі» 1944 ж. Чикаго Конвенциясына қол қою нәтижесінде

құрылған Халықаралық азаматтық авиация ұйымы. ICAO халықаралық азаматтық авиация қызметінің техникалық, экономикалық және құқықтық салаларында халықаралық стандарттарды, ұсынылатын іс-тәжірибені және ережелерді әзірлеу үшін жауапты БҰҰ мамандандырылған мекемесі болып табылады.

**IOSA (IATA Operational Safety Audit)** – Халықаралық пайдалану қауіпсіздігінің аудиті, оған компания қызметінің мынадай бағыттары кіреді: компанияны ұйымдастыру және басқару, ұшуды пайдалану, шұғыл басқару және ұшуларды қамтамасыз ету, техникалық қызмет көрсету және инженерлік қамтамасыз, бортта қызмет көрсету, жерде қызмет көрсету, жүктерді тасымалдау, авиациялық қауіпсіздік.

**JAA (Joint Aviation Authorities)** – Азаматтық авиацияның біріккен басқармасы, Еуропа аумағында орналасқан көптеген елдерде авиация саласындағы заңнаманы реттейтін халықаралық ұйым. JAA ұшулар қауіпсіздігі саласында жалпы стандарттар мен рәсімдерді әзірлейді және енгізеді.

**RoE (Return on Equity)** – капитал кірістілігі. Акционерлер табысының өлшемі болып табылады. Бұл көрсеткіш бір жылдың таза пайдасын сол жыл ішіндегі акционерлердің жылдық орташа меншікті капиталына бөлу арқылы алынады. Компания капиталының құрылымын ескермей, тек меншікті капиталды есептейтіндіктен, ол капиталдандыру коэффициенті деген атпен белгілі.

**RoIC (Return on Invested Capital** – инвестицияланған капитал пайдалылығы) – қызмет жүргізу үшін қажетті компания капиталының жалпы құрылымының кірістілік көрсеткіші. RoIC – компанияның операциялық пайдасының инвестицияланған капиталдың жылдық орташа шамасына қатынасы. Операциялық пайданы алым ретінде пайдалану RoIC көрсеткішін операциялық-тиімді метрика етеді, нәтижесінде ол инвестицияланған операциялық капиталға қаражат бөлу кезінде тәуелсіз болады – мейлі ол қарыз не меншікті капитал болсын. Кейде RoIC көрсеткіші компанияның салық салынғаннан кейінгі операциялық пайдасына қатысты тиімді салық мөлшерлемесін пайдалану арқылы есептеледі. Біз салық салынғанға дейінгі стандартты RoIC көрсеткішін келтірдік. Әуе компаниялар операциялық лизингті ХҚЕС есебі бойынша міндеттемелердің бір бөлігі ретінде қарастырмайды және оларды инвестицияланған капитал қатарына қоспайды. Кейбір әуе компаниялар RoIC көрсеткішін операциялық лизингтің жасырын ықпалының көрсеткішіне қатысты түзетіп береді, алайда ол ХҚЕС стандарттарына сәйкес келмейді.

**Skytrax** – әр түрлі әуе компаниялармен және әуежайлармен ұсынылатын қызметтер сапасын зерттеуге маманданған ықпалды халықаралық консалтингтік компания. 1989 жылы құрылған. Жолаушыларға түрлі сауалнама жүргізу арқылы 210-нан астам әуекомпания мен 65-тен астам әуежай туралы ақпарат береді.

# САТУ КЕҢСЕЛЕРІ ЖӘНЕ ӨКІЛДІКТЕРДІҢ КЕҢСЕЛЕРІ

## ТМД

### ӘЗІРБАЙЖАН

#### Баку
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Caspian Plaza 1, 1-ші қабат
C. Cabbarli, 44
AZ 1065, Baku
тел: +994 12 497 49 96

### ГРУЗИЯ

#### Тбилиси
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
34 Chavchavadze Ave.
5th floor, Pixel Building
Тбилиси, Грузия
тел: +995 322 514 999
E-mail: tbs.sales@airastana.com

Тбилисидегі (TBS) халықаралық әуежай
Халықаралық ұшып шығу терминалы,
«Эйр Астана» әуекомпаниясының тіркеу бағаны
E-mail: tbs.airport@airastana.com
Жұмыс сағаты: кесте бойынша ұшып шығу уақытынан үш сағат бұрын

### ҚЫРҒЫЗСТАН

#### Бішкек
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
720011 Абдрахманов көшесі, 191
Hyatt Regency Bishkek қонақ үйі
Тел: +996 (312) 900 886
Факс: +996 (312) 900 682

«Манас» халықаралық әуежайы
Халықаралық ұшып шығу терминалы,
«Эйр Астана» әуекомпаниясының тіркеу бағаны
Тел: +996 (312) 906 906
Жұмыс сағаттары: кесте бойынша ұшып шығу уақытынан үш сағат бұрын

### РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

#### Мәскеу
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Тверская метро станциясы
1/2 Bldg B. Гнездниковский көшесі
«Гнездниковский» БО
Тел: +7 (495) 287 70 08/09

Шереметьево халықаралық әуежайы
E терминалы, ұшу залы
Тел: +7 (495) 229 34 94
Жұмыс сағаттары:
07:00 – 13:00, дс-жс
14:00 – 19:00, дс-жс
20:00 – 24:00, дс-жс

#### Екатеринбург
Кольцово халықаралық әуежайы
A терминалы
Тел: +7 912 657 90 80

#### Новосібір
Толмачево халықаралық әуежайы
Халықаралық терминал, ұшып шығу залы
«Эйр Астана» әуекомпаниясының тіркеу бағаны
Тел: +7 383 216 98 21
+7 963 947 70 84

#### Санкт-Петербург
Пулково 2 Халықаралық ұшып шығу терминалы,
«Эйр Астана» әуекомпаниясының тіркеу бағаны
Тел: +7 981 846 25 44
Жұмыс сағаттары: кесте бойынша ұшып шығу уақытынан үш сағат бұрын

Виртранс агенттігі
Санкт-Петербург, Бабушин көш., 48, офис 8Н,
Тел: +7 (812) 362 78 59
Тел: +7 (812) 560 10 52
Тел: +7 (812) 568 17 35
Жұмыс сағаттары: 09:00 – 20:00, дс-жс

### ТӘЖІКСТАН

#### Душанбе
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
«SAS» БО 1-ші қабат
Айни көшесі, 24А
Тел: +992 37 601 8200

### ӨЗБЕКСТАН

#### Ташкент
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
100031, Ташкент, Миробад ауданы,
Афросиаб көш., 4а
Тел: +998 (71) 140 30 02

## АЗИЯ ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫС

### ҚЫТАЙ

#### Бейжің
«Эйр Астана» әуе компаниясының қалалық сату кеңсесі
Air Astana Beijing, Office 517, 50 Liangmaqiao Road
Chaoyang District, Beijing, 100016 PRC
(Kempinski Hotel, Beijing Lufthansa Centre)
Тел: +86 106 4651030, 64665067

#### Гонконг
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Room 2503, 25th Floor, Caroline Centre
28 Yun Ping Road, Causeway Bay
Hong Kong
Тел: +852 2830 4860
Факс: +852 2504 2945

#### Үрімжі
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
19th Floor Office S, Guanghui Zhongtian Square
165 North Xinhua Str., Urumqi, Xinjiang, China
Тел: +86 991 2822987 / 2822983
Факс: +86 991 2822943

Үрімжі халықаралық әуежайы
3 терминал , 3B-28 бөлмесі
Xinshi district, Yingbing Street 46
Тел: +86 991 3800466
Факс: +86 991 3800465

### ҮНДІСТАН

#### Дели
«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
207, 2nd Floor, N-1, BMC House
Middle Circle, Connaught Place
New Delhi 110001
Тел: +91 11 41521425, 23711225
Факс: +91 11 2371126

И.Ганди Халықаралық әуежайы
Room 44, Office Level 4
3-ші терминал
New Delhi 110037
Тел: +91 11 49639960

Факс: +91 11 49639960

## МАЛАЙЗИЯ

### Куала-Лумпур

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Global Alliance Travel Services Sdn. Bhd
Suite 1502, Level 15, Central Plaza
34 Jalan Sultan Ismail
50250 Kuala Lumpur, Malaysia
Тел: +603 2144 1571
Факс: +603 2148 9033

## ОҢТҮСТІК КОРЕЯ

### Сеул

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
3rd Floor, Donghwa B/D, 58-7
Seosomun-Dong, Chung-Ku, Seoul
Тел: +82 (0)2 3788 0170
+82 (0)2 3788 0211

## ТАИЛАНД

### Бангкок

«Эйр Астана» әуе компаниясының қалалық сату кеңсесі
140/18 ITF Tower, 11th Floor, Silom Road
Suriyawongse, Bangrak, Bangkok 10500
Тел: +662 634 2552-4
Факс: +662 235 8283

## БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІ

### Абу-Даби

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Al ain Tower, Hamdan Street
PO Box 111441, Abu Dhabi, UAE
Тел: +9712 674 4488
Факс: +9712 672 2366
Direct: +9712 674 1179

Абу-Даби халықаралық әуежайы
1-ші терминал, 1-ші қабат, офис 2209
Тел: +971 2 5052089
Факс: +971 2 5052088

### Дубай

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Dnata Travel Centre
Sheikh Zayed Road, Ground Floor
Dubai, United Arab Emirates
Тел: +9714 3166572
Факс: +9714 3211059

## ВЬЕТНАМ

### Хошимин

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Vietway Aviation
39B Truong Son St. Tan Binh Dist
Ho Chi Minh City, Vietnam
Тел: + 848 35474218
Факс: +848 35474217





# ЕУРОПА

## ҰЛЫБРИТАНИЯ

### Лондон

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
52, Grosvenor Gardens
London SW1W 0AU
Тел: +44 20 7333 0196

## ГЕРМАНИЯ

### Франкфурт

c/o Aviareps AG
Kaiserstrasse 77, 60329 Frankfurt am Main
Тел: +49 (0) 69 770 673 015

## НИДЕРЛАНД

### Амстердам

«Эйр Астана» әуекомпаниясының тіркеу бағаны
3-терминал, ұшу залы
Тел: +31 20 316 1945 /19 46.
Жұмыс сағаты:
08:00-16:00 Дс. – Жм.
08:00-15:00 Сн. – Жс.
17:00-20:00 Дс.
E-mail: ticketdesk.spl@airagencies.nl

## ТҮРКИЯ

### Ыстамбұл

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қалалық сату кеңсесі
Cumhuriyet Str. 61/1, Bingul Han, Elmadag, Sisli Istanbul
Тел: +90 212 343 49 60/61
Факс: +90 212 343 49 63
Жұмыс сағаттары: 08.00 – 18.00

Ататүрік атындағы халықаралық әуежай
Халықаралық терминал, ұшып шығу залы
Тел: +90 212 465 53 93
Факс: +90 212 465 53 92
Жұмыс сағаттары: кесте бойынша ұшып шығу уақытынан үш сағат бұрын

## ФРАНЦИЯ

### Париж

Air Astana c/o Discover The World Marketing
82, rue Taitbout
75009 Paris
Тел: + 33 1 70 64 46 77
Факс: +33 1 58 22 20 10
E-mail: PAR.sales@airastana.com (билет сату мәселелері бойынша)
PAR.reservations@airastana.com (брондау мәселелері бойынша)

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

## «Эйр Астана» АҚ тіркелген мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
050039, Алматы қ.
Закарпатская көш., 4а
Тел.: + 7 (727) 258 41 35
Факс: + 7 (727) 259 87 01

## Тәулік бойы жұмыс істейтін call орталығы:

Тел.: +7 (727) 2444477 (Алматы қ.)
+7 (7172) 584477 (Астана қ.)

## Nomad Club жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы

Тел.: +7 (727) 244 55 30
Факс: +7 (727) 259 87 01
nomadclub@airastana.com

## Компанияның ресми веб-сайты:

www.airastana.com

## Бізді келесі әлеуметтік желілерден табуға болады:

facebook.com/AirAstana
twitter.com/airastana
instagram: air_astana_official

## Жобаға қатысқан фотографтар:

Мұхит Дүйсенбиев

Аурелий Мовила

Максим Малов

Виктор Харченко

Руслан Тагаев

Патрик Экерсли

